

Ж.К.Отарбекова, Г.Б.Тоқтыбаева, А.Е.Тоқтаева

Казак тілі

Негізгі білім беру деңгейінің 7-сынып оқушыларына арналған оқулық



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
О-81

О-81 Отарбекова Ж.К. ж.б.
 Қазақ тілі: негізгі білім беру деңгейінің 7-сынып оқушыларына
арналған оқулық. / Ж.К.Отарбекова, Г.Б.Тоқтыбаева, А.Е.Тоқ-
баева. – Астана: «Атман-PV baspasy», 2024. – 272 бет.

ISBN 978-601-201-235-4

Оқулықта оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, алған білімдерін
емірде қолдана білуге машиқтандыратын материалдар, сонымен бірге
қосымша ізденисті, қазіргі ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін
пайдалануды, шыгармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тап-
сырмалар қамтылды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978-601-201-235-4

© Отарбекова Ж.К.,
 Тоқтыбаева Г.Б.,
 Тоқбаева А.Е., 2024
© «Атман-PV baspasy», 2024

Барлық құқығы қоргалған. Баспаның рұқсатының көшіріп басуға болмайды

Шартты белгілер



Тыңдалым. QR-код арқылы берілген мәтіндерді тыңдал, оны жеткізуге, ой қорытындысын жасауга дагдылан.



Айтылым. Тыңдалым мәтініндегі автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдауға, көркемдегі соөдерді еркін қолданып, диалогке түсуге, пікір таластыруға дайын бол.



Оқылым. Оқулықта ұсынылған тақырыптар негізінде жалпы мәлімет беретін мәтіндермен танысып, мәтіннің жанрын, тақырыбын, тілдік ерекшелігін талдаш, ондагы негізгі мәселені айқында.



Ойтұртсі. Оқылым айдарында берілген мәселелеге қатысты езінің білім қорың мен ойлау жүйріктігінді көрсетуге тырыс.



Жазылым. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде күрделі жоспар қуру, шыны мақала, иұқсаулық, әңгіме, эссе жазу барысында жаzbаша сауаттылығында көрсетуге тырыс.



Ереже. Әдеби тіл нормалары бойынша анықтамалар берілді. Анықтамалармен танысып, мүқият зерделе, оларды іс жүзінде дұрыс қолдануды үйрен.



Әдеби тіл нормалары. Грамматикалық, тілдік материалдар бойынша берілген жаттыгулармен жұмыс жасап, өз білімінді көрсет.



Рибратты сез. Тағылымы мол дааналық соөдерден төлім ал.



Есінде сакта! Жаңар мени стильге қатысты мәліметтерді жадында сакта.



Артық болмас білгениң. Тақырып жөніндегі тың деректер, қызық мәліметтермен таныс. Ол да сенің білім көкжинегінді кеңітеді.



Іздешімдік тапсырма – шыгармашылық сипаттагы түрлі акпараттық деректерді іздел табуга, зерттеу жүргізуге байланысты тапсырмаларды орында.



Жағдаяттық тапсырма. Түрлі жағдаяттарда шешім қабылдауга, шыгармашылығың мен белсенділігінді арттыруға дагдылан.



Үй тапсырмасы. Тақырып бойынша алған білімің негізінде үйде өз бетінше ізденіп, орындауга тырыс.



Аудиоматериалдар. Смартфондагы «Play Market» (ОС Android базасында) немесе «Apple App Store» (ОС iOS базасында) дүкенінен «Сканер QR» қосымшасын тегін жүктеп алу керек.

Оқулықтағы QR-код арқылы берілген тапсырмаларды орындау үшін жүктелген қосымшашы ашип, QR-кодқа бағыттау керек. Ескерту: кейбір смартфондардың камералары еш қосымшашы бірден QR-кодты аша алады.

Алғы сөз

Біздің қоғамымыз адам баласынан өмір бойы білім алуды талап етеді. Білім, ең алдымен, тіл арқылы, ана тілі арқылы игеріледі. Ана тілінде таза сейлемп, ойынды еркін жеткізуге, сауатты жаза білуге дағдылануың үшін саған «Қазақ тілі» оқулығы көмекке келеді.

Колындағы оқулық қазақ тілінің заңдылықтарын білумен қатар, күнделікті тұрмыста, қоғамдық ортада бай да шұрайлы ана тілін еркін қолдану мен жалпы дүниетанымды кеңейту мақсатын көздейді. Өйткені тіл – тек белгілі бір грамматикалық заңдылықтарға сүйенген, адамдар арасындағы пікір алмасу құралы ғана емес, халықтың өткені мен бүгіні, танымы мен тарихы, әдебиеті мен мәдениеті, қоғам мен жеке тұлға мәселелерімен тығыз байланыстарғы орасан зор ақпараттық қор.

Осы оқулықтан ауа райын болжаудагы халықтың бай тәжірибесі; кешпенділер мәдениетінің озық үлгілерін танытатын атбекілік өнер, қолөнер, музыка өнері, киім ерекшеліктері; деңсаулықты сактау, иммунитет, дәрумендер, дәрілік өсімдіктер, деңсаулыққа зиянды өдегтер; достық пен сүйіспеншілік, ұлы адамдардың достығы; қазақтың музыка өнері, дәстүрлі әндере, өнер адамдары, музыка аспаптары; ғаламтор жетістіктері, жасанды интеллект, гаджеттер, әлеуметтік желілер; еліміздегі ұлттар достығы; дұрыс тамақтану, ұлттық тағамдардың пайдасы, тамақтану әдебі; Ұлы Отан соғысында ерлік корсеткен батырларымыз және гылыми фантастика жанрының ерекшеліктері туралы деректермен танысасың. Бұл материалдар сенің дүниетанымыңды кеңейтіп қана қоймайды, тындалым, айтылым, оқылым дағдыларыңды жан-жақты дамытуды көздейді, ауызекі тілде ойда еркін жеткізуден бастап, күрделі мәтін жазу қабілетің шындалады.

Әдеби тіл нормасындағы ережелермен танысып, тапсырмаларды орындау арқылы орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтарды біліп, оны жазылым мен сөйлесім барысында дұрыс қолдануға машықтанасың. Тіліміздің баға жетпес байлығы саналатын турақты тіркестер мен мақал-мәтеді, қанатты создерді игересің. Етістік, шылау, одагайлар мен еліктеу создердің қолданыстық, стильдік сипаттын, тыныс белгілерінің қойылу себебін билетін боласың.

Жас өрен! Білім жолында сөт-сапар тілейміз!

Авторлар ұжымы

БӨЛІМ

АУА РАЙЫ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

ИНТОНАЦИЯ. КІДІРІС. ЛОГИКАЛЫҚ ЕКПІН

- §1. Ауа райы. Ауа райын болжакудың халықтық жүйесі
- §2. Ауа райына қатысты қазақ халқының танымы. Отамалы
- §3. Синоптикер болжамы
- §4. Ауа райы құбылышының қазақы атаулары
- §5. Табигат пен адам
- §6. Аспан неге көгілдір?
- §7. Климаттық өзгерістер

§1. Ауа райы. Ауа райын болжаудың халықтық жүйесі



Адам мен табиғаттың тілдескені – өмірдің үндескені.

Мақал

Ауа райы еш уақытта жаман болмайды. Жақсы ауа райының әрқылды түрлері гана болады.

Джон Рескин



1. QR-кодтан мәтін үзінділерін тыңдаپ, салыстыр. Сейлеушінің дауыс ыргагы мен сейлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықта.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша жұбыңмен өзара сұхбаттасып, мына сұрақтарға жауап бер.

1. Екі мәтіннің оқылуынан қандай айырма байқадың? Екіншеге, кідірістерге, сейлеу қарқыны мен ыргагына, дауыстың бояуына мән бер.
2. Қазақ халқының ауа райын болжауынан нені байқадың? Қазір осылай күн райына, тіпті жапыраққа қарап, ауа райын болжай алатын кісілер бар ма?



Интонация

Интонация термині латынның *intonation* – «қатты сейлеу» деген сөзінен алынған. Негізінен, интонация ауызша сейлеуде дыбыстардың айтылуына, дауыс күші мен созылыштықтына, сез екпініне, сейлемді айтудағы кідірістерге, сейлеу қарқыны мен ырғағына, дауыс бояуына байланысты болады. Интонация сейлеу тілінде естілүмен қатар, жазба тілде тиісті тыныс белгілермен ажыратылады.

Дауыс	Екпін	Кідіріс
1) дауыс күші 2) дауыстың созылыштықты	1) сез екпін 2) логикалық екпін 3) фразалық екпін	1) логикалық 2) психологиялық
Сейлеу қарқыны мен ырғағы	Сейлеу әуені	Сейлеудің бояуы, әуесі
1) жылдам 2) баяу 3) үзік-үзік 4) бірқалыпты	1) дауысты кетеру 2) дауысты бәсендету	1) эмоциялық бояу 2) қобалжу 3) салтанатты 4) қуанышты 5) өкінішті



3. Мәтінді оқып, проблемалық сұрақтар құрастыр.

Халықтың ауа райын болжауға деген қажеттілігі

Адамзаттың тіршілігі өмір сүрген ортага, табигат болмысы мен құбылышына, төңіректегі жан-жануарлар, жәндік-мақұлықтар мен есімдік әлеміне тығыз байланысты. Ертеде, ғылым мен техника дамымаган заманда халық қарапайым күнкөрісі мен шаруашылығын қоршаған ортаның қылы жағдайына сәйкестендіре қалыптастырып жүргізу маңсатында көп ізденіп, тиісті қарекет жасаған. Шаруа адамына егін егіп, өнімін молайту және төкпей-шашпай мезгілінде жинап алу; малды шығынсыз, жұтқа ұшыратпай, бағып, өсіру; қауіп-қатерсіз сапар шегу үшін алдын ала ауа райын болжап білуі қажет болды. Ол үшін, бір жағынан, ауа райының өзгермелілігі қалай, не себепті, қандай ізділікте жүретіні зерттелсе, екінші жағынан, ондай өзгеріс болар алдында үй және тұз хайуаны, жәндік-мақұлық қандай әрекет-құлышқ танытатынын байқау керек. Гасырлар бойы осы бағытта жүргізілген онды,

кейде сөтсіз бақылаулар мен зерттеулер ауа райы құбылышын болжаудың халықтық жүйесін жасақтауга мүмкіндік берді.

Ауа райын алдын ала болжаудың тәжірибеде ақталған халықтық нұсқасы мол. Олар әлі күнге дейін өз мөнін жойған жоқ. Әрине, нақтылы тұста кейбір ауытқулар болуы мүмкін. Өйткені соңғы жылдары барлық аймақта қалыпты экология өзгерді. Өве кеңістігі ластанды. Өзен-көл сүй тартылды. Жерасты сүй кермектенуде. Ондаған есімдік тұқымын жойды. Топырақ эрозиясы біраз жерді шарпыды. Мұның бөрі ауа райының қалыптасқан табиғи сипатына қолайсыз өзгерістер енгізді. Өйткенмен талай жылғы халықтық тәжірибе негізін сақтап қала бермек.

Жәрдем Кейкіннің «Қазақ атаулар мен байладар» кітабынан



- 4.** Ауа райын болжауга деген қажеттілік неден туынады? Қазір ондай қажеттілік бар ма?



- 5.** Оқылым, тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстырып, жинақы мәтін жаз.



- 6.** Жағдаяттық тапсырманы орында.

Ертең табиғат аясына демалуга баrasын. Интернет болмай, телефонындағы «Ауа райы» қосымшасы істемей қалды. Табиғаттағы қандай өзгерістер мен құбылыштарға мөн берер едің? Өз байламынды 5 сөйлеммен жаз.



- 7.** Жағдаяттық тапсырмага құраган сойлемдерінді сейлеу қарқыны мен ыргагын, әуенін, өуезін келтіріп оқып бер.



- 8.** Үш тапсырманың бірін таңдап, орында.

1. Қазақ халқы үшін ауа райын болжай білудің неліктен маңызды екендігі туралы қысқа хабарлама жаз.
2. Ауа райын болжай білудің пайдасы туралы сыныпта сауалнама жүргізіп, қорытындысын жаз.
3. Халықтың ауа райын болжауга деген қажеттілігі туралы таныстырылым дайында.

§2. Ауа райына қатысты қазақ халқының танымы. Отамалы



Батар күнге қарсы емес, атар таңға қарсы жүр.

Мақал



1. Мәтін үзіндісін тыңдалап, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжа.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген сөзді өзің қалай түсінесің?
2. Он үш жасар Абайдың табигаттагы өзгерістер мен күннің райының құбылуын байқауы қазақ баласына төн қандай мінездерді танытады?



Сейлеу ағымындағы интонацияның құрамdas беліктері

Интонация көркем мәтінді бейнелеу қызметін атқарады, мәтінді әртүрлі мағыналық беліктерге беледі, тыңдаушыға эмоционалды-эстетикалық қырынан әсер етеді, сейлеу ағынына сай сейлем құрамындағы сөздердің байланысын қамтамасыз етеді.

Өуен, өуез, қарқын, кідіріс – интонацияның негізгі құрамдас беліктері. Сейлеуде, көркем әдебиетті мәнерлеп оку кезінде интонацияның құрамдас беліктерін дұрыс пайдалана білу сездің мағыналы өрі мәнді болуына әсер етеді.

Интонацияның басты құрамдас белігі – өуен. Ауызекі сейлеу тіліндегі сейлем өуенсіз ешбір тиянақты ойды білдіре алмайды. Өуен арқылы ойымызды хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті етіп жеткіземіз, тыңдаушы оны дұрыс қабылдау мүмкіндігіне ие болады.

Өуез (тембр) арқылы дауыс ыргағын езгерте отырып, сезім-күйді (куаныш, реніш т.б.) білдіруге болады. Сейлемде, сез ағымы беліктегіндегі өуен, өуез, кідіріс, дауыс қарқынының үйлесімі интонацияны құрайды.



- Мәтінді оқы. Әрекеттің себебі мен салдарын анықтауга бағытталған 3 проблемалық сұрақ құрастыр.

Отамалы – қыстың соңғы сұғы

Жазға салымның ең жайсыз кезін өнеугүні Абайдың әжесі «отамалы» деп атап еді.

– Осы отамалы немене? Не деген сөз өзі? – деп, Абай Қарабастан енді соны сұрады.

– Отамалы көкек айының он бірінде кіріп, он жетісінде шығады. Желсіз, борансыз өтпейді. Қыстың ең соңғы зәрі сонда. Бір байдың Отамалы деген қойшысы болған екен. Сол бақыр күн қайырады екен-ау! Қекектің сұығы басталған уақытта өлгі: «Қойды жайылысқа шыгармайық, боран болады. Қойдың қыстан титықтап шыққан кезі, малыңнан айырласын», – десе, бай бір діні қатты көпір екен: «Сен тоғышарлық қып, алдан отырсың», – деп, Отамалыны сабап-сабап, қойды жайылысқа шығартады. Сол күні қатты боран басталып, үш күн, үш түн соғып, бар қой ығып кетіп қырылышты да, қойдан қалмайын деп, Отамалы да үсіп өліпті. Қекектің сұығының «отамалы» атанғаны содан дейді, – деді Қарабас.

«Айдың тогамы» деген не? «Өлараның» не мәні бар? «Қыргүйек» деп неліктен қойылған? Абай осыларды да сұрастырып, көп қызық өңгімелер естіді. Аздан соң есепшілердің тәжірибесін де сұрады.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жол» роман-эпопеясынан үзінді



4. «Отамалы» сөзінің шығу тарихы саған қалай әсер етті? Байдың мінезіне қатысты қандай мақал білесің?



5. Берілген сөздерді синонимдерімен ауыстырып, жинақы мәтін жаз.

Бектер, беткей, өнір, тыныс, мерзім, кекек айы, бұрын-ғылар, жазға салым, әнеугүні, соңғы, жайылыс.



6. Тыңдалым мәтініндегі интонацияға мән бер. Дауыс ыргағын өзгерте отырып, суралу, таңырқау, дәлелдеу, сипаттау интонациясымен диалогті қайталап көр.



7. Оқылым және тыңдалым мәтіндерінен 5 хабарлы сөйлем алып, лепті сөйлемге айналдыр. Сөйлемдерді лепті сөйлемге тән интонациямен оқы.



Жылдың торт мезгілінің келіп-кетуінде қазақтар үшін өзіндік ерекшеліктер көп және олардың әрбірі өз атауларымен ғана аталуы тиіс. Мәселен, *қөктем түды, жазшықты, күз келді, қыс түсті, жаңбыр (жауын) жауды, жел соқты (түрді), қар түсті, бүршақ үрді, ауа райы жауын-шашын-датады, боран бүркасын-датады* т.б.



8. Тапсырмалардың бірін таңдаң, жұбыңмен не тоңта орында.

1. Өз бетіңше ізденіп, «Ай тогамы», «Өлара» туралы хабарлама жаз.
2. «Қыргүйек» деп иеліктен қойылғаны туралы таныстырылым дайында.



9. Жағдаятты шешу жолдарын қарастыр.

Жадыраған мамыр айының ортасынан аса сендер сыйныппен тауга шығуды жоспарладындар. Атаң бұл кездे құралайдың салқыны түсетінін, тауга шығу қауіпті екенін ескертті. Сенің әрекетің.



10. Жылдың 4 мезгілінің ауа райына байланысты халқымыздың таным-түсінігі туралы мәтін жаз.

§3. Синоптикер болжамы



Қаз келсе, жаз келер,
Қарға келсе, қатқақ келер.


Күркіреген бұлттың жаңбыры аз болады.

Жаз сайға қонба,
Қыс қырга қонба.

Халық даналығы



1. Өлеңді тыңдалап, оқылу мәнеріне назар аудар. Сөйлеушінің дауыс ыргагы мен сейлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықта.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Ақын бір түнде айналаны ақ көрпеге ораган қарға қалай танданады? Қыс суретін қалай сипаттайты?
2. Төрт мезгілдің бірінен соң бірі келетін занзылығы жайлы ақынның ойы қандай?



3. Графиктік мәтінді интерпретациялап, аралас мәтінді тұтас мәтін түрінде оқы. Синоптикердің жұмысына баға бер.

Ауа райын болжату – ауа райын алдын ала ғылыми негізде анықтау. Алдымен, ауа массасы, антициклон, атмосфера шебі анықталады, соның негізінде атмосфералық құбылыс (жауын-шашын, тұман, боран және т.б.) болжанады.

Ауа райын синоптиker болжайды. Синоптиker – атмосферадагы физикалық процестерді талдау, ауа райын болжатуға маманданған метеоролог мамандар.



4. Озің ауа райын болжай аласың ба?



Кідіріс

Сейлеуде қажетті жерінде жасалған кідірістің маңызы орасан зор. Бұл – баяндама оқығандағанда емес, күнделікті сейлегенде де еске ретін нәрсе. Ешбір кідіріссіз сейлейтін болсақ, сездеріміз шұбырып, не айтқанымызды айыру қыын болады. Ал керекті жерде жасалған кідіріс ойды айқын етеді. Кідірісті дұрыс пайдаланғанда, негізгі ой тыңдаушының есінде жақсы сақталады. Шартты белгісі – тік сызық, ұзақтығына қарай: |, ||, |||. Кідірістің үш түрі бар:

Грамма-
тикалық

Белгілі бір грамматикалық ережеге сәйкес жасалады. Мысалы, бірыңғай мүшелер, құрмалас сейлем жігінде кідіріс жасаймыз. *Киіз үй | – тек баспанға ғана емес ||, ол | – сөүлемет, | құрылыш, | сурет, | қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын гажайып туынды.* |||

Психологиялық	Мәтіннің мазмұн-мағынасына, кейіпкердің іс-әрекетіне, көніл күйінің құбылуына байланысты кідіріс жасаймыз. Мысалы, кейіпкер қобалжығанда: – Ататай... Біл... Білмей қалдым.
Логикалық	Сейлемде айтылатын ойға қазық болып тұрған сездерді көтерінкі айтып, дауыс кідірісі арқылы жеткізуге болады. Мысалы: <i>Киіз үйдің пайдасы орасан зор.</i>



- 5.** Сызбадагы жөне төмендегі ақпаратты пайдаланып, мәтін құрылымын сақтап, жинақы мәтін жаз.

Метеорологиялық бақылау, радиолокациялық мәліметтер, спутниктік бейнелер, компьютерлік программа, математикалық модельдеу, сандық есептеу.



- 6.** Мәтінге кідіріс белгісін (, ||, |||) қойып, жаз.

Биылғы қыс жайлышымен қазақстандықтарды қуантады. Елдің барлық өңірінде температура әдеттегі нормадан жогары болады. Синоптиkerдің сезіне сенсек, онтүстік өңірде термометр кей күндері плюсті көрсетеді. Ал солтүстік пен шығысты аяз айналып өтпейді. Атлантикадан келетін ылгалды, жылы ауа массасы қыс түсे Қазақстанға ығыса бастайды. Сол себепті желтоқсанның басында жауын-шашын жиілеуі мүмкін. Мамандардың айтуынша, қар әдеттегіден көп жауады. Дегенмен қыстың алғашқы айында елдің басым болігінде жылы ауа райы тұрақтайды. Қаңтар айының басында бүрқасын жиілейді. Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстанда ауа райы -18°C -ге дейін салқындайды деген болжам бар. Десе де синоптиker бұл қыс бұрынғы қыстан жайлыш дейді.

ktk.kz арнасының сайтынан



- 7.** Энциклопедиялар мен анықтамалықтардан ізденіп, қардың турлереіне сипаттама жаз. Кідіріс түрлерін анықта.

Улғи: Ақша қар – жаңа жауган таза қар; омбы қар – ...



- 8.** Қар жауган сөттегі әдемі табиғатты сипаттап, мәтіндердегі тірек сөздерді пайдаланып, жинақы мәтін жаз.

§4. Ауа райы құбылышының қазақы атаулары



Қысы-жазы далалық өмірде тіршілік еткен халқымыз ездері түрган өлкенің табиги ерекшелігі мен құпиясын терең білгендей сондай – айсыз түнде жұлдызға қарап жол тауып, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне зер салып, ауа райын күні бұрын болжап, ерте қам жасап отырған.

Сейіт Кенжеахметұлы



- Мәтінді тыңдаң, жеті амал атауларын есте сақта.



- Жеті амалдың қайсысын бұрыннан білуші едің? Откен жылды ауа райына қарап, келесі жаз берің қыстың ауа райын болжай аласың ба?



- Сызба түріндегі ақпаратты интерпретациялад, жыл мезгілдеріне қарай ретімен оқы.

Отамалы

Сөуір айының
11-і мен 17-сі
арасында күннің
сұтыны

Күс қанаты

Жылы жақтан
құстардың қай-
туына байла-
нысты наурыз
айының соңына
қарай жауган қар

Кура-
лайдың
салқыны

Мамырдың
11-і мен 17-сі
аралығында
болатын
қара сұық

Қыдыр
қамшысы

Көктем тұа
алғаш ойнаган
найзагай

Сүмбіленің
сууы

Кыргүйек
айында болатын
алғашқы салқын

Бесқонақ

Наурыздың
17-сі мен 22-сі
аралығындағы
құбылмалы
мезгіл

Кіші шілде

27 желтоқсан
мен 6 ақпан
аралығындағы
40 күндік ең
сұық мезгіл



4. Оқылым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Ауа райы халықтың күнделікті өміріне қалай өсер етеді?
2. Қазір осындай атауларды қолданудың қажеттілігі бар ма?



5. Оқылым болімінде сызба түрінде берілген ақпаратты мәтін түрінде жаз.



6. Кідіріс түрлеріне белгі (, ||, |||) қойып, мәтінді көшіріп жаз.

Күн көзін бұлт шалса, қыс қарлы, жаз жаңбырлы болады.

Күн батарда кекжиек ашық болып, қызыл шапақ шашса, ауа райы жылышнады.

Ай шалқалап туса, ауа райы мал-жанға жайсыз болады.

Күн көзі мұнартып шықса, ыстық көтеріледі.

Жаз найзагайлы болса, қыс жұмсақ етеді.

Қазан айында күн күркіресе, қыс қысқа болады.

Жәрдем Кейкіннің «Қазақы атаулар мен байламдар» кітабынан



Табиғат апаты – қатерлі табиғат құбылсы. Қазақ халқы 12 апат деп мыналарды айтады: 1) жұт; 2) қуаңшылық; 3) зілзала; 4) індет; 5) сел; 6) өрт; 7) соғыс; 8) содыр; 9) салақ; 10) олақ; 11) жалқау; 12) қорқақ.

Мұның алдыңғы жетеуін «апат», соңғы бесеуін «кесапат» дейді. Сонымен бірге ауыр қырғынды «нөубет», ел басқарған адамдар мен хан-патшалардың, сондай-ақ жат жүрттың озбырлығы мен зұлымдығын «зұлмат» дейді.

«Ага什 бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан



7. Жағдаятты шеш.

Жаздың жайма шуақ күні. Бір топ бала болып көлде шомылып жүргенде, кенеттеп найзагай ойнап, жаңбыр сіркірей бастады. Сенің әрекетің.



8. Қазақ халқының ауа райын болжағыш қасиеттерін жинақтап, «Халық даналығы» тақырыбында эссе жаз.

§5. Табиғат пен адам



От кектен, су таудан түседі. Өлемде Күннің нұрынан асқан гажайып еш нәрсе жок.

Анахарис

Ай ортақ, Күн ортақ, жақсы ортақ.

Халық даналығы



- Мөтінді тыңдал, оқылу мәнеріне назар аудар. Сейлеушінің дауыс ыргагы мен сейлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықта.



- Тыңдалым мөтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.
 - Ертегіден не үқтың?
 - Күннің күндіз, Айдың түнде шығуын тылыми түргыдан қалай түсіндіресің?



Логикалық екпін

Әрбір сейлем белгілі бір ойды хабарлау, сұрау мағынасында не- месе сан алуан көңіл күй құбылысын білдіріп тұрады. Сол себепті айтылған сейлемдегі ойдың мазмұн-мағынасына қарай сейлемдегі бір сезге мағыналық, яғни логикалық екпін түседі. Ол басқа сездерге қарағанда сөл ерекшелене оқылып, дауыс сазы арқылы тыңдаушы назарын сол сезге аударады.

Қалыпты сейлемдерде логикалық екпін баяндауыштың алдындағы сезге түседі. Сондықтан оның алдында кідіріс болады. Мысалы:

Тұман теніз үстіне тұсті. Теніз үстіне тұман тұсті.

Сыртқы құрылымы үқсас сейлемдерде мағыналық айырмашылық бар. Бірінші сейлем «Тұман қайда тұсті?» деген сейлемнің жауабы болса, екінші сейлем – «Теніз үстіне не тұсті?» деген сұрақтың жауабы. Сондықтан сейлегенде, оқығанда логикалық екпінді дұрыс қоя білу қажет. Логикалық екпін түсетін сездің не тіркестің үстіне белгісін қоямыз.



- Мәтінді түсініп оқы. «Неліктен?», «не себепті?», «қалай?» сұрау есімдіктері қатысқан үш сұрақ құрастыр.

Бала қиялды

Аспанмен тілдескен ақбас шоқылар есімде. Күн шығып келе жатса керек. Ақ шоқылар алаулап көз қарыгар алмластай жарқырап ала жөнелді. Күнде бұл уақытта киіз үйде пырылдан үйықтап жататын бала, әлдеқалай оянып кетсем керек, әлгі күннің тау шоқысына асыла шығып келе жатқанын көргенде, дүниенің бұл кереметіне түсіне алмай тұрып қалған болармын...

Күн көтеріле, көлеңке де қысқара береді. Шатқал алтын нұрга малынып, дүниенің бір шалқыған шагы басталады...

Анау асқар таулар, етектегі еңісті шексіз дала, көгілдір аспан, түнде жымындаған жұлдыздар, толықсып тұган ай, жасыл жайлай – бәрі-бәрі тек маған гана елжірей қарап, мені гана аймалап, әлдилейтін сияқты еді. Дүние сенің сәби көзіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды, аспаны – күмбез, желі – жібек, әдемі ертегі болып тұра берсе, көне!..

Тек оқта-текте ауылдың үстін, тау бектерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда менің үн-түнсіз шаруақор әкеме

үқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Жаңбыр жауса, жас баланың көз жасындай, кімді аяйтынымды білмеймін, әлдекімге жаным ашып, жылагым келер. Биeler шұрқырап, құлындар құтырып, ауылды айнала шауып, еріксіз елеңдетеді. Алақұйын айдалага сениң де жүгіре жөнелгің келеді. Енді бірде аспанға аң-таң боп қарап қаласың. Буда-буда бұлттар жалы желбіреп шауып бара жатқан асау айғырлар сияқты. Кейде шегіп жатқан түйелер сияқты. Кішкентай қолдарынды созып, сол керемет дүниеге үшіп барып, әлгі қанатты тұлпардың жалынан сипалағың келеді. Баланың бақытты шағы сол кереметке сенгенінде шыгар. Кейін есейе келе әлгі бұлттың су екенін, күннің қызыуымен бу болып ұштынын білу қандай қатал!..

*Бауыржан Момышұлының «Ушқан ця»
романынан үзінді*



4. Оқылым мәтіні бойынша жұбынмен өзара сұхбаттасып, сұрақтарға жауап бер.
- Жазушының «Дүние сениң сәби көзіңмен көргендегідей өмір бойы қайырымды болып тұра берсе...» дегенін қалай түсінді?
 - Есейе келе табигат құбылыстарында еш сиқыр жок, бәрінің ғылыми негізі бар екенін білгенде автордың көніл күйі қандай болды?
 - Бала Бауыржанның көзіне табигат қандай кейіпте көрінді? Кестеге жаз.

Табигат	Бала көзімен қараганда
Аскартай, ақбас шоқылар, шатқалдар	
Түнжыраган сұр бұлт	
Күннің күркіреуі	
Жаңбыр	
Көгілдір аспандагы буда-буда бұлттар	



Қазақтың тыйымдары:

- Жұлдызды санама!
- Айды саусағыңмен көрсетпе!
- Бейуақытта үйықтама!

5. Оқылым мәтінінен 5 сөйлем жазып, логикалық екпін түсетін сездердің үстіне ↓ белгісін қой.

6. Логикалық екпін түсетін сездер мен тіркестерді тауып, белгіле. Екпін түсетін сездердің орнын ауыстырып жаз.

Қар жамылған далада аяз азынап тұр. Мұхит жағасында үйытқылан боран бет қаратар емес. Бораннан жарық өшіп қалған. Дүние түгел қараңғылыққа мұлгіген.

7. Үш тапсырманың бірін таңдаپ, сыйбага түсір.

1. Сүмен байланысты табигат құбылыстары: қар, мұз, ...

2. Ауамен байланысты табигат құбылыстары: жел, ...

3. Отпен байланысты табигат құбылыстары: найзагай, ...

8. Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) сақтай отырып, сыйбадағы процесті сипаттап, жинақы мәтін жаз.



Табигат
құбылыстары

9. От пен суга байланысты айтылатын тыйымдарды тауып жаз.

Мысалы: отпен ойнама, түндег суга барма т.с.с.

§6. Аспан неге көгілдір?



Аспандагы шамның жарығы алысқа түседі.

Жер – төсек,
Аспан – көрпе.

Жетіқарақшыны таныған адам
Жеті қараңғы тұнде адаспайды.

Халық даналығы



- Мәтін үзіндісін тыңдалап, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжа.
Суретпен байланыстыра өңгімелे.



- Тыңдалым мәтіні бойынша жұбыңмен өзара сұхбаттасып, сұраққа жауап бер, тапсырмаларды орында.

1. Жазушы Мұхтар Әуезов қысқы тунді қалай суреттеген?
2. Боранды сипаттау үшін қолданылған сөздердің адам өрекеттерімен байланысына назар аудар.
3. «Долы жел», «тентек жел» тіркестерінің айырмашылығын түсіндір.



3. Мәтінді оқып, проблемалық сұрақтар құрастыр.

Аспан неге көгілдір?

Күн жарығы атмосфераға түседі және ауада бар шаң мен ылғалдың үсақ бөлшектеріне тарапады. Бұл ақ жарықтың кемпірқосақтың барлық түсіне спектральды ыдырауына үқсайды. Көгілдір түс жақсы ыдырайды. Нәтижесінде, біз Күн жарығының спектріндегі басқа түстерге қараганда, көгілдір түсті жақсырақ көреміз. Сондықтан да аспан көгілдір болып көрінеді.

Ал аспанды бұлт басып тұрса ше? Онда тұнерген, сүрқай көрініс болады. Себебі ауа дымқылданып, су түйіршіктері молайып, кек және көгілдір түстер ғана емес, сары, күлгін, қызыл түстер де сейіліп, аспанның түсі өзгереді. Сейтіп, сөуле түстері тағы да тоғыса араласады. Бірақ көгілдір түс көбірек тарагыш болғандықтан, аспан ақ емес, сүрқайлау болып көрінеді.

«Сұрақ және жауап» энциклопедиясынан



4. Сұрақтарга жауап бер.

1. Күннің ақ жарығы ауада ыдыраганда неге көгілдір болып көрінеді?
2. Аспанды бұлт торлап тұрган кездегі түсі неліктен көгілдір емес?
3. «Көк» сезін синоним ретінде «аспан» сезінің орнына қолданған қандай әндерді, олендерді білесің?



5. Тыңдалым тапсырмасындағы суретке қараң, желдің пайдасы мен зияны туралы сұхбат құрастырып, жаз. Өз сұхбатыңын логикалық екпін түсетін сездерді анықтап, үстіне ↓ белгісін қой.



Атмосфера – Жерді қоршап тұрган газ қабаты. Атмосфералық газдың көпшілігі ауа тығыз шогырланған ең төменгі «тропосфера» деп аталатын қабатында жинақталған. Бұлт, жауын-шашын, жел және т.б. құбылыстардың бәрі осы тропосфера қабатында болады.

«Сұрақ және жауап» энциклопедиясынан



6. Ауаның түрлі қалпына байланысты берілген графикалық мәтінді интерпретациялад, тұтас мәтін түрінде жаз.



7. Үш тапсырманының бірін таңдаң алып, жұбынмен не тобынмен орында.

1. Жер неліктен көгілдір планета деп аталатыны туралы қысқа хабарлама жаз.
2. Күннің қызыарып батуының себебі туралы сыныпта сауалнама жүргізіп, қорытындысын жаз.
3. Аспанның түсі Күн сөүлесі шығаратын толқынның ұзындығы мен атмосферадағы сөүленің шашылу қарқынына байланысты екенін ең алғаш дәлелдеген галымдар туралы таныстырылым дайында.



8. Ақындардың аспан, Күн, ауа мен ақбауыр бүлттар туралы өлеңдерінен үзінділер келтіре отырып, сипаттамалық эссе жаз.

§7. Климаттық өзгерістер



Біз табигаттың өзін қайта түлететін үрпақпрыз. Жер, су, ауа – адам баласының үрпағынан үрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына... Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дөнді де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі.

Ыбырай Жақаев



1. Мәтін үзіндісін тыңдалап, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжа. Климатты сақтап қалудың жолдарын үсын.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша жұбыңмен өзара сұхбаттасып, сұраққа жауап бер.

1. Климаттағы өзгерістер табигатымызға қалай әсер етуде?
2. Бұл өзгерістердің негізгі себептері қандай жөне кімдер жауапты?
3. Қазақстанда ауызсу тапшылығы мен құргақшылықтан басқа қандай экологиялық проблемалар бар?



3. Климат туралы сыйбадагы ақпаратты интерпретациялап, аралас мәтінді тұтас мәтін етіп оқы.

Климат туралы түсінік көпжылдық метеорологиялық бақылауларды статистикалық өндеу арқылы қалыптасады. Жер бетіндегі климаттың мынадай белгілері бар:

Ауа массасының күрлік және мұхит үстінде болуына қарай (континенттік, теңіздік және мұхиттік)

Ауаның ылғалдылығы немесе күргіктігіна қарай (куаңшылық, ылғалдылық)

Географиялық белдеулер бойынша (тайга, тропиктік шөл, тау, савана климаты т.б.)

Қазақ тілінің терминдер сөздігі. Экология



4. Оқылым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Климат пен ауа райының қандай айырмашылығы бар?
2. Қазақстанның климаты туралы не білесін?



5. Мәтінді іштей оқып, логикалық екпіннің белгісін қойып шық. Тиісті интонациямен дауыстап оқы.

Адам ағзасының ауа райы өзгерістері мен климаттың ерекшеліктерге сезімталдық танытуы медицина тілінде метеотәуелділік деп аталады. Метеотәуелді адамдар әлсіз, күйзеліс пен шаршауға бейім болып келеді. Жүрек-қан тамырлары, өкпе аурулары мен неврозға үшінраган адамдар ауа райының құбылуына төзімсіз болады. Олар ылғалдылық артып, жел күшайсе, күн бүлттанып, жаңбыр жауса, атмосфералық қысым жогарыласа, өздерін жайсыз сезініп, ауырып қалуы мүмкін. Дәрігерлер метеотәуелді адамдарға қозғалыс белсенділігін төмендетіп, жиі тынығуга, психоэмоционалды ауыртпалықтан сақтануға кеңес береді. Мазасы кеткен науқастар дәрігерге көрініп, тиісті кеңес ала алады.

«Алаш айнасы» газетінен



Егер жел болмаса, климаты ыстық аймақта одан бетер ыстық болар еді. Ол жердегі адамдар мен жануарлар ыстыққа шыдай алмауы мүмкін. Суық жерлерде одан да суық болып, адамдар мен жануарлар, өсімдіктер үсіп кеткен болар еді. Жел ыстық ауаны суық жерге, суық ауаны ыстық жерге алмастырып отырады. Жел жер бетіндегі ауаның температурасын реттейді.

*Әбдуәли Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде»
атты этнолингвистикалық сөздігінен*



6. Сызбаны толықтырып, аталған климаттың өзгерістердің себептері мен салдарларын кестеге түсір.

Климаттың өзгеріс	Себебі	Салдары
Температуранның жоғарылауы	Парниктік газдар, озон қабатының бұзылуы, жанартаулардың атқылауы	Жаһандық жылышынада адам өмірі мен денсаулығына қауіп тондіреді
Жауын-шашының өзгеруі		
Теніз деңгейінің өзгеруі		
Тотенші ауа райының өзгеруі		
Экожүйенің өзгеруі		
Мұздықтар мен қар жамылғысының азауы		



7. Жағдаятты шеш.

Сен жазда ата-анаңмен бірге Францияға саяхаттап барасың. Анаң сенен сол елдің климаты туралы біліп алушы сүрады. Интернеттен қараганында, Франция климаты континенттік, субтропиктік, құрғақ деп сипатталған. Мұны өз сезінмен анаңа түсіндір.



8. «Климаттың өзгеруі адамдардың өміріне қалай әсер етуі мүмкін?» деген тақырыпта аргументті әссе жаз.

III

БӨЛІМ

КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІ

ШЫЛАУДЫҢ ЕМЛЕСІ. ОРФОГРАФИЯЛЫҚ НОРМА

- §8. Көшпендердің мәдениеті
- §9. Көшпендердің мәдениетіндең мәдениеттік мәндері
- §10. Киелі киіз үй
- §11. Қолөнер – зор өнер
- §12. Көшпендердің мәдениеттік мәндері
- §13. Көшпендердің мәдениеттік мәндерінің мәдениеттік мәндері
- §14. Тәрт күбыла – тәрт түлік
- §15. Көшпендердің мәдениеттік мәндерінің мәдениеттік мәндерінің мәдениеттік мәндері

§8. Көшпендейлік



Даланың зандары тек достық пен бауырластыққа негізделген.

Анахарсис

Қазақтардың қайырымдылығы, адамды аяуы, қарттарға көмек көрсетуі, баланы аялап, жанындај жақсы көруі – олардың айрықша қасиеті.

А.А.Левшин, орыс ғалымы



1. Лияс Есенберлиннің «Көшпендер» трилогиясынан алынған үзіндіні тыңда. Көркем бейнелеуіш сөздер мен мақал-мәтелді қолданып, көшпенді елдің жауынгерлері туралы жұбынмен пікірлес.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша жұбынмен ақылдастып, сұрақтарға жауап бер.

1. Көшпендердің жауынгерлері қандай? Олар тұган жерін жаудан қалай қоргайды?
2. Олардың дала бүркітіндей қырагы болуының себебі неде?



Публицистикалық стиль	Көркем әдебиет стилі
<p>Публицистикалық стиль саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер бойынша үндеу, үгіт түрінде жазылады. Газет-журналдағы мақала, очерк, эссе жазбаша түріне, шешендік сөздер ауызша түріне жатады. Автордың бағасын, пікірін, концептін күйін көрсетеді.</p> <p>Тілдік амал-тәсілі: қоғамдық-саяси, эмоциялық баға беруші, қос сөздер, буйрық, рай тұлғасы, қаратпа сөздер, риторикалық сұрақтар қолданылады.</p>	<p>Көркем әдебиет стилі проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармаларда жазбаша; көпшілік алдында, сахнада айтылатын әңгіме т.б. жанрларда ауызша қолданылады.</p> <p>Тілдік амал-тәсілі: ауыспалы магынадағы сөздер, синонимдер, көркемдегіш, бейнелеуіш, суреттеме (эпитет, тенеу, метафора, метонимия, антитеза т.б.) куралдары мол қолданылады.</p>



3. Мәтінді оқып, стилін анықта. Тыңдалым мәтінімен салыстыр.



Оқылым мәтіні	Тыңдалым мәтіні
Тақырыбы:	Тақырыбы:
Стилі:	Стилі:
Тілдік амал-тәсілдері:	Тілдік амал-тәсілдері:

Көшпендерлік – көшпелі халықтың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі. Көшпендерлер өмір салтының белгілері: малшаруашылығының басым болуы, жер жағдайына қарай маусымдық көшіп-қону, шаруашылықтың табиги әдістерін игеруі.

«Атақоныс» ұғымы көшпендер үшін қасиетті, өз жерінің тұтастырының кепілі болған. Атақоныстың әрбір аймагы халық санасында киелі жер болып есептелген.

Көшпендерler уақыт пен кеңістікті танып-түсінуі нәтижесінде табиғаттың қолайлы белдеулерінде орналаса отырып, климат ерекшеліктерін ұтымды қолдана білген. Ерте заманнан маусымдық жайылымдарды пайдаланған. Жауыншашыны молырақ таулы өңірді жайлау, ал құмды, желден таса аймақты қыстау ретінде пайдаланып келген. Қоктеу мен күзеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан.

Қатал даланың табигатын танып түсіну, оның ішкі зандылықтарын терең білу, болжай алу – мұның бәрі көшпендерділ мәдениетінің маңызды жақтарын көрсетеді.

«Қазақстан» энциклопедиясынан



4. Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.

1. Кошпендердің дегенді қалай түсінесің? «Атақоныс» және «тұған жер» үғымдарының айырмасы бар ма?
2. Кошпендердің жайлау мен қыстауды таңдау ерекшеліктері жайында қандай ой түнгі болады?



5. Стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды қолданып, оқылым мәтініндегі деректерді көркем стилде жазып көр.

Деректер	Көркем стилде суреттеу



Үндестік заңы. Буын үндестігі

Сез бен сез, сез бен қосымша арасындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп үндесуі үндестік заңы деп аталады. Үндестік заңын екіге бөліп қараймыз: 1) буын үндестігі; 2) дыбыс үндестігі.

Сез өуенінің (сездің соңғы буынының) жуан, жіңішке болуына қарай қосымшалардың не бірыңғай жуан, не жіңішке түрде жалғануын буын үндестігі дейді. Жуан өуезді сездерге қосымшалардың жалғануы: дос-тар-ымыз-бың, ауыл-дар-ға т.б. Жіңішке өуезді сездерге қосымшалардың жалғануы: кісі-лер-іміз-диң, еңбек-ші-лер-ди т.б.

Қазақ тілінде айтылуда ерін үндестігі де байқалады. Мысалы, орын, өрік, құлын, күлкі сияқты сездердің бірінші буыннандағы еріндік дауыстылардың (о, ө, ү, ұ) әсерінен екінші буыннандағы (ы, і) дыбыстар еріндік болып (ү, ұ) айтылады. Мысалы: орун, өрүк, құлұн, күлкү. Бұл – дұрыс айту нормасына жатады. Сондықтан жазуда есепке алынбайды.

Қазақ тілінде буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар да бар. Мысалы: алам-мен, еңбек-қор, өнер-лаз, әзіл-қой, Жамбыл-дікі, Өлімтай, өсім-тал, мұра-әер, ем-хана, пайды-кунем және т.б.

Бірнеше түбірден біріккен сездерде, өзге тілден енген кірме сездерде аралас буындар да кездесуі мүмкін. Мысалы: Екібастұз, Кекшетау, мейірбан, геолог т.б.



- 6.** Оқылым және тыңдалым мәтіндеріндегі буын үндестігі заңдылықтарын көрсетіп, дәптеріне жаз.

Ұлғі:

Жуан буынды	Жіңішке буынды	Аралас буынды сездер
<i>жорықтарга, ...</i>	<i>кошпендейлер, ...</i>	<i>жау жүрек, ...</i>



- 7.** Мәтін үзіндісінен ерін үндестігіне сай айтылатын сездерді тауып, орфоэпиясы бойынша жаз.

Ұлғі: жүйрік – жүйрүк, ...

...Көш шеруін көптен күтіп, буынып-түйініп отырган ауылдар кеше ел ағасынан хабар тиісімен, төрт тұлік малын түгендеп, түйелерін қомдап, көш аттарын матастырып қойда да, бүгін таң ата үйлерін жығып, биенің сауымындау уақытта жүктөрін артып та болды. Арада тағы бір сүтпісірімдей мерзім еткенде, қора-қора мал мен лек-лек түйелі көштер қайтқан қаздай тіzlіліп, солтүстік шығысқа қарай бара жатты.

Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» романынан



Көш көлікті болсын! (тілек). Қазақ халқының көшпелі өмірінде ең маңызды, басты оқиғалардың бірі – көшу жағдайы болған. Халықтың бай, кедейлігіне қарай жылқы, түйе малы көлік есебінде қолданылған. Көлігі жоқ кедейлер жүртта қалып та қойған. Осыған орай «бір орыннан екінші орынға қамсызы ауыс» деген мәғына беретін осы тілекті айтқан.

Көш көрікті болсын! (тілек). Ертедегі қазақтар алыстан келе жатқан көштің сөн-салтанатына, түр-сипатына қарай барлығы мен жоқтығын, көш адамдарының бай, кедейлігін ажыратқан. Әр көштің арнайы жасау-жабдығы, көлігі болған. Келістіріп әшекейленген көш сөнімен ерекшеленген.

Әбдуәли Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сездігінен



- 8.** Көшпендейлердің өмір салты туралы ойынды жинақтап, 1) езіндік пікір; 2) ез пікірінде дәлел; 3) ез пікіріндегі айғақтайтын мысал; 4) ез пікірінде қарсы дәлел; 5) қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал; 6) қорытынды жаз.

§9. Көшпенділердің атбекілік өнері



Ат – түріктің қанаты.

Махмұд Қашқары

Түркілер күлте жалды аргымақтар өсіріп, «ат мәдение-тін» дүниеге өкелді.

Су Бихай



1. Фариза Онгарсынованың «Жылқышы бала» олециң тыңдалып, автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талда.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңде ақынның жылқы малына деген сезімі қалай сипатталған?
2. «Ат көрмесем сағынам, жүйріктерге табынам» деген өлең жолдарынан не үқтың?
3. Ат жалында ойнаган ата-бабамыздың атбекілік дәстүрі үмытылып бара жатыр ма? Қалай ойлайсың?



Әдеби жаңир (фр. *génre* – «түр», «тек») термин ретінде екі мағынада қолданылады: 1) әдебиеттің текстері: эпос, лирика, драма; 2) әдеби шығарманың түрлері: әңгіме, өлең, роман, баллада, поэма, пьеса, мақала т.б.

Олең	Мақала
Олең – шағын көлемді поэзиялық шығарма. Ыргагы мен үйқасы қалыпта түскен, шумағы мен бунағы белгілі тәртіпке бағынған нақышты сөздер тізбегі. Олеңдерің түрлері мен жанрлары әр алуан: ода, элегия, баллада, сонет т.б.	Мақала – қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы жазылған публицистикалық стильдегі шығарма. Онда автор қоғамдық жағдайларга, олардың негізінде жатқан мәселелерге талдау жасайды. Мақалада автордың немесе редакцияның көзқарасы көрініс табады.



3. Мәтінді оқы. Жанрлық ерекшеліктерін, тақырыбын, құрылымын тындалым мәтінімен салыстыра талда.

Жылқы малын ең алғаш қолға үйреткен кім?

Фалымдардың зерттеуіне қараганда, адам баласының жылқыны қолға үйреткеніне 5500 жылдан асыпты. Жылқылар алғаш рет қазіргі Украина топырағында қолға үйретілді деген тұжырым болған еді. Алайда соңғы зерттеулердің қорытындысы өркениеттің Азиядан басталғанын дәлелдеді.

Ағылшын зерттеушісі Кимберлей Броун «Horse» журнальна жылқы тулігінің европалықтар ойлағаннан көп бұрын Азияда қолға үйретілгенін таңдана жазады. Бұл пікір Ботай қонысы маңына жүргізілген қазба жұмыстары барысында дәлелін тапты.

«National Geographic News» атты гылыми басылым: «Қазіргі күні Қазақстан деп аталатын елдің жерін мекендеген далалық өлкө тұрғындары алғашқы болып жылқыға мініп, оның сүтін ішкен...», – деген байлам жасады. Олардың бұлай түйін жасауды себеп болған нәрсе – Ботайдагы қазбадан табылған жылқылардың тістері мұжілген әрі оған сызат түскен. Осыған қарап ғалымдар жылқының мініске пайдаланылғанын, ауыздықталғанын анықтап отыр. Қысқасы, біздің жыл санауымыздан 3700–3600 жыл бұрын, энеолит дәуірінде өмір сүрген ботайлықтар Есілдің жағасында жылқыны қолға үйретіп, оның етін тұтынып, қымызын ішіп, күнелткен.

Жылқы малын қолға үйретудің емес, оны көлік құралы ретінде қолданудың тарихи маңызы зор. Себебі адамдар жылқыны ерттеп мінгеннен бастап адамзат тарихында үлкен сілкініс жасалды.

Бекен Қайратұлы. «Егемен Қазақстан» газетінен



4. Жұбыңмен ақылдастып, сұрақтарға жауап бер. Суретке қарап, тапсырмаларды орында.

1. Жабайы жылқының ең алғаш біздің жерімізде қолға үйретілгені саган қалай өсеретті?
2. Суретке қандай атау берер едің? Жүйрік атты суретте.
3. Жүйрік атқа мінген қазақ баласының көңіл күйін сипатта.
4. Шабандоз баланы демейтін сездер мен тіркестерді жаз.



Дыбыс үндестірі

Түбір мен қосымшаның жігіндегі және сез аралығындағы дыбыстардың көршілес дыбыстарға ілгерінді-кейінді ықпал етуін дыбыс үндестігі (ассимиляция) дейді. Қазақ тілінде дыбыс үндестігінің үш түрі бар: ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал.

Ілгерінді ықпал заңдылықтары:

- сездің соңғы дыбысы дауысты, үнді, ұяң дауыссыз дыбыстардың бірі болса, дауыссыздан басталатын қосымшаның бірінші дыбысы не үнді, не ұяң болады. Мысалы: бала-лар (бала-тар, бала-дар емес), қыз-дар (қыз-тар, қыз-лар емес);
- сездің соңғы дыбысы қатаң не б, в, ә, ә д дыбыстарының біріне аяқталса, оған қатаң дыбыстан басталатын қосымша жалғанады. Мысалы: ат-лен (ат-бен, ат-мен емес), гарыш-қа, (гарыш-га емес), тренинг-ке (тренинг-ге емес).

Кейінді ықпал заңдылығы: сездің соңғы дыбысы қатаң л, қ, қ дыбыстарына аяқталып, жалғанатын қосымша дауыстыдан басталса, олар ұяңсыңарларына (п-б, к-г, қ-ғ) айналады. Мысалы: дол – доб+, аяқ – аяг+, курек – курег+i, тап – таб+у.

Қатар тұрған екі дыбыстың бір-біріне бірдей ықпал етуін тоғыспалы ықпал дейміз. Мысалы: қаклан құру (қаклаң ғұру), жасырын хат (жасырың ғат), мен қазақтын (мен ғазақтын), Шайтанкөл (Шайтанғөл). Бұл жазуда есепке алынбайды.



5. Оқылым мөтінінен ілгерінді және кейінді ықпалға мысалдар жаз.

- 1) дауысты немесе үнді *p, y, й* дыбыстарына аяқталған сөзге...
- 2) үян *з, ж* немесе үнді *л, м, н, ң* дыбыстарына аяқталған сөзге...
- 3) қатаң дыбыстарға аяқталған сөзге...
- 4) *p, қ, к* дыбыстарына аяқталған сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса...



6. «Жылқы – қазақтың жаны» тақырыбындағы мақалаға курделі жоспар құр.

I Кіріспе
II Негізгі бөлім

- 1.
- 2.
- 3.

III Қорытынды



Казактарды «жылқы текті» деп айтудың бір себебі – текті жылқылар қан араластырмайды. Жылқыдан алған осы қасиет арқылы халқымызда жеті атага дейін қан араластырмау салты қалыптасты.



7. Екі тапсырманың бірін орында:

1. Жылқы малы туралы мақалдарды қатыстырып, «Ер қанаты – ат» тақырыбына аргументті эссе жаз.
2. Өлеңнен мәліметтер алып, жылқы малының пайдасына кластер жаса.

Жанына халқымыздың жылқы жаққан,
Жылқыга жетпеген көз жаутаң қақкан.
Мінсең – ат, ішсең – қымыз, жесең – қазы,
Қашаннан қазақ халқы жылқы баққан.
Атты артық көрген елміз мінген тақтан,
Қызық-ай біздің бәйге қырда шапқан!
Шыдар ма қазақ жаны үшүп кетпей,
Аттарға шаң шығарып келе жатқан?!

Илияс Жансүгіров

§10. Киелі киіз үй



Баталар

Шаңырағы биік болсын!
Босагасы берік болсын!
Керегесі кең, терезесі тең болсын!
Тұндігі тұтінді болсын!

Халық ауыз әдебиетінен



1. Өлеңдегі автор көзқарасы мен көтерілген мөселені талда.



2. Тыңдалым мөтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңде киіз үйдің қандай боліктегі айтылады?
2. Суреттен шаңырақ, адалбақан, уық пен керегені көрсет.
3. Үзік пен туырлық, басқұр-бауды қандай мақсатта қолданады?



3. Мөтінді оқы. Тыңдалым мөтінімен салыстыр. Жанрлық ерекшелігін ажырат.

Киіз үйді тек қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі халқы қасиетті, киелі қара шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені киіз үй – олардың тұрагы, құтты мекенжайы, еншісі, баспанасы, мұлқі, мақтанышы. Шынында да, аргы-бергі тарихымыз бен мәдениетімізді зерделей қарасақ, киіз үйдің

атқарған қызметі мен рөлі ете зор екеніне көз жеткіземіз. Ата-бабамыздың ақыл-ойы, тұрмыс-салты, талғамы ешбір халықтан кем емес екен. Киіз үйден қазақ халқының аспан әлемі мен есептеу жүйесіндегі экономикалық біліктігі, мәдениет пен өнердегі талғамы, жалпы өмір тәжірибесіндегі іске бейімділігі аңғарылады.

Киіз үй – тек баспана ғана емес, ол – сөulet, құрылым, сурет, қолөнер сияқты бірнеше өнердің басын құрайтын гажайып туынды. Ол ағаш, киіз, ши, ішінара күмістен құрастырылады әрі көшпелі (жылжымалы) құрылым түріне жатады. Әлем мәдениеті мен өнерінің білімпаз сарапшылары халықаралық-этнографиялық көрмелерде қазақтың осы өнеріне әрқашан жоғары бага беріп отырган.

«Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті»
энциклопедиясынан



4. Сұраққа жауап беріп, пікірінді дәлелде.

- Мәтіннен киіз үйдің атқарған қызметі мен көшпенділер өміріндегі алатын рөлі туралы не үқтың?
- «Киіз үй – көшпенділер өркениетінің озық ұлгісі» деген пікірді дәлелде.



Көптік және тәуелдік жалғаулары

Қазақ тілінде төрт жалғау бар. Олар: көптік, септік, тәуелдік және жіктік жалғаулары.

Заттың көп екенін және сол заттың көпке ортақ екенін білдіру үшін есім сездерге **көптік жалғау** жалғаймыз. Көптік жалғаулары: -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер.

Дауысты немесе үнді *r*, *у*, *й* дыбыстарына аяқталған сезге -лар, -лер; үяң *з*, *ж* немесе үнді *л*, *м*, *н*, ң дыбыстарына аяқталған сездерге -дар, -дер; үяң *б*, *в*, *ә* және қатаң дыбыстарға аяқталған сездерге -тар, -тер жалғаулары жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады.

Заттың біреуге не бір нәрсеге тәуелді, меншікті екенін білдіру үшін сезге тәуелдік жалғауын жалғаймыз. Қатаң *п*, *қ*, *ң* дыбыстарына аяқталған сездерге тәуелдік жалғау жалғанса, олар үяң сыңарларына (*п-б*, *қ-ғ*, *ң-ғ*) айналады. Мысалы: менің қонағ+ым, сениң талаб+ың, сіздің шаңыраг+ыңыз, киіз үйдің уығ+ы, інімнің көмеғ+і т.б.



- 5.** Үлгіні негізге алып, мәтіннен тәуелдік жалғаулы сөздердің үндес-тік заңына сәйкес орфографиялық нормасын анықтап, дәптеріңе жаз.

Улғи: Қолөнер+іміз – жіңішке әуезben айтылган, соңғы дыбысы үнді дауыссыз дыбысына аяқталған сөз, оған I жақ тә-үелдік жалғауының жіңішке түрі жалғанған.

Қазақ халқының қолөнері – ерте заманнан келе жатқан бай қазынасы. Тарихын тереңнен тартқан өнеріміз дәстүр сабактастығын еш уақытта үзбекен. Рухани мәні мен құндылығын жоймай келеді.



- 6.** Мәтіндегі бес сөзге көптік жалғауын жалғап, себебін түсіндір.

Қазақстан жерінде асыл тастан, сүйектен, жүннен, ағаштан, қыштан, құнды металдан, былғарыдан, саздан қару-жарак, құрал-сайман, үй жиназы т.б. тұрмысқа қажетті бүйымдарды, түрлі сөндік қолөнер туындысын жасаған.



Еуразия көшпенделілерінің тамаша табысының бірегейі киіз басу мен киіз үйді ойлан табуы болатын. Сонымен қатар олар тері илеп, шалбар тігіп киюде де бастамашы болған.

Л.Тұрганбаеваның «Заттар дүниесінің сырты» кітабынан

Қазақ шаңырақты кие тұтады. Әр отбасы бір шаңырақ саналады. Үй тіккенде, шаңырақты ауылдың не әүлеттің жасы үлкен абыройлы азаматы көтереді, ақсақалдар бата береді.

Жардем Кейкін



- 7.** Жаңрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, «Киіз үй – қазақ халқының дәстүрлі баспанасы» тақырыбында мақала жаз.



- 8.** Киіз үй боліктеріне қатысы бар бата-тілектер жазып, кімге арналғанын және қандай жағдайда айтылатынын корсет.

Улғи:

Бата-тілектер	Кімге айтылады?
Шаңырагың биік болсын!	Отау құрган жастарға

§11. Қолөнер – зор өнер



Шебердің қолы ортақ.

Жігітке жетпіс өнер де аз.

Жұмыс қылыш, бой түзе, өнер қуып, ой түзе.

Мақал-мәтеп



- Олеңді тыңда. Көркем бейнелеуіш сөздер мен тұрақты тіркестерді қолданып, қолөнердің осы бір әсем түрі туралы жұбынмен пікірлес.



- Олеңде көшпендерділер мәдениетіндегі зергерлік өнердің орны қалай бейнеленген?



- Мәтінді оқы. Тыңдалым мәтінімен салыстырып, талда.

Тыңдалым мәтіні	Оқылым мәтіні
Тақырыбы:	Тақырыбы:
Стилі:	Стилі:
Тілдік амал-төсілдері:	Тілдік амал-төсілдері:

Халық шеберлері

Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылығының бірі – оның қолөнері. Ағаштан, темірден түйін түйген, теріден, жұннен көздің

жауын алатын бүйым жасаған, асыл тастан сөндік бүйым соққан халық шеберлерінің ісі – мақтауга тұратын өнер туындысы.

Үста – темірден заттар жасайтын ісмер.

Зергер – асыл тастардан, алтын, күмістен әшекейлер жасайтын шебер.

Тігінші – киім тігетін шебер.

Етікші – аяқкиімдер тігетін шебер.

Үйші – киіз үй сүйектерін жасайтын шебер.

Ерші – ер-тұрман жасаушы ісмер.

Ағаш шебері – ағаштан жиһаз т.б. заттар жасайтын шебер.

Тоқымашы – мал жүнінен киім, сыртқиім тоқытын адам.

Сейіт Кенжеахметұлы



4. Суреттерде бейнеленген қолөнер шеберлерін ата. Сұрақтарға жауап бер.



1. Қолөнердің тағы қандай тұрларін білесің?
2. Қолөнер шеберлерін дәріптейтін қандай сөздер мен тіркестерді білесің?



Септік жалғаулары

Септік жалғаулары – зат пен зат, зат пен қымыл арасындағы түрлі қатынасты білдіріп, сөз бер сөзді байланыстыратын қосымшалар.

Қазақ тілінде жеті септік жалғауы бар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері.

Септік жалғаулары сөздің соңғы дыбысы мен буынына сәйкес үндестік заны бойынша жалғанады. Мысалы, ілік септігін түсіндірсек, дауысты немесе үнді м, н, ң дыбыстарына аяқталған сөзге -ның, -нің; ұян, з, ж немесе үнді л, р, у, й дыбыстарына аяқталған сөздерге -дың, -дің; ұян, б, в, ә және қатаң дыбыстарға аяқталған сөздерге -тың, -тің жалғаулары жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: ұста+ның, өкем+нің, заттар+дың, шебер+дің, агаш+тың, күміс+тің.

Көмектес септік жалғауы буын үндестігіне бағынбай, үнемі жіңішке жалғанады. Мысалы: жастар+мен, құрал+мен.

Жіктік жалғау

Баяндауыш пен бастауышты байланыстырып, қымылдың қай жақ арқылы жүзеге асатынын білдіретін жалғау жіктік жалғау деп атала-ды. Жіктеу, негізінен, етістікке тән. Сонымен қатар адамға қатысты зат есімдер де жіктеледі. Мысалы: мен қазақтың баласы+мын. Сен оқушы+сын.

Жіктік жалғаулары буын үндестігі бойынша жуан, жіңішке нұсқада, сонымен қатар I жағы дыбыс үндестігі бойынша сөздің соңғы дыбысы-на сәйкес қатаң, ұян, үнді дыбыстардан басталатын нұсқада түрленіп жалғанады. Мысалы: зергер+мін, қонақ+лын, зергер+сің, қонақ+сын, зергер+сіз, қонақ+сыз. III жақта жалғауы жоқ.

Етістіктің жедел өткен шак, шартты рай тұлғалары былай жіктеледі: мен айтты+м, білсе+м; сен айтты+ң, білсе+ң; сіз айтты+ңыз, біл-се+ңіз; ол айтты, білсе; біз айтты+қ, білсе+қ; сендер айтты+ңдар, білсе+ңдер; сіздер айтты+ңыздар, білсе+ңіздер. III жақта жалғауы жоқ.



- Мәтіннен септік жалғаулы сөздерді тауып, қосымша жалғану зан-дышыны түсіндір.

Улғи: қолөнер+дің – үнді [р] дауыссыз дыбысына аяқталған сөзге ілік септік жалғауы цяңнан басталып жалғанган.

Қолөнердің халық қажеттің өтейтін саласы көп. Айталық, қазақ халқының өткен түрмисында ағаш өндеп, одан киіз

үйдің сүйегін, ыдыс-аяқ, үй жиһазын, арба-шана жасау; жұн иіріп, кілем, бау-басқұр тоқу; киіз басып, сырмақ сыру; маусымдық, күнделікті және сөн-салтанаттық киім тігу; теріден, сүйек пен тастан, темірден түрлі бүйым мен қару-жарак, ауылшаруашылық құралын жасау; түсті металл мен асыл тастан зергерлік әшекей жасау т.б. көсіп-өнер түрлері кең тараған. Тілімізде сан алуан көсіп-өнерге байланысты сақталып қалған мындаған атау, мақал-мәтел, айшықты сез орамы, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім бар.

Рустембек Шойбеков



6. Етістіктерге жіктік жалғауларын дұрыс жалғап, сейлемдерді жаз.

1. Біз үлттық қолөнеріміздің бай мәдени мұра екеніне көз жеткізді.... . 2. Сен үлттық нақыштағы киімдерді күнделікті киіп жүре.... . 3. Қазір қыздар бастарына шекелік, шаштарына шашбау тағып жүре.... . 4. Көшпендердің зергерлік бүйымдарында сабактастық байқала.... . 5. Сендер көшеде аппақ шатырдай кимешек киген әжелерді күнде көрмей.... . 6. Болашақта әлем назары қазақ сөн үлгісінде бола...



Ер-тоқым, қылыш және басқа да күні бүгінге дейін қолданыста жүрген кейбір әскери жараптарды көшпендерділер өкелген. Айбарлы атты әскер үзенгі шыққаннан кейін ғана пайда болған. Үзенгіге аяқ тіремей, жауга сойыл сілтеу, берік ер-тоқымы, айылы болмай, ат үстінде шайқасу жеңіске жеткізбес еді. IX ғасырдың аяғында пайда болған металл ауызықты жүгендер де біздің ұсталардың қолынан шықты.

Балалар энциклопедиясынан



7. Тіркестер мен көркемдегіш құралдарды орынды қолданып, қолөнер туралы мақала жаз.

Атадан балага мұра, рухани құндылық, сәндік қолөнер туындылары, әшекейлеу, безендіру, көздің жауын алады, көз майын тауысқан бейнет, сан алуан сәуле шашып, күміс айдай жалт-жұлт еткен, баға жетпес байлық.



8. Қолөнер, зергерлік өнер туралы мақал-мәтелдер жазып, мағынасын түсіндір.

§12. Көшпендердің музыка өнері



Мал жұтайды, өнер жұтамайды.

Абай Құнанбайұлы



1. Күләш Ахметованаң «Халық өні» өлеңін тында. Автор кезқарасы мен көтерілген мәселені талда.



2. Тындалым мөтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Музыканың халқымыздың тарихындағы орны қандай?
2. Қалай ойлайсың, үшінші-күншінде жоқ бол далада туған музыканың басқа халықтың музикасынан айырмасы бар ма?
3. Халқымыз өн мен күйді қалай ардақтаған, өншілер мен күйшілерді қалай құрметтеген?



3. Мөтінді оқы. Стилін, тақырыбын, құрылымын, тілдік ерекшелігін тындалым мөтінімен салыстыры.

Көшпендердің музикалық мәдениетінің тамыры тереңде жатыр. Жартастардағы суреттерден билеп жүрген, сылдырмақтарда ойнап тұрған адам бейнелерін кездестіруге болады. Көшпендердің ең көне музикалық аспаптары: үрмалы

даңғыра, қурайдан жасалған үрмелі сыйызғы, ілмелі-шертпелі қобыз, домбыра іспеттес қарапайым аспаптар болған.

Эпостардағы «адырнасын ала өгіздей мәңіреткен» деп келетін жыр жолдары жауынгердің садағының адырнасын іркіп-тартып, музыкалық үн шығаратынын білдірсе керек. Орталық Азия, Сібір, Тибет халқында бүгінге дейін кезде-сетін бір ішекті қобыз осы аспаптың көне түрі болуы мүмкін.

Ауызben үрлеп ойнайтын, қыштан жасалған «уілдек» деп аталатын аспаптың көне түрлері ортағасырлық Отырар қаласынан, Жамбыл облысындағы Ақтөбе (Баласағұн) қаласынан табылған. Олар X–XII ғасырларға жатады.

Қорқыт ата бүкіл түркілер әлемінің сарын, күй, әуен өнерінің атасы болса, одан бергі музыка өнері әл-Фарабидің, ұлы жыршы Кетбұғаның, Сыпыра жыраудың, Асанқайғының, Қазтуғанның т.б. есімдерімен байланысты. Олар күйші-сазгер, жыршылар болған. Ал әл-Фараби мен ибн Сина – музыка ілімінің теориясын алғаш жасаушы ғалымдар.

«Қазақ мәдениеті» жинағынан



4. Қандай музыканы тыңдағанды үннатасың? Ұлттық аспаптарда ойнай білесің бе?



Шылау туралы түсінік

Шылау – сез бен сезді, сейлем мен сейлемді байланыстыратын және езі тіркескен сезге қосымша мағына беретін кемекші сездің бір түрі. Шылауларға қосымша жалғанбайды, олар бөлек жазылады. Шылаулар: мен (бен, пен), және, да (де, та, те), бірақ, үшін, туралы, дейін (шейін), сондықтан, не, немесе, алайда, сайын, гәрі, соң, кейде, -ак, гой, ма (ме, ба, бе, па, пе) т.б.

Шылаулардың үндестік заңына сай тіркесуі

Кейір шылаулар толық мағыналы сезге жалғаулар сияқты үндестік заңына сәйкес тіркеседі. Мысалы, да, де, та, те шылауы буын үндестігі мен дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпалына сәйкес; мен, бен, пен шылауы дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпалына сәйкес тіркеседі.

Сез дауысты немесе үнді дыбыстарға аяқталса

мен, да/де

Сез үян дыбыстарға аяқталса

бен, да/де

Сез қатаң және үян б, в, г, ә дыбыстарына аяқталса

пен, та/те

Мысалы: Данғыра мен сыйбызы – ең көне аспаптар. Біздің үйде қобыз бен домбыра бар. Асыл тас пен металдан зергерлік бұйымдар жасаған. Кетбұға да, Сыпыра да, Асанқайғы да, Қазтуған да күши-сазгер, жыршилар болған. Қыштан жасалған уілдек те көне аспап.



5. Шылауларды үндестік заңы бойынша дұрыс қойып, көшіріп жаз.

Жігітке жеті өнер (да, де, та, те) аз.

Алмақтың (да, де, та, те) салмағы бар.

Куанған (да, де, та, те) бір, қорыққан (да, де, та, те) бір.

Бас кеспек болса (да, де, та, те), тіл кеспек жоқ.

Өнерді үйрен (да, де, та, те) жириен.



6. Бірыңғай мүшелерді шылаулар арқылы байланыстырып жаз.

Жас балалар шебердің қолынан шыққан аңның, құстың, балықтың, үй жануарының бейнесіндегі саз балшықтан жасалған үрмелі аспаптарды тартып, үйренген. Олардың өуезге, өнге деген шеберлігі ойын-сауықта шындалып отырган. Есейе келе дабыл, дауылпаз, шындауыл секілді аспаптарды менгерген. Елдің бірлігін, халықтың мұң-мұқтажын, ез руының женіс-жетістігін жырга қосқан.



7. Мақал-мәтелді толықтырып, «Қазақ музыка өнері» тақырыбында шағын мақала жаз.

- Өнерлі жігіт өрде озар,
- Өнерсіз жігіт жер ...
- Ақыл көпке жеткізеді,
- Өнер кекке ...
- Өнерлінің өзегі ...
- Шаштараз сақал түзетер,
- Өнерпаз шаһар ...
- Өнерлі адам ешкімге ...



8. Музыкалық аспаптардың бірінің шығу тарихы туралы ақпарат жинап, оның өуені туралы көркем әдебиет стилінде мәтін жаз.

§13. Көшпендердің киім ерекшеліктері



Адам көркі – шүберек.

Мақал



1. Өлеңді тыңда. Көркем бейнелеуіш сөздер мен тұрақты тіркестерді қолданып, үлттық киімдер туралы жұбынмен пікірлес.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Ақын қыздардың сөукелесін, ерлердің тақиясын неге үқсатады?
2. Аналарымыздың ақ жауалыры ненің символы?
3. Үлттық киімдер туралы қандай теңеулерді білесің?



3. Мәтінді оқы. Тыңдалым мәтінімен салыстырып, жанрлық ерекшеліктерін ажырат.

Оқылым мәтіні	Тыңдалым мәтіні
Тақырыбы:	Тақырыбы:
Жанры:	Жанры:
Күрылымы мен ресімделуі:	Күрылымы мен ресімделуі:

Халқымыздың үлттық киімінің түрі көп. Кең байтақ дала-мыздың табиғатына, ауа райына байланысты киім түрлерінде де ерекшеліктер бар.

Тымақ – ерлердің қысқы баскиімі. Оны аңының, малдың терісінен тігеді. Тымақ – қасиетті баскиім. Оны айырбастауға болмайды, оған аяқ тигізбейді. Бұрынғы кезде қазақтар шала туган баланы неше күні кем болса, соңша күн тымаққа салып, кереге басына іліп қоятын болған.

Үлттымызға жарасатын баскиімнің бірі – бөрік. Көмкепілген тері түріне қарай «қемшат бөрік», «құндыз бөрік», «жанат бөрік», «сусар бөрік», «тұлкі бөрік», «күзен бөрік» деп аталады. Бөрікті ерлер де, қыздар да киеді. Қыздар киетін бөріктің төбесіне үкі, жиегіне моншақ, шашақ, түрлі асыл тастар, түйме, оқа, зер, күміс тағылады.

Сөукеле – аса қымбат, кәделі баскиім. Дәстүр бойынша сөукеле тек үзатылған қыздарға ғана кигізіледі. Сөукелені өте шебер әйелдер тігеді. Үзатылған қыздың дәрежесі сөукелесіне қарап бағаланады.

Тон – қойдың терісінен тігілетін қыстық жылы киім. Тонның ең жылы, қымбат, бағалы түрі – қамқа тон. Оны бұрын хан, би, бай, мырза, ханша сияқты ауқаттылар ғана киген.

Шапан – қазақтың кәделі киімі. Ол – арасына жұн немесе мақта салып, сыртын шұға, барқыт сияқты әдемі әрі мықты мақтамен қаптап, ішін астарлап тігетін жылы киім.

Қамзол – әйелдердің жасына қарай қызыл, кек, жасыл, қара түсті барқыт, шұға, мауыты маталардан әсем безендіріліп тігілетін киім. Жағалы, жеңді немесе жағасыз, жеңсіз тігіледі, қапсырмалы, түймелі болады. Жағасына, етегіне зерлі оқа, өрнек жүргізіледі.

Жаулық – ақ матадан жасалатын әйелдердің ең негізгі баскиімі. Өже-аналарды ардақтап, «ақ жаулықты» деп атайды. Жаулық – қазақ әйелінің ары, ажары, беделі мен көркі. Әжелер иығынан асып тұратын кимешек те киеді. Оның алдынғы жағы ою-өрнекті болады.

Сейіт Кенжеахметұлының «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдем-ғұрыптары» кітабынан



4. Жұбынмен ақылдасып, сұрақтарға жауап бер.

1. Көшпендердің киім үлгілері мен қазіргі киім үлгілерінің арасында үқсастық бар ма?
2. Киім үлгісін адамзат өркениетіне қосу дегенді қалай түсінсін?



Ma (ме, ба, бе, па, пе) шылауының емлесі

Ma (ме, ба, бе, па, пе) шылауы сейлемге сұрау мәнін үстеп, сұраулы сейлем жасайды. Өзі тіркескен сезден белек жазылады. Мысалы: Ақын аты ақын ба, Құргақ сезбен мақтаса (Жамбыл).

Ma (ме) сұраулық шылауы езінің алдындағы сезбен буын және дыбыс үндестігіне сай тіркеседі. Мысалы: Аналарымызға жаулық таққан жараса ма? Сөукелені тек ұзатылатын қыздарғана кие ме? Қазақтың көделі киімі шалан ба? Басқиімдердің атауларын білесін бе? Сенің кеше сатып алғаның осы көйлек пе? Оның басына кигені түлкі тымақ па?



5. Шылауларды үндестік заны бойынша дұрыс қойып, көшіріп жаз.

Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда, Абай келіп сәлем береді. Шешен баланы қасына отыргызып:

- Шырагым, дүние неге сүйенеді? – деп сұрайды.
- Дүние үмітке сүйенеді.
- Көздің көрмесі бола (ма, ме, ба, бе, па, пе)?
- Көз қабагын көрмейді.
- Шам жарығының түспесі бола (ма, ме, ба, бе, па, пе)?
- Шам жарығы табанына түспейді.
- Болат пышақтың кесспесі бола (ма, ме, ба, бе, па, пе)?
- Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.
- Тамагына тартпайтын мақлұқат бола (ма, ме, ба, бе, па, пе)?
- Өз тамагына тартпайтын мақлұқат болмайды, – дейді Абай.

«Ел аузынан» кітабынан



6. Ma, ме шылауын қатыстырып, мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ дайында.

Көшпенділердің киімі көшпелі тұрмысқа бейімделген. Жалпы, киім мен аяқкиімді мал мен аң терісіне киіз бен мата қосып жасаған. Киімді былгары, жұқа киіз, түйе жүнінен тоқылған шекпендік зат пен жұнді теріден тіккен. Барқыт пен зер, жібек және жүн матасы көшпенділердің қолданысында ерте заманнан бері болған.

Л.Тұрганбаевың «Заттар дүниесінің сырьы» кітабынан



- 7.** Энциклопедиялар мен создіктерден ізденип, киім атауларына түсінік бер.

Улгі:

оқалы қамзол – зермен көмкерілген женсіз, женіл сыртқиім.

Үстіне қос етекті торғын кейлек, кестелі қызыл қатипа қамзол, басына асыл тастары шам нұрына шағылған, ақ жібек кіреуекелі, биік сәукеле киген Айжан кезге оқшау көрінеді...

Бұрын ауылда киетін қосетек кейлек, оқалы қамзол, асыл тасты биік сәукелесін тастап, қала сөніне, оның ішінде татар қыз-келіншектерінің киім үлгісіне қарай бейімделген...

Аппак шатырдай кимешек-шаршысына қылау түспейтін Ажардың қазіргі сөні жүрттан өзгеше...

Демежанның үстінде қасқыр ішік, тұлкі тымақ, саптама етігі бар...

Көкжал Барак күпісін жамылып, қорылдаған қалпы дүниені басына көшіріп жатыр...

Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» романынан үзінділер



- 8.** Коркемдегіш құралдарды орынды пайдаланып, тындалым болімінде берілген суреттегі адамдардың киімдерін сипаттап, мақала жаз.



- 9.** Екі тапсырманың бірін орында.

1. Төмендегі тақырыптардың біріне эссе жаз.
 1. Ұлттық киім – бай мәдени мұра.
 2. Ұлттық нақыштағы киімдерді күнделікті киуге бола ма?
2. Киімге байланысты қандай ырымдарды білесін? Ұлгі бойынша жалғастырып, жаз.

Улгі:

Жас қыздар басына ақ, қара орамал тартпайды, себебі...

Нәрестенің иткөйлегін далага тастамаган, өйткені... т.б.

§14. Төрт құбыла – төрт түлік



Бір қозы туса, бір түп жусан артық өсер.

Ат түягын тай басар.

Тай мінген балага жарасады.

Мақал-мәтеп



1. Ескен Елубаевтың «Төрт түлік мал» олециін тыңда. Автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талда.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша жұбынмен ақылдасып, сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ халқы үшін төрт түліктің орны қандай?
2. Төрт түлік адамға қандай пайда келтіреді?
3. Қой мен ешкіні неге бір түлік деп санайды?
4. Төрт түлікке кірмеген есектің қандай пайдасы бар?



Дефис арқылы жазылғатын шылаулар

Тілімізде бірқатар шылау сездер өзі тіркескен сезінен дефис арқылы жазылады. Олар: -ақ, -ау, -ай, -мыс, -ды (-di). Мысалы: *Беу, Құлагерім-ай!* (Ақан сері). *Жақсыбай-ау, Жақсыбай, Қылған ісің жақсы ма-ай?* («Ел аузынан»). *Өтумин* десең қол жайып, Сөзім жерде қалмас-ты («Ел аузынан»). *Ертең әлі-ақ* өседі («Ел аузынан»).



- 1-тапсырмадагы суретке қарап, дефис арқылы жазылғатын шылауларды қосып, мәтін жаз.
4. Мәтінді оқып, тыңдалым мәтінімен салыстыр.

Оқылым мәтіні	Тыңдалым мәтіні
Тақырыбы:	Тақырыбы:
Жанры:	Жанры:
Күрылымы мен ресімделуі:	Күрылымы мен ресімделуі:

Төрт түлік бақтым – теңселе бастым

Қазақ халқының өмір салты мен дүниетанымында төрт түліктің маңызы зор. Ішсе – асы, кисе – киімі, мінсе – көлігі, тұтынса – бүйымы, берсе – сыйы, дауласа – құны болған төрт түлік мал көшпендейлер тіршілігінің негізін құраған.

Қазақтар жыл он екі ай мал қамын жасап, сұыққа ұрындырмай, аптапқа шөлдепей, бабын таба білген.

Ел аңызында жылқының – желден, түйенің – сордан, сиырдың – судан, қойдың – оттан, ешкінің тастан жарапланы айтылады.

Төрт түліктің тұрмыстық-әлеуметтік өмірде жұмсалатын орына қарай қазақтар түйені салтанат санаса, жылқыны мақтан еткен, қойды байлыққа баласа, сиырды қанагат еткен, ал ешкіні өлмestің күніне санаган.

Көшпенді тіршіліктің арқауы болған төрт түлікке қатысты қазақты таным даналыққа толы дала пәлсапасы мен уақыттың өзі үйреткен халықтық тәжірибе сырларын ұғындырады.

«Ана тілі» газетінен



5. Сұрақтарға жауап бер.

1. Төрт түлік малдың пірін білесің бе?
2. Малдың төлін қалай атайды?
3. Ел азызында төрт түлік неден жааралған?
4. Тұрмыстық-әлеуметтік өмірде жұмсалатын орнына қарай төрт түлікке қандай баға берген?



6. Жақшаны ашып, сөздердің емлесін сақтап жаз.

Достарым көп (ак)
 Өзімсіп кейде сата (ды).
 Жұбатып бірі, жылатып бірі жата (ды).
 Жүргегім сонда неліктен шиыршиқ атады?
 Қалайды (ау), сірө, қуаныш әлде қапаны (*M. Мақатаев*).

Бақыт деген – сенің бала күндерің,
 Бақытсыз (ак) бақытты бол жүргенің.
 Бақытты (да), басқасын (да) білмеуің
 Бақытсыз (ак) ойнағаның, күлгениң (*M. Мақатаев*).

Бұл өмір кіл күрес (ау) байқаганга,
 Күрессіз өмір бар деп айта алам (ба)?
 Жығылсам, жығылайын бір (ак) рет,
 Екі рет, ей, женіліс, қайталан (ба)! (*T. Нарманов*).



7. Оқылым мөтініне күрделі жоспар құр.

- I Кіріспе
 II Негізгі белім
 1.
 2.
 3.
 III Қорытынды



Кошпенділер адамға өл беретін, денсаулыққа шипа болатын дәмді сусын – қымыз бен шұбатты, ас атасы – етті көп уақыт сақтап, пайдаланудың әдісін тауып, басқаларға үлгі болғаны да жалпы жүргітқа мөлім.

Л.Тұрганбаевың «Заттар дүниесінің сыры» кітабынан



- 8.** Қосымша әдебиеттерден ізденіп, төрт түлік малдың жас ерекшелігіне жөне т.б. қасиеттеріне қарай түрлерін жаз.

Төрт түлік мал	Атаулары
Түйенің жасына қарай	
Түйенің күштілігі, тезімділігі сияқты қасиеттеріне қарай	
Жылқының жасына қарай	
Жылқының жүйріктігіне тағы да басқа қасиеттеріне қарай	
Жылқының түсіне қарай	
Сырындың жасына қарай	
Койдың жасына қарай	
Ешкінің жасына қарай	



- 9.** Жағдаяттық тапсырманы тобынмен ақылдастып орында.

1. Жазғы каникулда жайлауға барып, атқа міндің. Кекпар шаптың. Кешке үйге келген сон, мінген атынды қалай баптайсың?
2. Атаң мен әжең қонаққа кетті. Қорада тұрган төрт түлік малдың қайсысына қандай шөп (жоңышқа, жантак, сұлы, жусан, изен, жүгері сабагы, сұлы) бересің?



- 10.** Жұмбақтарды шеш. Осы үлгімен төрт түлік мал туралы жұмбақтар құрастыр.

Маң-маң басып келеді,
Тапырақтан желеді.
Мойны ұзын, үсті тау,
Ертеден елге бел еді.

Екеуі елеңдеп келеді,
Төртеуі төбелесіп келеді.

§15. Көшпендердің уақыт пен өлшемді анықтау белгілері



Елу жылда ел жаңа.

Уақыт – көшкен керуен.

Мақал-мәтеде



- Өлеңді тыңда. Көркем бейнелеуіш сөздер мен мақал-мәтеді, тұрақты тіркестерді қолданып, уақыт туралы жұбынмен пікірлес.



- Тыңдалым мөтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Сағаттың пайдасы қандай?
- «Сағат – сенің сенімді досың» деген пікірмен келісесің бе?



- Мөтінді оқып, тыңдалым мөтінімен салыстыр. Жанрлық ерекшелігін ажырат.

Уақытты анықтау

Халық уақытты анықтауда өзіндік бай тәжірибе жинақтап, оны қолданудың жолын және соган лайықты сез өрнектерін де таба білді. **Жылды**, тоқсанды, айды, аптаны, тәулікті болудің шаруашылықта сай реті мен ыңгайын да ойластырган. Мерзім, мезгіл өлшемдеріне келгенде, қазақ тілі атауларға бай. Қыс, кектем, жаз, күз – мезгіл өлшемі. Мерзім өлшемдері: бір сәт, қас қағым, ә дегенше (1 секунд), сүтпісірім (5–10 мин), биесауым (1,5 сағат), етпісірім (2,5–3 сағат),

тәулік (бір күн, бір түн), апта (7 күн), ай (30–31 күн), тоқсан (3 ай), жыл (365 күн) немесе 12 ай, гасыр (100 жыл). Адам өмірі де жаспен (1 жыл), мүшелмен (12 жас) есептеліп, бір мүшел (13 жас), екі мүшел (25 жас), уш мүшел (37 жас) төрт мүшел (49 жас) болып бөлінеді.

Уақыт мезгілін анықтауда халық тендеулері мен өлшемдері өрі қызық, өрі анық, өрі түрге де оте бай. Мысалы: елең-алаң, құланиек, таң сәрі, құлқын сәрі, таң бозара, алажеуім, таң біліне, таң ата, күн шыға, күн қызара, күн қыза, күн көтеріле, күн арқан бойы көтеріле, түске жақын, тал түс, шаңқай түс, сөске түс, түс аяу, түс қайта, бесін, екінші, кеш, күн бата, ымырт, іңір, апақ-сапақ, ақшам, бейуақыт, қас қарада, ай туда, түн ортасы, жұлдыз соңе т.б. Мұнан тек уақыт шамасыған емес, халқымыздың таным-түсінігі, өр істің байыбына терең бойлауы, бағдарлауы, тіл қабілетінің жоғары түрганы байқалады.

Мезгілді күндіз көлеңкеге, түнде жұлдызға қарап анықтаған.

«Қазақстан» энциклопедиясынан



4. Жұбыңмен ақылдастып, сұрақтарға жауап бер.

1. Мерзім, мезгіл өлшемдерінің атауынан нені аңғаруга болады? Уақыт мезгілін анықтауда өлшемнің көптігі нені білдіреді?
2. Қалай ойлайсың, өзге халықта осындай атаулар бар ма?
3. Өзің осы өлшемдерді сөйлеу тілінде қолданасың ба?



5. Косымша дереккөздерден ізденіп, мәтіннің екінші азатжолындағы уақыт өлшемдеріне түсінік бер.



6. Шылаулардың үндестік заңы бойынша дұрыс қойып, көшіріп жаз.

Адамдар Күннің арайланып шығуы (бен, мен, пен) қызыарып батуын тамашалайды.

Күн адамдарды (да, де, та, те), жан-жануарларды (да, де, та, те) жарық (мен, бен, пен) жылуға кенелтеді. Аңдар (мен, бен, пен) құстар (та, те, да, де) Күнді ерекше сүйеді.

Түнде қараңғылық басып, Ай (мен, бен, пен) жұлдыздар аспанда жарқырайды.



- 7.** Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды немесе шылауды қойып, жаз.

Атақоныстың әрбір аймагы халық санасын... киелі жер болып саналады.

Халықаралық көрмелер... киіз үйге әрқашан жогары бага береді.

Қазақ шебері керемет зергерлік бүйым... жасайды.

Қазақ тілінде мезгіл ... мерзім өлшемдері өте көп.

Бұдан халқымыздың таным-түсінігі... терең, тіл қабілеті... жогары екенін байқаймыз.

Уақыт ... мезгілді анықтау... халқымыздың танымы қызық.

Салмақ өлшемдері ... халықтың тұрмысын... мол көрініс тапқан.



Салмақ өлшемдері

Мысқал (1 гр); келі (1кг); пүт (16 кг); батпан (100 кг); қадақ – 200 грамм (кейбір әдебиетте 400 гр); бір шелек (су, сут) – 10 литр; бір торсық (айран) – 6–7 литр; бір саба (қымыз) – 10–15 литр; бір қап (ұн, қант) – 50–60 кг; бір арқа (жүк) – 45–50 кг; найза қап, қанар – 70–80 кг.



- 8.** Мақалдарды орынды қолданып, «Көшпендейлердің дуниетанымы» тақырыбында мақала жаз.

- Ат арыса – тулақ,
Ер арыса – аруақ.
- Семіздікті қойғана көтереді.
- Бір биеден ала да, құла да туады.
- Ат қадірін жоқ білмес,
Ас қадірін тоқ білмес.
- Сиыр су ішсе, бұзау мұз жалайды.
- Балапан үяды не көрсе,
Үшқанда соны іледі.
- Ат түягын тай басар.



- 9.** «Көшпендейлер мәдениеті» ұғымын сипаттайтын 10 тірек сөзді жазып, себебін түсіндір.



БӨЛІМ

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

ФРАЗЕОЛОГИЗМ. МАҚАЛ-МӘТЕЛ. ҚАНАТТЫ СӨЗ

- §16. Ең басты байлық
- §17. Иммунитет
- §18. Дәрігермен сұхбат
- §19. Денсаулыққа пайдалы тәғамдар
- §20. Дөрілік өсімдіктердің денсаулыққа пайдасы
- §21. Дәрумендер – денсаулық кепілі
- §22. Ағзаның дабылы
- §23. Денсаулыққа зиянды әдептер

§16. Ең басты байлық



Денсаулық – байлықтан қымбат.

Д.Рей

Біздің бақытымыздың оннан төркізілген денсаулығымызға байланысты.

А.Шопенгауэр



1. Ертегіні тыңда. Көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтел мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, әңгімелеп.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша жұбынмен ақылдасып, сұрақтарға жауап бер.

1. Байлық дегенді қалай түсінесі?
2. Ақсақалдың ойымен келісесің бе? Адамның ең қымбат дүниесі оның денсаулығы екенін қария қалай дәлелдеді?
3. Ертегіні қандай мақалмен түйіндер едің?



Публицистикалық стиль	Ісқағаздар мен реєсми стиль
Публицистикалық стиль қорам емірі үшін маңызды мөселелерді талқылайтын шыгармалардың негізінде қалыптасады, жұртқа үндеу, үгіт айтуда пайдаланылады. Жалаң баяндамайды, автордың бағасы, пікірі, көзқарасы көрінеді. Жанрлық түрлері: мақала, ақпараттық хабар, очерк, халықаралық шолу, репортаж және интервью.	Ресми стиль сөздің дәлдігімен, артық сөздің болмауымен, материалдың стандартты орналасуымен ерекшеленеді. Ресми стиль – кеңсе құжаттарының (әтініш, қолхат, түсініктеме, жеделхат, жолдама және т.б.); іскерлік құжаттардың (келісімшарттар, мемлекеттік актілер, заңдар, үкімдер, жарғылар, қызметтік хаттар, іскери қағаздар және т.б.) стилі.



3. Мөтіндерді оқып, салыстыра талда. Кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен реєсмделуін талда.

«Шипагерлік баян» мөтіні	ҚР азаматтарының денсаулығын сақтау туралы заңдан үзінді
Тақырыбы: Стилі: Тілдік амал-тәсілдері:	Тақырыбы: Стилі: Тілдік амал-тәсілдері:

Шипагерлік баян

«Шипагерлік баян» – қазактың әйгілі шипагер ғалымы Отейбайдың Тілеуқабылұлының осыдан 5 ғасыр бұрын жазған медициналық ғылыми еңбекі. Емшінің төл тәжірибесіне сүйеніп жазылған бұл еңбек күні бүгінге дейін құндылығын жоғалтқан жок. Бұл кітапты Жәнібек ханның тапсыруымен 1470 жылы жасы 70-тен асқан шағында бастаған.

XVIII ғасырдың соңында ағылшын ғалымы Эдварт Энтони Дженнер ойлап тапты дейтін шешекке қарсы егу туралы одан 320 жыл бұрын осы еңбекте жазылған.

«Шипагерлік баян» кітабы қазактың дәстүрлі медициналық тәжірибесі туралы мейлінше мол мағлұмат береді. Атап айтсақ, есімдіктерден алынған 854 түрлі, жануарлардан алынған 455 түрлі емдік дәрінің тізімі, адам мүшесінің 430-ға тарта атауы, мынан аса дәрі және 4577 рецепт берілген.

Кітаптан Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының тек қана гұлама шипагер емес, сонымен бірге халықтың өмір салтына, дүниетанымына, рухани мәдениетіне мейлінше қанық, өз заманының терең ойлы, үлтжанды тұлғасы болғаны айқын аңғарылады.

«Қазақ медицинасы тарихы» кітабынан

ҚР азаматтарының денсаулығын сақтау туралы заң (Үзінді)

Осы Заң Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілейді.

1-бап. Негізгі ұғымдар:

- акысыз медициналық көмектің кепілді көлемі;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- амбулаториялық-емханалық көмек қызметін көрсетуге ариалған тарифтер тізбесі;
- жан басына шаққандығы норматив;
- халықтық медицина (емшілік);
- медициналық оңалту (денсаулықты ішінара немесе толық қалпына келтіру).

ҚР Әділет министрлігі сайтынан



4. Оқылым мәтіндері бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Шипагерлік баян» кітабы, оның авторы туралы бұрын естіп пе едің?
2. XV ғасырда осындай емші-ғалымның болуы саған қалай әсер етті?
3. Біздің елімізде азаматтардың денсаулығы заңмен қорғалынын білесің бе?



Фразеологизм

Тілімізде бірнеше сезден құралып, бір ұғымда қолданылатын, сейлем мүшелеріне ажыратуға келмейтін, грамматикалық мағыналарын езгертіп, тіркестегі орындарын алмастыруға болмайтын, тарихи қалыптасқан тұрақты тіркестер бар. Оларды фразеологиялық тіркестер немесе фразеологизм дейді.

Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы – лексиканың жеке бір саласы. Фразеологизмдердің басты белгісі: олардың тұрақты, даяр қалпында қолданылуы, ауыспалы мәнде жұмсалуы. Мысалы: *ит өлген жер – алыс, тайга таңба басқандай – анық, арқаны кеңге салу – асықлау, қас пен көздің арасында – жылдам т.б.*

Академик Ісмет Қеңесбаев шығарған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (1977, 2007) ана тіліміздің осы асыл қазынасы молынан қамтылған.



- 5.** Тыңдалым мәтінінде кездесетін сез тіркестерінің синонимдік катарын жаз.

Жарық дүние. Жалғанды жалпағынан басу. Ішсе – тамаққа, кисе – киімге жарымау. Ат басында алтын. Он екі мүшесі түгел адам.



- 6.** Фразеологиялық сөздіктен қарап, төмендегі тұрақты тіркестердің түсіндірмесін бер.

Дауасын табу, дертке дерт қосты, дертті болды, жанга шипа, дертке дәру, жан сақтады, жарасы жеңіл, дертін қашырды, жараның аузын ашты, еті қашты, жаны кірді.

Дискуссивті эссе

Дискуссивті эссе – даулы тақырыптағы бейресми эссе. Оның құрылымы:

I Кіріспе болім: тақырыпқа деген көзқарас.

II Негізгі болім:

1) позициясын растайтын сенімді дәлел және оны түсіндіру;

2) қарама-қарсы дәлелдермен келісу не өз позициясында қалу.

III Қорытынды болім: шешім, келісу/келіспеу себебін түсіндіру, мөселеден шығу жолын ұсыну.



- 7.** Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, «Ауырып, ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде!» тақырыбында дискуссивті эссе жаз.



- 8.** Фразеологизмді қатыстырып, денсаулықты сақтау туралы ұсыныстарында жаз.

§17. Иммунитет



Денсаулықты сақтау үшін, ал одан да абзалы жіңі ауыра берудің алдын алу үшін дене жаттыгуларын жасаған немесе қозғалыста болған жақсы.

M.Мудеров



- Ақын Шәкөрім Құдайбердіұлының өлеңін тыңдал, ондағы деректер мен көзқарасты анықта.



Деректер	Автор көзқарасы



- Жұбынмен ақылдасып, сұраптарға жауап бер.

- Сейлеушінің дауыс ыргагынан қандай көңіл күйді байқадың?
- Салактық, одан шығатын надандық, одан әрі адамдықтың жоғалуының о бастағы себебі қандай?
- Тазалық сақтамаган адамда қандай аурулар белен алады?



- Графиктік ақпаратты интерпретациялап, тұтас мәтін түрінде оқы.

Ағзаның жүқпалы ауруларға қарсы тұра алу қабілеті, яғни ауру қоздыратын бактериялар мен вирустардың, бөгде заттардың ықпалына қарсы тұруы



Иммундық жүйенің қызметі – ағзадағы зиянды микробтар мен вирустарды оқшаулап, содан кейін жоюы. Өкінішке қарай, ағзага осындан заттар жіңі түсे берсе, күресе-күресе иммундық жүйе әлсірейді.



Иммундық жүйесі толық қалыптасып үлгермегендіктен, балалар ересектерге қараганда жиірек ауырады.



4. Оқылым мөтіні бойынша жұбындан сұхбат ал.

1. Иммунитетті көтеруге көмектесетін денсаулықтың «достарын» білесің бе?
2. Таза ауада серуендеу, күнделікті жаттығу жасау иммунитетті көтеруге септігін тигізе ме?
3. Зиянды әдептерге нелер жатады? Олардан аулақ болу өмірінді дұрыс арнаға сала ма?



5. Фразеологизмнің мағынасын түсіндір.

Фразеология	Білдіретін мағынасы
Жанга шипа, дертке дауа	
Жаны жайланды	
Таңдайын жібітті	
Жасы үлгайды	
Жүргегіне тиді	
Кемеліне келді	
Бас-көз болды	
Бармагын тістеді	
Ет жүргегі езілді	



Нұсқаулық

Әлденені орындау, жүзеге асыру тәсілін бекітетін тәртіптер жинағы. Әдетте, техникалық, электрондық құрал-жабдықтарды қалай қолдануды түсіндіретін ілеспе құжат. Жалпылама айтсақ, нұсқаулық – тек мамандарға ғана емес, барлық оқырманға түсінікті тілмен жазылатын, кеңес беретін ақпараттар жиынтығы.



- 6.** Берілген ақпаратты одан әрі қарай таратып, иммунитетті көтеру жолдары туралы нұсқаулық жаз.

 1. Дене шынықтырумен айналысу.
 2. Салқын сүмен жуыну.
 3. Таза ауада серуендеу.
 4. Құнарлы ас ішу.
 5. Уақытында тамақтану.

- 7.** Тұрақты тіркестер мен мақалдарды қолданып, Шәкәрім суреттеген адамның портретін жаз.

Дайын асқа тік қасық, наң согар, мойны жар бермеу, жатып ішер, көк жалқау, олақтан салақ жаман, салақ бала сасқалақ, топас тойғанына мәз.



Таза ауаның денсаулыққа пайдасы

- Ластанған ауа ағзаны тез қартайтады. Сондықтан таза ауамен дем алуға тырысыңыз.
- Ластанған ауамен тыныстаған жасушалар жүрекке 100% оттегін жеткізе алмайды. Осыдан түрлі ауру туындаиды.
- Таза ауамен тыныстау көңіліңізді жайландырып, ми жұмысын жақсартады.

Кайрат Жолдыбайұлының «Кемел адам» кітабынан



- 8.** Жағдаятты шеш.

Күз, көктем мезгілінде жиі тұмауратасың. Осы жолы да әлсіздік басып, өзінді біртүрлі сезініп жүрсің. Сенің әрекетің.



- 9.** «Иммунитетті көтерудің ең тиімді тәсілі» тақырыбында пікір, дәлел, мысал, қорытынды жаз.

§18. Дәрігермен сұхбат



Ауырып ем іздегеншe, ауырмаудың жолын ізде.


Халық нақылы

Адамға ең жақын, ең керек екі мамандық – мұғалім мен дәрігер. Менің білуімшe. Сіздің білуіцізшe де солай болуы керек.

Асқар Жұмаділдаев



1. Олеңді тыңдалап, мақал-мәтел мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, «Дәрігер – құрметті мамандық» тақырыбында жұбынмен диалог қур.



2. Сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттегі маман қалай аталады? Өзің қай дәрігерге қаралып көрдің?
2. Дәрігердің жылы сезі мен қамқорлығы науқас адамға қалай өсер етеді?

3. Асқар Жұмаділдаевтың адамға ең жақын, ең керек екі маңандық туралы пікірімен келісесің бе?



3. Сұхбат мазмұнымен жөне рецепт үлгісімен танысып, стилін (публицистикалық, ресми) анықта. Кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуін талда.

Балалар дәрігері, академик Камал Ормантаевпен сұхбат

– Бүгінгі бала – ертеңгі болашақ, сондықтан үрпақ саулығы қоғамның басты назарында болуы тиіс. Бірақ «Қазір балалардың денсаулығы элсіреп кетті», – деп жатамыз. Сол рас па?

– Әр адам үшін денсаулығы маңызды, бәрі көп өмір сүргісі келеді. Бірақ денсаулықты күтудің жөні бір болек. Біздің есебіміз бойынша, 14 мың аурудың түрі бар. Әрқайсының пайда болу себебі әртүрлі екенін ескере отырып, көп аурудың түқымқуалаушылық арқылы берілетінін айтқым келеді. Баланың денсаулығы тогыз ай бойы құрсағында көтерген анасының денсаулығына байланысты болады. Аурудың пайда болуының екінші себебі тамақ ішуіне, үшіншісі дene қозгалысина, төртіншісі істейтін жұмысына байланысты. Мысалы, көп адамның жүйкесі жұқарып жүреді. Содан жүйке аурулары пайда болады. Жалпы, аурудың түрі көп, соның ішінде негізгілерін айтып отырмын.

– Балага дәріні көп берген дұрыс па?

– Мысалы, бір дәрігерге барсан, ол саган 5–7 дәрі береді. Үш дәрігерге барсан, 15–20 дәрі жазып беруі мүмкін. Оның бәрін ішу мүмкін емес. Дәрінің өзі – химиялық у. Дәрі бір мүшеге жеткенше, барлық мүшени аралап шыгады. Сондықтан дәріні көп ішкен дұрыс емес. Бірақ дәрі ішпеуге болмайтын аурулар бар, мәселен, бронх демікпесі, қант диабеті, жүрек-қан тамырлар жүйесі ауруларында дәрі ішуге мәжбүрсіц. Ал бізде барлық ауруга бірден дәрі береді...

«Айқын» газетінен

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі	Үйымның атапу Рецепт №
Уақыты мен күні	
ЖСН	
Науқастың аты-жөні	
Туган күні	
Мекенжайы	
Диагноз	
Дөрігердің аты-жөні	
Rp	
DTD	
DS	
Жарамдылығы	



4. Оқылым мөтіндері бойынша ой-пікірдің дұрыс/бұрысын анықта.

Ой-пікір	Дұрыс	Бұрыс
Адамдар үшін денсаулық өте маңызды.		
Барлық аурудың пайда болу себебі бірдей.		
Бала денсаулығы мен оның анасының денсаулығының арасында тікелей байланыс бар.		
Адамның тамақтануы мен дене қозғалысының денсаулыққа қатысы шамалы.		
Денсаулығы нашар ер балаларды әскерге алмайды.		
Дәріні көп ішкен дұрыс емес.		
Барлық аурудан дәрі ішпей-ақ арылуға болады.		
Рецепт – науқасқа дәріні дайында беру туралы дөрігердің дөріханаға жазбаша нұсқауы.		



Мәндес және қарсы мәндес фразеологизмдер

Фразеологизмдер ез ішінде мағынасы жағынан мәндес те, қарсы мәндес те бола алады. Мысалы: көзді ашып-жүрганша, қас пен көздің арасында (тез, шапшан); тоннның ішкі бауында, арасынан қыл өтпеу (өте тату) деген фразеологизмдер езара үқсас мәнде қолданылса; азан-қазан болды (ушу болды) – құлаққа ұрган таңадай (тыныш), кірлік қақлады (үйіктамады) – мызығып алды, көз шырымын алды (үйіктады), арасынан қыл өтпеу (тату) – ит пен мызықтай (еш) деп қарсы мәнде де қолданылады.



5. Берілген тұрақты тіркестерге мәндес және қарсы мәндес тұрақты тіркестерді тауып, дәптеріце жаз.

Дүниеге келді. Жүрек жүтқан. Жолы болды. Көзін ілмеді.
Еңбегі жанды. Бауыр басу.



6. Фразеологизмдерді білдіретін мағынасымен сөйкестендір, оларды қатыстырып, 4 сөйлем жаз.

Жұлдызы оцынан туу
Жұмған аузын ашпау
Ит терісін басына қаптау
Көз байлау
Қас қарайғанда
Саусағынан бал тамған
Бес саусақтай білу
Екі көзі шарасынан шығу
Екі езуі екі құлагына жетуу

Кешқұрым
Жолы болу
Куану
Сейлемеу
Корқу
Үркесу, балағаттау
Шебер
Алдау
Жетік білу



7. «Адам ауруның себептері және одан сақтану» деген тақырыпта томенгі сынып оқушысына нұсқаулық жаз.

Ұлғи: Ауырмай үшін мына қагидаларды есте үстеган жөн:

- Қоң қозғалыс жасамаган бала жиі ауырады. Сондықтан...
- Тымырық жерде көп отырсаң, басың ауырады. Сондықтан...



8. Өз бетінше ізденіп, тұмаудың басты белгілері, емдеу жолдары мен аурудың алдын алу туралы ресми ақпараттарды қамтитын таныстырылым жаса.



9. Жағдаятты шеш.

Сен тұмауратып қалдың. Үйде иммунитеті әлсіз інің бар. Оган тұмауынды жүқтыврас үшін не істейсің?



10. Өз дәрігеріңнен жиі кездесетін балалар ауруы және оны емдеу жолдары туралы сұхбат ал.

§19. Денсаулыққа пайдалы тағамдар



Өмір сүрудің екі заңын білген адам бақытқа қол жеткізеді: бірі – не болса соны жей бермей, азығына талғаммен қарайтын кісі, екіншісі – кім болса, сонымен дос болмай, достыққа дұрыс адамдарды тандай билетін жан.

Омар Хайям

Тәтті тағам емес, денсаулыққа пайдалы тағам тәтті.

Анахарис



1. Отебай Турманжановтың өлеңін тыңда. Ақынның не себепті нанды ардақты ас деп санайтынын, қандай сездермен сипаттайтынын өңгімелей отырып, авторлық көзқарасты анықта.
2. Қазақ халқы нанды қалай құрметтейді? Жалғастыр: жерге тастамайды, ...
3. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша сыйба құрастыр.



Американың танымал диетологі, невропатолог Джонни Боуден денсаулыққа ең пайдалы 12 тағам түрін анықтады. Олардың қатарына құрамында нәрлі заттары, фитохимиялық қосындылары, дәрумендері, минералдары, антиоксиданттары мен пайдалы майлары бар өнімдер еніп отыр.

Боудениң айтуынша, ол адамды жұз жасқа жеткізетін тағамдардың тізімін жасаған. Денсаулықты кеселден қоргайтын өнімдер мыналар: жиідектер, атбұршақ, жаңғақ, қаймағынан айырмаган сиыр сүті, майлы балық, мал еті, жұмыртқа, орамжапырақ, алма, сарымсақ пен пияз, анар және кек шай.

Фалымның айтуынша, жеміс-жиідек құрамында қант аз, бірақ жасуша көп болады, сол себепті жиідектер ең пайдалы өнім саналады. Ал атбұршақ тоқішек қатерлі ісігі мен сусамырдан қорғап, дene салмағын реттей алады. Линолен қышқылына бай сиыр сүті, сондай-ақ орамжапырақ, сарымсақ пен пияз да, анар мен кек шай да обыр ауруынан сақтайды. Майлы балық қан айналысы мен ми жұмысын реттейді.

Мал еті В12 дәрумені мен ақуызға бай. Алма – тіс, өкпе, қан қысымы ауруларына ем.

«Алаш айнасы» газетінен



4. Мәтіндегі тізімге қазақ халқының қандай үлттық тағамдарын қосар едің?



Мақал-мәтел

Мақал-мәтел – халқымыздың асыл қазынасы.

Мақалда ой тұжырымдалып, түйінді пікір түрінде айтылады. Мысалы: *Кулме досқа, келер басқа. Ашу – дүшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос. Жігітті жолдасына қарап таны. Жақсыдан үрен, жаманнан жирен.*

Мәтелде ой-пікір мақалдағыдай ашық түрде емес, жанамалап (ишира) айтылады. Мысалы: *Айдағаның – бес ешкі, ысқырығың жер жарады. Баяғы жартас – бір жартас. Сөзінді біреу сөйлесе, аузың қышып бара ма? Таз ашуын тырнаудан алады.*



5. Мақал мен мәтелді ажыратып, өз сөзімен түсіндір.

- Ас атасы – нан.
- Ас – адамның арқауы.
- Тату үйдің тамагы төтті.
- Ас иесімен төтті.
- Аштықта жеген қүйқаңды тоқтықта ұмытпа.
- Пышагы бар сүйгенін жер, пышагы жоқ тигенін жер.
- Қазаныңа не салсан, шөмішіңе сол ілінер.



6. Мақал-мәтел мен фразеологизмді ажырат.

Мысал	Мақал-мәтел	Фразеология
Тәні саудың жаны сау.		
Ауру – астан, дау – қарындастан.		
Ескі жараның аузын ашты.		
Дертін қашырды.		
Жаздың жемісі – қыстың қазынасы.		
Жаны кірді.		
Жілік майы таусылды.		



Ас ішудегі әдептілік

Дастарқан басына адамдар жасына қарай отырады.

Дастарқанға алдымен нан қойылады.

Нанды төңкеріп қоюға болмайды.

Нанды бір қолмен үзуге болмайды.

Дастарқанның үстінен аттауға болмайды.

Жерге төгілген сұтті, айранды басуға болмайды.



- 7.** Қазір балалар фастфуд тағамдарына құмар. Бірақ диетолог дәрігерлер фастфудтың зиянды жағын жиі айтады. Кестедегі мәліметті пайдаланып, «Аззага пайдалы тағамдарды тұтыныш жүрміз бе?» деген тақырыпқа дискуссивті ессе жаз.

Дәрүмендер	Қай тағамдарда кездеседі?
A	Бауырда, сүтте, балықтың уылдырығында, жұмыртқада, қызыл сары жемістерде;
B	Күріште, ашытқыда, бидайда, картопта, бауырда, сүтте, етте, жұмыртқада, салаттарда;
C	Көгөністерде, жемістерде, сүтте, бүйректе;
D	Балық майында, бауырда, бүйректе, жұмыртқа сарысында, сүтте, сары майда;
E	Көгөністерде, астық дәндерінде, сүтте, осімдік майында, жұмыртқада кездеседі.



- 8.** «Пайдалы салат» рецебін жаз. Макал-мәтелдерді қолдан.



- 9.** Өзіңнің бір күнгі тамақ рационынды жазып, пайдасыз тағамдарды табиғи тағамдармен алмастыру туралы ұсыныс өзірле.

§20. Дәрілік өсімдіктердің денсаулыққа пайдаласы




Тұған жердің түйе жейтін жапырагы да дәрі,
Түйе аунайтын топырагы да дәрі.

Даруы күшті дәрінің дәмі кермек.

Халық даналығы



1. Өлеңді тыңдал, мақал-мөтел мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, «Дәрілік шепті қалай таңдаймыз?» тақырыбында жұбың-мен диалог құр.



2. Тыңдалым мөтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Дәрілік шөп кез келген жерде есे ме?
2. Көлік көп жүретін жолдың жағасындағы шөптерді пайдалануга бола ма?
3. Өзің тұратын өңірде қандай дәрілік шөптер өседі?

3. Дәрілік шөпті емге пайдалану үшін гүлдейтін мезгілін білу маңызы да?



3. Мәтіндерді мұқият оқып, салыстыра талда.

«Ыргызбай емші» мәтіні	Дәрі-дәрмек нұсқаулығы
Тақырыбы	
Күрылымы мен ресімделуі	
Мақсатты аудиториясы	
Тілдік ерекшелігі	

Ыргызбай емші

Ыргызбай Досқанұлы бала жасынан емдік шөптерге үйір болса керек. Емші шипалы тамыр-шөптерді жаз, күз айла-рында, әбден толысып-жетілген шағында жинайды екен. Өрине, әрбір шөпті терудің тәсілі, оны сақтау ережесі бар той. Бір шөпті таңғы шық кеппей тұрып жинау қажет болса, екіншісін тек қана кешкілік терген дұрыс. Шіліңгір аптапта тамырынан ажырату оның емдік қуатын әлсіретеді.

Ыргызбай емші өсімдіктердің шипалы тамырларын жаңбырдан кейін, қараңғы түсे жинаған да, күн сөүлесі түспейтін көлеңкеде, самал есетін орында кептіріп, дайындаған. Ыргызбай емшінің айтуды бойынша, кейбір шөптер мен тамырлар аралас кептіріліп, сақталса, күш-қуатын жогалтады екен. Сол себепті үш қанат күркеге сөрелер қойып, қапшықтар мен қалталарды керегеге іліп қойған. Дәрі-дәрмектің мөлшерін анықтайтын нәзік таразысы да болған.

Атақты Ыргызбай емші шипалы өсімдіктердің гүлінен, жапырагынан, тамырынан жасаған дәрі-дәрмектің қандай ауруға ем болатынын табиғи түйсікпен біліп, дамытқан. Емшінің үйінен қысы-жазы кенекүнжүт, түймешетен, адыраспан, долана, кеккекіре, суқалампыш, қарандыз, киікот, шайқурай, тікенжиде, тәуіпдәрі, томардәрі, қасқыртамыр, мыңжапырак, жаушумілдік тәрізді өсімдіктер үзілмеген.

«Егемен Қазақстан» газетінен

ТҮЙМЕДАҚ

Дәрілік түрі: фито-шай 1 г.

Құрамы: бір сүзгі-пакеттің ішінде.

Сипаттамасы: дәрілік түймедак гүлдерінің сары-жасыл түсті ірі үнтағы.

Фармакологиялық қасиеттері: терпинен, лимонен, цинеол, цимен, эфир майы, никотин, аскорбин, каприл, антемис, изовалерьян, кумарин, холин, фитостерин, каротин.

Өсепі: қабынуға қарсы, антисептикалық, от болінуінен болған түйілуді басады.

Қолданылуы: ішек түйілулерінде, метеоризмде, диареяда, гастритте, он екі елі ішектің жөне асқазанның ойық жарапарында. Қолдану төсілі және дозалары:

Ересектерге 1–2 сүзгі-пакетке 150–200 мл қайнап тұрган суды құяды, 10–15 минут тұндырады. Жылы күйінде 2–3 ас қасықтан күніне 2–3 рет тамақтан кейін қабылдайды.

Балаларға 3 жасқа дейін 1 шай қасықтан, 3-тен 6 жасқа дейін 1 ас қасықтан, 7–12 жасқа 1–2 ас қасықтан күніне 2–3 рет жылы күйінде тамақтан кейін.

Артық дозалануы: анықталмаган.



4. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Адамдардың ерте кезден өсімдіктерді емге пайдалануы неңі білдіреді?
2. Мәтінде аталған өсімдіктердің қайсысы саган таныс? Өзің тұратын өңірде өсетін тағы қандай өсімдіктерді білесің?
3. Фито-шайдың нұсқаулығы қай стильде жазылған?



5. Оқылым мәтінімен байланыстыра отырып, халықтық медицинаға (балама медицина) өз көзқарасынды білдіріп, дискуссивті әссе жаз.



6. Төмендегі мақал-мәтелді толықтыр.

- Шынықсан, ...
- Даны көптен шығады, дәрі ...
- Ауырып ем іздегенше, ...
- Ауру батпандап кіреді, ...
- Ішің ауырса, ...
- Кезің ауырса, ...



- 7.** Фразеологизм мен мақал-мөтелді ажыратып, олардың магынасын түсіндір.

Даяр асқа тік қасық. Су ішкен құдығына түкірме. Қанағат қарын тойғызар. Қонақтың алдына ас қой, екі қолын бос қой. Сұрап алған аурудың емі жоқ. Таңғы асты тастама, кешкі асқа қарама.



- 8.** Анықтамалықтар мен сөздіктерден ізденіп, бір дәрілік өсімдіктің атауын, оның орыс, ағылшын тілдеріндегі баламасын, қандай ауруларға ем екенін жаз.



«Дәрі» сөзі парсы тіліндегі «дару», яғни «емдеу құралы» мәнін беретін сөзінен шыққан. Оған тіліміздегі «ем дарыды» сөзі – дәлел.

«Ем-дом» қос сөзінің бірінші сыңары бәрімізге түсінікті. «Ем» сөзі тілімізде жеке қолданыла береді. Ал екінші сыңарын біз тек осы қос сөздің құрамындаға наға кездестіреміз. Біршама түркі тілдерінде «том» сөзі «дәрі» деген магынаны береді. Бұларды былай қойғанда, манжур тобындағы тілдердің бірінде «доо» тұлғасында «дәрі» үгымын білдіреді. Чуваш, тува тілдерінде «им», «эм» сөздерінің өзі біздегі «дәрі» дегенді білдіреді екен. Бізге парсылардан «дәрі» сөзі ауысып, «ем» сөзін ығыстырып, оның сәл өзгеше магына алуына себепші болған.

Жәмила Отарбекова



- 9.** Жағдаятты шеш.

Сен ауылда тұрасың, жақсы көретін итің бар. Бірде итің қатты ауырып, тамақ жемей жатып алды. Сенің әрекетің.



- 10.** Мақал-мөтелді қатыстырып, «Қазақстандағы дәрілік шөптерден жасалған дәрілер және олардың пайдасы» тақырыбында фармацевт галыммен сұхбат жаз.

§21. Дәрумендер – денсаулық кепілі



Жақсы дәрі – тілге аңы болғанмен, дертке шипа.

Жан ауырса, төн азады,
Қайғы басса, жан азады.

Нақыл сөздер



1. Қастек Баянбайдың «Дәрумендер дауасы» өлеңін тыңдарап, ондагы деректер мен автор көзқарасын анықта.



2. Дәрумениң қандай түрлерін пайдаланып жүрсің? Бір-біріне сұрақ қою арқылы анықтаап, сұхбат құрындар.



3. Графиктік мәтінді интерпретациялап, тұтас мәтін түрінде оқы. Сызбаны өзің білетін ақпаратпен толықтыр.

Д, К және В3 дәрумендерін біздің ағзамыз өз бетінше бөліп шығарады, ал қалғандары ағзага тағам арқылы енеді.

Дәрумендердің атқаратын қызметі мен пайдасы

A дәрумені	→	Кез бен бауырды қорғайды, жараның тез жазылуына ықпал етеді
B дәрумені	→	Зат алмасуына өсер етеді, жүйке жүйесінің қызметін реттейді
C дәрумені	→	Ағзаның жүқпалы ауруларға қарсылығын күштейді
D дәрумені	→	Сүйекті қатайтады
E дәрумені	→	Қартаюды тежейді



4. Ағзада дәрумен жетіспеушілігін болдырмау үшін не істейу керек?



Қанатты сөздер

Қанатты сөздер – айтайын деген ойды қысқа әрі бейнелі, керкем түрдө білдіретін, езіндік өуен, ыргагы бар, ел аузында жатқа айтылып кеткен ұтымды сөздер тізбегі. Мысалы:

Әсемпаз болма әрнеге,

Әнерпаз болсаң арқалан (Абай).

Кел, балалар, оқылық (Ыбырай Алтынсарин).

Тіл – көңілдің тілмашы (Сабит Дөнентаев).

Берекені қектеп тілеме, еткен өңбектеп тіле (М.Әуезов).

Қанатты сөздер ақыл-есиет, тәлім-тәрбие, өнеге беру мақсатында айтылады. Қанатты сөздердің басқа нақыл сөздерден ерекшелігі:

1) авторы белгілі болады;

2) ел арасында кең тарап, еркін қолданыла береді;

3) халық жадында сақталып, жаттанды сез болып қалады;

4) көбінесе әйгілі адамдардың сөздері қанатты сезге айналады.

Кейір қанатты сөздердің авторы ұмытылып, халық сезі болып та айтыла беруі мүмкін. Мысалы: Тасын ала берсөң, тау да таусылады.



5. Томендегі сөздерді екі топқа боліп жаз.

Авторы белгілі қанатты сөздер	Халық сезі

- Еңбек етпесең, елге өкпелеме,
Егін екпесең, жерге өкпелеме.
- Жасымдағының бар ескермедім.
- Ойнап сойлесең де, ойлап сөйле.
- Үстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балага.
- Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.
- Мен жастарға сенемін.
- Қазақтың болінбейтін еншісі – қонақасы.
- Еттің соры – құырдақ, ұнның соры – бауырсақ.
- Асын ішіп, аяғын теппе.
- Ауру батпандап кіреді, мыскалдан шығады.



6. Кесте бойынша иүсқаулық құрастырып, жаз.

Көгеністердің пайдасы			
Көгеністер	Дәрумендері	Құрамы	Пайдасы
	C, B, P	Крахмал, минералды заттар	Асқазан мен бүйрекке, қан айналысына пайдалы
	C, B, P	Қант, минералды заттар	Қанды көбейтеді
	A, C, B, P	Глюкоза, органикалық қышқылдар	Көздің көруін жақсартады, адамның бойын есіреді
	C, B, P	Органикалық қышқылдар	Тұмаудан қорғайды
	C, B, P	Қант, минералды заттар	Қанды көбейтеді, адамға күш береді



7. Тобыңмен не жұбыңмен екі тапсырманың бірін орында.

1. Қосымша әдебиеттерден ізденіп, денсаулықты күту, аурудың алдын алу туралы қанатты сөздер жаз.
2. Отбасы мүшелерінің не сыныптастарының қай дәруменді (табиги, препарат) қолданатыны туралы сауалнама жүргіз. Сауалнама нәтижесінің қорытындысын жаз.



Дәрумендер – адам мен жануарлардың ағзасындағы зат алмасудың бірқалыпты болуы үшін аз мөлшерде өте қажетті биологиялық активті органикалық қоспалар. Витамин (лат. *vita* – «тіршілік») туралы ілімнің негізін 1880 жылы орыс дәрігері Николай Лунин салды. 1912 жылы поляк дәрігері Казимеж Функ сол кезге дейін жасалған тәжірибелер нәтижесін қорытындылап, ғылымға «витамин» терминін енгізді.



8. Дәрумендер туралы олең не ойттолғау жаз.

§22. Ағзаның дабылсы



Сырқаттан айырудың ең негізгі шартының бірі – құлшыныстың болуы. Егер сіздің жазылуға деген құлшынысыңыз болмаса, жалғыз дәрігердің күш-жігері нәтиже беруі екіталай.

Сенека



- Шемішбай Сариеvtің өлеңін тыңда. Мақал-мәтел мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, «Бақыт деген – денсаулық» тақырыбында жұбынмен сұхбаттас.





2. Ақынның «Денсаулығың барында өмір сүру – қуаныш» деген пікірімен келісесің бе? Жұбына әңгімеле.



3. Кестедегі мәліметті интерпретациялаң, аралас мәтінді тұтас мәтін түрінде оқы. Тілдік құралдары арқылы стилін анықта.

Ағзамызда түрлі процестер тоқтаусыз жүріп жатыр. Қандай да бір «ақау» бола қалса, оны дереу ретке келтіру үшін ағзамыз бізге хабар беріп, көмек сұрайды. Атап айтсақ:

Терінің құргақтығы	Е дәруменіңің же тіспеушілігінен	Күнделікті ас мәзіріне жаңғақ, балық майы мен өсімдік майын қос.
Шаш пен тырнақтың сынығыштығы	В дәрумені мен кальцийдің аздығынан	Дәнді дақылдар мен ботқалардың құрамында молынан кездеседі
Қызылиектің қанауы	С дәруменіңің же тіспеушілігінен	Пияз берін сарымсақтың, жеміс-жидектердің құрамында көп кездеседі
Үйқысыздық	Магний мен калийдің аздығы салдарынан	Бұл микроэлементтер сарыөрік, абрикос, қараөрік пен қызылшының құрамында жеткілікті
Аяқ-қолдың тартылуы	Калий мен магнийдің аздығынан	Жогарыда айтқан өнімдерді көбірек тұтын
Шынтақ терісінің тілімденуі	А және С дәрумендерінің жеткіліксіздігінен	Қызыл сары тұстес көгеністер мен жемістердің (сәбіз, асқабақ, қызанақ, сарыөрік т.б.) құрамында бар



4. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ағзанда сырқаттың басталып келе жатқанын сезесің бе?
2. Дәрумен жетіспегендеге қандай шара қолданасың?



5. Улғіні негізге алыш, оқылым мәтінінен бірнеше кеңес жаз. Түпнұсқа мәтін мен өзің құрастырган сейлемдерді салыстыр.

Ұлғі:

Егер теріңіздің құргақтығын байқасаңыз, бұл азгада Е дәруменіңің жетіспеушілігін білдіреді. Сізге күнделікті ас мәзіріне жаңғақ, балық майы мен өсімдік майын қосу қажет.



- 6.** Қанатты сөздердің авторын тауып, мағынасын түсіндір.

Қазақты қазақтан басқа ешкім жарылқамайды.

Тауларды аласартпай, даланы биіктетейік!

Нагыз қазақ – қазақ емес, нагыз қазақ – домбыра.

Түркістан – екі дүние есіргі ғой.

Ел боламын десен, бесігінді түзе.

Караңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.



- 7.** Мәтінді оқып, осы мәселе туралы ойынды дискуссияттың эссе түрінде жаз.

Екпелер (вакцинация) – жүқпалы аурулардың алдын алудың бірден-бір жолы. Дегенмен қазіргі кезде осы екпелер төңірегінде талас көп-ақ. Олай болса, вакцинация жайлы не білеміз?

Бұл емшара кезінде ағзага аздаған мөлшерде вакцина енгізіледі. Ол ағзага зиян келтіретін белгілі бір инфекцияларға қарсы антиденин тудыруы тиіс. Осының арқасында ағзада аталмыш ауруға төтеп бере алатын иммунитет қалыптасады.

Әрбір вакцинаның қатаң тәртібі, қолданылу уақыты, қолдануға болмайтын жағдайлары және енгізу жолдары бар.



- 8.** Жағдаяттық тапсырманы жұбынмен бірге орында.

Сен шашыңың түсуін байқадың. Алғашқы әрекетің қандай болады?



- 9.** «Деніміз сау болу үшін не қажет екенін білеміз бе?» тақырыбында сыйыптастарыңынан сұхбат алыш, қорытындысын «Ментальды картага» түсір.

§23. Денсаулыққа зиянды әдептер



Жасырганның жарасы асқынады.

Кесел батпандап кіріп,
Мысқалдаш шығады.

Мақал-мәтеп



- Ертай Ашықбаевтың «Дене шынықтыру» өлеңін тыңдал, ондағы автор көзқарасын анықта.



- Дененде қалай шынықтырасың? Өз тәжірибелі ортага салып, жұбыңмен сұхбат қүр.



- Мәтінді оқы. Денсаулыққа зиянды әдептерді кластерге түсіріп, әрқайсысының зияны туралы әңгімелеп.

Лұқпан хакімнен «Өмірде байлық қымбат па, даңқ қымбат па?» деп сұраған екен. Сонда ол: «Байлық та, даңқ та адам баласын бақытты ете алмайды. Біле білсендер, ауру ханнан

дені сау қайыршы бақытты. Ал бақыт дегеніміз не? Бақыт – әр адамның өз күш-жігерін халқына, үрпақ тәрбиесіне жұмсауы, ақылды, парасатты және денсаулығы зор болуы», – деген екен.

Халқымыз қашаннан-ақ денсаулықты алдыңғы орынга шығарып, «бірінші байлық» деп есептеген. «Дені саудың жаны сау» дейді халық даналығы.

Біздің әрқайсымызда зиянды әдеттер бар. Кейде оларды байқамаймыз. Біреулер тырнағын тістелегенді, ал біреулер шашын саусағына орағанды жақсы көреді. Бірақ темекі шегу, есірткіге, ішімдікке үйір болу, ойынқұмарлық, бейпілауыздық сияқты әдеттер анағұрлым қауіпті әрі зиянды. Зиянды әдеттердің адамның өзіне ғана емес, жақын адамда-рына тигізер зардабы көп.



4. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Лұқпан хакімнің пікірімен келісесің бе?
2. Денсаулыққа зиянды тағы қандай әдеттерді білесін?
3. Адам денсаулығын қай жастан бастап күткені жөн: қартайғанда ма, әлде бала кезінен бе?



5. Мақал-мәтелді қатыстырып, дұрыс тамақтанбаудың зияны туралы сұхбат жаз.

- Өуелгі байлық – денсаулық.
- Тазалық – саулық негізі,
Саулық – байлық негізі.
- Денің сау болса,
Жарлымын деме.
Жолдасың көп болса,
Жалғызбын деме.
- Ас тұрган жерде ауру тұrmайды.
- Ас ішіп ауырганша, аш болып сау жүр.



6. Жағдаятты шешіп көр.

Сен досыңың темекіге өуестеніп жүргенін байқап қалдың. Сенің әрекетің. Мақал-мәтел, тұрақты тіркес немесе нақыл сөздерді қолданып, өз ойынды білдір.



7. Денсаулыққа зиянды әдеттерді тізіп, денсаулықты сақтау жолдары туралы нұсқаулық жаз.

Үлгі:

- Уақытында тамақтанбау;
- Үнемі компьютердің алдында отыру...



8. Үнемі тазалық сақтау, денені шынықтыру, дәрігерге уақытында қаралу, зиянды әдеттерден аулақ болу адамның көңіл күйіне қалай өсер етеді? Суреттерге қараپ, «Жақсы әдет денсаулықтың кепілі бола ала ма?» тақырыбында дискуссивті эссе жаз.



9. «Денсаулыққа зиянды әдеттерден сақтану жолдары қандай?» деген сұраққа «ПСМТ формуласы» бойынша дәлелдер жаз.

1-сойлем: «Менің ойымша, ...».

2-сойлем: «Мен оны былай түсінемін...».

3-сойлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...».

Соңғы сейлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».

IV

БӨЛІМ

СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ДОСТЫҚ

ЕТІСТІКТІҢ ТҮРЛЕРІ: ЕСІМШЕ, КӨСЕМШЕ, ТҰЙЫҚ ЕТІСТИК

§24. Қой сүйеді баласын қоңырым деп...

§25. Менің пірім

§26. Отанды сүйемін

§27. Сүйемін тұған тілді – анам тілін

§28. Достық деген немене?

§29. Достықтың түрлері

§30. Достық елкесінің заны

§31. Ұлы адамдардың достығы

§24. Қой сүйеді баласын қоңырым деп...



Жақсының сөзі де жақсы, өзі де жақсы.

Жақсы сөзге жан семіреді.

Мақал-мәтеп



1. «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді тындалап, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжа.



2. Тындалым мөтіні бойынша сұраптарға жауап бер.

1. Үзіндіде ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынас қалай көрініс тапқан?
2. Абайды сагынған Үлжанның баласын алдымен өкесіне жіберуі нені аңғартады?
3. Қалай ойлайсындар, өкесі баласын неге сүймеді, құшагына қыспады?
4. «Ес білгеннен бері қарай өкесінің қабагын жұтаң қыста күн райын бақсан көрі бақташыдай бағып, танып өскен» деген жолдардан не үқтың?



3. Мәтінді рөльге боліп оқып, комментарий жаса.

Комментарийлер

Мәтіннің бас кейіпкері –

Мәтіндегі негізгі ой:

Мәтіннің стилі, жанры, тілдік ерекшеліктері:

Қоңыр қозым

...Әлі тосып, бар қозғалысын алыстан қарап, әңгіме етіп түрған шешелерге қарай бұрылғанда, Абай қайтадан өзінің жасына лайық қуанышты бала қалпына келе қалды. Бала енді асығып, өз шешесіне қарай жақындей беріп еді, Қалиқа деген бір жеңгесі:

– Телғара! Айналайын, Телғара! Соқталдай азамат боп кетіпсің-ау! – деп, мойнынан құшақтай алышп, бетінен сүйді... Содан кейін үлкен қатындар және осы топтагы агалардың да бір-екеуі сүйіп жатыр. Абайды шын балага айналдырып жіберген осы сүйістер еді...

Барлық үлкеннің құшагына амалсыз кезек-кезек кіріп болып, енді сытылып, шешесіне қарай баса берді. Абайдың өз шешесі Үлжан мен екінші шешесі, сұлу жұзді Айғызы қатар түр екен. Бала топтан шыға бергенде, Айғызы күліп:

– Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау! – деп пандана күлді де, Абайды көзінен сүйді.

Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, мандайынан иіскеді... Бауырына басқаның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырган аса бір өзгеше жақындық білінді. Ана құшагы!.. Үлжан көп ұстаган жоқ.

– Өжеңе бар, әнеки! – деп үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Көрі әжесі – Зере бейбіше таяғына сүйеніп, үрсып түр екен.

– Жаман неме, маган бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшагына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде:

– Қарашиғым, қоңыр қозым... Абайжаным... – деп кем-сендеп, жылауга айналып кетті.

М.Әuezовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан



- 4.** Оқылым мәтіні бойынша жұбыңмен ақылдастып, сұрақтарға жауап бер.

1. Үзінді неге «Қоңыр қозым» деп аталған?
2. Шешелерінің, әжесінің балаға деген сүйіспеншілігі қалай көрініс тапқан?
3. Тыңдалым мәтінімен салыстырып, әке мен бала, ана мен бала, әже мен немере арасындағы қарым-қатынастың айырмасын талда.
4. «Телғара», «жаман неме», «көшелі кісі» сездеріне түсінік бер.



Етістіктің ерекше түрлері. Есімше

Есімше, кесемше, түйік етістік тұлғалары «етістіктің ерекше түрлері» деп аталады. Себебі олар басқа етістік тұлғалары секілді емес, екі жақты қызмет атқарып, екі түрлі мәнде жүмсалады.

Есімше – бірде есім сездердің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің түрі. Есімше есімдерше түрленіп (септепіл, тәуелденіп, кептепіл), есім сездердің қызметін атқарады. Мысалы: *Білгенге (кімге?) маржан, Білмеске (кімге?) арзан (Абай)*.

Есімше жәктеліп етістік қызметін атқарады әрі шақтық мағына береді. Жұрнақтары:

1. -ған, -ген, -қан, -кен (бұрынғы еткен шақ). Мысалы: оқыған, білген, айтқан, түскен.
2. -ар, -ер, -р, -с (болжалды келер шақ). Мысалы: айтар, көрер, көмектесер, сатпас, білмес.
3. -атын, -етін, -итын, -йтін (ауыспалы еткен шақ). Мысалы: баратын, келетін, тыңдайтын, сөйлейтін.
4. -мақ, -мек, -бак, -бек, -пак, -пек (мақсатты келер шақ). Мысалы: болмақ, білмек, жазбақ, сезбек, қашпақ, шешпек.



- 5.** Екі бағандагы сөйлемдерді салыстыр. Қою қаріппен берілген сездердің қызметін түсіндір.

- | | |
|-------------------------|-------------------------------|
| 1. Ағам кеше келген. | 1. Келген кісі торге шықты. |
| 2. Ол жағдайын айттар. | 2. Мениң айттар сезім жоқ. |
| 3. Балалар мұны көрмес. | 3. Көрмес – түйені де көрмес. |



- 6.** Есімше тұлғалы етістіктерді тауып, магынасы мен қызметін анықта.

Улгі:

Талапты ерге нұр жау+ар. Етістік қызметін атқарып, шақтық магына (болжалды келер шақ) береді.

Талапты ерге нұр жауар.

Саналы адам

Сағынды сындырмас.

Аяғы жаман төрді былгар,
Аузы жаман елді былгар.

Санаңыз адам

Жағынды тындырмас.

Отты үрлекен жағады,
Шындықты іздеген табады.

Кісі болар баланың

Кісіменен ісі бар.

Білгенің бір тогыз,
Білмегенің тоқсан тогыз.

Кісі болмас баланың

Кісіменен несі бар.

Көп жасаған білмейді,
Көпті көрген біледі.

Сүңгінің жарасы бітер,

Тіл жарасы бітпес.



Өр халықта үлкендердің жасы кішілерді, ата-ананың баласын жақсы көріп, еркелетуінде ерекшелік бар. Мәселен, қазакта мынадай сөздер көп қолданылады: *айналайын*, *әкешім*, *кекешім*, *күнім*, *айым*, *жаным*, *бөпешім*, *сәулем*, *қарғам*, *қозым*, *қошақаным*, *ботам*, *құлышым*, *қарагым*, *шырагым*, *жаным* және т.б.

Әбдуәлі Қайдар



- 7.** «Артық болмас білгенің айдары» бойынша «Қазақ халқының баланы еркелетуі басқа халықтан ерекше» деген пікірге келісетін/келіспейтініңде дәлелдеп, дискуссивті эссе жаз.



- 8.** «Айналайын» сезінің шығу тарихын зертте.



- 9.** Төрт тұліктің баласын суюі туралы өлеңді тауып, жаттап ал.

§25. Менің пірім



Бірде әмір мен галымдар әл-Фарабиден:

– Кім көп біледі, сіз бе әлде Аристотель ме? – деп сұрапты.

– Егер Аристотель тірі болып, оған кездессем, мен оның шекірті болуга ғана жарап едім, – депті.

«Ел аузынан» кітабынан



1. Мәтінді тыңда. Өке мен бала арасындағы қарым-қатынас туралы ойынды жұбынмен талқыла.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға дәлелді жауап бер. Өз жауабынды жұбынның жауабымен салыстыр.

1. Үзіндіден А.Әшімовті қандай адам ретінде таныдын? Ол әке ретінде қандай адам, режиссер ретінде қандай адам?
2. Өкеге деген сүйіспеншілік сұхбат берушінің қай сөздерінен көрінеді?



3. Мәтінді оқып, комментарий жаса.

Комментарийлер

Естелік мәтіннің авторы туралы билетінім:

Мәтін кейіпкерінің бейнесі қалай ашылған?..

Мәтінде аты аталған адамдар туралы билетінім:

Мәтіннің стилі, жанры, тілдік ерекшеліктері:

Менің пірім – Сәбира

Жаны жайсаң, ер мінезді актриса Сәбира Майқановамен өнерде ғана емес, әмірде де арамыз ажырамады. Құдай қосқан көрші болдық. Мәди мен Сагиға тұган анасындаі қамқор болды. Қос қозым да ол кісіні Құдайдай сыйлайтын, алдын кесіп етпейтін.

Сәкенде арнайы актерлік білім жоқ еді. Құрбылары Бикен, Шолпан, Хадишалар оны «самородок – сары алтын» деп атайтын. Ол, шынында да, сахнаның сары алтыны болатын. Қандай бір бейнені қолға алмасын, әбден иін қандырып, шыншыл ойнайтын, өзі сол бейнеге айналып кететін.

Басқасын айтпаганның өзінде, «Ана – Жер·Анадагы» Толғанайы қандай еді десеңші! Осынау алыш Ана бейнесін сомдау үшін де сондай жүрегі алыш актриса керек еді.

Сахнада, қаптаған жебедей қадалған сынни көздер мен ауыр тыныстаған көрермен алдында, З сағаттан астам уақыт бойына толғанып, тебіреніп, арпалыс күйін кешу үшін адамға қашшалықты жігер, күш керек екенін бағамдай беріңіз. Бұл образ Майқанованаң ешкімге үқсамайтын, өлмейтін мәңгілік мәнері арқылы қазақ сахнасының алтын қорына енді.

Кейде журналистер: «Үстазыңыз кім?» – деп сұрап жатады. Өлшеусіз өнері, тегеурін талантты өз алдына, менің адам ретіндегі пірім Сәбира апай Майқанова еді. Оның өнерпаздық болмыс-бітімі, кең тынысы қазақтың ұлына да, қызына да әлі дари қойған жоқ.

Асанәлі Әшімовтің «Жан болек» кітабынан



- «Пір тұту» дегенді қалай түсінесің? Қандай адамды пір тұтуға болады деп ойлайсың? Ата-анаң кімді пір тұтады?



Есімшенің есімдерше түрленуі

Есімшелерге кептік, төуелдік, септік, жіктік жалғаулары жалғанады. Есімшенің -ған, -ғен, -қан, -кен, -атын, -етін, -итын, -йтін түріне кептік жалғау жалғанады. Мысалы: оқығандар, келгендер, баратындар, келетіндер. Ал -р (-ар, -ер), -с жүрнағы арқылы жасалатын есімшеге кептік жалғауы жалғанбайды.

Есімшенің төуелденуі

	оқыған	айтар	келетін	айтпақ
I.	оқығаным	айтарым	келетінім	айтпағым
II.	оқығаның оқығаныңыз	айтарың айтарыңыз	келетінің келетініңіз	айтпағың айтпағыңыз
III.	оқығаны	айтары	келетіні	айтпағы
I.	оқығанымыз	айтарымыз	келетініміз	айтпағымыз
II.	оқығандарың оқығандарыңыз	айтарың айтарыңыз	келетіндерің келетіндеріңіз	айтпағың айтпағыңыз
III.	оқығандары	айтары	келетіндері	айтпағы

Есімшениң септепуі

Атау	окыған	журер	келетін	алмақ
Ілік	окығанның	журердің	келетіннің	алмақтың
Барыс	окығанға	журерге	келетінге	алмаққа
Табыс	окығанды	журерді	келетінді	алмақты
Жатыс	окығанда	журерде	келетінде	алмақта
Шығыс	окығаннан	журерден	келетіннен	алмақтан
Көмектес	окығанмен	журер-	келетінмен	алмақ-

Есімшепер есім сездер секілді түрленеді, есім сездердің (зат есім, сын есім, сан есім) орнына жүріп, бастауыш, толықтауыш, анықтауыш қызметтерін атқарады. Мысалы, *Білмегеніңді* (нені?) кісіден сұра. *Ерінбекен* (кім?) етікші болар. *Ақыл – тозбайтын* (қандай?) тон, *білім – таусылмайтын* (қандай?) кен (мақалдар).

5. Оқылым мәтінінен есімше тұлғасындағы етістіктерді тіркескен сездерімен бірге көшіріп жазып, қай сөз табының орнына жүріп, қай қызметті атқарып тұрганын анықта.

Ұлғі:

Қаптаған, жебедей қадалған (қандай?) сынни көздер. Сын есім орнына жүріп, анықтауыш қызметтін атқарып тұр.

6. «Баланды аясаң – аяма!» деген сөзben келісесің бе? Осы тақырыпта дискуссивті эссе жаз.

7. Тапсырмаларды орында.

1. *Көрген, білетін, бермес, табар, жазбақ* есімшелерін қастыстырып, сөйлем құра.
2. *Айт* етістігін барлық есімше тұлғаларында (*айтқан, айттар, айтатын, айтпақ*) септе.

8. Ақын Жамбыл Жабаев «Менің пірім – Сүйінбай» деп жырлаган. Осының себебін іздестіріп көр.

9. «Менің пірім» тақырыбында ойтолғау жаз.

§26. Отанды сүйемін



Отанды сую отбасынан басталады.

Әрбір адам баласы өз үлттын суюге тиіс: өз үлттына деген терең сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі арқылы басқа үлттарды терең тану, құрметтеу мен сую биігіне көтеріледі.

Бауыржан Момышұлы



1. Өлеңді тында. Өлеңнен деректер келтіре отырып, ақынның Отанға деген көзқарасын өз ойыцмен салыстыр.



2. Өлеңнен накты мысалар келтіре отырып, сұрақтарға жауап бер. Өз жауабынды өзгелердің жауабымен салыстырып, талқыла.
1. «Отанның жапырагы, самалы, семсері бол», – деу арқылы ақын не айтпақшы?
 2. «Отанды мен атамдай иемденем» деуі нені білдіреді?



Публицистикалық стиль	Көркем әдебиет стилі
Тілдік ерекшелігі: қоғамдық-саяси, эмоциялық бага беруші, бүйіркүйкілдік, тұлғасындағы сездер, перифразалар, қаратпа сездер, риторикалық сұрақтар қолданылады.	Әр жазушының өзіндік стилі болады. Шығарма авторлық баяндаудан гана емес, кейінкір тілінен де тұрады. Сондықтан да көркем шығармада эмоционалды-экспрессивті сездермен қатар көсіби, жергілікті сездер, жаргон сездер де үшірасады.



3. Мәтінді оқы. Тыңдалым мәтінімен салыстыра талда.

Тыңдалым мәтіні	Оқылым мәтіні
Тақырыбы	
Стилі	
Мақсатты аудиториясы	
Тілдік ерекшелігі	

Мен қазақпын, халқын жанындаң сүйеттің перзентінің бірімін. Сондықтан да елімнің тілі, рухы, ары, тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі, байтақ жері үшін куресуім керек. Осы тұрғыдан алғанда, «бүгінге дейін не бітірдім» деп ойланатының сезсіз.

Жақсы болсын, жаман болсын, адамның ең жылы, ыстық үясы – өзінің үйі. Үйді ойлайтын кісі Отанды да жадынан шығармайды. «Отанды сую отбасынан басталады» деп текке айтылмаган.

Әрбір адамның басты байлығы – өзінің тұған жері. «Біздің болашағымыз» деп үкілі үмітпен баптап отырган үл-қызыздарымызға: «Отаншыл болындар!» – дер едім. Ол – сенің көзіңің қарашығы, ол – жүрегің, асыл сезім, қастерлі қасиетің. Отанын сүйемеген – опасыз.

Мырзатай Жолдасбековтің «Ел тағдыры – ер тағдыры» кітабынан



4. «Отаншыл болу» дегенді қалай түсінесің? Мәтінді басшылыққа алып, жұбынмен сұхбаттас.



Есімшенің жіктелуі

Есімшелерге жіктік жалғауы тікелей жалғанады, тек үшінші жағындаған жіктік жалғауы түсіріліп қолданылады.

	оқыған	бармас	келетін	айтпас
I.	оқығанмын	бармаспын	келетінмін	айтпаспын
II.	оқығансың	бармассың	келетінсің	айтпассың
	оқығансыз	бармассыз	келетінсіз	айтпассыз
III.	оқыған-	бармас-	келетін-	айтпас-
I.	оқығанбыз	бармаспыз	келетінбіз	айтпаспыз
II.	оқығансындар	бармассындар	келетінсіндер	айтпассындар
	оқығансыздар	бармассыздар	келетінсіздер	айтпассыздар
III.	оқыған-	бармас-	келетін-	айтпас-

Есімше жіктеліп қолданылғанда, сейлемнің баяндауышы болады. Мысалы: Қазақ баласы айтлағанды сен айттарсың (Абай). Елшісі елсіз патшаның бағы жанбас (Жүсіп Баласагұни).



5. Есімше тұлғалы етістіктерді тауып, магынасы мен қызметін анықта.

Ұлғи: Анасын сүйгеннің баласын сүй (мақал). «Сүй» етістігіне есімшениң -ген журнағы, оған ілік септігінің -нің жалғауы жалғанған. Есімдерше түрленіп (септеліп), «кімнің?» сұрагына жауп беріп, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарып түр.

- Дос адам маңайынды жұмақ етер (Ж.Баласагұни).
- Қайрат етер кезінде
Жұк көтерер нардай бол!
Ақыл айтар кезінде
Жұз жасаған шалдай бол! (Б.Момышұлы).
- Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрер.
Атадан жаман ұл туса,
Төрдегі басын есікке сүйрер (мақал).
- Жайсаң жігіт болғаның –
Жолдастыңың арқасы.
Қайсаң жігіт болғаның –
Қолбасының арқасы (мақал).
- Ана баулыған бала епті,
Өке баулыған бала есті (мақал).



6. Отан, халық, тұған жер туралы 5 нақыл сез жазып, магынасын түсіндір.



7. Батырдың патриотизмге берген бағасын негізге алып, «Отанды сүйетінімді қалай дәлелдеймін?» тақырыбында дискуссивті эссе жаз.

Патриотизм – «Отаным, сені сүйемін. Сен үшін құрбан болуга взірмін», – деп құргақ сезді гүмпілдете беру емес. Ол – формализм. Елді, жерді, Отанды сүйетіндігінді сезбен емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шекірт сабагын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруақор, адал, әділ болып өседі. Испен дәлелдеу деген – осы, патриотизм осыдан басталады (Бауыржан Момышұлы).



8. «Отанды сую отбасынан басталады» тақырыбындағы шығарманың жоспарын құр.

§27. Сүйемін туған тілді – анам тілін




Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.

Бауыржан Момышұлы



1. Өлең үзінділерін тыңдал, лирикалық кейіпкердің ойын жалғастыр.



2. Екі өлеңдегі ортақ мәселені анықта.



3. Мәтінді зерттеп (мәтіннің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндең көтерілген мәселені, деректер мен көзқарасты зерделеп) оқы.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Әbdіхалықов жолдасқа!

Ежелден, атам заманнан тіл, тіл мәдениеті – отбасындағы үй тіршілігінен бастап, қогам, халық, ел-жүргізушілік, жалпы мәдениеттің арнаулы қуралы, ғылымның атаулы саласы. Тілі кедей елді мәдениетсіз, надан халық деп санайды.

Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан, тіл байлығы – елдің елдігін, ғылымы мен әдебиетін, мәдениетін танытатын; салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің,

мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді өлшемі.

Қазақ тілінің еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбагасын ешкімге жегізбегендігі мындаған жыл тарихында айқындалған емес пе? Тіл байлалығы, тіл тазалығы – үлт қасиетінің, салт-санасының негізгі белгісі емес пе?

Мен әскери адаммын. Тіл мәселесіне араласатын жөнім жоқ сияқты, бірақ та айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеуге, намысына, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра-дәстүріне байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезе тұра, айтпаганымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын...

Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы

25.02.1944 жыл



4. Оқылым мәтініне комментарий жаса.

Автордың айтпақ ойы	
Автордың мәтінді жазудағы мақсаты	
Мәтін кімге ариалған?	



Кесемше

Кесемше – бірде үстеудің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің ерекше түрі. Кесемше іс-әрекеттің жай-күйін білдіріп, үстеу мәнінде жұмсалып, пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Ол мектепке қарай асыға (қалай?) жүгірді. Сен сезінді анықтал (қалай?) айт. Осыны білгелі (не үшін?) келдік.*

Жіктеліп немесе көмекші етістікпен тіркесіп, қымылды білдіріп, баяндауыш қызметін атқарады. Баяндауыштың құрамында кесемше тұлғалары шақты білдіреді.

Журнақтары:

- а, -е, -й. Мысалы: *Олар айтады, көреді, тыңдайды (ауыспалы осы шақ, ауыспалы келер шақ).*
- ып, -іп, -п. Мысалы: *Жайлауга барыпты, табигатты тамашалапты (бұрынғы еткен шақ).*
- ғалы, -гелі, -қалы, -келі. Мысалы: *Улкендер бізге осыны айтқалы жүр (мақсатты келер шақ).*



5. Сейлемдердегі көсемшө тұлғаларын тауып, қызметін анықта.

Ерлік аспаннан түспейді, ол Отанды сүюден басталады. Ал Отанды сую үй ішінен, отбасынан өседі. Ата-ананы, апа-қарындасты, аға-ініні сыйлап, құрметтеген жан халқының да қадіріне жетеді. Халқын қадірлекен сын сагаттан сурінбей отеді. Елін сүйген ер атанады.

Бауыржан Момышұлы



6. Мақал-мәтелдегі көсемшө тұлғалы етістіктерді тауып, қызметін анықта. Магынасын түсіндір.

- Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады.
- Тіл төуелсіз болмай, ел төуелсіз болмайды.
- Тіл тұған топырағындаған түлейді.
- Үш жүрттың тілін білген өзгеден үш есе биік тұрады.



Қай үлтты, қай халықты алсақ та, өзіне лайық тілі бар. Халық өзінің тілін ең ардақты нәрсе деп санайды, сүйеді. Ана тілін сүймеген адам, қыргыз ақыны Байдылда Сарногаев айтқандай, «халқын сүйіп те жарытпайды». Барлық елдің ойшылдары өз ана тілінің тағдырына немқұрайды қарамаган. Ана тілін қадірлемеген халықтың болашағы жоқ. Себебі ана тілінсіз үлт мәдениеті, үлт әдебиеті жоқ.

Қазақ тілінің байлығы – қазақ халқының, қазақ үлттының байлығы. Ол байлықты бағалай білуіміз керек. Сондаған біздің Қазақстан кез келген жүртпен иық теңестіре алатын іргелі ел бола алады.

Сәрсен Аманжолов



7. Қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны бүрмалауга, шұбарлауга жол бермеудің онтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасынды білдіріп, дискуссивті эссе жаз.



8. Сенің досың орыс сыныбында оқиды. Қазақ тіліне шорқақ. Ойны қазақша дұрыс жеткізе алмайды. Сен досыңда қалай комектесер едің?



9. Ана тілі туралы бір өлеңді жазып, жаттап ал.

§28. Достық деген немене?



Достық – өмір үшін ең қажетті нәрсе, өйткені ешкім ешқашан да барлық басқа игілікке түгел ие бола тұrsa да, досжарансыз өмірді қаламақ емес.

Аристотель



1. Өлеңді тыңдал, өз ойыңмен толықтыр. Жұбыңың ойымен салыстырып, талқыла.
2. Сұрақтарға жауап бер.



1. Сеніңше, достық деген не?
2. Өлеңді қалай жалғастырар едін?



3. Достыққа берілген сипаттаманы оқы. Тақырыбын, стилін, тілдік ерекшеліктерін тыңдалым мәтінімен салыстыра талда.

Достық деген не?

Достық – адамдардың бір-біріне қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық – өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нагыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауга, басқа түскен қайғы мен қынышлықты бірге көтеруге жәрдемдеседі.

Дос-жарапандардың мінездері өртүрлі болып келуі мүмкін. Мысалы, біреуінде қызыбалық не шабандық, екіншісінде түйіктық не жігерсіздік байқалса да, бұлар достыққа кедергі бола алмайды, қайта нагыз достық осындай кемшіліктерден арылуға көмектеседі. Сатқындық, екіжүзділік, етірікшілік, өзімшілдік – бұлар достықпен сыйыспайды.

Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде достыққа үлкен қоғіл болінеді. Халық арасында достық туралы мақал жеткілікті: «Дос жылатып, дүшпан күлдіріп айтады», «Досы жақсының өзі де жақсы», «Қайғының бәрі жалғыз адамның басында».

Достыққа қарама-қарсы үгым – қастық пен күншілдік. Мұндай сезімге ерік алдыргандар басқаның қуаныш-қызығын, ырыс-бағын көре алмайды, достықтың не екенін білмейді. Дұрыс дос таңдай білу – өмірлік мақсаттардың бірі.



4. Мәтіндердегі деректерді қолданып, «дос», «дүшпан», «достық», «қастық» ұғымдарына комментарий жаса.



Көсемшениң түрленуі

Көсемше тұлғасындағы етістіктер жіктеліп қолданылады.

I	жаз-а-мын	бар-ып-пын	бар-ғалы жүр-мін
II	жаз-а-сың	бар-ып-сың	бар-ғалы жүр-сің
	жаз-а-сыз	бар-ып-сыз	бар-ғалы жүр-сіз
III	жаз-а-ды	бар-ып-ты	бар-ғалы жүр
I	жаз-а-мыз	бар-ып-пыз	бар-ғалы жүр-міз
II	жаз-а-сыңдар	бар-ып-сыңдар	бар-ғалы жүр-сіңдер
	жаз-а-сыздар	бар-ып-сыздар	бар-ғалы жүр-сіздер
III	жаз-а-ды	бар-ып-ты	бар-ғалы жүр

Көсемше тұлғалы етістік тікелей жіктеліп немесе курделі етістіктердің құрамында негізгі етістік ретінде қолданылғанда шақты немесе қимылдың амалын білдіреді. Мысалы: **Досыммен барамын** (аудыспалы осы, келер шак). **Досым барылты** (бұрынғы еткен шак). **Досым бар-ғалы жүр** (келер шак). **Досым кітап оқып отыр** (нақ осы шак). **Досыммен қимай** (қимылдың сипаты) **қоштасылты** (бұрынғы еткен шак).

Сонымен қатар көсемше тұлғалы етістік күрмалас сейлемнің бағыныңқы сыңарының баяндауышы қызметін атқарып, екі сейлемді байланыстырып тұрады. Мысалы: **Қаныш қалың-қалың қиссаларды оқып, жатқа айтатын. Ағасына еріп, орыс-қазақ мектебіне бар-ғалы орыс тілін тез үйренді** (М. Серсеке).



5. Мақал-мәтелді оқып, мағынасын түсіндір. Көсемшелердің қызметі мен мағынасын анықта.

- Дос жылатып айтады,
Дүшпан күлдіріп айтады.
- Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.



6. Мәтіннен көсемше тұлғасындағы етістіктерді тауып, қандай шақты білдіріп тұрганын анықта.

Улғи: Екі адамның арасындағы достық өзінен-өзі қалыпта-
сады. «Қалыптас» етістігіне көсемшениң -а журнагы, оған -ды
жіктік жалгауы жалғанған. Аудыспалы шак.

Екі адамның арасындағы достық өзінен-өзі қалыптасады. Олар бір-біріне дос болу жайлы тілек білдірмейді.

Шынайы достықтың арқауы – олардың өмірге көзқарасының, түрмис салтының, моральдық бейнесінің, рухани азығының, ақыл-ойының, сезім дүниесінің үқсас келіп, бір арнага құйылып жататындығы. Мұндай достық – мәңгілік.

Шынайы достар қашан да бір-біріне қол үшін беруге өзір. Куанышы мен ренішін бөліседі. Бірінің абырайына, беделіне, бақытына екіншісі де жан-тәнімен шаттанады. Өмірде бұрыс басқан қадамы болса, бір-біріне ашық та батыл айтып, жөн сілтеп отырады.

Достық – киелі үгым.

«Қазақстан әйелдері» журналынан



- 7.** 6-тапсырма мәтініне күрделі жоспар құр.

I Кіріспе

II Негізгі белім

1.

2.

III Қорытынды



- 8.** Достығы елге үлгі болатын тұлғалар туралы ізденип, олардың достығы туралы өз көзқарасынды жаз.



- 9.** Сен сұраганда, досың саган: «Үй тапсырмасын орындаамадым», – деп етірік айтты. Сенің әрекетің.



- 10.** Нақыл сөздерге сүйеніп, «Адал дос табу оңай», «Адал дос табу қыны» деген екі пікірдің бірін дәлелдей, дискуссивті эссе жаз.

Жаман дос – көлеңке: басынды күн шалса, қашып құтыла алмайсың; басынды бұлт шалса, іздең таба алмайсың.

Абай

Адамға адал жолдас табу қынын,
Көбісін дос жасайды ақша, бұйым.

A.Байтұрсынұлы

§29. Достықтың түрлері



Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас.

Абай

Жаңа достың қадірі ескі достай бола алмас.

Мақал



1. Мәтінді тында. Өңгіме сюжетін өрі қарай жалғастырып көр.



2. Сұрақтарға дәлелді жауап бер. Жұбыңың жауабымен салыстыр.

1. Әйтімбет шешеннің «Адал достық өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өмірі қысқа болады» дегенін қалай түсіннесің?
2. Шешенге достық туралы қандай сұрақ қояр едің?



3. Мәтінді зерттең оқы. Мәтіндегі көтерілген мәселені, деректер мен көзқарасты анықта.

Махамбеттің тамаша, ірі адамгершілік қасиетінің бірі мынада: ол досының атақ-абыройын, жігер-қайратын өзінен

жогары көтере сөйлейді. Махамбеттің ондай досы – Исатай. Өз басына келгенде, Махамбет – аса сыпайы адам, ол өзін еш уақытта көтере сөйлемейді, жауына мейірімсіздігін айтқанығана болмаса, өзін мақтамайды. Ал Исатайдың істерін, ерліктерін, сипатын айтқанда, Махамбеттің сөздері нөсер жауындай ақтарылып, аруагы қозып кетеді. Ақындық қиялды шалқып, қанаттанып, шарықтап кетеді. Көтерілісті басқаруда орны Исатаймен қатар бола тұра, оның қасында өзін кіші санайды, Исатайды ардақтап, тәбесіне көтереді.

Сәбит Мұқанов



4. Исатай мен Махамбет ақынның арасындағы достықты 5 сөзben сипатта.



Түйық етістік

Қымыл-әрекеттің атауын білдіретін етістіктегі түйық етістік деп атайды. Етістікке (қымыл-әрекетті білдіретін сезге) -у журнағы жалғану арқылы жасалады. Түйық етістік шақтық, жақтық мағыналарды білдірмейді.

Түйық етістік екі түрлі қызмет атқарады:

1. Түйық етістік мағынасы жағынан зат есімдерге жақын болады. Зат есімдер зат атауын білдірсе, түйық етістік қымыл атауын білдіреді. Сондықтан түйық етістік зат есімдер сияқты кептік, тәуелдік, септік жалғаулары арқылы түрлене алады. Мысалы: *баруларына (болады), өсудің (нөтижесі), асыгуға (болмайды), асықтыруды (қой), табысумен (аяқталды), сезуге (болады), (менің) айттуым.*
2. Түйық етістіктің негізгі ұғымы қымыл-әрекетті білдірумен байланысты. Түйық етістік қымыл атауы қалпында жұмсалып, керек, тиіс, керек емес сездерімен тіркесіп, іс-әрекеттің міндетті түрде орындалуын я орындалмауын талап ету қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Ендігі міндет – аянбай өңбек ету, өңбек өнімділігін арттыру, қогамның өндірістік күшін дамыту. Менің айттуым керек. Сенің айттың керек. Оның айттуы керек.*
3. Жатыс септік тұлғасында тұрып, іс-қымылдың созылыңқылығын, өлі аяқталмаганын білдіреді: *Абай өлі дө кітап бетінен үңілуде (М. Әуезов).*



- 5.** Мысалдардан түйық етістік тұлғасындағы сөздерді тауып, мағынасын анықта.

Улғи: «Үйренуден» – зат есімдерше түрленіп (септеліп), «неден?» сұрагына жауап береді; «аянбау» – құмыл-әрекетті білдіріп, «не қылу?» сұрагына жауап береді.

- Өмірдің екі тірегі бар: олар – үйретуден жалықпау мен үйренуден аянбау (*Д.Қонаев*).
- Жақсының қасиеті – жарастыру, Жаманың қасиеті – таластыру (*мақал*).
- Адам біреуді сүйер болса, оны көусар суындаі таза, гаунар тас сөулесіндей ләззатпен суюге тиісті (*I.Есенберлин*).
- Дос табу оцай, сақтау қыын; Жауласу оцай, тоқтау қыын (*мақал*).



- 6.** Мәтінді оқып, есімше, көсемше, түйық етістік тұлғаларының мағынасы мен қызметін анықта. Ертегіні аяқта.

Бір құмырска өз илеуінен бөлініп, ара, қонызбен дос болыпты. Жем ізден шыққан құмырска жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп, қозгалта алмапты. Енді көмек сұрау үшін достарын іздейді. Гүл жинап жүрген арага жолығып:

- Досым, маған көмектесіп жібер, – деп өтініпті.
- Қормай тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын гой, – деп концепті ара. Енді құмырска қоныздан көмек сұрапты:
- Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын! – деп кете барады қоныз...

«Ел аузынан» кітабынан



- 7.** Екі тапсырманың бірін таңдал, тобыңмен не жұбыңмен орында.

1. Махамбеттің Исатайға арнаған өлеңдерін тауып, оқып, оқылым мәтінінде айтылған деректерге дәлел келтір.
2. Жаңа дос, ескі дос туралы қанатты сөздер, мақал-мөтөлдер тауып жаз, мағынасын түсіндір.



- 8.** Достарыңа тілек жаз.

§30. Достық өлкесінің заңы



Кімнің досы жақсы болса, өзі де жақсы болады.

Ахмет Иүгінеки

Өзіңе қарай дос таңда,
Күшіңе қарай жүк көтер.

Жүсіп Баласағұні



1. Өлеңді тыңдал, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжа.



2. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қалай ойлайсыңдар, әже кімді жазалайды?
2. Қонақ бала көзәйнекті сындырғанын мойындай ма?
3. Өлеңнен қандай қорытынды жасар едің?



3. Мәтінді оқып, тыңдалым мәтінімен салыстыра талда. Мәтіндердің стилін, жанрын тілдік қуралдары арқылы анықта.

Тыңдалым мәтіні	Оқылым мәтіні
Тақырыбы:	Тақырыбы:
Стилі:	Стилі:
Тілдік амал-тәсілдері:	Тілдік амал-тәсілдері:

Достарың мен жолдастарыңың болғаны қандай жақсы! Олармен бірге жүргенде, өзіце-өзің сенімді боласың. «Жұмыла көтерген жүк женіл», – дейді халық мақалы.

Сен бірде ауырып, оқуга бармай қалдың делік. Бірнеше күн өткеннен кейін зерігіп, жалғызырай бастайсың. Қоңіліңе сағыныш үялап, достарыңды көргің келеді. Бұл сезімің түсінікті де, өйткені ешкім де жалғыз өмір сүре алмайды. Ал достарың көңіл күйінді сұрауга келгенде, төбен қекке жеткендей қуанасың.

Достан жасырап сырың жок. Ол қашанда жан-дүниенде бірден түсінеді. Егер сенің осындағы досың болса, оны қадір тұтып, бағала, ұсақ-түйекке бола онымен ренжіспе, орайы келгенде оған жәрдем етуге әзір бол.

Адалдық – достықтың ұлы заңы.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан



4. Жұбыңмен ақылдастып, оқылым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Дос» және «жолдас» сөздерінің қандай айырмасы бар?
2. Тындалым мәтінімен салыстыр. Екеуінің идеясында қандай үқастық бар?



Тұйық етістіктің түрленуі

Тұйық етістік тікелей септеле, көптеле алады, бірақ жіктелмейді. Тұйық етістікке көптік жалғауы жалғанса, одан кейін төуелдік жалғауы жалғанады. Мысалы: бар-у-лар-ы, кел-у-лер-ініз.

Тұйық етістіктің тәуелденуі

I	Менің ойлауым	Менің есесім
II	Сенің ойлауың	Сенің есесің
	Сіздің ойлауыңыз	Сіздің есесіңіз
III	Оның ойлауы	Оның есесі
I	Біздің ойлауымыз	Біздің есесіміз
II	Сендердің ойлауларың	Сендердің есесілерің
	Сіздердің ойлауларыңыз	Сіздердің есесілеріңіз
III	Олардың ойлауы	Олардың есесі

Тұйық етістіктің септелуі

Атау	жаттау	ұлғаюы	сейлеуім
Ілік	жаттаудың	ұлғаюының	сейлеуімнің
Барыс	жаттауга	ұлғаюына	сейлеуіме
Табыс	жаттауды	ұлғаюын	сейлеуімді
Жатыс	жаттауда	ұлғаюында	сейлеуімде
Шығыс	жаттаудан	ұлғаюынан	сейлеуімнен
Кемектес	жаттаумен	ұлғаюымен	сейлеуіммен



- Мәтіндерден «Достық өлкесінің заңы» тақырыбын ашатын негізгі сөздер мен сөз тіркестерін теріп жаз.
- «Сына», «ескер» етістіктеріне түйық етістік журнағын жалғап, септе, төуелде.
- Сөйлемдерден түйық етістіктерді тауып, қызметін анықта.

Ашу – адамның дүшпаны (*мақал*). Азаматтары тату болмаган елде татулық болмайды (*Ә.Қайдар*). Достық дегеніміз – сырынды айттын адамның болуы (*А.Мандзони*). Достық – ең алдымен, адалдық, яғни жолдасындың қателерін бетіне айту, сынау (*Н.Островский*).



- Тұрақты тіркестерді қолданып, езің білетін тату достар туралы қысқаша мәтін жаз.

Тонның ішкі бауындай, арасынан қыл өтпейді, уәдесінде түру, сырға берік, бірге тугандай.



Достарың мың болса да, аз деп біл,
Дүшпаның біреу болса да сақтан (*Құтып*).
Шын достық жүрген жерде қожайын мен құлдың құны
бірдей болады (*С.Сараїв*).



- «Достықтың өз заңы болады» не «Достық еш заңға бағынбайды» деген екі пікірдің бірін дәлелдеп, дискуссивті эссе жаз.

§31. Ұлы адамдардың достығы



Бірінді, казақ, бірің дос
Көрмесен істің бәрі бос.

Абай

Қай кезде де шын достықтың паркы ұлы,
Тиіс оған әркім басын июге.
Бір адамды шексіз сую арқылы
Болады еken бүкіл үлттүс сүюге.

Мұхтар Шаханов



1. Мәтінді тында. Сұрақтарға мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап бер.



2. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы мен қазақ даласына жер аударылған өлкетанушы Евгений Петрович Михаэлистиң (романда Михайлов) арасындағы достық неден өрбіді деп ойлайсыңдар? Екеуі қалай кездескен? Суретке қараң, болжам жаса.
2. Үзіндіге қандай ат қояр едің?



3. Мәтінді оқы. Тыңдалым мәтінімен салыстыра талда.

Тыңдалым мәтіні	Оқылым мәтіні
	Тақырыбы
	Күрұлымы
	Мақсатты аудиториясы
	Тілдік ерекшелігі

Шыңғыс пен Мұхтардың бір-біріне деген шынайы, риясиз көңілі, жиын-тойларда, тіпті жеке қалғанда да, қымбат затын бір жерде қалдырып кеткендей, ылғи да бір-бірін ойша іздел отыруы – сирек кездесетін ерлер достығын құрайды. Өз басым нағыз достар деп мінезі, ниеті, ізгілігі жарасқандардығана емес, көп адамның өресі жете бермейтін түсік, сана биігінде бір-бірін терең түсіне алғандарды атар едім. Бұл екі дос – тіршілікте өте сирек ұшырасатын осы биіктіктің адамдары. Сондықтан да қыргыз елінде қанатты сөзге айналып кеткен:

Екі халық достассын
Қазақ пенен қыргыздай.
Екі жігіт достассын
Мұхтар менен Шыңғыстай, –

деген жыр жолдары тегіннен тегін айтылmasa керек.

Сүйінбай Эралиев. Қыргызстанның ел ақыны



4. Мәтінде аттары аталған тұлғалар туралы билетін мәліметтерінді ортаға салып, топта талқыланадар.
5. Тарихта болған әйгілі адамдардың достығы туралы дерек іздел тауып, әңгімелеп.
6. Сенің досыңның туган күні. Оның жақсы қасиеттерін айттып, құттықтау жаз. Түйік етістікті қолдан.





Тұйық етістіктің емлесі

Етістік формасы	Мысал	Жүрнақ	Жазылуы
[и] дыбысына біткен етістік	ки, жи, қи	+у	кию, жию, қию
[ї] дыбысына біткен етістік	сүй, күй, тый	+у	сую, кую, тыю

Дауысты ы, і дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у журнагы жалғанғанда, түбірдің соңындағы ы, і дыбыстары жазылмай, у дыбысының құрамына еніп кетеді де, удауысты дыбыс болып есептегеді. Мысалы, оқы+у = оку, тасы+у = тасу, кемі+у = кему, ері+у = еру.

Қатаң п, к, қ дыбыстарына біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у журнагы жалғанғанда, түбір соңындағы п, к, қ дыбыстары б, ә, ғ дыбыстарына айналады. Мысалы, ақ+у = агу, тал+у = табу, ық+у = ыгу.

Тұйық етістік тұлғасындағы кейір сездер заттанып, зат есімге ауысады: бояу, егөу, қашау, кесеут.б. Мысалы: Кесеу ұзын болса, қол қүймейді (мәтеп). Бояудың түрі сан алуан. Егөумен темірді өзейді.



7. Тұйық етістік тұлғасындағы сездерді тауып, емле ерекшеліктерін түсіндір.

- Аяққа кісен салуға болар,
Тілге кісен салынбас (*мақал*).
- Жол мұраты – жету (*мақал*).
- Мениң тілегім – қалайда пайдалы адам боп шығу (*Ы.Алтынсарин*).
- Көрмегенге кесеу таң (*мәтеп*).
- Билік айту оцай, біліп айту қын (*З.Сәнік*).
- Жақсылық – жақсыны сез қылу (*З.Сәнік*).
- Ағаш кессен, ұзын кес: қысқартуың оцай,
Темір кессен, қысқа кес: ұзартуың оцай (*мақал*).
- Балаларды төрбиелеу – еңбек әрі борыш (*Ф.М.Достоевский*).



8. Т.Молдагалиевтің сезіне жазылған С.Бейтерековтің «Дос туралы жыр» әнін жаттап ал.

V

БӨЛІМ

МУЗЫКА ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚ ТҮРЛЕРІ. РАЙ ТҮРЛЕРІ

- §32. Атамұраң – асыл қазынаң
- §33. Қазақтың халық музыкасындағы Қорқыт дәстүрі
- §34. Өн падишасы
- §35. Қазақтың дәстүрлі әндері
- §36. Қазақтың опера жанры
- §37. Фасыр бүлбұлы
- §38. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары
- §39. Қазақтың киелі домбырасы
- §40. Құй анасы – Дина

§32. Атамұраң – асыл қазынаң



Ата өнері – балага мұра.

Өнер көзі халықта.

Мақал-мәтеп



- Мәтінді тыңдал, тақырыбын анықта.



- Тыңдалым мәтінінің соңғы жолдарын қайта тыңдал, сөйлеушінің дауыс ыргагы мен сойлеу мөнері арқылы негізгі ойды анықта.
- Мәтінді оқып, сұрақтар құрастыр. Топта талқыла.



Бұл күйдің шығу тарихы жайлы ел аузында әлденеше түрлі аңыз бар.

Құрмангазы жолаушылап келе жатып, бір адайдың (руаты) үйіне түседі. Үй ішінде шал мен кемпір болады. Құрмангазы қай жерден, қай елден келе жатқанын, аты-жөнін толық айта қоймай, қазақ әдетіндегі «сүйрей салмамен» журген жерінің ит-құстар амандығын, ат-көлігінің амандығын, құдайы қонақ екендігін айтумен тоқталады.

Біраз уақыт откеннен кейін 17–18 жас шамасындағы қыз кіреді. Қыздың аты Ақмандай екен. Ол келісімен-ақ, төрде отырған қонаққа көзінің қырын да салмай, бірден керегенің басындағы домбырасын алып, тартуға айналады. Ақмандай

күйдің аяғына шыққан кезде, Құрмангазы домбыраны қолына алыш, күмбірлете жөнелтеді.

Үй иелері жүмбақ қонақты шырамытқандай, күле қарап:

– Шырагым, домбыра тартысың біздің бұл араның тартысына үқсамайды, Қызылқұрт Құрмангазы деген бар деп еді, сен соның өзі емеспісін, аяқ алысың тым әлей екен, – дейді.

Құрмангазы мұртынан күліп:

– Болсақ, болармыз, – деген екен.

Енді үй іші қолқалап, Құрмангазыға қайтадан домбыра тартқызып, бірнеше күн жатқызып қонақ етіп, сый-құрметпен аттандырады.

Сондағы қыздың тартқан күйі «Адай» да, Құрмангазының тартқаны «Серпер» күйі екен дейді.

Ахмет Жубановтың «Bir күйдің тарихы» еңбегінен



4. Мәтінде аталған күйлер туралы энциклопедия, газет-журналдан оқыған деректерің туралы әнгімелеп, авторына сілтеме жаса.



Етістіктің шақтары. Осы шақ

Етістіктің шағы сейлеп тұрган сәтпен салыстырғанда, іс-әрекеттің болғанын, болып жатқанын немесе алда болатынын білдіреді. Етістіктің шақтары: осы шақ, келер шақ, өткен шақ.

Осы шақ сейлеп тұрган сәтпен салыстырғанда, іс-әрекеттің жүзеге асып жатқанын білдіреді. Оның екі түрі бар:

Нақ осы шақ	Ауыспалы осы шақ
<p>Дәл сейлеп тұрган кездегі іс-әрекеттің білдіреді.</p> <p>Жасалу жолдары:</p> <ol style="list-style-type: none"> жатыр, отыр, жүр, түр қалып етістіктері жіктеліп келеді. Мысалы: Өжесі отыр, немересі қасында жур, ал мен есік алдында тұрмын. кесемше тұлғалы (-а, -е, -й, -ып, -іп, -п) етістікке жатыр, отыр, жүр, түр қалып етістіктері тіркеліп, жіктеледі. Мысалы: Мен тыңдал отырмын. Біз келе жатырмыз. Олар сейлеп түр. 	<p>Күнделікті дағдылы болып жатқан іс-қимылды білдіреді.</p> <p>Жасалу жолы: кесемше тұлғалы (-а, -е, -й) етістікке жіктік жалғауы жалғанады.</p> <p>Мысалы: Таң атады. Күн шығады. Мұнда жаңбыр жиі жауады.</p>



- 5.** Етістіктерге жүринақ жалғап не қалып етістіктерін тіркестіріп, ауыспалы және нақ осы шақ тұлғасында жаз.

Нақ осы шақ	Ауыспалы осы шақ
Музыка зеругтеушілері оның адам-затпен бірге пайда болғанын айт...	Адамдар айналаның музыкага тұнып тұрганын байқа...
Олар музыкалық аспаптар жаса...	Ежелгі гректер музыканы Құдайдың сыйы деп сана...
Әйелдер балаларын өуенді ыргак-пен жұбат...	Күй адамның эмоциясына әсер ет...
Біз сан алуан музыканы тыңдау арқылы сол халықтың мәдениетін таны...	Музыка адамдардың көңіл күйін көтер...



- 6.** Оқылым мәтінінен ауыспалы осы шақ етістіктерін тауып, сейлемдерді көшіріп жаз.



- 7.** Өз бетіңше ізденіп, оқылым мәтініндегі «сүйрей салма», «ит-күс», «ат-көлігінің амандығы», «құдайы қонақ», «аяқ алдысы» сөздерінің мағынасын түсіндір.



- 8.** Көркемдегіш құралдарды орынды қолданып, мәтінді жалғастырып, мақала жаз.

Күй – көне жанр. Оның сан ғасырлық тарихы бар. Қалыптасқан дәстүрлері мен мектептері бар.

Күй мазмұны – халық өмірінің айнасы.

Күй тілі ана тілімен бірдей. Құрмангазының күйлерін тыңдаған кез келген қазақ баласының неге делбесі қозып, көзі от шаша бастайды? Себебі...



- 9.** Егер сенің музыкага бейімділігің болса, қазақ музыка өнерінің қай жанрын дамытар едің? Қай түрін өлемге паш етер едің?



- 10.** Мақалдарды пайдаланып, оқылым мәтініне қорытынды жаз.

- Ел іші – өнер кеніші.
- Өнер – таусылмас азық, сарқылмас байлық.
- Өнерлінің өзегі талmas.
- Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес.

§33. Қазақтың халық музыкасындағы Қорқыт дәстүрі



Қорқыт – алғаш қобыз тартып, сарын айтуды үйреткен ең бірінші адам.

Шоқан Уәлиханов



1. Шемішбай Сариевтің «Қобыз үні – Қорқыт баба» олецин тыңдалап, автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талда.



2. Сұрақтарға жауап бер.



3. Мәтінді оқып, мазмұны бойынша сұрақтар құрастыр.



Қорқыт ата

Қазақ аңыздары бойынша, Қорқыт – қазақ жырауларының атасы. Қорқыт – алғаш қобызды шығарған атақты күйші, барлық өн-күйдің атасы, қазақ күйшілерін қобызға үйреткен үстазы. Қазақ музыкасының түбі осы Қорқыттан басталады.

Қорқытты алғаш зерттеген – Шоқан Уәлиханов.

Қорқыт қобызды өз қолымен жасап, оны түйенің терісімен әдемілеп қаптайтын болған. Қорқыт өзінің заманында қобыз өнерін өте биік сатыға жеткізіп, оны кейінгі үрпаққа мирас етіп қалдырган. Оның қобызының толқынды сарыны, әдемі үні, сыртқы сұлұлығы адамдарды толғандырган.

Қорқыт атаниң біздің заманымызға жеткен он бір тамаша күйі бар. Олар: «Ұшардың ұлусы», «Елім-ай, халқым-ай», «Сарын», «Қоңыр», «Желмая» және т.б.

Әлкей Марғұланның «Ежелгі жыр, аңыздар» еңбегінен



4. Сұрақтарға жұбыңмен ақылдастып, жауап бер.

1. Музыка мен халықтың тарихы бір-бірімен байланысты ма?
2. Сабактың тақырыбы неліктен «Қазақтың халық музыкасындағы Қорқыт дәстүрі» деп аталған?



5. Мәтіндегі сөйлемдерді өндеп, етістіктерін нақ осы шақ пен ауыспалы осы шақ тұлғасына айналдырып жаз.

Ұлт: Қобыздың ішегін аттың ұзын қылынан жасайды, сол себепті «қылқобыз» деп те атайды.

Қобыз – аттың ұзын қылы керілген, ысқышы бар аспап. «Қылқобыз» аталуы да осыдан болар. Керілген қылды ысқышпен үйкеп, ысқылаپ тарту арқылы қобыздан мұнды саз шығады.

Қобыздың саз аспабы ретінде тағдыры қын болды. «Қобыз – бақсының құралы» деген пікір қалыптасты. Сондай бір түсінбеушіліктің кесірінен қобыз жаңа заман көшіне ілесе алмай, жоғалып кетудің аз-ақ алдында қалды. Осының салдарынан XX ғасыр басында қобыз аспабына арналып шығармалар жазылмай, ұмытыла бастаған.

Балалар энциклопедиясынан



6. Суреттерге қарап, ауыспалы осы шақ пен нақ осы шақ етістіктеріне мысалдар жаз.





- 7.** Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздер мен тіркестерді синонимдермен ауыстырып жаз.

Бір жесір кемпірдің жалғыз баласы болады. Ол құс салып, ит жүгірткен **аңшы** еken. Қашқан **аңды** құтқармайтын «**Үшар**» деген тазысы бар еken.

Күндердің күнінде жігіт кенеттен қайтыс болады. Сол кездегі елдің әдел-тұрпы бойыниша өлген кісіні қомғеннен кейін, жұрт жаңа жерге көшеді еken.

Жаңа орынға көшіп келгеннен кейін, кемпір тазыны іздесе, ол **үшті-күйлі** жоқ болып шығады. «Ескі жүртта қалған шыгар», – деп, бұрынғы қонысына қайтып келсе, айтқандай-ак, **Үшар** иесін қызып кете алмай, **аспаңға** қарап **сай-сүйекті** сырқырата ұлып отыр еken. Мұны көрген анасы да **аңырайды**. Жалғызының артында қалған ана мен иесінен айырылған тазы – қос мұңлық қосылып **куңіренеді**.

Корқыттың осы **окигага** байланысты тебіреніп шыгарған күйі «**Үшардың ұлуы**» деп аталады.

«**Ұлттық аспап – ұлы мұран**»
әдістемелік қуралынан



Казак халқы үшін қобыз киелі аспап болып саналады. Себебі қобыз тартқан бақсылардың адам тағдырына өсер ететін күші, бойында үлкен қабілеті болған. Қобыздан шыққан үн адам бойындағы әлсіздік я жағымсыз күштерді сыртқа шыгарып, оған күш-қуат береді.



- 8.** Энциклопедиялардан немесе өзге басылымдардан мына тақырыптардың бірі туралы ақпарат жинап, кластер не сыйба түрінде сипатта.

1. Ежелгі музикалық мұралар
2. Қорқыт туралы аңыздар
3. Қорқыт күйлерінің тарихы

§34. Ән падишасы



Аққуға аспандагы әнін қосқан – Әміре Қашаубайұлы.

Жарқын Шәкәрім



1. Мәтінді тында. Мәтіннің тақырыбын, негізгі ойды анықта.



2. Тындалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер. Жұбызының жауабымен салыстыр.

1. «Әнді кестелеп, қошқар мүйіз салып, үкі-маржан тағып айту» дегенді қалай үқтың?
2. «Ертеден қара кешке дейін үздіксіз өн шырқаса да, айны-май, әнді жаңа гана бастағандай әрбір өні мұлтіксіз естіле-ді» дегенді қалай түсіндіресің?



3. Мәтінді оқып, қазақ музыка өнерінің дүлдүлдері тізімін жалғастыр. Дереккозіне сілтеме жаса.

«ЭКСПО»-ға қатысқан алғашқы қазақ

Қазақ халқының дүлдүл өншісі Әміре Қашаубайұлы алғашқылардың бірі болып Еуропа халқын өзінің қайталанбас

ерекше дауысымен таңдай қақтырды. Семейде құрылған «Ес-аймақ» үйімінде ән айтып жүрген Әміренің дауысы Мәскеуге дейін жетеді. Семейдің губерниялық агарту боліміне: «Қазақ әншісі Әміре Қашаубайұлы Парижде болатын жержүзілік көрмеге қойылатын этнографиялық концертке қатысуға келісім бере ме екен? Соның хабарын тез білдіруіңізді сұраймыз», – деген жеделхат келеді.

Әміре этнографиялық ансамбльмен Парижге барып қайтады. Парижде 11 концерт береді. Сол концерттерде Әміре өзінің «Ағаш аяқ», «Үш дос», «Екі жирен», «Дудар» т.б. сүйікті әндерін айтады. Бұрын-соңды ондай музыканы тыңдамаған Париж халқына концерт қатты ұнайды. Ол туралы: «Қазақтың әншісі Әміре Қашаубайұлы өзінің емін-еркін дауысына ұлт аспабы – домбырасының сүйемелін қосып, жаңынды толқытатын әндерін орындады», – деп жазады.

Француздың белгілі музыка зерттеуші галымы «ле Мюзикаль» журналында Әміренің дауысы сирек кездесетін музикалық көрініс екенін жазады. Сондай-ақ «Әміре Париж бен Майндағы Франкфурттен басқа Страсбург қаласында, Ресейдің Иркутск, Әзіrbайжанның Баку қаласында сапарда болып, ән айтты» деген құжаттар табылып отыр.

Қазақ халқының біртуар әншісі жайлы «Әміре» өмірбаяндық фильмі көрермендер назарына ұсынылды. Кинодагы басты рөлді – Әміре образын – Санжар Мәди сомдаған.

Семей қаласындағы Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасының сайтынан



4. Бүкіл әлем өнеріне тәнті болған әншінің тағдыры қалай болды деп ойлайсыңы? Тобынмен талдап, пікірлес.



5. Кірме сездерді синонимдерімен алмастырып, мәтінді редакцияла.

Әміре Қашаубайұлы – әуелеген әнімен адамзат баласын таңдандырган тенор әнші. Қазақ музыкасындағы Әміренің миссиясы Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Мәди сынды тұлғалардың әншілік дәстүрін советтік кезеңге жалғастырып, жеткізіп беру болды. Қатарлас әріптесі Елубай Әмірзақов Әмірені «самородный сары алтын» деп атаган екен. Әміре, шын мәнінде, асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы еді.

Жарқын Шәкәрім



Келер шақ

Келер шақ сейлеп тұрған сөтпен салыстырғанда, іс-әрекеттің келешекте болатынын білдіреді. Оның үш түрі бар:

Болжалды келер шақ іс-қимылдың келешекте болатынын дәл көрсетпей, тек болжайды.

Жасалу жолы: болымды етістікке есімшениң -ар (-ер, -р) журнағы, болымсыз етістікке есімшениң -с журнағы, оған жіктік жалғауы жалғанады.

Мысалы: баармын, көрерсің, сұрамаспзыз, білмес т.б.

Мақсатты келер шақ іс-қимылдың келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.

Жасалу жолы: түбір не туынды етістікке 1) есімшениң -мақ (-mek) журнағы, оған -шы (-shi) және жіктік жалғауы жалғанады; 2) кесемшениң -галы, (-geli) журнағы жалғанып, қалып етістіктері тіркеледі.

Мысалы: іздемекпін, оқымақшы, кеппек, үйрен-гелі жур, айтқалы жур т.б.

Аудыспалы келер шақ алдағы уақытта болатын іс-қимылды білдіреді.

Жасалу жолы: түбір не туынды етістікке кесемшениң -а (-e, -i) журнағы, оған жіктік жалғауы жалғанады.

Мысалы: қала-ды, өседі, ауды-ды, сейлеседі т.б.



6. Етістіктерге журнақ жалғап, келер шақ етістіктеріне айналдыр.

Болжалды келер шақ	Мақсатты келер шақ	Аудыспалы келер шақ
Әр халықтың онер-паздары ез музыкасын дамыт...	Өнерпаздар еліміздің тіршілік-тынысын таныт...	Келешекте өншілік онер кең оріс ал...
Өзіндік мәдениеті жоқ халық болма...	Музыка зерттеушілері қазактың өн онерін зертте...	Үлттық мазмұндағы классикалық туындылар жарық көр...
Сал-серілер халықтың коңіл күйін өнмен білдір...	Музыка адамдардың коңіл күйін көтер...	Өншілік онер болашакта жаңа сипатта дамы...
Сендер де осылай әндетуді үйрен...	Музыка жаңа жанрларда өрісте...	Бұлар да халық музыкасының алтын қорына қосыл...



7. Сұрақтарға жауап жаз. Осы шақ және келер шақ етістіктерін тап.

1. Қазіргі қазақ музыкасының дамуына коңілің тола ма?
2. Музыканың қай түрін (жанрын) ұнатасың?



8. «Аққуга аспандагы өнін қосқан» тақырыбында аргументті эссе жаз.

§35. Қазақтың дәстүрлі әндері



Кұлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы өн мен төтті күй.

Абай



- Мәтінді тыңдаپ, автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талда.



- Біржан сал туралы естіген, оқыған ақпараттарыңмен бөліс. Дерек-көздеріне сілтеме жаса.



- Мәтінді оқып, проблемалық сұрақтар құрастырып.

Халық әндері тартымды болады, тыңдаушының жүре-гіне қона алады, себебі о баста өнер қуу мақсатында шық-пайды, халық әндерінде табиғилық басым. Бұл әндер – халық өмірінің сәулесі, сол себепті де үлкен қазына болып есептеледі.

«Маган бүкіл қазақ даласы өн салып тұргандай болып көрінеді», – деп, қазақ өнерін көп зерттеген Г.Потанин айт-қандай, қазақта өнсіз өмір жоқ. Қазақ халқы өнге бай.

Халықтың ән дәстүрінде орындаушылық ерекшеліктеріне қарай аймақтық мектептерге бөле оқыту тәжірибесі қалыптасқан. Шартты түрде Арқа мектебі, Жетісу мектебі, Батыс Қазақстан мектебі деп белгінеді.

1. Арқа мектебі қазақы әншіліктің мейлінше дамыған саласы болып табылады. Арқа мектебінің өкілдері: Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Майра Үәлиқызы, Шашубай т.б. Арқа әндері біркелкі еркін ыргақпен айтылады, диапазоны мейлінше кең болады. Арқа әндерінің көсіби мектебін жасағандар – Ж.Елебеков, Ж.Көрменов, Қ.Байбосыновтар.
2. Жетісу мектебі қазақтың көне әндері мол сақталған әншілік өнер шогыры болып саналады. Орындалуы мен домбырада сүйемелденуі Арқа әндеріне үқсас. Жетісу әншілігінің көрнекті өкілдері ретінде Жамбыл, Кенен, Дәнеш Ракышевтарды атая аламыз. Жетісу ән мектебінің көсіби тұгырын қалаған – Ж.Көрменов, оның ізін жалғастырушы шекірті – Е.Қосбармақов.
3. Батыс Қазақстан әншілік мектебінде төкпелі жыр негізінде синтезделген желдірмелі әндер Мұхит әндері арқылы жаңа белеске көтерілді. Бұл мектептің басында Фариболла Құрманғалиев, Әли Құрмановтар түр. Ф.Құрманғалиев осы мектептің жеке арнаға айналып, үлкен өнер саласы болуына көп тер төкти.

Ахмет Жұбановтың «Замана бүлбүлдары»
еңбегінен



4. Өз өлкенін шыққан қандай дәстүрлі әншілерді білесін? Сол әншіден сұхбат алуға сұраптар дайында.



5. Мәтіннен осы шақ пен келер шақ тұлғасындағы етістіктерді теріп жаз.

Құлактан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен төтті күй.
Жүрекке түрлі ой салар,
Әнді сүйсөң, менше сүй, –

деген Абайдың өлеңі қазақ халқының өнерді жан азығы етіп ардақтаған көңіл күйін бейнелейді.

Қазақтың ақындары мен жыраулары, олеңші, әншілері әндер мен жырларды, үзак дастандарды домбырага қосып айтады.

Киелі қара домбыраның сүйемелдеуімен айтылатын дәстүрлі әндер кемел құрылымымен, кең диапазон, құрделі ыргақ-ірімдерімен ерекшеленеді.

Қазақтың дәстүрлі ән өнері атадан балага мирас болып, бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Майталман әншілер Жүсіпбек Елебеков пен Фарифолла Курманғалиевтің ән сынныптары ашылып, арнайы оқу орнында оқыту қолға алына бастады.



- 6.** Көркемдегіш қуралдарды қолданып, кестедегі мәліметтерден мақала жаз.

Романс текстес әндер	«Ақбақай», «Жиырма бес», «Япурай», «Файни» т.б.
Сатириалық-юморлық әндер	«Он алты қызы», «Ағашаяқ», «Құлбай бай» т.б.
Қара өлеңге құрылған әндер	«Сеулем-ай», «Еркем-ай», «Қамажай», «Жеті арал жерім-ай» т.б.
Қыз-келіншектер әндері	«Майра», «Дудар-ай», «Әупілдек», т.б.
Желдірме әндер	Термелер, аринау, насиҳат әндер т.б.
Эпостық мазмұндары әндер	«Жігіттің падишасы – Әмір Темір», «Қос мүйізді Ескендір» т.б.
Авторлық аринау әндер	Молдабайдың әні, Фазиздің әні, «Бұркітбай», «Шашубай», «Теміртас» т.б.



- 7.** Өзің жазған мақаладагы осы шақ пен келер шақ тұлғасындары етістіктерді теріп жазып, жасалу жолын түсіндір.



- 8.** «Дәстүрлі ән мектептерінің өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында эссе жаз.

§36. Қазақтың опера жанры



Опера – бұл жай гана музыка емес. Ол эмоциялар жарқын өрі тереңірек болатын әлемді жасайды.

Людвиг ван Бетховен



1. Майра Мұхамедқызының сұхбатын тыңдаپ, сөйлеушінің дауыс ыргагы мен сөйлеу мәнері арқылы мәтін тақырыбын, неғізгі ойды анықта.



2. Сұхбат саған қандай ой салды? Сеніңше, қазақтың опера өнерін әлемге таныту үшін не істей керек?



3. Мәтінді оқы. Опера өншілері туралы билетін мәліметтерінді ортага салып, дереккөзіне сілтеме жаса.



Қазақстанның ұлттық опера өнері – халықтың рухани қазынасын байытқан жаңа дәуірдің ерекше құбылысы. Бұл жанрдың мазмұны орыс және Еуропа мәдениеті үрдісі негізінде ұлттық фольклорымызды кең қолдана отырып, халықтық мұраны жаңғыру болып табылады. Қазақ операсын Е.Брусиловский, А.Жұбанов, Л.Хамиди, М.Төлебаев сынды әйгілі композиторлар дүниеге келтірді. Опера өнерінің шарықтау шыңы деп А.Жұбанов пен Л.Хамиидидің «Абай» операсы (1944 ж.) мен М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсын (1946 ж.) айтуда болады. Олар қазақтың сез өнеріндегі терме, желдірме және толғау сияқты жанрларын ез шыгармаларында кеңінен қолданды. Сондай-ақ қазақтың дәстүрлі тұрмыс-салт жыры – «Жар-жарды» операга орынды пайдаланды. Үйлену салтына байланысты тұған бұл әнді «Қыз Жібек» операсында хор ұжымы орынады. Операдағы сахналық қойылымдар басқа да тойбастар, беташар, сынсу, қоштасу сияқты дәстүрлі әндермен де толыға түсті. Бұндай әндерді «Абай» және «Біржан-Сара» операларынан кездестіре аламыз.

Қазақ операсының қалыптасуына өз үлесін қосқан – айтыс жанры. Ерте кезден халық алдында, сахна төрінде қалыптасқан айтыс – қазақ халқының ең сүйікті өнері. Ал операда айтыс жанры сюжеттік желінің дамуына түрткі болып, жеке адамның ойы мен сезімін беруге дәл келеді. Ақындар айтысы ең маңызды драматургиялық рол ретінде қалыптасып, «Абай», «Біржан-Сара» және «Айман-Шолпан» операларында сахналанды. Демек, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің негізін қалаған әдеби-музыкалық жанрлар қазақ операсының қалыптасуына салмақты үлесін қости.

«Қазақ мәдениеті» энциклопедиясынан



4. Сұрақтарға жауап бер.

1. Опера жанрының ерекшелігі неде деп ойлайсың?
2. Опера әншілерінен кімдерді атай аласың?
3. Қазақстанның қай қалаларында опера және балет театrlары бар?



Өткен шақ

Өткен шақ сейлеп тұрған сәтпен салыстырғанда, іс-әрекеттің етіл кеткенін, орындалғанын, біткенін білдіреді. Оның 3 түрі бар:

Жедел өткен шақ	Іс-қимылдың жуық арада болғанын білдіреді. Етістікке жедел өткен шақтың арнайы журнағы (-ды, -di, -ты, -ti) жалғанып, ол жіктік жалғауын қабылдайды. Мысалы: Мен бар+ды+м. Сен біл+di+ң. Сіз айт+ты+ңыз. Ол кел+di.
Бұрынғы өткен шақ	Болғанына көп уақыт өткен іс-қимылды білдіреді. Етістікке 1) есімшениң (-ған, -ген, -қан, -кен) журнағы, 2) кесемшениң (-ып, -іп, -л) журнағы жалғанып, ол жіктік жалғауын қабылдайды. Мысалы: Мен бар+ған+мын. Сен үқ+ла+п+сың. Ол кел+ген, кел+in+ti.
Ауыспалы өткен шақ	Сейлеп тұрған уақытқа дейін дағдылы болып тұрған іс-қимылды білдіреді. Етістікке есімшениң (-атын, -етін, -йтын, -йтін) журнағы жалғанып, ол жіктік жалғауын қабылдайды. Мысалы: Мен бар+атын+мын. Сен біл+етін+сің. Сіз тыңда+йтын+сыз. Ол келме+йтін.



5. Сұхбатты оқып, откен шақ етістіктерін теріп жаз.

Улғи:

Жедел откен шақ	Бұрынғы откен шақ	Ауыспалы откен шақ
ән айта баста+ды+ңыз	үілдейді е+кен+мін	ән айт+атын+мын

– *Бибігүл апай, қанша жасыңыздан ән айта бастадыңыз?*

– Кішкентай кезімнен-ақ ән айтатынмын. Аナン: «Сен сейлей алмайтының, бірақ әнді айта беретінсің», – дейтін. Үстелдің астына кіріп алыш, желдің уіліне салып әндесем, аナン: «Сен кімнің басына уілдеп отырысың?» – деп, отырган жерімнен сұрып алады екен. Мен болсам астына қайта кіріп, уілдейді екенмін. Әкем аナンама: «Осы қызыым әнші болады. Көресің», – дейді екен.

– *Сіздің сүйікті әншіңіз кім еді?*

– Біздің заманымызда Күләштің алдына түсетін ешкім болмады. Жамал Омарованаң даусына қызығатынмын. Шабал Бейсекованың үніндей әдемі үнді ешкімнен естімеппін. Оның Джульєттаны, Байгали Досымжановтың Ромеоны ойнагандығы дауыстарын әлі күнге дейін ұмытпадым.



Бибігүл Төлегенова – әнші, Қазақстанның (1958) және КСРО-ның (1967) халық әртісі. Әншінің репертуарында қазақтың халық әндері, Қазақстан композиторларының шыгармалары, сондай-ақ П.И.Чайковский мен С.Б.Рахманиновтің романстары, Н.И.Римский-Корсаковтың опера-ларынан ариялар және Батыс Еуропа композиторларының вокалдық шыгармалары бар.



6. Қазақтың операсына еңбегі сіңген өнерпаз туралы мақала жазу үшін күрделі жоспар күр.



7. Қазақтың дәстүрлі ән жанры мен қазақтың опера жанрының ортақ белгілері мен айырмашылықтарын Венн диаграммасы арқылы сипатта.

§37. Ғасыр бұлбұлы




Он – халық үні, оның шындығы, оның ойы мен сезімі.

Жамбыл Жабаев



1. Қазақтың би өнерінің ханшаймы – Шара Жиенқұлованың өнші Құләш Байсейітова туралы естелігін тында. Автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талда.



2. Өнші Құләштің бойынан қандай қасиеттер көрдін? Жұбынмен талқыла.



3. Мәтінді оқы. Құләш Байсейітова туралы жазылған естеліктердің авторларына сілтеме жаса.

Айман, Қызы Жібек, Қадиша, Шұға, Ақжұніс, Баттерфляй, Маро, Ажар, Сара... Құләш Байсейітованың қазақ операсының сахнасына алтын шегелермен шегелеп кеткен бейнелері – осылар. Сахналық аз өмірінің ішінде осынша көп, осынша дәл жасалған көркем бейнелер дүниелік театрлар тарихында сирек кездеседі.

Бұл рөлдерді біздің сахнада Құләштан бұрын ешкім ойнаған жоқ. Бізде мектеп көрген режиссер де, дирижер де болған емес. Құләштің өзі де музыкалық мектептің есігін ашқан жан емес-ті. Асқан талантты актриса көркеменерде толып жатқан «таныс-бейтанастырудың» бейнелерін жасау сияқты биік қырқаларға жалғыз асты. Бірақ шын мағынасындағы жетекшісі болған жоқ. Талант жолы осылай болмақ, дарынды адам жолды тыңдан салмақ.

Бұл опералардың музыкалық арқаулары да қазақ өндері, қазақ күйлері. Құләш жасаған бейнелердің даралығы, нанымдылығы сонша – әр жаңа спектакльден кейін Құләш көпке дейін Айман, Қызы Жібек, Баттерфляй, Ақжұніс, Қадиша, Ажар, Сара аталып журуші еді.

Fabit Mysirapottiq «Чудо» мақаласынан



4. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бұлбұл құс басқа құстардан несімен ерекшеленеді деп ойлайсыңың?
2. «Бұлбұлдай сайраган», «бұлбұл дауысты», «күміс көмей» деген сипаттарды не себепті әншілерге қатысты қолданған?



5. Етістіктердің қай шақта тұрғанын анықта.

Үкілі Ыбырайдың «Гөкку» атты әні Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің ариясы болып жарқетті. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің онкүндігінде Жібектің рөлінде ойнаған бұлбұл үнді Күләш Байсейітова «Гөккуді» бірінші рет орындалды. КСРО халық әртісі атанды. «Гөкку» деген ән жүлдізы мен Күләш деген әншіліктің жүлдізы қатар жанды.

Кәкімбек Салықов



6. «Қыз Жібек» операсында Күләш орындаған Жібектің ариясы туралы қысқаша мәтін жаз. Жұбынмен алмасып, бір-бірінің мәтінінді тексер, түзетулер енгізіп, редакцияла.




7. Етістіктерге журнақ жалғап, өткен шақ етістіктеріне айналдырып жаз.

Жедел өткен шақ	Бұрынғы өткен шақ	Аудиоспалы өткен шақ
Күләш әнді на- қышына келтіріп орында...	Ең бірінші «Шүға» спектаклінде ойна... «Қыз Жібек» операсы үлкен тарихи оқиға бол...	Күләш образдар та- бигатын тап басып тани...
Кейіпкер болмысын аша тус...	Операга 50-ден аса ха- лық әндері мен күйле- рі кір...	Әнді халық мәнеріне жақын етіп орында...
Күләш бұл әнді жандандырып жи- бер...	Халық әндерін опера әншілерінің өздері танда...	Ол көсіби деңгейдегі опералық әнші бол...
Оның даусы кең де биік бол...		Біз «Қыз Жібек» опе- расын қызығып көр...



8. Сөзжұмбақты шеш. Айрықша торкөзден қандай сөз шықты?



1. Қазақ халқының аспаппен орындалатын музыка жанры.
2. Халық сазгері, белгілі әнші Үбидай Сандыбайұлына қосымша телінген атау.
3. Әнші құс.
4. Қызы Жібектің сүйікті әні.
5. Қазақ би өнерінің падишасы.



9. Суретке қарап, Күлөш Байсейітова туралы «Фасыр бұлбұлы» атты мақала жаз.



§38. Қазақтың ұлттық музикалық аспаптары



Халық аспаптарының ішектерінде ғасырлар бойыдан алдың түншілік болып тұр.

Ахмет Жубанов



1. Өлеңді тыңдаң, жетіген туралы аңызды өз сөзіңмен баяндап бер. Өлеңнің негізгі ойын анықта. Суреттен жетігенді тап.



2. Аңыз саған қандай ой салды? Аңыздың басқа нұсқаларын білесің бе? Жұбыңмен талқыла.



3. Мәтінді оқып, сұрақтар құрастыр. Тобыңмен талқыла.

Музыка әлемі – адамзат мәдениетінің байлығы ішіндегі мұхиттай шексіз, ғажайып дүние. Әр алуан тарихи деректерге жүгінсек, халық өнерінің қоры шексіз де, музикалық аспаптардың түрі көп болғаны анық.

Ата-бабаларымыз тастан, ағаштан, темірден, өсімдіктерден, саздан, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан тағы басқа да дыбыс шығаруы мүмкін заттардан қарапайым ән-күй аспаптарын жасаған екен.

Қазақтың ұлттық музикалық аспаптарын төмөндегідей топтарға бөлеміз:

1. Шертпелі-ішекті аспаптар: жетіген, шертер, домбыра, адырна, шіңкілдек, ортеке, үш ішекті домбыра.

2. Үрмелі аспаптар: сыбызғы, қурай-ысқырғыш, сазсырнай, ысқыруық, қамыссырнай, қоссырнай, қауырсынсырнай, мүйізсырнай, ұран, керней.
3. Қияқпен ойналатын – қылқобыз.
4. Ұрып ойналатын: даңғыра, кепшік, дабыл, дудыға, дауылпаз, шыңдауыл.
5. Сым тілшелі – шаңқобыз.
6. Сілкіп ойналатын аспаптар: асатаяқ, шың, сылдырмақ, қоңырау.

Қазақ даласының кең тынысын күй мен жырға арқау еткен өнерпаздарымыз ел тарихының алтын парагында өз үлесін таңбалап кеткен.

Халқының мұң-зарын қобыздың ашы үнімен сөйлетіп, қуанышын домбыраның қоңыр үніне сыйдырта алған текті бабаларымыздың бүгінгі үрпағы осындай құнды жәдігерлерін көздің қарашиғындаи сақтап келеді.

Үлт мәдениетінің осы жаунарларын сіз Алматыдагы Қазақ халық музикалық аспаптары мұражайынан кезіктіре аласыз.

*Зейнеп Мәжікенқызының
«Қазақ халқының музикалық аспаптары»
мақаласынан*



4. Жұбыңмен ақылдасып, 1-тапсырмада берілген суреттегі музикалық аспаптарды ата.



Етістіктің райлары

Сейлеушінің сезі арқылы қимылдың болмысқа, шындыққа қатысын немесе айтушының көзқарасын білдіретін етістік формалары рай деп аталады.

Ашық рай – үш шақтың бірінде тұрган қимылдың шындыққа қатысын көрсететін етістіктің формасы. Мысалы: *Жел соғады. Жел соқты. Жел соғып тұр.*

Шартты рай – іс-әрекеттің болу-болмау, іске асу-аспау мүмкіндігінің шартын көрсететін рай түрі. Етістікке -са, -се жүрнагы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *Жақсы оқысан, кейін пайдасын көресін. Ертерек келсем, уақыт үтамын.*



- 5.** Етістіктерге рай жүрнәқтарын жалғап, көшіріп жаз.

Ашық рай (өткен шақ)	Шартты рай
Қазақ ерте заманнан музыкалық аспаптар жаса...	Музыкалық мектепте оқы..., нотаны тез үйренесін.
Еліміздің мұражайларында көне музыкалық аспаптары сақтал...	Нота біл..., музыкалық аспапта жақсы ойнайсың.
Даланың тынысын күй мен жырга арқау ет...	Музыкалық аспапта жақсы ойна..., әнді де жақсы айтасың.



- 6.** Өзің ізденіп, мәтінді жалғастыр.

Алматыдағы Қазақ халық музыкалық аспаптары мұражайына Үқылас күйшінің есімі берілген.

Үқылас – XIX–XX ғасырларда өмір сүрген атақты музыкан...



- 7.** «Қазақтың үлттық музыкалық аспаптары» тақырыбында шағын мақала құрастырып жаз.
- 8.** Ашық рай мен шартты рай жүрнәқтарын дұрыс жалғап, сойлемдерді көшіріп жаз.

Ата-бабамыз ағаштан музыкалық аспаптар жаса.... .

Анасы тазысын ізде..., үшты-күйлі жогалып.... .

Қорқыт атанаң бізге тамаша он бір күйі жет.... .

Қазақ халқы үшін қобыз киелі аспап болып санала.... .

Әміре ән сал..., халық үйіп тыңда.... .

Егер де музыкалық шығарма тындаушыға ұна..., оның есінде үзақ сақтала.... .

Мен шаңқобыз тартуды тез үйрен.... .

Сіз Қазақ халық музыкалық аспаптары мұражайына бар...ңыз, осы аспаптармен таныса.... .



- 9.** Қазақ халық музыкалық аспаптары мұражайының сайтына кіріп, онлайн саяхат жаса. Өзіңе үнаган аспап туралы мәтін жаз.

§39. Қазақтың киелі домбырасы



Екі ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-пәл кем бұра.
Қазақ – нағыз қазақ емес,
Нағыз қазақ – Домбыра!

Қадыр Мырза Әлі



- Шемішбай Саринтің өлеңін тыңдал, домбыраның біздің өмірімізде алатын орнын жұбынмен талқыла.



- Мәтінде домбыраны неге теңейді?
Себебін түсіндір.



- Мәтінді оқы. Музыканың құдіреті туралы тағы қандай азыздарды білесің? Дереккозіне сілтеме жаса.

Ертеде бір кісінің түйесі боталап, екі күннен соң ботасы өледі. Тұмса түйе ыңыранып, ботасын іздей береді. Бір күні иесі сыртқа шығып қараса, түйенің екі көзінен жас парлап ағып тұр екен. Сол ауылда Әуелбек деген білгір адам болады. Түйенің иесі соган барады. Сонда Әуекең: «Оны иіту шебер домбырашының гана қолынан келеді...», – дейді.

Түйенің иесі: «Інгенді иіте алған өнерпазга тарту берумен бірге қызыымды беремін», – деп, елге жар салады.

Хабар жеткен жерден бақтарын сынамақшы болып, талай домбырашы келеді. Бірақ мая иімейді. Бір күні қария кісі келіпті. Шал домбыраның үнін «көуіс-көуіс» деп келтіріп, түйенің боздағанын салып тартқанда, маяның алпыс екі тамыры босап, сұт келеді. Қыз нардың емшегін қатты қысып тұрып, күйдің ортасынан аса бергенде:

– Иімеді. Келесі кісі тартсын, – дейді.

Кезек жас жігітке келеді. Жігіт күйін біраз тартқаннан кейін, қыз түйенің емшегін босатып, саяу бастайды.

Қыздың бұл құлығын сезген шал оған қарап:

– Шырагым, маяны іткен менмін. Егер осы айтқаным бекер десен, өлгі күйімізді екеуміз екі жерде тұрып тарталық. Жануар кімге еміреніп келер еken? – дейді.

Шал мен жігіт бағанағы күйлерін тағы да тартады. Айтқандай-ақ, түйе шалдың шапанын иіскеп, ере беріпті. Мұны көрген халықтың нарды кім идіргеніне көзі жетеді. Қария:

– Қарагым, бұдан былай құлық пен өтірікке үйір болма. Қосағыңмен қоса ағар, бақытты бол! – деп, батасын беріп, қызды домбырашы жігітке қосады.

«Қазақстан» энциклопедиясынан



4. Домбыра жайлышынан қандай қанатты сөздерді білесің? Авторларына сілтеме жаса.



5. Мәтіннен 5 сойлем алып, етістіктерін шартты рай тұлғасында жаз.

Улғи: Ингенімді шіте алса, қызымыды беремін.



Етістіктің райлары

Қалау рай айтушының қымыл, іс-әрекетті жүзеге асыруға бағытталған ниетін, тілегін, ынтасын білдіреді. Етістікке: 1) -ғы, -ғі, -қы, -қі жүрнағы мен тәуелдік жалғауы жалғануы және кел көмекші етістігінің тіркесуі арқылы; 2) -ғай, -ғей, -қай, -кей жүрнағы, оған жіктік жалғауы жалғану арқылы; 3) -са, -се жүрнағы жалғанып, одан кейін *игі* сөзі мен еді көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: білдім келеді, барса *игі* еді, көрсем еken, жеткізгейсің т.б.



6. Қанатты сөздерді пайдаланып, музыканың адам өміріндегі ролі туралы мақала жаз.

Біз музыкадан нәр аламыз. Музыканың құдіреті жан дүниемізді толқытып, көnlімізді көтереді (*Аристотель*). Музыка адам жанын жарқыратып, жалыннатуы тиіс (*Л.Бетховен*). Музыканың жұмыс салдарынан пайда болған шаршагандықты ұмыттырып, өзіне баурап әкететін қасиеті болады. Ол бізге осы жұмыстың зардабына шыдауга, төзуге көмек береді (*әл-Фараби*). Қазақтың отаншылдық жігеріне толы халық музыкасының ешкімге, ештенеге үқсамайтын ерекше

тартымдылығы сондай – қазақ өнін тыңдағанда күллі дала көз алдыңдан откендей болады (Р.Роллан).

- ✓ 7. Етістіктерді қалау рай тұлғасында түрлендір.

Қалау рай (-ғы, -гі, -қы, -кі)	
Мениң үйрен...	Біздің үйрен...
Сенің үйрен...	Сендердің үйрен...
Сіздің үйрен...	Сіздердің үйрен...
Оның үйрен...	Олардың үйрен...

- ✓ 8. Қалау рай журнақтарын дұрыс жалғап, көшіріп жаз.

Музыкалық аспаптар мұражайына бар...сың. Ұлт мәдениетін келешек үрпаққа жеткіз...міз келеді. Көне музыкалық аспаптарды көр...сі келді. Демалыста ауылға бар...қигі еді. Мениң сөзімді дұрыс түсін...сің. Біздің өнер сайысына қатыс...мыз келеді. Оның консерваторияға оқуға түс...сі келеді. Жұмысынды тезірек аяқтап, үйге қайт...сың.

- 🏠 9. Суретке қараң, «Домбыра – қазақ халқының ұлттық аспабы» тақырыбында мақала жаз.



§40. Күй анасы – Дина



...Дүниені бір өсем күй басады,
Төгілгенде теңіздей Дина сазы.

Фариза Оңгарсынова



1. Өлеңді тындалап, ақынның Дина домбырасын қалай сипаттағанын әңгімеле.
2. Сұрақтарға жауап бер.



1. Ақын Динаның домбырасын нелерге тендейді?
2. Автордың қандай көңіл күйін байқаудың? Саған қандай ой салды?



3. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.



1937 жылдың күзінде Алматыға Динаның келуі біздің музыкалық өмірімізде үлкен оқиға болды. Ол – ұлы күйшінің кезін көрген адам еді. Сондықтан ба, жетпіс алты жастагы домбырашы ана филармонияның сахнасына шыққанда, тындаушы халықтың соққан шапалагынан үй қозгалғандай болды.

Кешегі өйел тенденцияның аяқта басқан заманда өнерімен өрге жүзген, ескілік құрсауын домбырасымен үзген ер ана сүйріктей саусақтарымен бірінің артынан бірін күйді боратты. Бұл бір күй дүниесінің салтанаты болды. Күйдің кульминациясына келгенде, домбыраның мойнын онды-солды қозғап, көз ілеспейтін қағыспен домбырасын дүрілдедті.

Дина Құрмангазының бүрін бізге беймөлім «Төремұрат», «Амандасар», «Жігер» және тағы да басқа күйлерін алыш келді.

Құрмангазының шәкірті болғанымен, Динаның орындаушылығында, шыгармашылығында өзіне тән дәстүрі болатын. Дина – Құрмангазы шәкірттерінің ішіндегі ең күштісі. Ол үстазын өле-өлгенше қастерлеумен, мадактаумен етті.

Ахмет Жубанов



4. Сұрақтарға жауап бер.

- «Күй атасы» деп кімді атайды? Дина Нұрпейісованы неге «Күй анасы» деп атайды?
- Дина Нұрпейісова туралы қосымша ақпарат жинақта.



Етістіктің райлары

Бұйрық рай қимылдың іс-әрекеттің орындалу-орындалмауында біреуге бұйыру, тілек ету, тұртқи болу сияқты мағыналарды білдіреді. I жақта етістікке -айын, -ейін, -ынын, -йін; көпші түрде -айық, -ейік, -ыық, -йік; II жақта қосымша болмайды, көпші түрде -ыңдар, -іңдер, -ңдар, -ңдер; III жақта -сын, -сін қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: Мен барайын. Біз барайық, Сен бар. Сендер барыңдар. Сіз барыңыз. Сіздер барыңыздар. Ол (олар) барсын.



5. Бұйрық рай журнақтарын дұрыс жалғап, жаз.

Мен саған жаңа күй үйрет...

Біз ұлттық мұрамызды ұлықта...

Сен П.И. Чайковскийдің «Ақку көлі» балетіне бар...

Сендер Ф.Жұбанованың музыкасын тыңда...

Сіз осы іс-шараны өз жауапкершілігіңізге ал...

Сіздер күнды жәдігерлерді көздің қараышындай сакта...

Ол (олар) есеп беру концертіне қатыс...



6. Менгерту, іздел келу, дәлелдеу, орындау, көрсету, берілу, иелену, шыгару етістіктерін рай формаларында түрлендіріп, сөйлем құрастыр.

Ұлғи: Агасы Майрага домбыра тартуды менгертпек болды (ашық рай, мақсатты келер шақ).

Домбыра тартуды менгергім келеді (қалау рай).



7. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің тақырыпқа сай қолданылуын тексеріп, синонимдерімен ауыстырып, мәтінді редакцияла.

1937 жылы Ахмет Жұбановтың тапсырмасымен Смагул Көшекбаев Астрахань өлкесіне келіп, 76 жастагы Динаны

көндіріп, Алматыға әкеледі. Сол сәттен бастап күйші халықтың көз алдында болады.

1938 жылы «Социалистік Алматы» газетінде Динаның Құрманғазы туралы «Устаз» деген мақаласы шықты.

Ахмет Жұбанов оның өмір жолы мен шыгармашылығы туралы біраз еңбек жазды.

Дина қайтыс болған соң екі жылдан кейін Сөуірбек Бақбергеновтің «Дина» атты кітабы жарық көрді.

Кейін де күйшінің көзін көргендер мен үрпактары, тарихшы ғалымдар мен өнер зерттеушілері жазған мақалаларда қисап жоқ.



8. Етістіктерді турлендір.

Ашық рай (жедел откен шақ)	Шартты рай
Мен өнерге баулы...	Мен күй тарт...
Сен өнерге баулы...	Сен күй тарт...
Сіз өнерге баулы...	Сіз күй тарт...
Ол өнерге баулы...	Ол күй тарт...
Біз өнерге баулы ...	Біз күй тарт...
Сендер өнерге баулы...	Сендер күй тарт...
Сіздер өнерге баулы...	Сіздер күй тарт...
Олар өнерге баулы...	Олар күй тарт...
Қалау рай (-ғы, -ғі, -қы, -қі)	Бүйрық рай
Мениң күй тында...	Мен өнер көрсет...
Сениң күй тында...	Сен өнер көрсет...
Сіздің күй тында...	Сіз өнер көрсет...
Оның күй тында...	Ол өнер көрсет...
Біздің күй тында...	Біз өнер көрсет...
Сендердің күй тында...	Сендер өнер көрсет...
Сіздердің күй тында...	Сіздер өнер көрсет...
Олардың күй тында...	Олар өнер көрсет...



9. Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл» күйін немесе өзіңе ұнаган күйін тында. Алған әсерінде сипаттап, «Күй құдіреті» тақырыбында мақала жаз.

VI

БӨЛІМ

ФАЛАМТОР ФАЛАМАТЫ

ШЫЛАУ ТҮРЛЕРІ. ШЫЛАУ ЕМЛЕСІ

- §41. Адам виртуалды кеңістікте
- §42. Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған
- §43. Ұлттық қындылықта тәрбиелейтін гаджеттер
- §44. Ақылды гаджеттер
- §45. Ең көп қолданыстағы желілер
- §46. Компьютердің адам ағзасына өсері және фаламтордың зияны
- §47. Жасанды интеллект
- §48. Фаламтор және кітап
- §49. Фаламтор және мен

§41. Адам виртуалды кеңістікте



Өмір – ең алдымен, виртуалдылықпен емес, шындықпен кездесу.

Альберт Эйнштейн



1. Өлеңді тыңдалғанда, адам болып қалудың маңыздылығын түсіндір. Өз жауабынды жұбыңың жауабымен салыстыры.



2. Тыңдалған мәтіннің негізгі идеясын Стив Джобстың: «Уақытыңыз шектеулі, оны виртуалды әлемде басқа біреудің өмірімен откізіп алмаңыз», – деген сөзімен байланыстырып, әңгімелеп.
3. Мәтінді оқып, проблемалық сұрақтар құрастырып.



Виртуалды әлемде адасқандар

Мен ескі компьютерімді өшіргенде, қараңғы түн болатын. Фаламтордың шексіз әлемін шарлаған бірнеше сағат ішінде туындаған ойлар тынышталсын деп, біраз уақыт қозғалмай отыруға тырыстым. Басым гүілдеп тұр.

Виртуалды өлемде супермен немесе өзің қалаған адам болу өте оцай: тырысудың, еңбек етудің қажеті жоқ, ал қателескен жағдайда ойынды қайта бастауга болады. Бұл жалған өлемде жеңіліс жоқ. Бұл өлемнің патшасы – сен. Сен әрқашан жеңімпаз боласың және осы өлемнің сыртында сенің дарыныңды ешкімнің білмейтіні маңызды емес. Сондықтан осындай виртуалды өлем шынайы өлемнің орнын басып келе жатыр. Осы екі өлемді үйлестіре білу үшін, виртуалды өлемді екінші орынға қоя білу керек. Қазіргі уақытта қорқыныш пен шынайы өлемге деген сенімсіздік басып кетіп, шынайы өлемді ұмытып, виртуалды өлем жеңіп, төулік бойы осы өлемде отырған адамдар жайлы әңгімелер ешкімді таңгалдырмайтын болды.

«Өзін-өзі тану» оқулығынан



4. Виртуалды өлемді өз қажетіне жаратып, жақсы мен жаманды ажырата алуға кім (не) көмектеседі деп ойлайсың?



Шылау туралы түсінік

Шылау – сез бен сезді, сейлем мен сейлемді байланыстыратын және өзі тіркескен сезге қосымша мағына беретін кемекші сездің бір түрі. Белгілері:

- 1) шылаудың толық лексикалық мағынасы болмайды;
- 2) сейлемде шылау сейлем мүшесі бола алмайды;
- 3) шылаулар сез бен сезді не сейлем мен сейлемді байланыстырады;
- 4) толық мағыналы сездің жетегінде оған қосымша мән үстейді;
- 5) шылауларға қосымша жалғанбайды, белек жазылады.

Мысалы: мен (бен, мен), және, да (де, та, те), бірақ, үшін, сияқты, туралы, дейін (шейін), сондықтан, не, немесе, алайда, сайын, гөрі, соң, кейде, -ақ, гой, ма (ме, ба, бе, па, пе) т.б.

Мысалы: жақсы мен жаман; үйге дейін барды; мен де барамын; сен де барасың ба? т.б. Алғашқылар сез бен сезді байланыстырса, кейінгілер сезге қосымша мән үстеп тұр.

Грамматикалық сипатына қарай шылау сездер үшке белінеді:

- 1) жалғаулық шылау;
- 2) септеулік шылау;
- 3) демеулік шылау.



- 5.** Мәтіннен шылауларды тауып, қызметін анықта.

Ұлғі: мен де. «Де» толық магыналы сөзге күшетту мәнін үстеп түр.

Фаламтордағы барлық ақпаратқа сенетін едім. Бірде «YouTube» желісінен ұялы телефонның беріктігін тексеру туралы бейнеказба көрдім. Сол сияқты мен де телефонымды суга салып, тексердім. Аздан соң телефоным істен шығып қалды. Осыдан соң ғаламтордағы барлық ақпаратқа сенуге болмайтынын түсіндім.



- 6.** Мәтін құрылымын (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) сақтап, графикалық ақпаратты сипаттап, жинақы мәтін жаз.



«Google» іздеуіш жүйесінің атауы «googol» (100 нөлі бар ондық) сөзінен шыққан. Доменді тіркеу кезінде қате кетіп, «Google» болып жазылып кеткен.

«YouTube»-ке жүктелген ең бірінші бейнеказба «Мен хайуанаттар бағындармын» деп аталып, ол ешкімге де қызық болмаган.



- 7.** Оқылым мәтініндегі ойды жалғап, бүкіләлемдік ғаламтордың тарихы туралы мәтін жаз.

§42. Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған



Халықтың кемеліне келіп өркендер өсуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім қажет.

Шоқан Уәлиханов



1. Ы.Алтынсариннің өлеңін тыңдаپ, ғылым мен техниканың қай түрі туралы айтылғанын әңгімелеп. Деректер мен авторлық көзқарасты ажырат.



Деректер	Авторлық көзқарас



2. «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» қазіргі және бұрынғы хабар алу тәсілдерін салыстырып, талқыла.
3. Графиктік ақпаратты интерпретацияладап, тұтас мәтін түрінде оқы.



Алғашында ғаламторды айшылық алыс жерлерден хабар алғызып, онлайн ақпарат іздестіру үшін гана пайдаланған қолданушылар үшін қазір оның түрлі қызметі бар. Ғаламтордың ғаламаты – үйде немесе әлемнің кез келген нүктесінде отырып, шаруанды бітіре аласың.



Мейлі үйде, мейлі түзде болсын, ғаламтор – сіздің күнделікті уақытыңызды үнемдеуге үлкен себеп.

Маржан Тілеубек



4. Ақпарат алмасу құралдарын ғаламтор қалай алмастырганы туралы қысқаша өңгімелеп, дәлелде.



Шылаудың түрлері. Жалғаулық шылау

Жалғаулық шылау тен дәрежедегі, өзара салапаса байланысқан сейлем мүшесері мен сейлемдерді байланыстырады. Өз ішінде алты түрге белінеді:


1. Ұңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да (де, та, те), жөне, һөм, өрі.
2. Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: бірақ, алайда, дегенмен, өйтлесе, өйткенмен, сонда да.
3. Талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар: не, немесе, я, яки, болмаса.
4. Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті.
5. Шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: егер, егер де.
6. Кезектес қатынасты білдіретін жалғаулықтар: кейде, бірде, біресе.



5. Ата-анаццан «Сізге қай байланыс түрі үнайды?» тақырыбында сұхбат ал. Жалғаулық шылаудың 6 түрін де қатыстырып, сұхбат мәтінін жаз.



6. Сызбада берілген ақпаратты сипаттап, мәтін жаз. Лезде хабар алмасу құралдарының артықшылығы мен кемшілігін дәлелде.



7. Өнердегі, білімдегі, спорттағы жетістігімен құттықтап, танысында не әйгілі адамға СМС хабарлама жаз. Мәтінде жалғаулық шылаудың болуын ескер.

§43. Ұлттық құндылыққа тәрбиелейтін гаджеттер



Кімде-кім халқынан алмаса төлім,
Оны үйрете алмас ешбір мұғалім.

Жүсіп Баласагуни



- Мәтінді тыңда. Сөйлеушінің сұрағына жауап беріп, мәтінді аяқта.



- Өзің үшін ең басты үш ұлттық құндылықты ата. Қазіргі технология мен ұлттық құндылықтарды қалай байланыстырамыз?



- Мәтінді оқып, проблемалық сұрақтар құрастыр.

...Астаналық кәсіпкер Жанар Мырзагалиеваның балаларды кішкентай кезінен ұлттық салт-дәстүрге баулу мақсатында ойлап тапқан электронды оқулығы «Ақылды қоян» деп аталады. Әдеттегі ойыншықтан айырмасы – онда халық ертегілері, мақал-мөтел, Абай өлеңдері, тыйым сездер мен ұлттық атауларға түсінік берілген.

Оның тағы бір инновациялық жобасы – «Дана қалам», бұл қалам 8 кітабымен қоса беріледі. Қаламды кітап бетінде жүргізген бойда мұндағы әріптер, сан-алуан ертегілер, балалар өлеңдері қазақ жөне ағылшын тілдерінде дыбысталады.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер сайтынан



- Улттық құндылықты дәріптеудеғы ғылым мен технология жаңалықтарын пайдалану туралы идеяларынды тобынмен талқыла.



Септеулік шылау

Септеулік шылау түбір тұлғадағы, барыс, шығыс, кемектес септіктеріндегі сездерді менгеріп, түйдекті тіркес түрінде жұмсалады да, сейлем ішіндегі басқа сездермен байланысқа түседі. Мысалы: *Жинальстан кейін сабакқа барамын. Үйге таман жақындастық. Ол досы туралы көп өңгіме айтты. Мұнда кейін шығыс септік жалғаулы сезді, таман барыс жалғаулы сезді, туралы түбір тұлғалы сезді менгеріп, іс-қимылды білдіретін сездермен байланыстырып тұр.*

Септеуліктер	Мағынасы	Шылаулар
Түбір тұлғасындағы сезден соң	Себеп, мақсат, дара-лау, ұқсату, істің қай-талануын білдіреді.	үшін, сайын, сияқты, секілді, төрізді, туралы, бойы, жайлы, жайында
Барыс септік тұлғасындағы сезден соң	Мезгіл, мекен мағына-сын білдіреді.	дейін, (шейін), таман, са-лым, жуық, қарай, таяу
Шығыс септік тұлғасындағы сезден соң	Тандау, салыстыру, мезгіл, күшету мағы-насын білдіреді.	әрі, кейін, соң, бері, өрі, бұрын, бетер
Кемектес септік тұлғасындағы сез-ден соң	Іс-әрекетті бірнеше субъектінің бірін жа-сағанын білдіреді.	қатар, бірге, қабат

5. Оқылым мәтінінен 5 сөйлем алып, септеулік шылауларды қатыс-тырып, қайта жаз.

6. Септеулік шылауды қатыстырып, галамтордың пайдасын әнгімелe.

Улғи: Галамтор арқылы жылдам ақпарат алмасамыз, ...

7. Тыңдалым жөне оқылым материалдары бойынша тірек сездерді синонимдік қатарымен ауыстырып, жинақы мәтін жаз.

8. Өлеңді оқып, пікір, дәлел, мысал, қорытынды жаз.

Елге үстаздық еткен қарттан алғыр, құйма құлақты
Қонақтары сұрапты:

– Аға, неше балаңыз бар соңыңыдан самғаган?

– Бір жарым! – деп тіл қатыпты әлгі адам.

– Ал дәл айтсам, үш ұлым бар зерек өрі білімді,
Үшеуі де ғылым қуып назарга ерте ілінді.

Сол үш ұлдың бірі ғана қайсар, үшқыр арманын,
Техникалық санаты мен ғылыми өр талғамын
Өз ұлтының рухани байлығына жалғады,
Содан шуақ, қуат алып, галамдық ой толғады.

Рұхы, жаны аласаның зорлық жатар парқында,
Сондықтан қос перзентімді санаймын мен жарты үлға.

Мұхтар Шаханов

§44. Ақылды гаджеттер



Ақылды гаджеттер біздің өміріміздің бір белгіне айналды, бірақ сізге қолдау көрсететін адам екенін ұмытпаңыз.

Шерри Туркл



- Мәтінді тыңдалап, ондағы деректер мен авторлық көзқарасты ажырат.

Мәтіндегі деректер	Авторлық көзқарас



- «Ақылды үй» туралы естіген боларсың? Оның адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелे.



- Графиктік ақпаратты интерпретациялап, тұтас мәтін түрінде оқы.

Ақылды үй – мобиЛЬДІ немесе басқа желілік құрылғы арқылы кез келген жерден автоматты түрде басқаруга болатын смарт үй.



4. Тапсырмаларды орында.

- Суреттегі гаджеттердің атқаратын қызметін білесің бе? Әңгімелे.
- Бұл гаджеттер адам өмірін қаншалықты жөнделетеді? Жауабыңды дәлелде.

Демеулік шылау

Демеулік шылау сөзге немесе сейлемге күшайту, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән, нақтылау мәнін үстейді. Демеуліктер сөзге не сейлемге үстейтін мағынасына қарай алты түрге белінеді.

Демеулік шылау түрлері	Мысалдар
Сұраулық демеуліктер: ма (ме, ба, бе, па, пе), -мы (-мі, -бы, -бі, -пы, -пі).	Барасың ба? Барамысың? Келесің бе? Келемісің?
Күшайткіш демеуліктер: -ак, -ау, -ай, өсіресе, да (де, та, те).	Магжан да, Ахмет те, осы-ак, досым-ай, қарагым-ау

Демеулік шылау түрлері	Мысалдар
Шектік (тежеу) демеуліктері: <i>ғана</i> (<i>қана</i>), <i>тек</i> .	<i>тек жастар, бір өріп қана, сен ғана</i>
Болжалдық демеуліктер: - <i>мыс</i> (- <i>mіs</i>).	<i>болыпты-мыс, өмір сүріпті-міс</i>
Болымсыздық немесе қарсы мәнді салыстыру демеуліктері: <i>түгіл, тұрсын, тұрмақ</i> .	<i>ол түгіл, сен тұрмақ</i>
Нактылау мәнді демеуліктер: <i>қой</i> (<i>гой</i>), - <i>ды</i> (- <i>dі</i> , - <i>ты</i> , - <i>mi</i>).	<i>сол гой, айтқан-ды, көрген-ді</i>



5. Демеулік шылауларды қатыстырып, ақылды гаджеттер туралы сөйлемдер жаз.

Улғи: Ақылды гаджеттерді қолданып көрдің бе?..



6. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сездер мен соғын тіркестерін синонимдерімен ауыстырып, жинақы мәтін жаз.



7. Қызық мәліметтерді оқып, шылауларды тап.

Ақылды жастықтың бар екенін білесіз бе? Бұл жастық адамның қимылсыз жатқан уақытын, тыныс алуды мен жүрек қағысын зерттеп, смартфонга жазылатын арнайы программа арқылы ескеरту жасап отырады.

Сенсорлық шенбер секілді сым адамның басын тынықтыруға және тыныштандыруға қабілетті-міс.

Тіс щеткасы тісті мұқият тазалап қана қоймайды, қозгалыс жиілігін, күшін және тазалау уақытының ұзақтығын смартфоннан көрсетіп, нәтижені талдайды.



8. «Денсаулықты жақсартуға комектесетін гаджеттер» тақырыбында мақала жаз.

§45. Ең көп қолданыстағы желілер



Инновация – қындықтарды жеңе білу.

Малколм Гладвелл



1. Мәтінді тындаң, жұбыңың сұрағына тындалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап бер.



2. Сұрақтарға жауап бер. Өз жауабыңды жұбыңың жауабымен салыстыр, талқыла.

1. «Әрқайсымыздың «цифрлық ізіміз» қолданыста болады» деген болжамға қалай қарайсың?
2. Сеніңше, бұл беталды галамторға кіруді, біреуге жағымсыз пікір жазуды шектей ме?
3. Бұл шындыққа айналса, біздің өмірізде қандай өзгерістер болады деп ойлайсың?



3. Мәтінді оқып, проблемалық сұрақтар құрастыр.

Әлемді аландатқан әлеуметтік желілер

Әлеуметтік желі адамдардың қарым-қатынасына құрылады, демек, әлеумет – халық, адамдар тобы болса, желі – байланыс, қарым-қатынас.

Әлеуметтік желілер 1995 жылдан бастап қолданылуда. Алғашқы болып «Classmates.com» (сыныптастар) әлеуметтік желісі шықты. Ал 2003 жылы «MySpace», «Facebook» секілді желілер қосылды.

Зерттеушілердің статистикалық мәліметіне сүйенсек, олемде көп қолданылатын әлеуметтік желілер: «Meta», «Last.fm», «LinkedIn», «MySpace», «Twitter», «Instagram», «Telegram», «WhatsApp», «YouTube» т.б.



4. Екі түрлі пікірдің бірін қолдан, жинақы мәтін жаз.

1. Мен үшін желі пайдалы. Мен өзімді желісіз елестете алмаймын, себебі...
2. Мен жастардың желіде ертеден кешке дейін отыруына қарсымын, өйткені...



5. Сабакқа дайындық барысында қай желінің қолданасың? Неліктен?



Шылаудың емлесі

Мен (бен, мен) жалғаулығы кемектес септік жалғауымен сырт тұлғасы жағынан үқсас. Айтальық, Кітапты ақылды қаламмен оқыды деген сейлемде -мен кемектес септік жалғауын түсіріп айтуға болмайды. Ал шылаудың орнына үтір қойып не басқа шылаумен алмастыруға болады. Мысалы: ақылды қалам мен кітап дегенді ақылды қалам және кітап деп айтуға болады.

Да (де, та, те) шылауы сырт тұлғасы жағынан жатыс септік жалғауымен тұлғалас. Жатыс септік жалғауы сезге жалғанып, бірге жазылады, оны түсіріп айтуға болмайды. Ал шылау белек жазылады және оны түсіріп немесе басқа жалғаулықпен алмастыруға болады. Мысалы, Ақылды үйде тұруды армандаимын деген сейлемде -де жатыс септік жалғауын түсіріп айтуға болмайды. Ал Ақылды үй де, гаджеттер де керек деген сейлемді Ақылды үй, гаджеттер керек деп айта аламыз.



6. Жақшаның ішінде берілген шылау ма, қосымша ма? Жақшаны ашып, ережеге сай жаз.

Өлеуметтік желі арқылы сіз танысыңыз (бен) досыңызды тауып, олар (мен) байланыста бола аласыз. Әртүрлі топқа тіркеліп, өз ойыңыз (бен), көзқарасыңыз (бен) болісесіз.

Өлеуметтік желі арқылы өз бизнесін дөңгелетіп отыргандар бар. Өз тауарларын жарнамалап, желі арқылы сауда (да) жасай алады. Компаниялар өздеріне жұмыскер іздеу (де) осы өлеуметтік желінің көмегіне жүгінеді. Қазір қайда қарасаң (да), телефонына телміріп отырган адамдарды көресің.



7. Мәтінді жалғастыр. Ең көп қолданыстағы желілер туралы шылаудың үш түріне мысалдар жаз.

Қазақстанда күнделікті 6 миллионға жуық адам өлеуметтік желілерді пайдаланады екен. Ең танымал өлеуметтік желілердің қатарына ...



8. «Өлеуметтік желілер уақыт ұрлаушылар ма?» деген сұраққа «ПСМТ формуласы» бойыниша дәлел жаз.

§46. Компьютердің адам ағзасына әсері және ғаламтордың зияны



Жаңа технология бізге бұрынғыдан да көп мүмкіндік береді, бірақ оларды пайдаланудың жауапкершілігі де бар.

Бернард Марр



- Мира Сембайқызының ғаламтор жайлышы өлеңін тында. Деректер мен көзқарасты анықта.



Мәтіндегі деректер	Авторлық көзқарас



- Өлеңде ғаламтордың қай түсі көп сипатталған?



- Сызбадағы ақпаратты қосып, мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Компьютердің зияны туралы мақалалар өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап жарық көре бастады. Әсіресе алуан түрлі ойынның балалардың денсаулығына, жүйке жүйесіне зақым келтіретіні сол кезде-ақ ғылыми негізде дөлелденген.



Бұган қоса бала құмарпаздық салдарынан компьютерге төуелді болады, мінезі күрт өзгереді, айналасына немқұрайды қарауды әдетке айналдырады. Балада тек өзіне ғана мәлім «жабық әлем» қалыптасады. Тек компьютермен шектелген

бала ерте ме, кеш пе, әйтеуір қатарластарымен тілдесе алмайтын халге жетеді. Тіпті бұган дейін достасып жүрген жолдастарын жоғалтады.



4. Сұрақтарды тобыңмен талқыла.

1. Күніне неше сағат ғаламторда отырасың?
2. Ғаламтордагы қай сайтқа жиі кіресің?
3. Компьютерде жұмыс жасау барысында қанша уақыт са-йын үзіліс жасайсың?



Шылаулардың емлесі

Ма (ме, ба, бе, па, ле) демеуліктері сыртқы тұлғасы жағынан болымсыз етістік журнағымен (-ма, -ме, -ба, -бе, па, -ле) ұксас келеді. Шылау бөлек жазылады да, болымсыз етістік журнағы түбірге қосылып бірге жазылады. Мысалы: Компьютерде көп отырасың ба? Компьютерде көп отырмa!

Кейде бұл шылау -мы (-мi, -бы, -бi, -пы, -пi) түріне взгеріп, түбір сезге қосылып, жіктік жалғауының алдынан жазылады. Мысалы:

*– Әлеуметтік желіге жиі кіресіз бе? Айбектің баласысың ба?
– Әлеуметтік желіге жиі кіремісіз? Айбектің баласымысың?
-ақ, -ау, -ай, -мыс (-міс), -ды (-ді) демеуліктері дефис арқылы жазылады. Мысалы: Үйде отырып-ақ көп мәлімет аласың. Күннің суығынай! Ертеде бір балықшы болыпты-мыс. Қарагым-ау, неге кешіктің?
Бұл жерде бұрын компьютер клубы болған-ды т.б.*



5. Жақшаларды ашып, бірге не бөлек жаз.

Пернетакта алдың (да),
Дәу монитор түр қарап.
Көп шаруаны атқарап
Компьютер бұл гажап.

Керек емес қаламың,
Жазуды (да) жазады.
Қарындаш (пен) бояусыз
Суретті (де) салады.

Талай шаруа бүгін (де)
Компьютерсіз бітпейді.
Керек десең ол тіпті
Том-том кітап жүктейді.

Ғаламторга жалгасаң,
Жоқ оны (мен) таласың.
Бар сұраққа бір дем (де)
Миллион жауап аласың.

Бірақ байқа, балақай,
Оның (да) бар зияны.
Соны білген ата-анаң
Кейде сені тыяды.

Мира Сембайқызы



6. Досынцың сабак ұлгерімі төмендеп, мінезі күрт өзгерді. Анасының айтуыша, күні бойы компьютердің алдында отырады екен. Досына қандай кеңес берер едің?



7. Мәтін құрылымын сақтай отырып, сыйбадагы мәліметтерден «Компьютердің зиянынан қорғану шаралары» тақырыбында жинақы мәтін жаз. Шылаулардың емлесін ескер.



8. Тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, «Галамтордың пайдасы мен зияны» тақырыбында мәтін жаз. Ережедегі барлық деңеулікті қолдануға тырыс.

Тірек сөздер мен сөз тіркестері: *пайдалы, зиянды, спорттық ойындар, компьютерлік ойындар, кітап оқу, галамтордан іздеу, элеуметтік желі, анама көмектесемін, ережелерді сақтау, компьютер алдында, үзақ отыру, үзіліс жасау, денсаулығыма алаңдаймын, дұрыс шешім*.

§47. Жасанды интеллект



Технология Күннің түн ортасында шығуына мүмкіндік береді.

Артур Кларк




- Мәтінді тында. Жасанды интеллектінің мамандықты езгертуге қандай өсері бар екенін талда.



- Жасанды интеллект мұгалімді алмастыра ала ма? Өз ойынды ортага сал.



- Сызбадағы ақпаратты интерпретациялады, жасанды интеллект туралы мәтін құрастырып, оқы.



- Сабакта дайындалғанда жасанды интеллектінің көмегіне жүгінуге бола ма? Проблемалық сұрақтар құрастырып, тобыңмен талқыла.



- Шылауларды қатыстырып, мәтінді аяқта.

Фалымдар XXI ғасыр жасанды интеллект ғасыры екенін айтуда. Бүгінде әлемде жасанды интеллектінің алғашқы

қарлығаштары әр салада қолданыла бастады. Әрине, технологияның жетістігі адам игілігіне қызмет ететіні сөзсіз. Алайда...



6. Өзің құраган мәтіннен шылауларды тауып, түрлерін (жалғаулық, септеуілік, демеуілік) ажырат. Емлесін түсіндір.



7. Сөзжұмбакты шеш. Сөзжұмбак шешіміндегі бір сөзді таңдаң алыш, сол туралы жинақы мәтін жаз.

1. Жердің жасанды серігі.
2. Интернеттің ең бастапқы нұсқасын жасаган ғылыми-зерттеу орталығы.
3. Ақпаратпен жұмыс жасайтын құрылғы.
4. Сейлесуге арналған құрылғы.
5. Бізді интернетпен байланыстыратын программа.
6. Смартфон не компьютер арқылы басқа адамдармен байланыс жасауда болатын қосымша.
7. Откен ғасырда жеделхатты жеткізуді және қабылдауды іске асырган байланыс көсіпорны.
8. Өлеуметтік желінің ең алғашқы қосымшасы.

1.						И		
2.						Н		
3.						Т		
4.						Е		
5.						Р		
6.						Н		
7.						Е		
8.						Т		

§48. Фаламтор және кітап



Білімдіге дүние жарық.
Білімсіздің күні гаріп.

Мақал



1. Олеңді тыңда. Автордың кез-карасымен келіссесің бе?



2. Ақын пікіріне келісу/келіспеу себептерінді дәлелдей, сұхбаттас. Өз жауабыңды сыйнастарлыңың жауабымен салыстыр.



3. Мәтінді оқып, проблемалық сұрақтар құрастыр.



Мына заманда жастардың электронды кітапты оқығанының өзіне шүкіршілік айтуымыз керек. Әрине, бұл – техника, прогресс, бұл үдерістер женеді. Ертең саусағымызды шертіп қалып, көз алдымызға кез келген кітапты өкелетін технологияға жетуіміз мүмкін.

Кітапты оқудың мәнісі оның ішіндегі сөздің мәйегін, палсадасын, айтар ойын ала білуде той. Бірақ, әрине, шын кітапты оқығандай болмайды. Психолог мамандар кітаптың әр парагын саусақпен ашудың өзі адамның жаңына кереметтей ләззат, адамның қанына толқыныс беретінін дәлелдеген. Бірінші бетін аяқтап, келесі бетке көшкеннің өзі ойдаң үмтүлсына, мидың жасушаларының толық жұмыс істеуіне әсер етеді екен.

Кітапты темір жәшіктен оқығаннан гөрі көзben көріп отырып, саусақпен парактап оқыған тиімдірек деп ойлаймын. Бұл екеуінің арасында үлken айырма бар. «Тірі кітап» оқудың мәнісі ете зор. Өйткені ешқандай техника да, ешқандай экран да кітап дейтін қасиеттің ауыстыра алмайды. Кітап жастығыңың астында жатады, түсіне енеді. Онымен сырласуга, оған қайта-қайта оралуға болады.

Сайлаубай Жұбатырұлы



4. Фаламтордан кітап оқып көрдің бе? Қағаз кітап пен электронды кітапты оқудың айырмашылығы бар ма?



5. Оқылым материалы бойынша 3 сұрақ, 3 пікір жаз.

Үш сұрақ	Үш пікір



6. Шылау түрлерін қатыстырып, сөйлемдер құрастыр.

Жалғаулық шылау	Сентеулік шылау	Демеулік шылау
Фарыш пен галамтордың байланысы тура-лы білгім келеді.		
	Әр секунд сайны 8 адам бір әлеуметтік желіге тіркеледі.	
		Керек мәліметті «Google»-ден іздей-сің бе?



7. Жақшаның ішіндегі шылау ма, қосымша ма? Жақшаны ашып, ережеге сай жаз.

Адамзат ғаламторды өз қолымен жасаса (да), оның табиғаты (мен) болмысын терең түсінбейді. Қүндердің күні болған (да) адамга зияны тимей (ме)? Тек ғаламторға сеніп өмір сүр (ме)! Оның адам өміріне пайдасы (мен) зиянын сарапалап көр. Қазір біз сол пайда (мен) зиянның алғашқы белгілері (мен)ғана таныса бастадық. Өйткені ол жеке басымыздың еркіндігі (мен) қауіпсіздігіне (де) ықпал ететін күшке айналып келеді.



8. «Салыстырмалы карта» әдісімен ғаламтор болмаган кезең мен қазіргі кезді салыстыр.

1-қадам: салыстыру үшін 2 үғымды ұсын;

2-қадам: үғымдарды сипаттау және келтірілген салыстырма сездердің дәйектемесін жаз;

3-қадам: сурет арқылы бейнеле.

§49. Галамтор және мен



Галамтордан өзгерек
Өзің барсың, ұмытпа!
Тек пайдасын жаратқын,
Пайдасызын құлышта!

Мира Сембайқызы



1. Мәтін мазмұнымен танысып, сұрақтарға жауап бер.
2. Кибербуллинг деген не? Бұдан қалай шығуға болады?
Кибербуллингке тап болсаның, кімдерден көмек сұрауға болады?
3. Мәтінді оқып, проблемалық сұрақтар құрастыр.



Галамтордың «торына түскен» тұтқындар

«Егер сізге компьютерден не телефоныңыздан ажырау қынга соқса, компьютердегі не телефондағы ойындар сізге демалу мен тамақтануды ұмыттыrsa, галамторда хат алмасуды өз бетінізben тоқтата алмасаңыз, онда міндетті түрде психиатр маманның көмегіне жүгінгеніңіз жөн». Бұл – американлық психолог Джеральд Блоктың жасаған тұжырымда-масы.

Бүкіл әлем бойынша галамторға төуелділіктен емдейтін клиникалар ашылуда. Қытайда электрошокпен емдейтін клиника ашылған. Ем қабылданған балалар «галамтор» деген сезіді аузына да алмайтын болып шығатын көрінеді.

Ал Австралияда ата-аналар «әлеуметтік желілер жас жеткіншектерді ақымақ қылады» деп дабыл қағуда. Әлеуметтік желілерді жиі пайдаланатын балалардың үй шаруасына немқұрайды қарап, окуы нашарлап, интеллектісінің дамуы төмөндейтінін айтады. Осының салдарынан ата-аналар балаларының болашағына алаңдаулы.



4. Галамторға төуелділіктен шығу жолдарын тобынмен бірге талқылап, ортақ шешімдерінді жаз.



5. Шылауларды қосып, сойлемдерді аяқта.

Біз галамтордың тиімділігіне Галамтордың мүмкіндіктерін күнделікті Электронды кітап оку Бірқатар әлеуметтік желілер Адамның өз қолымен жазған хаты Келешекте әлеуметтік желілерге сұраныс Болашақта галамтордың пайдасы Жастардың галамторға тәуелділігі ...



6. Өз білімінді тексер.

1. Суретте. Шылаудың басқа сөз таптарынан айырмашылығы қандай?
2. Салыстыр. Шылаулы сейлемге мысал келтіріп, салыстыр.
3. Сарала. Шылау түрлері жайлы не білесің? Олардың бір-бірінен қандай айырмасы бар?
4. Қолдан. Мысалдармен дәлелде.
5. Ой ашар. Сүйікті ақыныңың өлеңінен шылауды анықта.



7. Қандай қызмет көрсету түріне (интернет-дүкен, хабарландыру, ұшақ не пойыз билеті т.б.) галамтор арқылы тапсырыс бересің? Бір айлық есебін жасап, тұжырым жаз.

Галамтор арқылы мына қызмет түрін пайдаландым	Тұжырым



8. Тындалым және оқылым материалдары бойынша тірек сөздерді синонимдерімен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жаз.



9. Суретте берілген процесті сипаттап, «Галамтор және мен» тақырыбында мәтін жаз.



VII

БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ

ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР

- §50. Ұлттар достығы – басты байлығымыз
- §51. Бір халық – бір ел – бір тәгдір
- §52. Әдебиеттер достығы – халықтар достығы
- §53. Бір атандың балалары
- §54. Қазақ тілі – ұлт бірлігінің басты факторы
- §55. Тілі басқа болғанмен, тілегі бір
- §56. Қазақстан – ұлттар достығының үйіткісі
- §57. Қазақстан – еуразиялық кеңістіктің мәдени бесігі
- §58. «Жерүйік» – миллиондардың мұнды тарихы

§50. Ұлттар достығы – басты байлығымыз



Ырыс алды – ынтымақ.

Мақал



1. Өлеңді тыңдал, көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сездер мен мақал-мәтелді қолданып, «Қазақ жері – барша үлтқа құт мекен» тақырыбында диалогке қатыс.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Қазақстан – жасампаз жандар мекені» дегенді қалай түсінесің?
2. Қазақтың кеңдігі, жомарттығы қай жолдардан көрінеді?



3. Мәтінді оқып, тыңдалым мәтінімен салыстыра талда. Кестені толтыр.

Тыңдалым мәтіні	Оқылым мәтіні
	Тақырыбы
	Стилі
	Максатты аудиториясы
	Тілдік ерекшелігі

Мемлекет басшысының құттықтау сезі

Ел бірлігі – біздің бага жетпес байлығымыз, мемлекеттілігіміздің берік негізі. Қазақ жері сан алуан этнос өкілдерінің құтты мекеніне айналған. Отken тарихымыз, бүгініміз бен болашағымыз бір екенін бәріміз де терең ұғынамыз. Өйткені жұрттымыздың құндылықтары да, арман-мұраттары да ортақ. Түптеп келгенде, барлығымыз – үлкен қара шаңырақтың, біртұтас қазақ ұлтының перзенттеріміз.

Біз татулық, тендік және әділдік қағидаларына негізделген қоғамда тұрамыз. Бірлігі жарасқан жұрттымыздың абыройы асқақ болсын! Баршаңызға бақ-береке және толагай табыс тілеймін! Мереке құтты болсын, ағайын!

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев



4. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мінбеде тұрып, халықты мерекемен қалай құттықтар едің?
2. Құттықтау сез қандай дауыс ыргагымен айтылады?



Еліктеу сез

Еліктеу сез – әртүрлі дыбысқа, құбылысқа еліктеу және олардың бейнесін елестету мәніндегі сез табы.

Сейлемде, мәнмәтінде еліктеу сездер көмекші етістікпен тіркесіп, бейнеге не дыбысқа еліктеу мәнін (жарқ етті, тарс етті, гурс етті, қорбаң етті) білдіреді. Мысалы: Осы бір жылдың ішінде Астанада бір-біріне ұқсамайтын, күн сөүлесімен жарқ-жүрқ еткен, сән-салтанаты келіскең гимараттар салынды.

Сондай-ақ еліктеу сездерге жұрнақтар жалғанып, ол заттық, амалдық, қимылдық мәнде де (тарс+ыл, дұрс+іл+де+п, желл(б)+іре) жүмсалады. Мысалы: Найзагайдың жарқылының көрдік. Қазақ елінің көк байрагы желбіреп түр.



5. Суреттерге қарап, еліктеу сездерді қатыстырып, сейлем құра.





- 6.** Суреттегі іс-әрекетті еліктеу сөздермен сипаттап, мәтін құрастыр. Қазақстандағы үлттар достығы туралы қорытынды жаз.

Еліктеу сөздер: тарс-тирс, тырс, гурс, кірт, шырт, саңқ, жалп, желп, сарт-сүрт, жалт-жұлт, қаңқ-қаңқ, шанқ-шанқ, қаңғыр-құңғір, шолп-шолп т.б.



- 7.** Сен журналиссің. Уш нұсқаның бірін таңда. Еліктеу сөздерді қолдана отырып, тілші ретінде оқиға орынан хабар тарат.

Мерекелік іс-шара		
Мерекелік концерт, фестиваль немесе спорттық іс-шара	Әр үлт өзінің тұрмыс-салты мен қолөнерін көрсететін іс-шара	Әр үлттың тағамдары дәріптелетін аспаздық конкурсы, жәрменеке



- 8.** Қандай сөздер мен әрекеттер үлттар арасындағы достыққа сызат түсіреді? Өз көзқарасынды дәлелдей, осы тақырыпта дискуссиявті эссе жаз.



- 9.** Еліктеу сөздерді кірістіріп, Қазақстан халқының бірлігі күнінің маңызы туралы мәтін жаз.

§51. Бір халық – бір ел – бір тағдыр



Біз үшін халықтар достығынан артық идеал болмақ емес.

Мұхтар Әуезов



1. Қадыр Мырза Әлінің «О, далам, менің байтағым» өлеңін тыңда. Оқиганың дамуы мен аяқталуын болжа. Ақынның ойын жалғастыр.
2. Жұбыңмен ақылдасып, сұрақтарға жауап бер, тапсырманы орында.



1. Ақын байтак даланы қандай сөздермен суреттейді?
2. Тұган елінен күш жинап қайтатынын қалай бейнелейді?
3. Ақын стилін негізге алып, өлеңді жалғап көр.



Хроника	Очерк	Мақала
Хроника – шағын, кейде көлемі бірер жол гана болатын ак-парағаттық сипаттагы мақала. Қысқа сей-лемдерден тұратын хроникалар болған оқиға жайында деректермен қысқа-ша таныстырады. Хроникада «кім?», «қайда?», «қашан?» деген сұрақтарға жауап беріледі. Га-зеттерде хроникалар бас тақырыптарға біріктіріліп беріледі.	Очерк – шыныңыз өмір суреттегелетін көркем әдеби әрі де-ректі шыгарма. Қоғамның азаматтық, рухани ахуалына негізделіп, руханият, төрбие мәселесін көтереді. Очеркте журналист құргақ деректерді ой елегінен еткізіп, жанымен сезініп, оқырман жүргегіне жеткізуді мақсат етеді. Деректер ба-рыниша көркемде-ліп, әдеби бағытта өрбиді.	Мақалағылыми және публицистикалық стильмен жазылады. Автор озі жазатын мәселені дерек-терге сүйеніп баяндайды. Фылыми мақалага фылым саласындағы өзекті мәселелер тақырып болады. Ал публи-цистикалық мақаланың басты тақырыптары: көсіпорын, мекеме, окуорындарындағы қол жеткен табыстар, достық, жолдастық қарым-қа-тынастар, өнер, фылым, алдағы үлкен міндеттер.



3. Мәтіндерді оқып, жанрын (мақала, очерк, хроника) анықта.

А мәтіні

Данышпан халқымыз қашаннан достыққа, ынтымақтастыққа ерекше мән берген. Бауырмал қазақтың шаңырағы көптеген ұлтқа пана болды. Әр кезеңде түрлі себеппен қоныс аударған өзге ұлт өкілдеріне төрінен орын беріп, тұрақтылық пен бейбітшілік үйлесім тапқан елге айналды. Бұгінде еліміздеге көптеген ұлт пен ұлыс тату-төтті өмір сүріп жатыр.

Іә, біз бір елде турамыз, біздің тағдырымыз ортақ. Татулық пен достық – біздің дамуымыз бен болашағымыздың негізі. Байтақ елде бірлігіміз бұзылмай, татулығымыз тарқамай өмір сүріп жатқанымыз – ұлken мақтаныш.

Мұндай мемлекетте біз сияқты балаларға бақытты өмір сүруге барлық жағдай жасалған. Бақыт деген – білім ала-мын, одан әрі жұмыс істеймін, мақсатыма жетемін деп өз өмірінді жоспарлауга мүмкіндіктің болуы. Бізде ондай мүмкіндік бар.

Жері қандай кең болса, пейілі де сондай дарқан қазақ деген халықты бұғінгі күні бүкіл әлем мойындағы. Бабалардың арманы ақиқатқа айналды.

Балауса Қайратқызы

Ә мәтіні

1886 жылдың 1 мамырында АҚШ-та жұмысшылар 15 сағаттық жұмыс күніне қарсы ереуіл жасап, зауыт басшыларынан жұмыс күнін 8 сағатқа қысқартуды талап еткен.

1889 жылы Париж Конгресі «Халықаралық күрес күні» не «Еңбекшілердің ынтымақ күні» деп атау туралы шешім шығарды. Осы жылдан бастап мереке ретінде атап етілді.

Ресей империясында бұл мейрам 1897 жылдан бастап саяси сипатқа ие болып, жаппай демонстрациялармен қатар отті. 1917 жылдың 1 мамырында алғаш рет ашық тойланды.

Кеңес Одағында Еңбекшілердің ынтымақтастық күні мемлекеттік мереке болып саналып, сән-салтанатпен атап етілді.

Төуелсіз Қазақстанда мейрам 1996 жылдан бастап тойланады. 1 мамырды «Қазақстан халқының бірлігі күні» деп жариялау туралы бүйрыққа қол қойылды. Бұл күні еліміздеге мерекелік шарапалар еткізіледі.

«Қазақстан тарихы» сайтынан



4. Оқылым мәтіндері бойынша тапсырмаларды орында.

1. Оқушының «Біз бір елде тұрамыз, біздің тағдырымыз ортақ» деген пікіріне өмірден дәлелдер келтір.
3. Хроникаға төн белгілерге мәтіннен мысал келтір.



Еліктеу сез құрамына қарай екіге белінеді:

Дара еліктеу сез

Бір ғана түбірден (негізгі немесе тынынды) тұратын еліктеу сездер. Мысалы: тарс, күмп, жымың т.б.

Күрделі еліктеу сез

Екі сездің қосарлануынан жасалған еліктеу сездер. Мысалы: тарс-тұрс, қисаң-қисаң т.б.



5. Суретке қарап, дара және күрделі еліктеу сездерге мысалдар жаз.



6. Мақалдарды қатыстырып, қысқа мәтін жаз. Жұбыңмен алмасып, бір-біріңің жұмыстарыңа түзетулер енгізіп, редакцияланадар.

- Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады.
- Бірлік тубі – береке.
- Бірлік бар жерде тірлік бар.
- Үйтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді.



7. Сөздер мен сез тіркестерін пайдаланып, ез ойынды эссе турінде жаз. Еліктеу сездерді орнымен қолдан.

Менің Отаным, бейбіт, туган жер, тәуелсіз Қазақстан, азамат, кенпейіл халқы, мемлекеттік тілі, ез Ата Заңы, парыз, құрметтеу, мақтаныш, Отан қорғау, бейбітшілік, ашық аспан.

§52. Әдебиеттер достығы – халықтар достығы



Фалыммен дос болсаң, ақылың артар,
Залыммен дос болсаң, басың қатар.

Мақал



1. Тұрсынхан Әбдірахмановның «Ұлы достық» өлеңін тында. Эмоционалды-экспрессивті сездерді қолданып, өлеңнен алған өсерінді әңгімелеп.
2. Мақалдарды пайдаланып, ұлы достықты сипатта.



Жолдасы көптің олжасы көп.

Екі жақсы қосылса,
Олгенінше дос болады.
Екі жаман қосылса,
Олгенінше қас болады.



3. Мөтінді оқы. Тындалым мөтінімен салыстырып, стильдік ерекшеліктерін ажырат.

Шоқан мен Достоевскийдің достығы

Шоқан Федор Достоевскиймен 19 жасында танысқан. Екеуінің таныстығы ұлы достыққа жалғасқан. Оның дәлелі – бір-біріне жазған хаттары. Сонымен хатқа кезек берейік:

«Сіздің хатыңызды Александр Николаевич тапсырды. Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Сізге риясyz шындықты айтайын, мен де сізді жақсы көремін. Мен тіпті өзімнің туган бауырыма да мүндай жақындықты сезінген емеспін...

Сізben қош айтысқан кезде бөрімізді күні бойы көңілсіздік биледі. Біз бүкіл жол бойы сізді еске алғып, кілең мақтаумен болдық. Бізben бірге жол жүргеніңде қандай ғажап болар еді!

«Қызметімді не істесем екен?» – деп кенес сұрапсыз. Баставан ісіңізді догармаңыз. Сізде материал көп, далалық түрмис туралы дүниелер жазсаңыз, тамаша болар еді. Бұл елді елең еткізер жаңалық болады. Сіздің қолыңыздағы материалдар Географиялық қоғамды да қызықтырыры сөзсіз. Сіз

өзініздің еуропаша толыққанды білім алған тұңғыш қазақ екеніндіді естен шыгармаңыз. Оган қоса тағдыр сізге ерекше жан мен жүрек сыйлаган. Кейін шегінуге болмайды, табандылықпен алға үмтүлсызы!».

Құлтөлеу Мұқаштың мақаласынан



- 4.** Екі үлттың ғалымдары, жазушылары арасындағы достықты қалай бағалар едің? Ойынмен бөліс.



Еліктеу сез тұлғасына қарай екіге бөлінеді:

Негізгі еліктеу сез

Белшектеуге келмейтін түбір еліктеу сездер. Мысалы: *морт, курс, селк, бұлк* т.б.

Тұынды еліктеу сез

Түбірге жүрнақ жалғануы арқылы жасалған еліктеу сездер. Жүрнақтары: -аң, -ен, -ың, -иң, -ң. Мысалы: *қиса-ң, елл-ен, ырж-ың* т.б.



- 5.** Еліктеу сездерді тұлғасына жөне қурамына қарай ажыратып, сойлем құрап жаз.

Шыр-шыр, селк, жымың-жымың, жалт-жұлт, жепп, шіңк, қарқ-қарқ, ыржаң-ыржан, көлбен-көлбен.



- 6.** Шоқан Уәлихановтың қазақ ғылымына қосқан үлесі туралы оз ойынды баяндап, тұңғыш ғалымға хат жазып кер.



- 7.** «Ұлылардың достығына қайран қалам!» тақырыбына эссе жаз. Еліктеу сездерді қолдан.



- 8.** Мақалдарды сәйкестендір.

Ынтымақ болмай,
Тенге – тиыннан,
Сырттан келген жаудан да
Татулық –
Жартыны жарып жеген –
Аз да бітер, көп те бітер,
Үрыстың арты – реніш,

іштен шыққан дау жаман
іс болмас
табылмас бақыт
ынтымақ – үйымнан
татулықта не жетер
татулықтың арты – кениш
татулықтың белгісі

§53. Бір атаның балалары



Мінсіз дос іздеген доссыз қалады.

Әбу Насыр әл-Фараби

Достықтың дастарқаны жайылғанда,
Досым түгіл, қасым да ырза маган.

Мұқагали Мақатаев



1. Мұқагали Мақатаевтың өлеңін тыңдалап, өзге үлттар үшін бақ мекенге айналған еліміз туралы ойынды эмоционалды-экспрессивті сездермен жеткіз.



2. «Па-шіркін!», «Өттең!», «Беу, құрдаң!» т.б. сездерді қолданып, «Оу, менің жомарт далам!» тақырыбында сұхбаттасыңдар.



3. Мотінді оқып, стилін (публицистикалық не көркем әдебиет) анықта.

Бір атаның балалары

— Ал, ағайын, тегіс жиналсан, сезіме құлақ сал, — деді басқарма. — Өздерің білесіндер, мен жұмысшы әкелем деп кеттім. Ақыры былай болды. Үкімет біздің ауданға елу төрт бала жіберген екен. Жер аяғы шалғай, мен барғанша ересектерін белісіп әкетіпті... Менің әкелгенім — алты-ақ бала. Бөріне жетпейді... Әзір қолда барын Құдай жолымен бөлем...

— Ай, бәйбіше, — деді дауыстап, — балаларды алыш шық... —
Мен бөлмеймін, өздерің таңдаңдар. Тек ретін айтайын. Реніш,
екпе болмасын. Ақа, жол сіздікі. Таңдаған балаңызды алышыз, — деді басқарма.

Ахмет ақсақал ысырыла жол берген жүртты киіп-жарып, балалардың алдына барды да қалт бөгелді... Жетімдерді жағалай шолып шықты да, ең баста тұрган ағайынды қазақ балаларының қасына келді. Екеуі біріне-бірі тығыла, құшақтасып тұрган. Қолдарынан тартып еді, айырылмады. Ахаң тізесін бүгіп, екеуін бірдей бауырына басты. Кезек-кезек маңдайларынан сүйді. Содан соң орнынан тұрып, ең шетте тұрган неміс баласының қолынан үстады.

— Мен осы мықтының өзін қаладым.

Жүрт ду ете түсті.

— Мына жүртты бөгемей, баламның атын айт.

— Зигфрид Вольфганг Вагнер, — деді Дауренбек мырс етіп.

— Зекпри Болыпкен... Қалай, қалай?..

— Зигфрид Вольфганг Вагнер.

— Е, жөн-ақ, — деді Ахмет ақсақал. — Келісті, жақсы ат екен. Айналайын, жур, үйге кеттік. Апаң күтіп отыр...

*Мұхтар Магауннің «Бір атанаң балалары»
повесінен үзінді*



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Неміс фашистерімен согыста ұлдары қаза тапқан ақсақал басқа балалардың ішінен неге неміс баласын асырап алды деп ойлайсың?
- ҰОС жылдары қазақ халқының қаншама ұлтты өлімнен аман алыш қалғаны туралы тағы қандай көркем шығармалар мен фильмдерді білесің?

Еліктеу сез магынасына қарай екіге белінеді:



Еліктеуіш

Түрлі дыбыстарға еліктеуден туындаған сездер. Мысалы: *тарс, сарт-сұрт, тасыр-тұсыр, салдыр-гүлдір т.б.*

Бейнелеуіш

Керу арқылы сипаттайтын еліктеу сездер. Мысалы: *маң-маң, сылқ, жалт-жұлт, күрт, кілт, қисаң-қисаң т.б.*



- 5.** Комекші етістіктерімен берілген еліктеу сөздерді мағынасына қарай ажыратып, екі бағанға жаз, олармен сойлем құрастыр.

Зу-зу етіп. Елпен қақты. Бүрқ етті. Жарқ-жүрк етеді. Саңқ етіп. Шыр-шыр еткен. Селк ете қалды. Жапұр-жұпым амандасты. Шып-шып терледі. Саңғыр еткен. Гұрс етіп атылды. Сарт-сұрт ете қалды. Дір-дір етті. Құрк-құрк жетелді. Гулеп кетті. Салдыры-күлдір құлады. Зып етіп. Қалт тоқтады. Жалт қарады. Пыс-пыс етіп үйықтады.



- 6.** Оқушы шығармасындағы сөздердің орынды қолданылуын тексер, синонимдерімен, дұрыс нұсқасымен ауыстырып, мәтінді редакцияла.

Қазіргі заманда нағыз досты табу өте қын. Ия, бізben бірге кафеге немесе кинога баратын адамдар көп, бірақ қын кезде қол үшін соза алатын достарымыз аз. Мениң құрдастарым бір апта бүрінға танысқан адамдарды «досым» немесе «бауырым» деп жатады. Мениң ойымша, бұл – дұрыс емес, оларды дос ретінде қабылдау үшін өмірдің сынақтарынан бірге өту керек.

Достық – өмірдегі өте құнды нөрсе, сондықтан оны қадірлеу керек.



- 7.** Алғыс айту күнінің қысқаша тарихы мен мақсаты туралы ізденіп, мәтінді аяқта.

Кектемнің алғашқы күні «Алғыс айту күні» болып жарияланғанын білеміз.

Қазақстан халқы бұл мейрамды алғаш рет...



Дискуссивті эссе

Дискуссивті эссе – даулы тақырыпқа жазылатын бейресми эссе. Автор мәселенің екі жағын да көрсетіп, тараптардың біреуін қолдау себебін түсіндіреді. Бұл – аргументті логика құруды үйренудің жақсы тәсілі.



- 8.** «Шынайы достық үлт тандамайды, жасқа қарамайды» деген пікірмен келісесің бе? Ойынды дәлелдей, дискуссивті эссе жаз.

§54. Қазақ тілі – ұлт бірлігінің басты факторы



Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, түрмиси, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады.

Магжан Жұмабаев

Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тіл.

Платон Мелиоранский



1. Әбдірахман Асылбектің «Қазақ тілі» өлеңін тыңда. Өлеңнен алған әсерінді мақалдар мен турақты тіркестерді қолданып, әңгімелеп.



2. Жұбынымен ақылдасып, сұрақтарға жауап бер.

1. Ақын қазақ тілін қандай сөздермен суреттейді?
2. Қазақ тілін Алтай мен Атыраудың аралығын тұтастырган нар алыпқа теңеуі саған қалай әсер етті?
3. Қазақстанда тұратын ұлттардың қарым-қатынас тілі қай тіл болу керек деп ойлайсың?



3. Мәтінді оқып, жанрын (хроника, очерк, мақала) анықта.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі барша қазақстандықты біріктірудің басты факторы екендігін өрқашан есте сақтауымыз керек. Бұғандегі жер бетінде қазақ тілінде 15 миллионнан астам адам сөйлейді. Егер қазақ тілінің түркі тілдер тобына кіретінін, әлемдегі 30-га жуық түркі тілінде 200 миллионға жақын адамның сөйлейтінін ескерер болсақ, қазақ тілін ұгатын, түсінетін, оны ұлтаралық қатынас құралы ретінде пайдалана алатындар саны еселең өседі.

Аса бай тарихы, сөздік қоры қалыптасқан, тілдік жүйесі, орасан зор әлеуеті бар, ең алдымен, қарыштап дамып келе жатқан Қазақстан сияқты тәуелсіз мемлекеті бар елдің мемлекеттік тілі – қазақ тілін өркендешту баршамыздың үрпақ алдындағы парызымыз, абзал борышымыз.

Мұхтар Құл-Мұхаммед



4. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Қазақ тілін билетін адам 200 миллион адам сөйлейтін бүкіл түркі тілін түсіне алады» деген пікірмен келісесің бе?
2. Сөздік қоры мен тілдік жүйесі қалыптасқан тілімізді шүбарлап, беделін түсіретіндер туралы не айтасың?
3. Мемлекеттік тіл барша халықты біріктірудің басты факторы болу үшін не істеу керек деп ойлайсың?



5. Сурет бойынша еліктеу сөздерді қатыстырып, сөйлемдер жаз. Суреттегі балалар қай тілде сойлесіп отыр деп ойлайсың?



6. Мәтіндегі ойға өз көзқарасыңды білдіріп, дискуссивті эссе жаз.

Сонау XVIII–XIX ғасырлардағы жыраулардың, ақындардың өлең-жырларын оқып отырып, таңгаламын. Қазақ тілінің ауқымы қаншама десеңіші?! Күнделікті тұрмыста пайдаланудан шығып қалған сөздерді есептесек, қазір он миллион қазақ сөзі бар екен. Ондай сөздік қор немістерде де, орыстарда да, ағылшындарда да жоқ.

Герольд Бельгер



7. Мақал-мәтелді кірістіріп, еліміздегі өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрену қажеттілігі туралы бес кеңес жаз.

§55. Тілі басқа болғанмен, тілегі бір



Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – көсіп, қорганы – сабыр, сынаушысы – халық.

Саққулақ би



- Сұхбат үзіндісін тындалап, оқиғаның дамуы мен аяқтадыны болжа.



- Жұбыңмен ақылдасып, сұрақтарға жауап бер.

- Герольд Бельгердің: «Қазақ арасына келген адам бірден сіцип кетеді», – деген пікірімен келісесің бе?
- Сұхбат мазмұнына қандай мақал-мәтел сәйкес келеді?
- Ұлты өзге болса да, қазақша қалам тартып жүрген қандай тұлғаларды білесің?



- Мәтінді оқып, жанрын (хроника, хабар, мақала) анықта.

Сонау қының-қыстау күндері ел-жүртyn, атамекенін тастап, жат елге қоныс аударған өзге ұлт өкілдері еліміздің барлық саласында еңбек етті, соның ішінде қазақ әдебиеті мен мәдениетіне де өз үлесін қости. Соның бірі – қазақ әдебиетіне үлкен еңбегін сіцирғен неміс ұлтының өкілі Герольд Бельгер.

Жазушы: «Мениң Абайды тануым Гетеңі түсінуден басталуга тиіс сықылды еді. Қаншама қазақша оқып, қазақ ауылында естім дегенмен, неміс емеспін бе? Бірақ бәрі керісінше болып шықты. Мен өуелі Абай арқылы Гетеңі таптым. Бұл – әншайін айтыла салған жылтырақ сез емес. Басқасын былай қойғанда, Гетеңің әйгілі «Жолаушының түнгі жыры» атты өлецін мен өуелі Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлецін оқып барып, Лермонтовтың «Тау шындары» арқылы бойыма сіциріппін», – деп жазады.

Жазушының 2003 жылы жарық көрген «Кезбенің үйі» романы оқырмандардың ерекше ықыласын аударып, қызыгуышылығын тудырған туынды болды. Роман желісі Қазақстандағы этникалық неміс ұлтының тағдырына арналған. Шығармада жазушының көзімен көріп, өз басынан кешкен

оқигалары баяндалады. Дүрбелең, зұлмат жылдардың қыншылықтарын басынан кешкен қазақ пен неміс ұлттарының тағдыры суреттеледі.

Гулмира Ерубаева



4. «Атаулар туралы 3 сұрақ» («қайда?», «қалай?», «қандай?») төсілімен Қазақстанға жер аударылған ұлттар мен ұлыстар туралы жұбынмен сұхбаттас.



5. Еліктеу сөздерді қосып, мәтін мазмұнын 3–4 сойлеммен қорытындыла.

Ұлғи: Қазақ халқының сыңғырлаган бұлақтай таза тілі мен күмбірлеген күйі...

Қазақ деген жан-жагына қамқоршы болып жүретін халық қой. Кезінде артта қалғанды алға жетелеп, жалаңаш қалғанды киіндірді, аш қалғаның қарнын тойдырды. Енді бүгін біз неге сол қазақтың тілінің дамуы үшін түгел қауым болып жұмылмаймыз?

Қазақтың тілі мен тарихын білмеген жастың бойында бұл елге деген құрметі бола ма? Ол қазақтың жерін қалай қадірлесін?!

Отандастарыма: «Жергілікті халықтың тілін білу сол халыққа деген сыйластығынды білдіретінін ұмытпа!» – дегім келеді.

Асылы Осман



6. Өдебиет, музыка, қолөнер, дизайн саласында қазақ мәдениетін дәріптеп жүрген өзге ұлт өкілдері туралы ізденіп, «Өнерде шегара жоқ» тақырыбында таныстырылым жаса.



7. «Өзі өмір суретін елдің тіліне құрметпен қарау – әр азаматтың парызы» деген пікірге өз көзқарасынды білдіріп, дискуссивті эссе жаз.



8. «Жүзі басқа болғанмен жүрегі бір, тілі басқа болғанмен тілегі бір» тақырыбында ойынды жинақтап, 1) өзіндік пікір; 2) өз пікірінде дәлел; 3) өз пікірінді айғақтайтын мысал; 4) өз пікірінде қарсы дәлел; 5) қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал; 6) қорытынды жаз.

§56. Қазақстан – ұлттар достығының үйіткісі



Ынтымақ түбі – игілік.

Мақал



1. Олеңді тында. «Атамекен» үгымын қалай түсінесің? Көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сезерді, мақал-мәтел мен тұрақты тіркестерді қолданып, ез пікірінді дәлелде.



2. Тындалым мәтінінен атамекенге деген қандай сезімдер үялады? Эмоционалды-экспрессивті сездерді ата.



3. Мәтінді оқы. Тындалым мәтінімен салыстырып, публицистикалық және көркем әдебиет стильдерінің өзіндік ерекшеліктерін ажырат.

Қазақ ежелден бауырмал, ұлт-нәсіліне қарамай, жалпы адамзатты жақсы көреді. Ұлы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейтін қагидасы бар емес пе?! Адамдар арасындағы сүйіспеншілік пен махаббатты қасиетті дініміз ежелден уағыздап келеді. Бойында бауырмалдық, қонақжайлыштық, кенпейілділік бар ұлт қана ынтымагы жарасқан елге айналады. Кенес өкіметі тұсында да ұлтаралық достықты басты ұстаным етті рой. Сол кезде қалыптасқан халықтар достығы қазір де жалғасып жатыр. «Қазақстан – жұз ұлттың Отаны» деген қагиданы біз жүргегімізге құйып есken үрпақпыш. Тәуелсіздіктен кейін ол өзгеше сипат алды.

Достықтың Отаны – Қазақстан гүлдене берсін!

Бекен Шерубаев



4. «Үйіткіс» сезінің мәнін қалай түсінесің? Еліміздің достық пен татулықтың мекені болуының басты себебі неде деп ойлайсың?



5. «Қазақстан» сезінің әр әрпінен басталатын, патриоттық сезімді білдіретін сейлемдер жаз. Жұбынмен алмасып, сездердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексер, лексикалық түзетулер енгізіп, редакцияла.



- 6.** Сейлемдерден елктеу сөздерді тауып, олардың қызметін (сындық, амалдық, қимылдық) анықтаңдар.

Ұлғи: шаңқ еткен (қандай?) даусы. Еліктеу сөз комекші етістікпен тіркесін, сындық қызмет атқарып түр.

1. Майқанованаң шаңқ еткен даусы бір-ақ шығып ұлгерді.
2. Өні құп-қу болып, сылқ етіп құлап бара жатыр.
3. Жүргегім лүп-лүп етіп, алқымыма тығылды (Б.Соқпақбаев).
4. Федоровтың кез оты жарқ етіп, дүние тұманданып, теңселіп бара жатқандай болды.
5. Федоров жалт етіп, тұздай көк көзімен Еламанға қадала қарады (Ә.Нұрпейісов).
6. Кісендер даусы гұрс-гұрс етеді.
7. Надзиратель шошып кетіп, оқыс шегінгені соңша – тар дәліздің артқы қабыргасына кегжең еткізіп басын ұрып алды.
8. Тесіктен жылт-жылт андушы көздер көрінгенде, шықшыты бұлт-бұлт ойнап, тісі шықырлап жыны қозады-ақ.
9. Сейтсе, өз даусынан Рысқұлдың өзі селк еткен екен (Ш.Мұртаза).
10. Үмітей ашық үймен сынқ-сынқ етіп, үй ішіне естірте күледі (М.Әуезов).



- 7.** Бейбітшілік және келісім сарайы туралы не білесің? Бейнелеуіш сөздерді қолданып, сарайды сипатта.



- 8.** «Достықтың Отаны – Қазақстан» тақырыбында таныстырылым дайында.

§57. Қазақстан – еуразиялық кеңістіктің мәдени бесігі



Бұғінде Қазақстан тұрақтылықты және бейбітшілікті қамтамасыз ететін мемлекет ретінде әлемге үлгі болып отыр.

Митчелл Рисе, халықаралық сарапшы

Экономикалық әлеуеті жөнінен Қазақстан – Орталық Азиядағы көшбасшы.

*Хосе Луис Сапатеро,
Испанияның бұрынғы премьер-министрі*



1. Өлеңді тында. Ақынның Отанға деген сүйіспеншілігін мақал-мәтелмен, тұрақты тіркестермен әңгімелеп бер.
2. Өлеңді өз шығармашылығынан жалғастырып көр.
3. Мәтінді оқып, жанрын анықта.



Қазақ халқы – көпғасырлық тарихы бар, әлемдік өркениетке енетін мәдени құндылықтардың иесі. Қазақстанда 25 мыңдан аса жылжымайтын тарих, археология, сөүлет және өнер ескерткіші бар. 89 мемлекеттік мұражайдың экспозиция қорында 2 млн 56 мың мәдени құндылық бірлігі жинақталған. 3495 мемлекеттік кітапханада 66 млн 840 мың кітап, сирек кездесетін қолжаэба мен басылым сақталған.

Кең-байтақ қазақ жері – ежелден бүкіл еуразиялық кеңістіктің мәдени бесігі. Ертеде Қазақ даласынан Шығыс пен Батысты байланыстырылған Ұлы Жібек жолы өтті. Сол дәуірдің мұрасы – ежелгі, ортағасырлық сөүлет өнері мен мәдениеті қалыптасты. Осында 218 нысан Қазақстанның тарихи жөне мәдени ескерткіштерінің тізіміне енді. Бұғінде осы ескерткіштердің көбі ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік маңызы бар ескерткіштері ретінде танылды. Қазақстанның мәдени бренді – Алтын Адам ескерткіші, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі.

БАлтынсарин атындағы Үлттық білім академиясы



4. Географиялық картадан Қазақстанның орнын анықта. Қандай ассоциация туындалы?



- 5.** Оқылым мәтініндегі мәдени мұралардың бірі туралы қысқа мәтін жаз. Жұбынмен алмасып, бір-біріңің жазба жумыстарында редакцияландар.
- 6.** Абай олеңдерінен берілген үзінділерден еліктеу сездерді тауып, қай түріне жататынын ажырат.

Мақтауга есіріп,
Барынша көсліліп,
Ыргалып қаңқ етті,
Ірімшік жерге салп етті.

Орынсыз ыржан,
Болымсыз қылжан
Бола ма дәulet,
Кәсіп бұл?

Құржан-құржан етеді,
Жер үшық берген кісідей...



- 7.** Бос орынға еліктеу сездерді койып жаз. Қызметін түсіндір.

Күн ... күркіреді. Олар ... күлді. Үөлихан апасына ... етеді. Ай сәулесімен ... етеді. Тогайдан ... еткен дауыс естілді. Аттар ауыздығын ... шайнайды. Бұлдіршіндер ... жүгіріп жур. Ауыл маңы ... болып жатыр. Доп өзенге ... етті. Жаңбыр ... етіп жауды.



- 8.** Топтaryңа шетелдік қонақ келді. Өз еліцмен, ондағы құнды мұралармен таныстыруды сүрады. Бір нысанды таңдаап алып, таныстыр.



- 9.** «б неліктен?» әдісімен «Қазақстан – еуразиялық кеңістіктің мәдени бесігі» тақырыбында диалог жаз.

§58. «Жерүйың» – миллиондардың мұнды тарихы



Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп.

Абай



1. Олеңде ақын Қазақстан халқының достығын қалай бейнелейді? Олеңді жалғастырып көр.



2. Бөлім бойынша Қазақстанда тұратын ұлттар достығы туралы қандай ой түйдің, қандай қорытындыға келдің? Жинақтап айт.



3. Мәтінді оқы. Тындалым мәтінімен салыстырып, стилін (көркем әдебиет, публицистикалық) ажырат.

Көпшілік көңілінен шыққан фильм

Сонау 30-жылдардағы алапат қызындықтарға қарамастан, қазақ халқының көрістер, немістер, түріктер, шешендер мен күрдтерді бауырына басып, бір үзім нанын бөліп беріп, оларды ажалдан аман алыш қалғаны – өмір шындығы.

«Қазақфильм» студиясы қазақ даласына мәжбурлел қоныс аударылған жандардың жан азабы, көз жасы, конбіс тірлігі желі бол тартылған «Жерүйық» фильмін жүртшылықта ұсынды. Фильм Қазақстан халқының достығын бейнелейді. Жоғарыда аталған ұлттардың өздерін ықыласпен қарсы алған қазақтарға деген шынайы алғысынан тұган фильм десе де болады.

Жүрттың береке-бірлігін ойлап, елдің қамын жейтін бас кейіпкер Орынбай – өмірде болған адам. Ол ез тұган жерінен күшпен көшіріліп әкелінген халықты жатырқамай, бауырына басады. Міне, қазақтың қазақшылығы да осында гой...

Нарыз бүкпесіз шындықты дәл көрсеткен көркем туынды көпшілік көңілінен шықты. Фильм Орынбайдай мәрт қазақтың Сібірге жер аударылуымен аяқталады.

Айнаш Есали. «Егемен Қазақстан» газетінен



- Ойды ез болжамыңмен жалғастыр.

Фильмнің аты айтып тұргандай, бүгінде Отанымыз Қазақстанның жерүйыққа айналғанына күе бол отырмыз. Мұның бәрі...



- Тындалым тапсырмасындағы суретке қарап, берілген еліктеу сездермен 10 сейлем жаз.

Желл, бүрк, жалт-жулт, шаңқ, көлбен, томпаң, дурс, пыр-пыр, шик, саңқ, жарқ, шіңқ, тарс, жайнаң, үлл.



- Сыныппен «Жерүйық» көркемфильмін көруді үйымдастырындар.



- Семантикалық кестені толтыр.

Еліктеу сездер	Еліктеуіш сездер	Бейнелеуіш сездер	Негізгі еліктеу	Туынды еліктеу	Күрделі еліктеу
сарт-сүрт					
желл-желл					
дұңқ					
жылтың					
бұрсаң					
елпен					
жылт					

VIII БӨЛІМ

ДҮРҮС ТАМАҚТАНУ

ОДАҒАЙ ТҮРЛЕРІ

- §59. Қазақтың дастарқаны – береке-бірлік бастауы
- §60. Тамақтану әдебі
- §61. Таңғы асты тастама
- §62. Ұлттық тәгамдардың пайдасы
- §63. Тамақ енеркесібі
- §64. Тамақ енеркесіндегі жарнаманың репі
- §65. Азық-түлікті дұрыс тандау
- §66. Азық-түлік қалтамасындағы ақпараттар

§59. Қазақтың дастарқаны – берекенің бастауы



Қазақ, шамасы жетсе, дастарқанын жұпның етпеуге тырысқан. Бұрынғы әжелеріміз кәделі сыбаганы, кемі бір кескен қазыны, жал-жаяны үн ішінде ұстап, сынық құртын, бір шақпақ қантын, өзге де дәмдісін сандығының түбіне сақтаған. Ондағысы – қонағым риза болсын дегендік еді.

Сүлеймен Мәмет



1. «Әжемнің қонағы» үзіндісін мұқият тыңда. Автор көзқарасы мен көтерілген мәселені анықта. Автор неліктен қарлығашты қонаққа теңеген?



2. Тыңдалым мөтіні бойынша жұбыңмен өзара сұхбаттасып, сұрақтарға жауап бер.

1. Неліктен қарлығаштың үясын бұзуға болмайды?
2. «Қонағыма қол көтергенің – мені сыйламағаның», – деу арқылы автор қандай дастурді мензейді?
3. Қазақтың қонақ күту ерекшелігі туралы қандай мәліметтер білесіндер.
4. Мөтінде әжесінің көңіл күйін білдіретін қандай сөздер бар? Жекіру мәніндегі сөздерді теріп жаз.



Одағай. Одағайдың түрлері

Қазақ тіліндегі сез таптарының бірі – одағай. Одағай сездер адамының көніл күйін, сезімін білдіру мақсатындаған емес, сонымен қатар басқа біреуге бұйыру, ишара білдіру немесе малды, үй хайуандарын шақыру, айдау, қорғау мақсатында да қолданылады.

Тіліміздегі одағай сездер осындай мәніне қарай үш топқа белінеді:

1. Көніл күй одағайлары.
2. Шақыру және жекіру (императивтік ишара) одағайлары.
3. Тұрмыс-салт одағайлары.

Одағайлар синтаксистік жағынан **оқшау сездер** деп аталатын топқа жатады. Сейлемде өз алдына жеке-дара тұрып лексикалық магына білдіре алмайды. Бірақ одағайлардың сейлемдегі ойға қатысы бар: айт羞ының әртүрлі көніл күйін, сезімін, ишара етуді, шақыру, жекіру, жануарларға бағышталып айтылу мәнін т.б. білдіреді.

Одағайлар өз алдына сейлем мүшесі бола алмайды.



3. Мәтінді оқып, әрекеттің себебі мен салдарын анықтауға бағытталған және «қандай?», «қалай?» деген сұрау есімдіктерімен 3 проблемалық сұрақ құрастыр.

Ауылға келген қонақтар

Таң атты. Жаңа ауылдың қазаны елден бұрын көтеріліп, ошақ түтіні елден бұрын өрледі. Ел тірлік қамына кірісіп, жаппай қарбаласқа көше бастаған кез...

Қонақтар баппен тұрып, бастау жаққа бара жатыр. Мөлдір суга кезектесіп бет жуысып, сергіп қалады. Соңан соң маң-мань басып, маңғаз жүріспен өздері түскен үйге беттеді. Біз де солардың соңынан ілесіп, жақындаі береміз. Қонақтың көзінше үлкендер үрыспайтының өрқайсымыз жақсы білеміз.

Меймандар керіліп-созылып, ұлы сәскеде дастарқанға отырысады. Шайды асықпай сораптап ішеді. Бәрі маңғаз, бәрі кербез сияқты. Әр үйдің алдында самауыр сақылдайды. Қонақтар шайды рақаттанып ұзақ ішті.

Шайдан соң қымыз келеді. Қымызды да салғырт отырып, самарқау ішіседі. Онан соң алдарына ет келеді. Табақ тартқан жігіттер қаз тізіліп, әр үйге кіріп жатыр. Ауыл адамдары қонақтарды құрметпен күтүге сақадай сай.

Бауыржан Момышұлының «Ушқан ця» романынан



4. Оқылым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтіндегі қандай тіркестер мен сойлемдер қазақ халқының қонақты ерекше күтетіндігін білдіреді?
2. Қонақтың келуімен қатар қандай эмоция немесе көңіл күй туындауы мүмкін?
3. Қонақ күті мен қонақтың өзін ұстау әдебі қандай?



5. Одагайларды қатыстырып, үйіне келген қонақты қалай қарсы алғаныңды, қандай жағымды сөттерді есте сактағаныңды сипатта.

Алақай! Әттеген-ай! Қане! Ә! Тәйт! О-о-о! Бәрекелді! Қап!
Пай-пай! Пәлі! Oho!



6. Үш тапсырманының бірін таңдаң алып, жұбынмен не тобынмен орында.

1. Қазақ халқы үшін қонақжайлыштың неліктен маңызды екендігі туралы қысқа хабарлама жаз.
2. Қонақжай болу деген нені білдіретіні туралы сыныпта сауалнама жүргізіп, қорытындысын жаз.
3. Қонақжайлыштық дәстүрлер туралы таныстырылым дағында. Ұсынылатын тақырыптар: «Қонақжайлыштың күнделікті өмірдегі маңызы», «Әртүрлі елдердегі қонақжайлыштың мәдени ерекшеліктері».



7. Жағдаятты шешу жолдарын қарастыр.

Шетелдік қонаққа еліміздің қандай мәдениетін көрсеткің келеді? Қонақтарды қарсы алу рәсімдерін, ойын-сауық пен іс-шаралар жоспарын жаз.



8. Оқылым мәтініне күрделі жоспар құр.



9. Жағдаяттық тапсырма бойынша жасаган жоспарларыңды пайдаланып, шағын әңгіме жаз. Жанрлық және стильдік ерекшеліктерін ескеріп, әңгімеде көркемдегіш құралдарды орнымен қолдан.

§60. Тамақтану әдебі



Тоқ адам асты таңдалап ішеді,
Аш адам тамағынан өткенді ішеді.

Жусіп Баласагұны



- «Демдінің бәрі пайдалы емес» мәтінін тыңдалап, деректер мен көзқарастарды ажыратып жаз.

Деректер	Көзқарастар



- Көңіл күй одағайларын қандай сөздермен ауыстыруға болады?



- Мәтінді оқып, онда айтылған салт-дәстүрлердің маңыздылығына қатысты проблемалық сұрақ құрастыр.

Дастарқан тәрбиесі

Қазақ халқы дастарқан мен дәм-түзды ерекше қастерлеп, қадірлейді, дастарқан мен нанды, түзды «киесі атады»

деп, аяқпен баспайды. Әдетте, әрбір отбасы асқа отырада, алдымен қол жуады. Оナン соң дастарқан жайып, отбасы мүшелері түгел жиналышп, үлкен-кішіліктеріне қарай төрден бастап жайғасып, тамақтанады. Өз алдына жеке шай құйып, ас салып ішпейді. Тек сол үйдің әйелі, қызы немесе келіні құйып беріп отырады. Қонақ келсе, жасы мен жолына қарай төрден немесе өзіне лайықты жерден орын береді.

Жастар үлкен кісілермен дастарқандас болғанда, тамаққа үлкен кісілерден бұрын қол салмайды. Аяқ жақта отырып, шай қуюшыға қолғабыс жасап, төрдегі кісілерге шыны алып беріп отырады. Ас-тагам түгел дастарқанға қойылған соң, үй иесі немесе ауыл адамдарының бірі: «Қане, дәмнен алыңыздар!», – деген соң барып, жаппай тамақтануға кіріседі.

Ас үстіне үлкен кісілер келсе, тұрып орын беру, елдің ас-тагамына мін тақпау, сын айтпау, басқалар тамақ ішіп жатқанда, «болдым» деп орнынан тұрып кетпеу, тагамнан қыл-қыбыр тектес нөрсе байқап қалса, өзгелерге білдірмей алып тастау, дастарқаннан бата жасалған соң тұру сияқты жөн-жосықтар бала кезден үйретіледі.

Дастиарқан тәрбиесі үрпакты үлкен адамгершілікке баулиды. Тазалыққа жетелеп, адамдармен қарым-қатынасын жақсартады. Басқалардың алдындағы беделі мен сый-құрметін жогарылатады.

Айып Нұсіпқасұлының «Тал бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан



4. Оқылым мәтіні бойынша, сұрақтарға жауап бер.

- Неліктен мәтінге «Дастиарқан тәрбиесі» деген тақырып берілген?
- Дастиарқан әдебін сақтау тамақтанып отыргандарға қалай әсер етеді?



Көніл күй одагайлары

Бұл топтағы одагайлар адамның әртүрлі сезімдерін, көніл күйін білдіреді. Олар сан жағынан мол, мағыналық түрленуі жағынан әрқылы. Көніл күй одагайлары әрі жағымды, әрі жағымсыз көніл күйді білдіре алады. Осы қасиетіне қарай көніл күй одагайлары ішінara үш топқа болінеді.

- Жағымды көңіл күйді білдіретін одагайлар: алақай, *ha*, *лаһ-лаһ*, *бәрекелді*, *оho* т.б.
- Жағымсыз эмоцияны білдіретін одагайлар: *өттеген-ай*, *өттөң*, *қал*, *түү*, *тәйірі*, *түгге*, *ойбай-ай*, *пішту* т.б.
- Әрі жағымды, әрі жағымсыз эмоцияны білдіретін одагайлар. Мысалы, *лай-лай* одагайы қарама-қарсы екі мәнде жұмсалады:
а) таңдану, сүйсіну, таңырқау; ө) ренжку, наразылық мағынасында.



5. «Паһ, шіркін!», «Мәссаган!», «Бәрекелді!» одагайларын қатыстырып, оқылым мәтінінің мазмұнын толықтыратын үш сейлем құра.



6. Дастарқан тәрбиесіне қатысты мәтін жаз.

- Мәтінге күрделі жоспар құр.
- Тамактану ережелерін, үлтymызға тән дастарқан әдебін сақтаудың маңызы туралы ұсыныстарды қамты.
- Осы әдеттерді сақтау бойынша өз кеңесінді ұсын.



7. Көңіл күй одагайларының басқа тілде кездесетін мысалдарын тап.



8. Жұбыңмен бірге жағдаяттық тапсырманы орында.

Сені аспаздық шоуга қонақ ретінде шақырды делік. Пайдалы әрі дәмді тағам дайындаған бейнебаянның сценарийін жаз. Жағымды эмоцияны білдіретін көңіл күй одагайларын қолдануды ұмытпа.



- Таңғы асты өткізіп алма: таңғы ас – күні бойы қуат беретін ең маңызды тағам. Жемістерді, сұлы жармасын, жұмыртқа немесе йогурт жеуге тырыс. Таңғы аста береке бар!
- Тәтті, майлыш жөне тұзды тағамдарды тұтынудың шегі бар екенин есте сақта.
- Өнімдерді зертте: азық-тұліктің пайдасы туралы біліп ал жөне зиянды қоспасы бар тағамдарды тұтынба.
- Белсенді бол: дұрыс тамактанып қана қоймай, спортпен айналыс, көбірек жаяу жүр, таза ауада серуенде.



9. Дастарқан басындағы әдепті бала мен әдепсіз балаға тән мінездерді ажыратып жаз.

§61. Таңғы асты тастама



Таңғы асты тастама, кешкі асты бақпа!

Халықданалығы



- Мәтінді тында. Таңғы астың маңызы қандай? Автор кезқарасы мен көтерілген мәселені талда.



- Жұбыңмен өзара сұхбаттасып, сурақтарға жауап бер.

- «Ас – адамның арқауы» деген нақыл сез нені білдіреді?
- Ырым, наным-сенімдерді санага сіңіру арқылы қазақтар дұрыс тамақтануға қалай көніл бөледі?
- «Ісім оңға бассын» деген ақ ниеттің ырымын қазақтар қандай әрекеттер арқылы білдіріп отырған?



- Тағамтану академиясының президенті, академик Төрекелді Шармановтың сұхбатынан үзіндіні оқы.

Дұрыс тамақтана біл!

«Таңғы тамақты өзің іш, түскі тамақты досыңмен боліс, кешкі тамақты жауыңда бер» деген шығыс тәмсілі бар. «Таңғы асты тастама» дейді дана халқымыз. Куатты тағамдарды күнің алғашқы болігінде тұтынып, жатарға таяу асқазанды бос үстеган жақсы.

Өзім таңертең міндетті түрде денешынықтыру жаттыгуларын жасаймын. Жүремін. Қыста спортзалда жаттығамын. Таңертеңгілік асқа – бір қызанак, бір кияр, бір болгар бұрышы не алма және шай. Ал нан, май, шұжық дегенді жемеймін.

Балалардың кішкентайынан дұрыс тамақтануды әдетке айналдырганы жөн. Көғөніс, жеміс-жидек, ет, сүт тағамдарын үзбеу керек. Күніне кем дегенде 400 грамм көғөніс, жеміс-жидек жеу керек. Оларды аз тұтынғаннан жүрек-қан тамырлары аурулары пайда болады. Адамның денсаулығы не ішіп-жейтініне байланысты. Қазіргі кезде мектеп оқушылары газдалған сусынға құмар. Ол адам денсаулығына зиян. Айран-сүт ішпеген балада кальций жетіспейді. Таңғы астан бастап адам өзінің не ішіп-жейтініне мән бергені абзал.

«Егemen Қазақстан» газетінен



4. Томендергі сұрақтарға жауап бер.

1. «Таңғы асты өзің іш, түскі асты досыңмен боліс, кешкі асты жауыңа бер» деген нақыл сөзді қалай түсінуге болады?
2. Не себепті жатарға таяу асқазанды бос үстаган жөн?
3. Өзің академиктің зиянды деп атаган тагамдарын тұтынасың ба?



Шақыру және жекіру

(императивтік ишара) одагайлары

Бұл топқа адамға не хайуанатқа бағышталып айтылатын шақыру, жекіру, тыйым салу, бұйыру мақсатында қолданылатын одагай сездер жатады. Бұлар бағышталып отырған нысанына қарай үлкен екі топқа белінеді.

1. Адамға бағышталып айтылатын одагайлар. Бұған бұйыру, жекіру, тыйым салу мақсатымен қолданылатын *айда, тәйт, сап-сап, көнө, жә, тәк, өул, өлди-өлди* сияқты одагайлар жатады.
2. Малға, үй хайуандарына бағышталып айтылатын одагайлар. Бұл топқа *айтақ, мөһ-мөһ, шерес-шерес, сарал-сарал, кес-кес* немесе *көүіс-көүіс, шәүім-шәүім, өукім-өукім, мәлік келгір, жамандатқыр* сияқты үй хайуандарын шақыру, айдау, үркіту мақсатымен қолданылатын сездер мен одагайлы тіркестер жатады.



- #### 5. Адамға бағышталып айтылатын одагайларды қатыстырып, бес сейлем жаз. Оқылым мәтінінің мазмұнын негізге ал.



- #### 6. Берілген тапсырмалардың бірін таңдау бойынша орында.

1. «Дұрыс тамақтану» тақырыбында жарнамалық постер не месе жарнама жаса.
2. Үй жануарларымен сұхбат: үй жануарларының бірінің адам тілін түсінетін елестетіп, онымен сөйлес. Эмоциялды білдіру үшін малға, үй жануарларына бағышталып айтылатын одагайларды қолдан.



- #### 7. Көркемдегіш құралдарды орынды қолданып, таңғы ас туралы өнгіме жаз. Әңгіменің мазмұны оқырманға пайдалы болсын.



8. Жағдаятты шеш.

«Жұлдызды аспаз» байқауына қатысатын болдың. Сенің міндетің – оқушыларға пайдалы таңғы асты жоспарлау. Таңғы аста ақуыздар, көмірсулар, көгөністер мен жемістер сияқты тағамдық заттар болуы керек. Жағдаятты қалай шешер едің?



9. Инфографиканы пайдаланып, оқушыға нұсқаулық жаз.



§62. Ұлттық тағамдардың пайдасы



Қазақтың ұлттық тағамы алуан түрлі. Үмыт болған тағамдарды қайта жаңғыру арқылы біз өз тарихымыз бен мәдениетімізді тірілтеміз.

Әйгерім Мұсагажинова



- Мәтінді тында. Сұхбаттан қандай білім алдың және оны өмірінде қалай қолданасын? Одағайлардың интонациясына мән бер.



- Мәтінде қандай қоректік заттар туралы айтылады? «Пай-пай, шіркін, ұлттық тағамдарымыз нөрлі гой!» тақырыбында жұбынмен сұхбаттас.
- Мәтінді оқы. Проблемалық сұрақтар құрастыр. Авторына сілтеме жасай отырып, әңгімелеп.



Жол азығы

Күн төбeden ауып барады екен. Тек тілі аузына сыймай, шөл әкетіп барады. Әлдене есіне түскендей, жалма-жан қоржынга қол созды. Қоржынның бір басынан кішкентай торсықты алып, шайқап көріп еді, бірдеме шылдырагандай болды.

Құйып алып шыққан айраны бұдан екі күн бұрын таусылған. Соңан бері таңдайын жібітіп, талшық қып келе жатқаны – бір уыс малта. Қалтасында жүрген бес-алты құртты торсықтың ішіне салып, үстіне кеше су құйып алған-ды. Онысы да бітуге айналыпты. Қоржынның екінші басынан саптаяғын алып, торсықты төңкөріп еді, кішкентай гана ақ малта құйылды. Шал оны бір-ақ сіміріп алды. Мандайынан тер бүрк ете түсті. Кезі шырадай жанып, біраз әл жинағандай болды.

– Не де болса, осы арада тамақтанып алайын, – деді ол, қоржыннынан бір уыстай ірімшік пен екі-үш жапырақ қатқан нанды алып жатып: – Торсығымды суга енді бір толтырып алсам, ел шетіне жеткізеді гой... – деп ойлады.

«Шіркін, дуние-ай, осындайда бір шәйнек шай не болмаса бір аяқ қымызы болар ма еді! – деп аңсады қарт. – Кеңшілік кезде сол тамақтарды тойып ішіп көрдім бе екем? Әй, тоймаган шыгармын, сірө».

Қабдеши Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінен үзінді



- 4.** Оқылым мөтіні бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Мөтінде ұзак жолға шыдамды әрі нәрлі қандай үлттық тамадар туралы айттылған?
2. Неліктен қарт айранды бірінші тауықсан?
3. Соңғы азық ретінде неліктен құрт пен ірімшікті қалдырган?



Тұрмыс-салт одағайлары

Тұрмыс-салт одағайлары – емірде жи қолданылатын одағайлар. Бұған амандаусу, қоштасу т.б. сыйластық белгісі ретінде қолданылатын хош, қайыр, рақмет, ассалаумагалейкүм, құл, ләббай, кеш жарық деген сияқты сездер жатады.

Одағайларды құрамына қарай тұрлери

Одағайларды құрамы жағынан екі топқа белуге болады:

1. Түбір, негізгі одағайлар: а, о, ө, ой, лай, қап, бәсе, мә.
2. Курделі (бірнеше сезден біріккен, қайталанған, қосарланған) одағайлар: мессаған, алырым-ай, өттеген-ай, бәрекелді.



5. Тапсырмаларды орында.

1. Оқылым мәтінінен одагайларды тап. Түрлерін ажырат.
2. Тұрмыс-салт одагайларын қатыстырып, ез болжамыңмен қария мен оны атажұртында қарсы алатын ауыл адамдарының арасындағы диалогті жаз.



6. Жағдаятты шеш.

Мектептің жәрменкесіне қатысуга сені де шақырды, онда өр оқушы ез отбасының үлттық тағамын ұсынуы керек. Сен қандай үлттық тағамды таңдайсың? Мәтінде одагайдан мысалдар келтір.



Тағамға байланысты дәстүрлі өлшемдер

Тағамның әрбір түріне байланысты өзіндік мөлшерлеу ерекшеліктері бар. Мысалы: *бір салым тұз, бір қайнатым шай, бір шымшым тұз, бір жұтым қымыз, бір асым ет, бір шыны шай, бір тілім наң, бір жапырақ ет, бір тілім ет, бір білем қүйрық, бір қарын май, бір табақ ет, бір сөре құрт, бір саба қымыз және т.б.*

Осы төріздес атаулар мен ұғымдарды қазакы ортада тағамды дайындау үрдісінде мөлшерлеудің ең негізгі эталон-өлшемдері деуге болады.

Сондай-ақ ас-судың молшылығын білдіретін метафоралық образды мөлшерлердің қатарына *үйме табақ ет, саба-саба қымыз, жеңді білектей қазы, астай-астай ет, тегене-тегене сут* т.б. жатады.

Бұл өлшемдердің сипатын қазақтың дәстүрлі дүниетанымының ерекшеліктерімен түсіндіруге болады.



7. «Артық болмас білгенің» айдарындағы тағамға байланысты дәстүрлі өлшемдерді қосып, әңгіменің жанрлық және стильдік ерекшелігіне сай коркемдегіш құралдарды қолданып, шагын әңгіме жаз. Сөз саны: 180–200 сөз.



8. Тындалым мәтінін негізге алып, бір үлттық тағам туралы анаңнан не әжеңнен сұхбат ал. Сұхбатта проблемалық сұраптар болсын. Сұхбат мәтінін сыныптастарыңа оқып бер.

§63. Тамақ өнеркәсібі



Кеңпелі қазақтың тағам түрлерін дайындау тәсілдері шаруашылық мәдениетімен тікелей астасып жатады. Қазақтың қонақжайлышы әлеуметтік ағза ретінде үйлестіретін болған.

Ақселеу Сейдімбек



- Мәтінді тында. Дерек пен көзқарасқа мысалдар жазып ал.



- Тындалым мәтіні бойынша аймақтардың негізгі өндіріс өнімдерін белгілейтін карта жасап, жұбынмен бірге көтерілген мәселенің себебі мен салдарын талда.



- Мәтінді оқы. «Не үшін?», «қандай мақсатпен?» деген сұрақтарға жауап беретін тіркестерді жазып ал, магынасын түсіндір.

Құрғақ сұт

Алдымен, сойылған қойдың терісін түгінен арылтып алады. Теріні түгінен айырудың мұндай жағдайда екі тәсілі қолданылады. Бірі – и салу тәсілі. Екіншісі – теріні жібітіп отырып, откір ұстарамен түгін қырып тастайды. Содан соң түкіз теріні суга салып, шуашы мен шайырынан айырылғанша әбден сапсып жуады. Ақжемделіп май-солінен арылған тері шүберектей болып тазарған кезде керегеге жаяды.

Келесі, сүтті ұлкен қазанга толтыра құйып, теріні соган салады да, астына маздатып от жағады. Тері салған сүт шымырлап қайнаган сайын қойыла береді. Қойылған сайын сүттің бар маңызын тақыр тері бойына тарта береді.

Уақыт өте әлгі сүт қойыртпақтанады. Тері болса ағара бөртіп, өбден ісінеді. Қойылған сүт сарқыла таусылғанда, от үзіледі де, тері қазаннан алышады. Сол бетінде сөреге жайып тастайды. Осы жағдай үш рет қайталанады. Сол кезде сүт сіңген терінің қалындығы бармақ елі болып, өн бойына уыз сүттің маңызы тұтылады. Ушінші рет жайылған тері тобарсып кебе бастаған кезде, шиыршықтан орайды да, маңызы үшып кетпес үшін қарынға немесе бүйенге салады.

Мерзімі жетіп, қарынды ашқан соң, сүт сіңген теріден алақандай ғана кесіп алады да, тостағандағы суга тастап жібереді. Тостағандағы су дем арада сүтке айналады.

Көшпенді елдің баласы үшін мұндай құргақ сүт – ең қажетті ас.

Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» кітабынан



4. Оқылым мөтіні бойынша сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды орында.

1. Құргақ сүт өндіру процесінде сені қандай ақпараттар таңғалдырыды? Одагайларды қолдана отырып, мөтін авторына сілтеме жасап, әңгімелеп.
2. Құргақ сүт өндіру туралы мөтіннің жай жоспарын жаз.



5. Қазақстандағы азық-түлік шыгаратын бір кәсіпорын туралы шағын мақала немесе блогқа пікір жаз. Дереккөзіне сілтеме жаса. Жанрлық және стильдік ерекшеліктерін ескеріп, деректер мен козқарастарды тиімді қолдан.

Ұсынылатын тақырыптар:

1. «Өркендереген өнеркәсіппер».
2. «Тұз өнеркәсібі».



6. Одагайларды қатыстырып, оқылым мөтінінің мазмұнын толықтыратын үш сөйлем құрастырып жаз.

Улғи: Апыр-ай десейши, үлттық тағамдарымызды қарапайым үй жағдайында қалай әзірлеген?!



7. Үйде тұтынатын тағамдарыңың құрамына зерттеу жұмысын жургіз. 5–6 сейлеммен қорытындыла.



8. Егер сен жеке кәсіпкер болсан, өз өнімінді қалай сатар едін? Берілген үлгіден қандай кемшіліктер көргенінді әңгімелеп, өз нұсқауды ұсын.

ЖОГАРЫ СОРТ	Высший сорт
ГОЛЛАНДСКИЙ СЫР	
<p>Пісіп жетілмеген жартылай қатты ірімшік. Күргак заттагы майдың мелшері 45%. Құрамы: пастерленген табиги сүт, ас тұзы, ұйытыры, сынчут. Сақтау шарты: 0 °C – +4 °C. Өндіруші: ЖШС «Ақбулак».</p>	<p>Полутвердый сыр без созревания. Массовая доля жира в сухом веществе 45%. Состав: пастеризованное натуральное молоко, закваска, пищевая соль, сычуг. Условия хранения: 0 °C – +4 °C. Производитель: ТОО «Ақбулак».</p>



9. Одагайларды пайдаланып, үзіндіні өз сезіңмен қайта жаз. Мәтінді аяқта.

Консервілеу дегеніміз – тағамдарды бұзылудан сақтау. Консервілер – мықты ыдыстарда ыстық бумен пісірілген тағамдар. Тағамдардан әртурлі консервілер өндіру – халықта деген ариаулы қор жасау.

Консерві өнімдері XIX ғасырда пайда болды. Консерві тағамдарын алыс сапарға шыққанда, құрылыштарда, әскери бөлімдерде жиі қолданады.

Халқымыз бұрыннан тағамды сақтаудың түрлі төсілдерін меңгерген, мысалы: кептіру, тұздау, қактау, табигаттың сұрығын қолдану...

«Ет және ет өнімдерінің технологиясы» оқулығынан

§64. Тамақ өнеркәсібіндегі жарнаманың рөлі



Тарысы бардың тақаты бар,
Құрт-майы бардың рақаты бар,
Қауыны бардың сауыны бар,
Тірлігі бардың тынымы бар.

Халық даналығы



- Мәтінді тында. Автор көзқарасы мен көтерілген мәселеңі талдау үшін негізгі ақпараттарды жазып ал.



- Тыңдалым мәтіні бойынша мына сұрақтарға жауап бер.

- Жарнама туралы мәтін сенде қандай эмоция тудырды?
- Мәтіннің мақсатты аудиториясы кімдер деп ойлайсың?
- Жарнаманың маңызы туралы автордың көзқарасы қандай?
- Қазақша жарнаманың сапасын арттыру үшін қандай шараларды қолға алу керек?



- Мәтінді оқы. Одагайларды қолданып, «Жарнама пайдалы ма?» тақырыбында өзара пікірталас өткізіндер.

Ұлыбританияда күндізгі уақытта зиянды тагамдарды жарнамалауга тыйым салынған. Ағылшындардың жарнаманы бұлай жүгендегеуі бекер емес. Өйткені жарнама өнімге сұраныс тудырып, өтімділігін арттырады. Сондықтан өндірушілер тауарын жарнамалауга келгенде, ақша аямайды. Халыққа өз өнімін насиҳаттаудың барлық арнасын пайдаланады.

Маркетинг мамандарының айтуынша, ең қымбат өрі ең нәтижелі жарнама – теледидардағы жарнама. Оның себебі белгілі: теледидар аудиториясының географиялық ауқымы кең өрі оның визуалдық өсері күшті. Жарнаманың адам санағына ықпалын зерттеген мамандар балалар үшін аландаулы. Өйткені кей жарнама балдыргандарды зиянды өнімдерді тұтынуға итермелейді.

Ата-ана өз баласын барынша сапалы, денсаулыққа пайдалы өнімдермен қамтамасыз етуге тырысқанымен, дүкенге кірген бүлдіршіндердің жарнамадан көрген төттілерді, чипс,

газдалған сусын секілді зиянды тағамдарды алып беруді талап етіп, жер тепкілеп жылаганын талай мәрте көргенбіз. Фалымдар өз еңбектерінде 5–6 жастағы балалардың кебінің жарнамага шұбасız сенетінін жазған. Ал 16–17 жастағы жасөспірмдердің жарнамадан көрген жаңа дүниені сатып алуда алдына жан салмайтыны жасырын емес.

Анар Лепесованың «Зиянды тағамдар жарнамасы шектеледі» мақаласынан үзінді



- 4.** Оқылым мәтінінің негізгі идеясы қандай? Неліктен автор жарнаманы тауардың өтімділігін арттыратын басты құрал деп есептейді?



- 5.** «Өттеген-ай!» одағайын қолдана отырып, оқылым мәтіні бойынша өз қорытындынды жаз, мақала авторына сілтеме жаса.



- 6.** Халықта танымал кейіпкерлерді қатыстырып, тамақ өнеркәсібінің бірінде өндірілетін өнімге жарнама жасап көр.



Арыс Әнуарбекұлы: «Ақын Мұқагали Мақатаевты да радиога дикторлықта шақырган әкем Әнуарбек Байжанбаев еді. Мұқагали 60-жылдары кек базарда үн сатып тұрса керек. «Үн сатамын!.. Нарынқолдың үны!..» деген зор дауысты естіп, әкеміз солай қарай аяңдайды. Сейтіп, Мұқаның өрекшे дауысын үнатып, Қазақ радиосына жетелеп әкеліп, диктор етіп қабылдатқызады...

*Жазып алған Ақбота Мұсабекқызы.
«Ана тілі» газетінен*



- 7.** Жоғарыдагы мәтінді негізге алып, адамның өз дарынның жарнамалай білуінің маңыздылығы туралы шағын әңгіме құрастыр. Әңгіменің жанрлық және стильдік ерекшелігін ескер.



- 8.** Жағдаяттық тапсырманы орында.

Өлеңді оқып, теледидардан әжеңнің бауырсағын жарнамалайтын мәтін жаз. «Бәрекелд-і-і!» одағайымен бастау не

қорытындылау үсінүлады. Жарнамада қолданылатын сез санын, одагайдың түрлерін, түстерді үйлесімді тандауды ескер.

Бауырсақ

Қызықтырып баланы
Қызарып от жанады.
Апам ыстық қазанға
Бауырсақты салады.

Біздер үшін барын сап,
Пісіреді бауырсақ
Ақ жаулықты апамыз,
Бауырсақты сағынсак.

Батасын ап атамның,
Сүйсініп дәм татармын.
Қызыл, сары бауырсақ –
Ақ пейілі апамның.

Ол тағамның гажабы –
Көңілінді жазады.
Домаланған бауырсақ –
Дастарқаның ажары.

Серікбол Хасан



9. Топтық жұмыс ретінде шагын көрініс дайындаңдар.

Көріністің соңы былай аяқталатын болсын:

Тарта жесен, тай қалар,
Коя жесен, қой қалар,
Коймай жесен, не қалар?!

§65. Азық-тұлікті дұрыс таңдау



Ауырсан, айран іш,
Сінірің түйілсе, сүт іш.

Халық даналығы



- Мәтінді тында. Деректер мен авторлық көзқарасты анықта.



- Тыңдалым мәтіні бойынша сұраптарға жауап бер.

- Қазақ үнемі қандай жағдайға дайын отырады және оның табиғатпен қандай байланысы бар?
- Автор неліктен осы тақырыпты қозғады деп ойлайсың?
- Қой етін пайдалану туралы автордың көзқарасы қандай?



Одағайлардың грамматикалық ерекшеліктері

Одағайлар, негізінде, түрленбейді. Одағайларға тән журнақтар жоқ. Олар жалғауды да кеп қабылдамайды.

Кейбір одағайларға -ла (-ле, -да, -де, -та, -те), -шыл (-шіл) журнақтары жалғанады. Мысалы: ойбайлау, айт-айттал, аһылап-үһілеп, алақайлап, айтакшыл және т.б.



3. Мәтінді оқып, проблемалық сұрақтар құрастыр.

«Д» дәрумені тапшы болса...

Қалыпты тіршілік етуде дәрумендер тобы аса маңызды рөлге ие. Олардың әрқайсысы өзіне тән жұмысын атқарады. Ал солардың ішіндегі «күн дәрумені» аталатын «Д» дәруменінің қызыметі ерекше. Ол жетіспесе, бала аурушаң, ашуланшақ, тершең болады.

«Д» дәрумені адам терісінде Күннің ультракүлгін сөулелерінің әсерінен түзіледі. Әрине, бұл дәруменді күнделікті ішетін тағамнан да аламыз, бірақ ол жеткіліксіз. Дәрумен балық майында, уылдырығында, жұмыртқаның сарысында, жануарлардың бауырында, сүт өнімдерінде мол. Өзен, көлдің балығына қараганда, теңіз балығында көп. Ал дәстүрлі қазақ дастарқанында теңіз өнімдерінің аздығын еске алсақ, дәруменнің біз үшін негізгі алынатын көзі Күн екені айқын.

Алайда еліміздің барлық аймагы бірдей шуақты емес, алты ай қысы, салқын күзі мен көктемі бар дала тұргындағында «Д»-ның жетіспеушілігі айқын сезіліп жатады. Мамандар жыл мезгіліне қарамастан, бұл дәруменді балаларға үздіксіз беріп отыру жайында кеңес береді. Ауа райының салқындығына байланысты қалың киінуіміз, бұлтты күндердің көп болуы – барлығы Күн сөулесінен алатын дәрумен тапшылығын тудырады. Сондықтан ғалымдар бойымыздагы дәруменді бақылауда ұстауга кеңес береді.

Анар Төлеуханұзы. «Егемен Қазақстан» газетінен



4. Оқылым мәтінінің негізгі идеясы қандай?



5. Өз бетіңше ізденіп, сұрақтарға жауап беріп көр.

1. Ағзага жағымсыз әсерлерді азайту үшін спорттық жарыстарға дайындалғаннан кейін қалай тамақтану керек?
2. Қашықтықта жүгіру жарыстарына қатысу үшін қандай тамақтарды жеген пайдалы, қандай азық-түлікті тұтынбаган дұрыс?
3. Спорттың әр түрінде тамақтану ережелері бірдей ме?
4. Физикалық сынақтардың деңсаулықта кері әсер етпеуі үшін не істейу керек?



- 6.** Оқылым мәтіні авторына сілтеме жасай отырып, «Палі, сол да сөз болып па?!» тақырыбында жұбынмен диалог құрастыр.



- 7.** Жағдаятты шеш.

Сені ата-анаң азық-түлік сатып өкелуге жұмсады. Пайдалы таңғы, түскі және кешкі ас үшін қажет азық-түліктердің тізімін жаса.



Азық-түлік алғанда не нәрсеге мән беру керек?

- Тауар қаптамасында өнімнің шыгарылған уақыты, жарамдылық мерзімі нақты және анық жазылуы керек. Құрамында консерванттары көп өнімнің сақтау мерзімі ұзак болады. Қаптамасынан бірнеше рет жапсырылған сақтау мерзімін байқасаңыз, өнім ескірген.
- «Құрамы» деген жазудан кейін қай қоспа бөлшегі бірінші тұрса – сол көп деген сөз. Азық-түлік өнімдерінің құрамын мұқият зерттеңіз. Кей қоспалардан абай болыңыз.
- Құндылығы жоғары өнім құрамында негізгі қоректік заттар (акуыз, пайдалы майлар, тағамдық талшықтар, минералдар) болады.
- «Е» өрпінен басталатын код бүл қоспаның қауіпсіздікті бағалалайтын тексеруден өткенін және Еуропалық Одақта қолдануға рұқсат етілгенін білдіреді.
- Акциялар мен жаппай сатылымдар көбіне жарамдылық мерзімі бүгін-ертең аяқталатын тауарларға үлкен женілдікпен жасалады. Мұндай өнімдерді сатып алар болсаңыз, тезірек қолданып тастаңыз.

КазАқпарат



- 8.** Тыңдалым тапсырмасындағы суретке қарап, досыца дұрыс тамақтану жолдарын қарастыруға шақыратын мотивациялық хат жаз. Хатынды әсерлі ету үшін одагай түрлерін қолдан.



- 9.** «Ізденімдік тапсырма» және «Артық болмас білгенің!» айдарларындағы мәліметтерге сүйене отырып, азық-түлікті дұрыс таңдау және дұрыс тамақтану бойынша ұсыныстарынды жаз.

§66. Азық-түлік қантамасындағы ақпараттар



Тұзсыз май татымсыз,
Қантсыз шай татымсыз.

Халық даналығы



1. Мәтінді тыңда. Мәтінде қандай мәселе көтерілгенін анықта.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша тапсырмаларды орында.

1. Тыңдалым мәтіні бойынша кемінде бес сөз жазып ал. Жазып алған сөздердің мәтін мазмұнын ашудағы маңыздылығын жұбыңа баянда.
2. Қазақстанда шыгарылатын қантамалардың шетелдерге экспортталуының елімізге пайдасы туралы әңгімелे.



3. Мәтінді оқып, «не үшін?», «қандай мақсатпен?» деген сұрақтарға жауап беретін тіркестерді анықта.

Тауардың бедел-бейнесін қалыптастыру оны ораусыз, буып-туюсіз мүмкін емес. Орау бірқатар міндетті шешуге мүмкіндік береді:

- тауар тартымдылығын қамтамасыз ету;
- сатып алушыга тауар таңдауга көмек беретін ақпарт ұсыну;
- тұтынуга ыңғайлы пішінде ұсыну;
- тауарды бұзылудан сақтау, климаттық әсерден қорғау;
- стандарт пен техника қауіпсіздігін ескеру.

Тауардың оралуы мынандай қызметтерді атқарады:

- тауарды бұзылудан және сыйнудан сақтайды;
- тауардың үйлесімді салмагын, көлемін қамтамасыз етеді;
- тасымалдау үшін қолайлы жағдай жасалады;
- жарнама жасау үшін қолданылады.

Сәулө Қаргабаева

Азық-түлік қантамасында болуы тиіс ақпараттар:

- 1) тауардың атауы;

- 2) құрамы (кей адамда аллергия тудыратын не денсаулығына жақпайтын құрамдас бөліктер, хош иістендіргіштер мен қоспалар);
- 3) саны, салмагы мен көлемі;
- 4) жасалған мерзімі;
- 5) жарамдылық мерзімі;
- 6) сақталу шарты (төмен температура, ылғалдылық, консервілер үшін ашылғаннан кейінгі сақтау шарттары);
- 7) өндіруші компанияның мекенжайы.

Гигиена мен эпидемиология орталығы

4. Мәтіндегі ақпараттар кімге пайдалы болуы мүмкін? Азық-түліктің сыртқы қаптамасынан қай минералдарды көргің келеді?
5. «Қап!», «Же!», «Тәйт!» одагайларын қолдана отырып, шағын диалог құрастыр, оқылым мәтініне сілтеме жаса.
6. Қаптамада кездесетін белгілерге зерттеу жүргізіп, 5–6 сейлем жаз.



7. Оқылым мәтініне күрделі жоспар құр.
8. Тауардың қаптамасына қарап, қалай дұрыс таңдау жасауга болатыны туралы досыңа кеңес бер. Тұтынушының таңдауына байланысты одагайлардың түрлерін қатыстырып, пікір айт.

IX

БӨЛІМ

ЖЕҢІС КҮНІ. ҰЛЫ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

ОҚШАУ СӨЗДІҢ ТҮРЛЕРІ, ҚЫЗМЕТІ

- §67. Отан үшін от кешкендер
- §68. Шығыстың қос шынары
- §69. Ұшқыш Талгат Бигелдинов
- §70. ҰОС жылдарындағы Қазақстан
- §71. Дара тұлға – Бауыржан Момышұлы
- §72. И.В.Панфилов атындағы дивизия
- §73. Ұшқыш қыз Хиуаз Досланова
- §74. Партизан Қасым Қайсенов
- §75. Женіс жалауы желбіреген күн
- §76. Ардагерлерімізді ардақтайық!

§67. Отан үшін от кешкендер



Отанға деген сүйіспеншілік ата-анага, бауырларына, туып-өскен ауылына, қаласына, ұлтына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Бауыржан Момышұлы



- Мәтінді тыңда. Сейлеушінің дауыс ыргагы мен сейлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықта.
- Жұбынмен ақылдасып, сұрақтарға жауап бер.



- Сейлеушінің дауыс ыргагынан қандай көңіл күйді байқадын?
- «Тарих алдында, Отан алдында, адамгершілік, намыс алдында азаматтық борышты өтеу» дегенді қалай түсінесін?
- Батырдың қан майданда қаза тапқандарды өзінен артық санауынан нені аңғаруға болады?



Публицикалық стиль	Ресми стиль
Публицикалық стильтеге газет-журналдардағы хроника, репортаж, мақала, очерк т.б. жатады. Эссе де публицикалық жанрда жазылады.	Ресми стильтеге хаттама, бүйрық, өмірбаян, келісімшарт, еңбек келісімі, талапарызы, мәлімдеме, акт, қызметтік хат, рапорт жатады.



- Мәтінді оқып, тыңдалым мәтінімен салыстыра талда. Мәтіндегі қою қаріппен берілген үзінділердің стилін, жанрын тілдік күралдары арқылы анықта.

Тыңдалым мәтіні	Мәтіндегі қою қаріппен берілген үзінділер
Такырыбы: Стилі: Тілдік амал-тәсілдері:	Такырыбы: Стилі: Тілдік амал-тәсілдері:

Полковник Ефим Воронков жабық позицияда тұрган батареямызға келді. Артиллеристердің шапшандығын тексерді... Расчёттер лап қойып, өз зенбіректеріне қарай жүгірді...

Олар алқын-жұлқын қимылдап, бірінің соңынан бірі рапорт беріп жатты. Полковник бірінші зеңбірекке қарай аяңдады.

– Расчет, түзу түр! Жолдас гвардия полковнигі, екінші батареяның бірінші зеңбірегі жауынгерлік тапсырма орындауга әзір. Баяндап тұрган – зеңбірек командирі, сержант Нұршайықов, – деп, мен бригада командиріне рапорт бердім.

– Еркін түр! – деп, полковник зеңбіректің үрысқа қалай әзірленгенін тексереп бастады. Тексеріп болды да:

– Зеңбіректі бір жарым минутта өзгелерден бұрын әзірлен болғаны үшін бірінші расчёттің жауынгерлеріне алғыс жариялаймын! – деді.

– Совет Одағына қызмет етеміз! – деді расчет жауынгерлері бір деммен. Содан кейін полковник маған қолын ұсынды.

– Қай жерденсің, сержант?

– Қазақстанныңмын, жолдас гвардия полковнигі.

– Қазақстанның жігіттері қайратты келеді. 8-гвардиялық дивизия туралы естіп пе едіндер?

– Естігенбіз, жолдас гвардия полковнигі.

– Естісендер, сол дивизияның жауынгерлеріндегі жігерлі болындар. Фашистерді Великие Лукиге кіргізбендер!

– Кіргізбейміз, жолдас гвардия полковнигі.

Бұрынғы командир батареяның атыс позициясында ешқашан болмаган еді. Жаңа командирдің батареяға келгенніне, тіпті өздеріне алғыс жарияладап кеткеніне жігіттер жайрандап, қуанып қалды.

Әзілхан Нұршайықовтың «Боздақтар» жинағынан



4. Командир мен жауынгерлер диалогінен нені аңғардың? Сержант Әзілхан Нұршайықовтың рапорты қай стильге жатады?



Оқшау сездер

Сейлемде басқа сездермен грамматикалық байланысқа түспейтін, сол себепті сейлем мүшесі бола алмайтын, тек айтылатын ойға қатысы бар сездер кездеседі. Олар – оқшау сездер. Оқшау сездер қаратпа сез, қыстырма сез және одағай сездер болып белінеді.

Мысалы: *Жолдастар* (қаратпа сез), майданда біздің өскерлер жан аямаіт соғысада. *Демек* (қыстырма сез), біз жеңеміз. *Алақай* (одағай сез), біз жауды жеңдік!



5. Оқшау сөздерді қолдана отырып, сейлем құрастыр.

Қасым ата, Бауыржан ата, неге десеніз, ендеше, олай болса, демек, алақай, ура.



6. Жұбыңмен не тобыңмен бірге ізденімдік тапсырманы орында.

Сынып алдында айтып беру үшін өзің таңдаған соғыс батыры туралы әңгімеге дайындал. Кейіпкердің тарихын басқаларға қалай ұсынғың келетіні туралы ойлан. Жұбыңмен аудиоподкаст, таныстырылым, буклет, постер, ауызша немесе бейнебаян түрінде ұсынуға болады.



Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары қазақ халқы патриоттық сезімі мен жанқиярлық ерлігін көрсетті. 500-ден аса жерлесіміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олардың арасында қатардағы жауынгерден дивизия командиріне дейінгі әскери атағы бар адамдар болды. Олар: Талғат Бигелдинов, Мәлік Габдуллин, Нұркен Әбдіров, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және басқалары.

1941 жылдың ызгарлы 15–16 қарашасында басқыншы неміс фашистері Кеңестер Одағының астанасы – Мәскеу қаласына жойқын шабуылын бастады. Қазақстанда жасақталған генерал Иван Панфиловтың басқаруындағы 316-атқыштар дивизиясының 1075-атқыштар полкінің жауынгерлері мұздай қаруланған екі есе көп жауға Дубосеково разъезінің түбінде қарсылық көрсетіп, қайсарлық пен ерен ерліктің үлгісін көрсетті.

Қазақ энциклопедиясынан



7. УОС ардагерімен өтетін кездесудің сценарийін жаса, сұрақтар даярла.



8. «Қазақстандықтардың ерлігі» тақырыбында мақаланың жоспарын құрып, жаз. Дереккөздерге және авторга сілтеме жасауды ұмытпа.



9. Соғыс құрбандарына арналған ескерткіштің макетін не сыйбасын жаса. Жасаған нұсқаңың мағынасы мен символикасын сыннып алдында түсіндір.

§68. ШЫҒЫСТЫҢ ҚОС ШЫНАРЫ



Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та мінез секілді, өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.

Бауыржан Момышұлы



1. «Мерген қызы» мәтінін тыңдалап, майдан даласында кездескен қазақ жастарының диалогі арқылы автордың не айтқысы келгенін анықта.



2. Сұрақтарға жауап бер.

1. Өлия Молдагұлова туралы не білесің? Ол соғыста қандай ерлік көрсетті? Өлияга қандай атақ берілді?
2. Алматы қаласында шығыстың қос шынарына орнатылған ескерткіштегі сәбіller мен көгершіндер ненің символы деп ойлайсың?
3. Өлия мен Мәншүктің бойындағы батырлықтың, жанқияр ерліктің түп-тамыры қайдан бастау алады?



Қыстырма сездер мен сез тіркестері

Қыстырма сездер мен сез тіркестерін мағыналарына қарай мынадай негізгі топтарға белуге болады:

1. Кісінің көніл күйін, сезімін білдіретін қыстырмалар: бақыттымызға қарай, біздің бағымызға, өкінішке қарай, обалы не керек, бір гажбы т.б.
2. Айтылған ойға нануды, жорамалдауды білдіретін қыстырмалар: өрине, шынында, шынын айту керек, рас, сез жоқ, сіре, мүмкін, кім біледі т.б.
3. Ойдың айтылу амалын, тәсілін білдіретін қыстырмалар: қысқасы, демек, дегенмен, айтлақшы, қорыта келгенде т.б.

4. Айтылған ойға басқаның не айтушының пікірі тұрғысынан қарауды білдіретін қыстырмалар: сіздіңше, біздіңше, біреудің сезіне (пікіріне, ойна, айтуды) қараганда т.б.
5. Айтылған ойлардың өзара қатынасын білдіретін қыстырмалар: сейтіл, не дегенмен, сонымен, біріншіден, екіншіден, бір жағынан т.б.
6. Қыстырма сездермен қатар, қыстырма сейлемдер де болады. Айтылған пікірге тірек, дәлел болатын қыстырма сейлемдер не-гізгі сейлемге «дегендей» сезі арқылы телінеді. Мұндай қыстырма ретінде көбінесе мақал-мәтептер, танымал кісінің сезі алынады: Құдайға шукір, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, ішілжемім жетеді (С.Жұнісов). Сулы жер – нұлы жер дегендей, бұрқырай ағып, етегін кең жайып кететін бұлактың қайнар тұсына қалың жыныс ескен (С.Мұқанов).



3. «Мерген қызы» мәтінін тағы бір мәрте тыңдал, оқшау сездерді жазып ал, қандай мағынада жүмсалғанын анықта.



4. Мәтінді оқы. Жанрын (хроника, очерк, мақала) анықта. Дереккөзіне және авторына сілтеме жаса.

Мәншүкті оққа ұшарынан бірнеше минут бұрын көріп, соңғы рет тілдескен сол кездегі 100-атқыштар бригадасының кіші лейтенанты Ахметқазы Болатов ақсақал шақырылмаған қонақ болса да, сез сұрап, осы шындықты баяндал берді...

«1943 жылдың 11 қазанында біздің дивизияның біраз жауынгерлері Псков облысындағы Изочи стансысына келіп, Мәншүктердің батальонына қосылдық...

Мәншүк жауды пулеметпен қарсы алу үшін биіктеу жотага орналасты да, орнын белгіледі. Таңғы алтылар шамасында ұрыс басталып кетті. Бар күшімізben Изочиді басып алдық. Майданның заңы – жеткен жеріце дереу бекінуің керек. Сөйтіп, окоп қазып, әркім өз тіршілігін жасауға кірісінде, бізден екі-үш есе күші көп жау қайта шабуылға шықты. Орнығуга шама бермеді. Біразымызды қырып жіберді. Қалған тірілеріміз позицияны өзгерту үшін артқа шегінуді үйғардық. Қайтар жолымызда Мәншүктер тұрган төбешікті басып өтуге тұра келді. Төбешікке келсек, Мәншүктен басқа

тірі жан жоқ. Басынан жарапланыпты. «Мәншүк, таста пулеметті, жүр бізбен, тез!» деп отініп жатырмыз. Ол болса: «Бара беріндер, мен қалмасам, сендерді кім қоргайды?» – деген сезінен таяр емес. «Жоқ. Сендерді мен қоргамасам, шепке аман жете алмайсыңдар», – деп, пулеметті қосып жіберді. Біз кете бардық. Артымыздан дұмпулер естіліп жатты. Біраздан соң пулеметтің үні өшіп, дала тынышталды.

Егер сол жолы Мәншүк дәл осындай батырлық көрсетпегендеге 100-атқыштар бригадасының жауынгерлері тірі қалмас еді. Мениң қара жер басып жургенім – сол қара қыздың арқасы. Бүгінде біз: «Мәншүк қаншама фашистің кезін жойды», – деп емес, «қаншама қазақты аман алып қалды», – деп айтуымыз керек», – деп аяқтады сезін Ахметқазы ақсақал.

Гүлзейнел Сәдірқызы. «Егемен Қазақстан» газетінен



5. Мәншүктің ерең ерлігі саған қалай өсер етті?



6. Қыстырма сөздерді қатыстырып, мәтінді қайта жаз.

Өлия мен Мәншүктің есімдерін бөле-жара қарау еш мүмкін емес. Қай түргыдан қарастырсақ та, қос шынарымыз тағдырлас. Екеуінің де әкесі құттын-сүргін жылдарында «халық жауы» ретінде үсталып, ауыр жазага кесілген. Бұл жағдай екеуінің де жүрегін қарс айырды. Әкелерінің актапуына бір септігі тиер деген перзенттік тілекші көңілмен өздері сұранып, согысқа аттанды. Әкелерін тұтқыннан босатуды сұрап, И.В.Сталинге хат жазған кездері де болыпты. Алайда оған жауап қайтарылмаган. Екеуінің жаумен согысқан майдан даласы бір-бірінен қашық емес.

Фалымжан Байдербес



7. Мақал-мәтелді қыстырма сөйлем ретінде қолданып, жүпта «Батырлық – жүректе» тақырыбында сұхбаттасындар.



8. «Қазақтың қос қарлығашы» тақырыбындағы мақалаға күрделі жоспар құр.



9. Жазылым тапсырмасындағы күрделі жоспарың бойынша мақала жаз. «Мениң ойымша», «неге десеңіз», «айтпақшы», «дегендей» т.б. қыстырма сөздерді қолдан.

§69. Ұшқыш – Талғат Бигелдинов



Мінсіз ұшақ жоқ. Ұшақты жақсы көруің керек. Жаны жоқ демесен, сезіміңе ол да жауап береді.

Талғат Бигелдинов



1. «Қыранның самғауы» мәтінін тыңдаң, автор көзқарасы мен көтерілген мәселені анықта.

Мәтіндегі деректер	Автор көзқарасы	Көтерілген мәселе



2. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Жауынгерлік тапсырмамен 305 рет ұшып шыққан Талғат Бигелдиновтің ерлігін қалай бағалайсың?
2. Автордың «Бірінен бірі асқан, толастамай үдемелеген ерен ерлігі екі мөрте батыр атагын бермеске қоймады» пі-кірімен келісесің бе?
3. Ұшқыш Талғат Бигелдинов туралы не білесің?



Ресми стиль

Ресми стиль – ресми қатынастар аясында қызмет ететін стильтің бірі. Ресми стильтеге тілдік тұргыдан мынадай талаптар қойылады:

- ойдың дәлдігі немесе бір мағыналылығы;
- айқындық, жүйелілік, бірізділік;
- баяндаудың ықшамдылығы, артық сөздің болмауы.



3. Ресми стильде жазылған өмірбаянның үш ерекшелігін анықтап, дәптерінде жаз. Баяндауыштардың формасына назар аудар.

Өмірбаян

Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған Талгат Бигелдинов Бішкектегі ДОСААФ авиамектебіне түседі. Сонда «У-2» деген ұшақпен ұшуды үйренеді. 1940 жылы Саратов әскери авиация мектебіне оқуга жіберіледі. Саратовтағы ұшқыштар мектебін екі жыл оқып, сержант шенімен бітірген соң, Чкаловтағы бомбалаушы ұшқыштар мектебін аяқтайды. Ал қан майданга аттанар алдында Ижевск қаласынан «Ил-2» штурмовигімен ұшуды үйреніп шыгады.

1942 жылы майданға аттанады. Өзі бір көргеннен қатты ұнатқан ұшақпен көк жүзінде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, Берлинді алуға бірінші болып қатысады. Фашистер өздеріне аяусыз өлім оғын сепкен Талгат мінген ұшақты «Қара ажал» деп атаган. 23 жасында Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте иеленіп, қан майданнан аман-есен оралады.

Талгат Бигелдинов соғыстан соң азаматтық авиацияны басқарды. Мәскеу инженерлік-құрылым институтын бітіріп, құрылым саласында да қызмет атқарды.

Қазақ энциклопедиясынан



4. Оқылым мәтінін басшылықта алып, оз өмірбаяныңды айтып көр.



Қаратпа сез

Қаратпа сез сейлемде тыңдаушының назарын аудару үшін қолданылады, сондықтан адамға байланысты айтылады. Кейде көркемдік үшін жанды-жансыз ұғым атаулары да қаратпа сез бола алады. Мысалы: *Тыңда, дала, Жамбылды*. Сейлемде *дала* сезі – қаратпа сез. Қаратпа сездер толық мағыналы болса да, сейлем мүшесі бола алмайды, ейткені бірде-бір сезбен грамматикалық байланысқа түспейді.

Қаратпа сез сейлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады, ортасында келсе, екі жағынан, сонында келсе, алдынан үтір қойылады. Қаратпа сез ерекше қарқынмен, көтерінкі дауыспен айтылса, одан кейін леп белгісі қойылады.

Мысалы:

- *Дарқан, сен Берлиндеңі Рейхстагқа алғаш ту тіккен қазақ жауынгерін білесің бе?*
- *Ерасыл! Мен мұны бұрыннан білемін. Ол – Рақымжан Қошқарбаев.*



- 5.** Берілген сұрақтарды Т.Бигелдиновке қойып, сұхбат жаз. Әр сәйлемге қаратпа сез қосуға тырыс.

– Сіздің үшагыңызға фашистердің «Қара ажал» деп ат қойғаны рас па?

– Мұндай шабуылдаушы үшаққа кез келген адамды отырғызбаған екен. Сонда бұл үшақтың штурвалына ие болу үшін үшқышта қандай қасиеттер болу керек?

– Кейбір сыншылар «Ил-2» үшагы осал және оған жуктелген міндеттерді ақтай алмайды деп есептеген дейді. Ал соғыста бұл үшақ өзін қалай «көрсетті»?

– 23 жасыңызда Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алғанда қандай сезімде болдыңыз?



- 6.** Қаратпа және қыстырма сездерді қатыстырып, «Үшқыш болғым келеді» тақырыбында жұбыңмен диалог құр.



- 7.** Жаңрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, «Қазақтың тексті қыраны» тақырыбында шағын мақала жаз.



- 8.** Жұбыңмен не тобыңмен ақылдасып, ізденімдік тапсырманы орында.

Талгат Бигелдинов жайлы деректі фильм түсіру үшін жоспар құр. Фильмге қандай тартысты оқиға қосуға болатынын ойлан. Фильм кімдерге арналатынына мән бер. Кіммен әңгіме жургізілетінін ойластыр. Дереккөздерден алатын материалдардың нақты болуына мән бер.



- 9.** Бейбіт заманда үшқышқа керек қасиеттерді санамалап жаз.

§70. ҰОС жылдарындағы Қазақстан



Соғыс – халықтың күш-қуатын, ерік-жігерін сұнайтын ұлы емтихан.

Бауыржан Момышұлы



1. Сырбай Мәуленовтің «Соғыс – сойқан» елецін тында. Сейлеушінің дауыс ыргағы мен сейлеу мәнері арқылы соғыстың елге әкелетін қасіретін сарала.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша жұбыңмен ақылдасып, сұрақтарға жауап бер.

1. Сейлеушінің дауыс ыргағынан қандай көңіл күйді байқадың?
2. Соғыс адам баласына қандай қасірет әкеледі?
3. Ақын соғысты нелерге тәсейді? Ақын ойымен келісесің бе?



3. Мәтінді оқы. Құрылымы мен ресімделуі арқылы қай жаңирға жатағынын анықта.

Улғи: Бүл – (мақала/очерк/хроника), себебі...

1941 жылы 22 маусым күні таңғы сағат 4 шамасында Германия әскері КСРО-ның батыс шегарасына басқыншылық

шабуыл жасағаны тарихтан белгілі. Соғыс туралы хабар қазақ даласына тез тарады. Қазақстанның ұл-қыздар соғыстың алғашқы күндерінен-ақ қолдарына қару алды. Отан алдындағы парызын өтеуге етініш білдіріп, өз еркімен майдан даласына аттанды. Қазақстанның экономикасын соғыс жағдайына бейімдеу шаралары қолға алынып, әскери бағытқа көшірілді. Бейбіт мақсатқа жұмысалатын қаржы мейлінше қысқартылып, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады.

Ал соғыс жүріп жатқан жерлерден және майданға жақын аймақтардан 220 зауыт пен фабрика, кәсіпорын Қазақстанға көшірілді. Олар Алматы, Қараганды, Шымкент, Петропавл, Семей, Ақтөбе, Орал қалаларына орналастырылды. Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды. Республика бойынша 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан етті. Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Осылай елдің әрбір бесінші адамы майданға аттанды.

Қазақстанның партизандық қозғалысқа да белсене қатысты. Толық емес мәліметтерге қарағанда, Украинаның партизандық отрядтарында 1500, Ленинград облысында 220-дан астам қазақ жігіті соғысқан. Беларусьтің әртүрлі ауданында әрекет еткен 65 партизандық бригадада 1500-ден аса қазақстанның болған.

Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстанның партизандар санына байланысты түрлі пікірлер бар. Кейінгі жылдардағы мәліметтерде соғыстан оралмаган қазақстанның партизандық саны 601 мыңға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы – қазақтар.

ҚазАқпарат



4. Оқылым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда қандай оқиғалар болды?
2. Соғысқа барған қазақстанның партизандар қандай қозғалыстарға қатысты?
3. Қазіргі үрпақ үшін соғыс жылдарын зерттеудің маңызы қандай?

-  5. Жұбыңан сұхбат ал. Соғыстың халық түрмисына әсері туралы бес сұрақ құрастыр. Оқшау сездерді қолдан.
-  6. Төмендегі мәтін мазмұнына менің ойымша, жалпы алғанда, әрине, қысқасы, сонымен, бәрекелді оқшау сездерін кірістіріп, кошіріп жаз. Тыныс белгілерін дұрыс қолдануға мән бер.

Соғыс жылдары Қазақстан мәдениеті мен ғылымы тоқтап қалмады. Жамбыл бастаған әдебиет пен өнер қайраткерлесінен еңбектері – өз алдына бір тәбе. Жыр алыбы Жамбылдың «Ленинградтық өренім» деп аталатын мәңгі өшпес патриоттық шыгармасын бүкіл ел толғана оқыды. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Абай» эпопеясының I кітабын жариялады. С.Мұқанов, F.Мұсірепов, F.Мұстафин т.б. жазушылар, Шашубай, Нұрпейіс, Кенен сынды ақындар халықтар достығының жыршысы болды.

Мәдени қызмет көрсету мақсатымен 1941 жылы Алматыда майдандық концерт бригадалары үйымдастырылды. Олардың құрамында республиканың көрнекті әнші-әртістері болды. Қазақ әртістері майданның алғы шебінде 2 мыңға жуық концерт берді.

Зиялды қауым Отанға шеккіз берілген діктің өнегесін көрсетті...

-  7. Тыңдалым боліміндегі сурет бойынша шагын мақала жаз. Кіріспе, негізгі бөлім, қорытындының азатжолдан жазылатынын ескер.
-  8. «Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында» тақырыбында қандай сурет салар едің? Суретін сал немесе сипаттап жеткіз.
-  9. Екі тапсырманың бірін орында.
 1. Екінші дүниежүзілік соғыстың жаһандық салдары тура-лы өз түжырымынды дәлелдеу үшін сыйба дайында.
 2. «Соғыстың бізге беретін сабактары» тақырыбында өз ойынды білдіріп, аргументті эссе жаз.

§71. Дара тұлға – Бауыржан Момышұлы



Баукең – халықтың рухы. Ұлттық санамыз өбден жаңшылып түрган кезде, соғыс кезінде, ол кісінің аты шыға бастады. Баукеңнің арқасында қазақтың ұлттық сезімі жаңғырды. Патриоттық тәрбиенің ошагы Баукеңнің шығармаларында.

Мекемтас Мырзахметұлы



1. «Батыр баба Бауыржан» өлеңін тыңдалап, автордың өлең кейіпкеріне деген көзқарасы мен сезімін анықта.



2. Бауыржан кім? Тізімді жалғастыр: әскери қолбасшы, аты-ацызга айналған батыр, ... Батыр туралы жазылған қандай шығармалар бар? Жазушы Бауыржанның қандай шығармаларын білесің?
3. Метінді оқып, тілдік қуралдары арқылы стилін анықта.



Азаматтықтың символы

Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, Халық Қаһарманы, көрнекті жазушы – Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының

Жуалы ауданындағы Мыңбулақ ауылында туған. 1921 жылы мектеп табалдырығын аттайды, бастауыш мектепті Аса интернатында оқиды. 1924 жылдан бастап Шымкент қала-сындағы алғашқы жетіжылдық мектепте оқиды.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, Б.Момышұлы Алматы маңында жаңадан жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады.

Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерілей еніп, ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Ол – өскери педагогика мен психологияны байтушы, баға жетпес мұра қалдырган дара тұлға.

Алмас қылыштай өткір де қайсар Бауыржан даналығымен, шешендігімен де танылды. Осынау дара тұлғаның гибратқа толы сөздері, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде. Жазушы Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Барлық оқығалардың бел ортасында өзі болғандықтан, автор әңгімені өз атынан айтады.

Бауыржан Момышұлының ерлігі – ұлы тәрбие, үлкен өнеге мектебі. Ол – азаматтықтың, патриоттықтың символы. Баукең – әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат.

ҚазАқпарат



4. Неліктен Бауыржан Момышұлының өмір тарихы өлі күнге дейін үлгі тұтарлық деп ойлайсың? Батырдың қандай қасиеттерін өз бойынан көргің келеді?



Одагай сездер

Одагай сездер де оқшау сездің бір түрі. Ол айтушының көңіл күйін, сан түрлі сезімін, эмоциясын білдіру үшін қолданылады.

Одагайлар қалыпты баяу дауыспен айтылғанда, жазғанда одан кейін үтір қойылады, ал көтеріңкі дауыспен айтылса, леп белгісі қойылады. Мысалы: *Шіркін, батыр болсаң, осындаи бол! Бәрекелді! Міне, нағыз азамат!*



5. Одагайларды қатыстырып, тындалым және оқылым мәтіндеріндегі сейлемдерді өзгертіп жаз.



6. Үзіндінегізге алып, «Кепке үлгі болған қаһарман» тақырыбында шағын мақала жаз.

1943 жылдың жазы... «Знамя» журналының соңғы нөмірінде Александр Бек деген автордың «Панфиловшылар алғы шепте» атты повесінің басы жарияланған екен...

«Знамя» журналының мендегі екі нөмірі қолдан-қолға кешті. Қаршадайынан батырлар жырын жаттап өскен қазақ балалары бұл повесті өлеңдей жаттап алдық. «Фамилиясы жоқ адаммен» – батальон командирі Бауыржан Момышұлымен біз майданда осылай танысқан едік. Оның ерлігіне, батылдығына, тапқырлығына, сонымен бірге адамгершілік асыл қасиеттеріне сүйсіндік. «Егер өтірік жазсан, алдымен сол қолыңды, одан соң он қолыңды шауып тастаймын», – деп, қылышын жарқ еткізіп, қынабынан суырып алып, жазушыга серт қойған сәті әрқашан жадымызда журді. Командирлеріміз Бауыржандай қатаң, қаһарман болуга тырысты. Біз, солдаттар, Бауыржандай батыр, батыл болуга үмтүлдүк. Бәріміз де Момышұлын бір көрсек, тілдессек-ау деп арман еттік...

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогінен



7. Жұбыңмен Б.Момышұлының орысша естелігін қазақ тіліне аудар.

Мы – казахи. Мы – племя батыров, прославленных в веках. Внуки этих батыров творят на фронтах Отечественной войны героические подвиги, удивляя весь мир своей отвагой, мужеством.



8. Бауыржан Момышұлының нақыл сөздерін қыстырма сейлемдер ретінде қолданып, сейлем құрап, жаз.

- Ерлік – тәрбие жемісі.
- Соғыстың заңы – өте қатал заң.
- Отаның үшін отқа тұс – күймейсің.
- Тәртіпке бас иген құл болмайды,
Тәртіпсіз ел болмайды.

§72. И.В.Панфилов атындағы дивизия



Аттан аттың несі артық?
Жүрісі мен күші артық;
Ерден ердің несі артық?
Ерлігі мен ісі артық.

Халық даналығы



1. Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасынан үзінді тыңда. Сейлеушінің дауыс ыргагы мен сойлеу мәндері арқылы негізгі ойды анықта.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша жұбыңмен ақылдасып, сұрақтарға жауап бер.
 1. Жаумен бетпе-бет келіп, өлім аузында тұрган жауынгердің бойынан қазақ батырына тән қандай қасиеттерді байқадың?
 2. Қазақ даласынан майданға аттанған өрбір азаматымыздың жанқиярлық ерлік көрсеткені саған қалай өсер етті?



3. Өлең үзіндісін тағы бір мәрте тындал, қаратпа сез ретінде алғынан жансызың атауларын тап, қандай мағынада жумсалғанын анықта.



4. Мәтінді оқып, тілдік құралдары арқылы стилін (публицистикалық, ресми) анықта.

316-атқыштар дивизиясы – Алматыда жасақталған әскери құрама. Тұңғыш командирі – И.В.Панфилов. Құрамы қазіргі Алматы, Жетісу, Жамбыл, Туркістан облыстары мен Қырғызстан түрғындарынан жасақталды. Алғаш үрысқа 1941 жылы 6 қазанда Мәскеу қорғанысының шешуші участекелерінің бірі – Волоколамск бағытында кірді. Мәскеуді қорғаудагы тендересіз ерлігі үшін дивизия 17 қарашада «Қызыл Ту» орденімен марапатталып, 18 қарашада «8-гвардиялық атқыштар дивизиясы» деген атақ алды. 23 қарашада дивизияга соғыста ерлікпен қаза тапқан оның тұңғыш командирі – И.В.Панфиловтың есімі берілді.

Әйгілі әскери қолбасшысы Бауыржан Момышұлы езінің «Қанмен жазылған кітабында» дивизияның қалай құрылғанын баяндады: «Оның қатарына бухгалтерлер мен мугалімдер, сауаты жоқ адамдар мен ғылым кандидаты да шақырылды. 36 үлттың өкілі болды. Бейбіт уақытта жас жігіттер екі жылдық әскери қызметке шақырылып, өз міндетін отейді. Осы уақыттың ішінде оларға қажетті әскери тәрбие беріліп, олардың бойына жауынгерлік қасиет егілетін. Нарын солдат етіп тәрбиелеу үшін көп уақыт қажет болады. Ал бізге мұның бөріне небәрі екі-ақ ай уақыт беріліп, үрысқа аттандырды. Тарихта бірде-бір генерал жаңадан шақырылған, толық әскери даярлықтан отпеген құраммен соғысқа қатысқан емес. 316-атқыштар дивизиясы сияқты жауынгерлік құраманы үйымдастыру – бұл үлкен іс».

«Айбын» энциклопедиясынан



5. Сұрақтарға жауап бер.

1. 316-атқыштар дивизиясы кімдерден жасақталды?
2. Неге оларды «панфиловшылар» деп атайды?
3. Дивизияның тұңғыш командирі туралы не белсін?
4. Дивизияга не себепті «гвардия» атағы берілді?



6. Томенде берілген қадамдарды негізге алып, мектепте Панфилов атындағы дивизияның ерлігі туралы өтетін іс-шарага шақыру қағазын жаз.

1. Панфиловшылардың Мәскеуді қоргаудағы ерен ерлігінің 85 жылдық мерейтойына шақырып, бір мекемеге немесе бірнеше адамға арнап шақыру қағазын жаз.
2. Хатта іс-шараның күн тәртібі, өтілетін орны, сез сейлеушілердің, іс-шарага жауапты адамдардың аты-жөні және т.б. ақпараттар жазылуы мүмкін.
3. Хаттың мөтінінде ресми стильге төн сез орамдарын қолдан.



Генерал Панфилов Бауыржанды өскери тактикасы үшін жоғары бағалаған. Өйткені батальон командирі Момышұлы қызылармиялых қасаң ұранды тактиканы тубірімен өзгертуі. Соғыста қажетті жерінде айламен шегінуге де болатынын дәлелдеп, бес рет қоршауда қалып, бес рет оның быт-шытын шығарып бұзып шықты. Мұның бәрі – Мәскеу түбіндегі 60 шақырымдық майдан шебінде болған жауынгерлік оқиға. Сондықтан да Панфилов, Момышұлы, 28 панфиловшы батырлар – бұлар ажырамас бір үгым! Өте үлкен тарих!

*Өскери гылымдар докторы, профессор,
полковник Ким Серікбаев*



7. Оқшау сөздерді қатыстырып, қазақстандықтардың ерлігі туралы сөйлемдер жаз. Тыныс белгілерінің қойылу заңдылықтарын түсіндір.



8. Панфиловшылар туралы естеліктерді қатыстыра отырып, «Батырлары сирек әлемде мен шынайы батырды кездестірдім» тақырыбында шағын мақала жаз.

§73. Ұшқыш қызы – Хиуаз Доспанова



Дала қыздарында назданған еркелік пен нәзіктік те бар,
жігер мен жалын да бар. Жан тазалығы мен ар-ұят тазалығы
бар.

Ғабит Мұсірепов

Бүкіл Орта Азия елдерінің ішінде қазақтан басқа қай
ұлтта жанқиярлықпен соғысқан, үлкен батылдық көрсеткен
Хиуаздай қыздар бар еді?!

Фариза Оңгарсынова



- «Қазақ қызы» өлеңін тындалап, автор көзқарасы мен кетерілген мөселені талда.



- «Қазақ қызы» өлеңі бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Өлеңде ақынның қандай көзқарасы танылады?
2. «Корға десе Отанды, басын тікті, Атын жазып кітапқа
асыл түпті» деген өлең жолдарынан не түсінді?



Хроника	Очерк
Хроникада тарихи оқигалар хроникалық жүйеде жазылады.	Очеркте автор ақпаратты қызыгылықты етіп береді.



3. Мәтіндерді оқып, құрылымы мен ресімделуі бойынша қайсысы хроника, қайсысы очерк екенін ажырат.

A мәтіні

Хиуаз Доспанова 1922 жылы 15 мамырда Атырау облысы Курмангазы ауданында дүниеге келген. Мектепті үздік тамамдаған соң, үшқыш болуды армандайды. Соғыстың алдында Мәскеудегі Жуковский атындағы Әскери-әуе академиясына түс алмай қалады, бірақ сонда қалып, медицина институтына туседі. Соғыс басталысымен «үшқыш болсам» деген арманы оны қайтадан академияға жетелейді. Үкімет оны Саратовтагы әскери үшқыштар училищесіне жібереді. Училищеде штурмандар даярлайтын арнайы курсты аяқтап, 1942 жылдың көктемінде жау шебін тұнгі мезгілде бомбалайтын әйелдер авиаполкінің құрамында майданға аттанады. «ПО-2» деп аталатын бомбалаушы ұшақпен жау бекінісінің, қару-жарақ қоймаларының үстінен бомба тас-тап отырган.

Әуе шайқасында төрт мәрте ауыр жаракат алдып, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралған екен. Майдандағы ерлігі үшін ол «Қызыл жүлдэз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталады.

Соғыстан кейін лауазымды қызметтер атқарған Хиуаз Доспановага КР Президентінің Жарлығымен 2004 жылы Халық Қаһарманы атагы берілді.

«Тарихи тұлғалар» энциклопедиясынан

Ә мәтіні

Хиуаздың алғашқы тапсырманы көңілдегідей орынданғаны бөлім командирі Марина Раскованы да бір желпінтіп тастанады. Сенімін арттырды. Марина: «Қадамың баянды болсын!» – деп түңгыш жеңісімен құттықтады.

Содан бері Хиуаз 300 рет әуеге көтеріліп, жауды 300 рет бомбалады. Ол Тамань тубегін, Керчь бұғазын қоктей сан рет үшты. Дүшпан бекіністерін, оқ-дәрі, қару-жарақ тиеген эшелондарын, отkel-көпірлерін, танк ондайтын шеберханаларын, автомобиль колонналарын, аэроромдарын талай бомбалады. Түн болса-ақ фрицтерге «қонақасы» жеткізіп жүрді. Ол бүкіл Қырым жағалауын, Севастопольді азат ету үрыстарына қатысты.

Еш бөгет, қауіп-қатер оның бетін қайтара алмады, жүрегін шая алмады. Моздоктан Варшавага дейінгі ұзақ жолдың ерте-гідей мол тарихы қалың кітапқа лайықты. Откен күнде белгі кеп. Артыңызға қарасаңыз, Хиуаз ұшағының сайрап жатқан жолын көргендей боласыз.

Сагынгали Сейітов



4. Мәтіндер бойынша сұрақтарға жауап бер. «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» деген нақылға сай келетін жолдарды тауып, оқы.

1. Хиуаз Доспанованы не себепті «қанатты қыз» деп атаған?
2. Батыр қыздың майдандагы ерлігі қалай бағаланды?



5. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша оқшау сездерді қатыстырып, диалог жаз.



6. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ қыздарының ерлігі туралы досына хат жаз. Алдымен күрделі жоспар құрып ал.



Қазақ халқы өз тарихында батыр қыздарға кенде емес. Ертедегі Томирис ханшайымды айтпағанда, XVIII ғасырдағы қазақ-қалмақ соғысында ерлігімен ел есінде қалған Гауһар, Назым батырлар, Абылай ханның барлаушыларының басшысы болған Айбеке ару, Кенесары ханмен бірге ірі шайқастарға қатысқан Бопай ханшайым, Ресей патшалығына қарсы көтерілістерде қаһармандық танытқан Сапура батыр, Екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атанған Әлия Молдагұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова, кешегі Желтоқсан көтерілісінің батырлары Ләzzат пен Сәбира тәрізді қыздарымыз – сезіміздің дәлелі. Ел басына қауіп төнгенде, қазақ жастары үл-қыз деп белінбей, қатар атқа қонған.



7. Одагайларды қатыстырып, «Артық болмас білгенің!» айдарымен берілген мәтіннен 5 сойлем жаз.



8. Хиуаз Доспанова туралы досынан алған сұхбаттың мәтінін жаз. Сұхбатта қаратпа, қыстырма, одагай сездер болсын.

§74. Партизан – Қасым Қайсенов



Қасым Қайсенов – халқына, Отанына пайдалы болуды өмірлік мұрат тұтқан адам. Оның азаматтық тұлғасы, болмыс-бітімі, өмірдегі тындырган ісі осы сезімізге дәлел бола алады. Біз білетін партизан-жазушы Қасым Қайсенов – дара тұлға.

Ахат Жақсыбаев, жазушы



1. Асқар Егеубаевтың «Дара батыр» елецин тыңдаш, ақынның өлең кейіпкерін қандай сөздермен сипаттағанын, өлеңнің негізгі идеясын анықта.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша жұбынмен ақылдастып, сұрақтарға жауап бер.

1. Қасым Қайсеновті сипаттаған сөздерді теріп жаз: **жайсаңым, қайса-**рым, ...
2. Батыр туралы жазылған қандай шығармалар бар?
3. Жазушы Қайсеновтің қандай шығармаларын білесің?



3. Мәтінді оқып, стилін (көркем әдебиет, публицистикалық, ресми) анықта.

Қазақтың қайсар ұлы – Қасым Қайсенов

Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, атақты партизан, жазушы, Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновтің тағдыры, өзі жазып кеткендей, «тікелей совет-герман соғысымен байланысты».

Алғаш 1939 жылы өскер қатарына шақырылған 21 жастарғы жігіт Мәскеу маңындағы нақты орналасқан жері мен атауының өзі құпия болған арнайы барлау-диверсия мектебіне жіберіледі.

Қасым Қайсенов осы мектепте күшті дайындықтан өтіп, барлық жағынан шындалып шығады. Барлаушылардың жазылмаған заңы бойынша «Вася» деген лақап атты иеленеді.

Бұл есімді ол әкесінің ауылдағы досы Василийдің құрметіне таңдаған деседі.

1941 жылдың қара күзі. Құпия мектептің арнайы курсынан откен жауынгерлерді бір түнде ит тұмсығы өтпейтін қалың тогайға әкеп тастайды. Қарамағындағы он жауынгермен бірге парашютпен түскен бетте, аяқтары жерге тимей жатып, қалың жаудың қоршауында қалған Қасым қасындағы серіктерінен түгел айрылады.

Жалғыз езі он шақты құн бойы ну орманның ішінде бой тасалап, нәр сызбай, аштықта жан сауғалайды. Партизандар отрядына қосылады. Осылайша согысқа Василий Михайлович Булатов есімін арқалап кірген жас жігіттің майдандағы өмірі басталады...

Бауыржан Базар. «Айқын» газетінен



4. Қ. Қайсеновтің согысқа дейінгі өмір жолы туралы не білдің?



Қазактың қас батыры Қасым Қайсенов Украина жерінде Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Алуан түрлі үлттың арасында жалғыз езі жай оғындан жарқылдалап, қазактың батырлығын сан мөрте дәлелдеді.

Соғыстар соң елге оралып, әртүрлі қызметтер атқарады. Қаламгер-партизан «Партизан соқпақтары», «Илько Витряк», «Ажал аузынан», «Жау тылындағы бала», «Жау тылында», «Днепрде», «Жас партизандар» деп аталатын кітаптар жазып, кейінгі үрпаққа шыгармашылық мұрасын қалдырыды.

«Алаш айнасы» газетінен



5. Оқшау сездерді кірістіріп, партизан отрядтарының Ұлы Жеңіске қосқан үлесі туралы жұбынмен сұхбат күр.

Үлгі: Партизан – жау басып алған жерде согыс қимылдарын жүргізетін жауынгер. Демек, ...



6. Қасым Қайсеновтың ерлігі туралы «Ер есімі – ел есінде» атты мақаланың күрделі жоспарын жаз.



7. Тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелді, одағай сездерді пайдаланып, Қасым Қайсеновтің бейнесін ашатын «Батыр партизан» тақырыбында таныстырылым дайында.

§75. Жеңіс жалауы желбіреген күн



Тәуекелсіз жеңіс жоқ.

Жауынгерлік борышты өтеу жеңіспен бірдей.

Бауыржан Момышұлы



1. Faфу Қайырбековтің «Жеңіс философиясы» өлеңін тыңдаң, автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талда.



2. «Жеңіс» сезі қаншалықты ыстық? Жеңіске жету үшін халық қандай қыныңдықтарды бастан кешті? Адамдар соғыс салған жараны қалай емдеді?



3. Мәтінді мұқият оқып, жаирын (очерк, хроника) анықта.



Жеңісті жақындағатқан жазбалар

Жазушы Әзілхан Нұршайықов Алматыдан соғысқа аттанды. Майданға аттанар алдында басталған күнделік осы қып-қызыл майданның ішінде мәңгілікке үзіліп қалуы да мүмкін еді. Көктен от бүркіп, оқ борап түр. Бүгін барсың, ертең жоқсың. Сөт сайын қанға боялып, жан тапсырып жатқан жауынгерлер. Мұндайда бірдене жазбақ түгілі, өз пешене не жазылғанын білмейсің. Жауынгер Нұршайықов күнделік жазуды сонда да тастамады. Бөлкім, рухтың күштілігі шығар. Қаңғырау оқ тисе, бөрі де адыра қалады. Соның бөрін біле тұра жаза берді.

Жігіттер дамыл алған сөтте бұл дереу жазуга отырады... Қағаз дегенің тапшы. Қолына не түссе, соған жазды.

Майдан даласында жүргенде «жазушы болам» деген ой миына келген жоқ. Тек оқ пен оттың ортасында бірге шайқасқан азаматтардың атын ақ қағазда қалдыруды жөн санаады. Соғыстан 16 күнделік алып келді. Содан-ақ қанды қырғынның ішінде жүріп, қалай еңбек еткенін біле беріңіз.

Бауыржан Омарұлы. «Ана тілі» газетінен



4. Қазақстандықтар соғыста қандай қасиеттерімен көзге түсті? Жауынгер журналист Ә.Нұршайықовтың еңбегіне қандай баға бересін?



5. Оқшау сөздерді қатыстырып, оқылым мәтіні мазмұнына сай 10 сейлем жаз.



6. Мәтінге күрделі жоспар жаса.

Қазақтан шыққан генерал

Фаламды дүрліктірген алапат соғыс қазақ ұлтына үш генерал сыйлады. Соның бірі – Сабыр Рахымов.

Өскери қызметке түбекейлі бет бүрган жас офицер Сабыр 1941 жылы майданға аттанады. Соғыстың алғашқы күндері-ақ жау қоршауын бұзып шыққан батылдығы үшін полк командирі Рахымов екі дүркін Қызыл Ту орденімен марапатталып, полковник шенін алады. 1942 жылы дивизия командирі міндетін атқарушы болып тағайындалады.

Осы кездегі бір әскери құжатта: «Рахымов басқарған дивизия 4 000 фашистің көзін жойып, немістің 100 солдатын түтқынга түсірді, жаудың төрт ұшагын құлатты», – делінген.

Сабыр Рахымов туралы генерал-майор А. Гречко: «Устамды, тактикалық білімді, тәртіпті офицер. Шабуыл кезінде дивизияны дұрыс басқарады», – десе, генерал-майор С. Рыжков: «Батыл, ізденгіш командир. Рахымовтың қайсарлығы мен жүректілігі оның қарамағындағыларға үлгі бола алады», – деп бағалапты.

1945 жылы наурызда Польшаның Староград қаласы маңында жаумен қиян-кеске шайқаста генерал-майор Сабыр Рахымов қаза табады...

Сабыр Рахымовқа 1965 жылы 6 мамырда КСРО Жогары Кеңесі Президиумының Қаулысымен Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Бекен Қайратұлы. «Егемен Қазақстан» газетінен



7. Тұжырымдамалық кесте құрындар.

Салыстырылатын нысан	Сипаты мен қызметі	Колданылу ерекшеліктері	Мысалдар
Оқшау сөздер			
Еліктеу сөздер			
Шылаулар			

§76. Ардагерлерімізді ардақтайың!



Өрқашан да бейбітшілік тілегім,
Соғыс – сойқан, соғыс – тажал, білемін.
Бейбітшілік – ана, бала арманы,
«Бейбітшілік» деп соғады жүргегім.

Рза Құнақова



1. Өбу Сәрсенбаевтың «Сен құрметте оны!» өлеңін тындал, өлеңдің негізгі идеясын анықта.



2. Ақын жас үрпаққа қандай ақыл айтады? «Келешек үрпақтың ертеңі үшін, азаттық жолында...» деген жолдарды түсіндір.



3. Мәтінді оқып, тілдік құралдары арқылы стилін анықта.

Мемлекет басшысының Женіс күнімен құттықтауы

Қымбатты отандастар! Баршаңызды Ұлы Женіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мейрам – бейбіт өміріміз, азаттығымыз берін жарқын болашағымыз үшін фашист басқыншыларына қарсы сұрапыл соғыста жеңіске жеткен батырлардың ерлігінің символы.

Ұлы Отан соғысы майданына миллионнан астам қазақстандық аттанып, олардың төң жартысы Жеңіс жолында қаза тапты. Адамзат тарихында тендеңсіз ерлік жасаган әкелеріміз бен аналарымыздың қажымас қайсарлығы, ерен еңбегі, көзіз қанаармандығы халқымыздың жадында мәңгі сақталады.

Биылғы Жеңіс күнін бізben бірге 665 майдангер мен 100 мыңға жуық тыл еңбеккери қарсы алуда. Олардың ешқайсысы мемлекеттің қолдауы мен қамқорлығынан, қоғамның сый-құрметінен тыс қалмайды.

Соғыс және тыл ардагерлеріне, барша қазақстандықтарға бейбіт тіршілік, зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Жеңіс күні құтты болсын!

9 мамыр 2021 жыл

ҚР Президентінің ресми сайтынан



4. Мәтіннің эмоционалдық әсерін күшету үшін Президент қандай тілдік қуралдарды қолданғанын анықта.



5. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш қуралдарды орынды қолданып, «Ардагерлерімізді ардақтайық!» тақырыбында шарын мақала жаз.



6. Соғыс ардагерлері мен тыл ардагерлеріне арнап, Жеңіс күнімен құттықтау мәтінін жаз. Алғыс, құрмет білдіретін сөздер мен оқшау сөздерді қолдан.



7. Қыстырма сөздерді қатыстырып, мәтінді қайта жаз.

Ардагер – «құрметті, ардақты, қадірлі адам» деген мәнді білдіретін этикалық ұғым. Ел қамын ойлап, намысын қорғаган, елеулі еңбек сіңіргенabyройлы адамды «халық ардагері» деп жогары бағалайды. Жеке адам қоғамда ерекше істерімен, ақыл-парасатымен, адамгершілік асыл қасиетімен, беделімен жүртшылыққа танылғандаған ардагер болады.

«Айбын» энциклопедиясынан



8. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің бірінің өмірбаянын зерттеп, оның ерліктері мен жеңіске қосқан үлесі туралы әңгіме жаз немесе тыл ардагерінен сұхбат ал.

X

БӨЛІМ

ФЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА

СӨЙЛЕМ ІШІНДЕ, СӨЙЛЕМ СОҢЫНДА ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

- §77. Фылыми фантастика
- §78. Фылыми фантастика және экологиялық проблемалар
- §79. Робототехника және жасанды интеллект
- §80. Фылыми фантастика жазған қаламгерлер
- §81. Фылыми фантастика кейіпкерлері
- §82. Farыштың сырлы өлемі
- §83. Фантикалық саяхаттар
- §84. Fажайып ғаламшар
- §85. Марстан шыққан жаңұрық
- §86. Фылыми фантастика кино өлемінде

§77. Ғылыми фантастика



Фантастика – тіпті де балауса жанр емес. Біздің көркем әдебиетіміздің өзі фантастикадан басталған. Кешегі қиял-ғажайып ертегілеріміздің өзі – халқымыздың әлемді тануының бір формасы.

Шәмшиден Әбдіраман, фантаст-жазушы



- Мәтінді тында. Суретке қарап, мәтіннен деректер келтіре отырып, әңгімелеп.



- Тындалым мәтіні бойынша сұрақтарға дәлелді жауап бер. Өз жауабынды жұбыңың жауабымен салыстыра отырып, өзара талқыланадар.

1. «Қазақ ғылыми фантастикасы кенже дамып келеді» деген пікір нені білдіреді?
2. Қазақ халық ауыз әдебиетінде қандай фантастикалық шығармалар бар?
3. Халық ертегілеріндегі фантастикалық элементтерді автор заманауи технологияның қандай жетістіктерімен салыстырады?
4. Автор фантастика жанрының болашақтагы рөлін қалай бейнелейді?



3. Мәтінді оқып, «неліктен?», «не себепті?», «қалай?» деген сұрау есімдіктері қатысқан үш проблемалық сұрақ қурастыр.

Фантастиканың алтын ғасыры

ХХ ғасырдың екінші жартысында Жер адамзат үшін зерттелген әлем деп есептелді. «Қарқынды дамыған технология үшін енді жаңа зерттеу кеңістігі қажет болады», – деп шешті галымдар. Фылым, технология, медицина, білім жүйесі қоғам өмірінің негізіне айналды.

Осы кезең «Атом, кибернетика, гарыш, генетика ғасыры» деп аталды. Бұл ғасыр адамзат баласы ойлап тапқан ғылыми жаңалықтар мен тың зерттеулерге күе болды.

Атомдық жарылыстар туралы ең алғаш галымдардың емес, фантаст жазушылар шығармаларында сөз болды. Мысалы, Герберт Уэльстің «Азат етілген әлем» романында (1914) атомдық соғыс туралы жан-жакты баяндалады. Кибернетика туралы әлі ешкім сөз қозғамаган кезде, елуінші жылдардың басында-ақ, Айзек Азимов оны «басқару туралы ғылым» деп атаған. Басқа планеталарға сапар, ондағы құпия тіршілік туралы алғашында тек ғылыми-фантастикалық шығармаларда айтылды.

Генетика ХХ ғасырда ғылым ретінде қалыптасты. Бұл тақырыпқа Николай Ильин «Жаңа өмір аңгары» романын жазды. Романың кейіпкерлері адамдарды приборда өсіреді, соған тәжірибе жүргізеді.

Бұл кезеңде ғылыми болжамға, ғылым кеңістігіндегі жаңалықтарға негізделген фантастикалық туындылар көпtek жазыла бастады.

Сәулеш Айтұганованиң «Әлемдік фантастика жауһарлары» кітабынан



4. Оқылым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. ХХ ғасырда ғылым мен техника саласында қандай жаңалықтар ашылды?
2. Ғылыми жаңалықтарға себеп болған қандай туындылар жарық көрді?
3. Көркем шығармада көрініс тапқан ғылыми жаңалықтың көп үзамай іске асуы мүмкін бе?



Тыныс белгілері

Тыныс белгілері – жазуда ойды нақты, дәл, түсінікті етіп жеткізу, баяндалмақшы пікірді айқын білдіру мақсатында интонациялық, магыналық, грамматикалық ұстанымға сай қолданылатын шартты белгілер.

Тіліміздегі тыныс белгілері сан жағынан онша көп емес, бірақ магыналары, қолданылу орны жағынан алуан түрлі. Қолданылу орнына қарай тыныс белгілері екіге бөлінеді:

1. Сейлем соңында қойылатын тыныс белгілері: нүкте (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!), көп нүкте (...). Негізгі қызыметі – дараптауышы, бір ойды екінші ойдан дарапалап, бөліп тұрады.
2. Сейлем ішінде келетін тыныс белгілері: үтір (,), нүктелі үтір (:), қос нүкте (:), тырнақша (« »), сызықша (–), үтірлі сызықша (–). Негізгі қызыметі – ерекшеленуші, сейлем ішіндегі белгілі бір сезді не тіркесті басқаларынан ерекшелеп тұрады.



- 5.** «Фылыми фантастика жанры жаңа зерттеулерге жол аша ма?» тақырыбында дискуссияті эссе жаз.



- 6.** Сейлем соңына тиісті тыныс белгілерін қойып, кошіріп жаз.

XX ғасырда фантастика мәдениеттің бөлінбес бөлшегіне айналды әдебиетте, кинематографияда, сурет өнерінде дамыды ойын кеңістігінде фантастикалық мазмұнга бай компьютерлік ойындардан аяқ алғып жүргісіз неге XX ғасырда фантастика қарыштап дамыды оған жаһандану, түрлі мәдени трансформациялар өсер етті фантастика тек өнер ретінде ғана дамып қоймай, ғылыми фантастиканы да жетілдірді керемет емес пе виртуалды өлемге аяқ алсып тұрганымызға қазір ешкім таңғалмайды.



- 7.** Фарышқа үшқан жануарлар туралы мәлімет жинап, мәтінді аяқта.

Алғашқы гарыштық аппараттардың сәтті ұшырылуынан кейін, гарышқа тіршілік иелерін жіберу қолға алынды...



- 8.** Фарышты бағындырған жануарлар туралы фантастикалық әңгіме жазып көр.

§78. Ғылыми фантастика және экологиялық проблемалар



Экологиялық проблемалар – ең маңызды өмірлік проблемалардың бірі гой, ейткені әңгіме адамның өмір сүрген ортасы, болашақ үрпактың өмірі туралы болып отыр.

Шыңғыс Айтматов



1. Мәтінді тында. Оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжа.



2. Тындалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер. Өз жауабыңды жұбының жауабымен салыстырып, талқыла.

1. Болашақ ғарыштық зерттеулерді қалай елестетесің? Ғарышты игеру үшін қандай технологияларды қолдануға болады?
2. Ғарыштық зерттеулер Жердегі экологиялық мәселелерді шешуде қандай рөл атқарады?
3. Мәтіндерді оқып, тақырыбын, мақсатты аудиториясы мен тілдік амал-тәсілдерін салыстыра талда.

А мәтіні

Бірнеше жыл бұрын американлық ғылыми фантаст Нора Джемисиннің «Қираган Жер» атты трилогиясын оқыдым. Бұл кітап маган қатты әсер етті. Ғылыми фантастика арқылы автор жер бетінде жүзделген жылдан кейін не болатынын сипаттаған. Адамзат қоршаған ортаны ластап, экологиялық дағдарысқа мән бермей жүре берсе, келешегі қандай болатынын шынайы баяндаған. «Жерді осындай халге жеткізбек үшін не істей аламын?» – деп ойландым. Экологиялық зардаптың бәрі, ең алдымен, энергия көздері ретінде мұнай, газ және көмірді тоқтаусыз қолданып жатқаның әсері.

Негізі, баламалы энергияны Құннен, судан, желден алуға болады. Бірақ энергия өндірудің басқа да жаңа технологиялары дамып жатқанының білесіздер ме? Бүгін механикалық үйкелістен пайда болатын статикалық электр зарядын энергияга айналдыру және ғылыми фантастиканың менің ғылыми жұмыстарыма тигізген жанама өсірі жайлы сез қозғаймын...

Химик-инженер Гүлнур Калимулдина

Ә мәтіні

Кемел досым – қызық бала. Балалар оны «Қияли Кемел» деп әжкуа етеді. Әсілі, фантазер болу – пайдалы мінез. Соңғы кезде ол бізге неше түрлі фокустар көрсететін болды. «Мұның бөрін қайдан білесін?» – десек: «Пәлен кітаптан оқыдым», – дейді. Ой, оның кітапты көп оқытыны рас. Бірақ кейде тым бөсіп кетеді. Кемелді тыңдасан, жадыраған жаңады қысқа айналдырып, қақаган қыстың қоңыржай жаз етуге болады-мыс. Әрине, ғылымның құдіретімен...

Әлбетте, табиғатты, Кемел айтқандай, түбегейлі өзгерту – қыын нәрсе. Ал менің әкеме салсан, бұл жайында ауыз ашуға болмайды. Өйткені жер-жанан бір Жаратушының құдіретімен жараптанған. Демек, оны қалауынша өзгертемін деу – барып тұрган күпірлік!.. Әкем – діндар кісі!

*Медеу Сәрсекенің «Көрінбестің көлеңкесі»
хикаятынан үзінді*



4. Экологиялық проблемаларды шешудің қандай жолдарын ұсынасың? Өз қиялынды қосып, әңгімелеп бер.



5. «Экологиялық проблемаларды шешуде ғылыми фантастикага қалай жүгінуге болады?» тақырыбында дискуссивті эссе жаз.

Эссе құрылымында мыналарды ескер:

- 1) өзіндік пікір – 1 сейлем;
- 2) дәлел – 2 сейлем;
- 3) өз пікірінді дәлелдейтін мысал – 2 сейлем;
- 4) өз пікіріңе қарсы дәлел – 1 сейлем;
- 5) қарсы дәлелді жоққа шыгаратын мысал – 1 сейлем;
- 6) қорытынды – 2 сейлем.



Айтылу мақсатына қарай сейлем соңына қойылатын тыныс белгілері

Тілдік қарым-қатынаста сейлеуші бір ақпаратты жеткізуді не бір нәрсе жайлы сұрауды, біреуді іске қосуды мақсат етуі мүмкін. Сонымен бірге дәл сол сәттегі езінің көңіл күйін, сезімін де білдіре алады. Сейлеушінің осы күйін жазуда тыныс белгілері арқылы бейнелейміз.

Хабарлау мақсатынан туындаған сейлемнің соңына нұкте (.), сұраулы сейлемнің соңына сұрау белгісі (?), ерекше көңіл күйді білдіретін сейлемнің соңына леп белгісі (!) қойылады.

- Сен фантастикалық шыгармаларды оқуды ұнатасың ба?
- Әрине, жақында Жұніс Сахиевтің «Тіршілік үясы» романын оқыдыым.
- Жарайсың! Мен «Марстан шыққан жаңғырық» романын оқығанмын.



6. Айтылу мақсатына қарай сейлем соңына қойылатын тыныс белгілерін қолданып, экология тақырыбында бірнеше сейлем жаз.



7. Фылыми дәлелдерге сүйене отырып, жазушының аяқталмаған романын қалай аяқтар едің? Ойынды таратып жазып көр.

Қазақстанның қатаң табигатын жұмсаруды қиялмен болжамдаған «Көрінбестің көлеңкесі» хикаяттың жарияланған сон, «Отырар жұрттынан табылған дән» атты романым жалғасын таппай, жазу үстелімде қалды. Дала өсімдігі бидайық тұқымын бидаймен будандастырып, егістің көпжылдық түрін иен дала-мызда етене етуге сынап жасаған ғалым-агрономдар ізденісіне негізделген романның аяқталмай қалуы – зор өкініш.

Медеу Сарсеке



8. Сұрақтарға жазбаша жауап жаз. Сейлем соңына қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдан.

1. Фылыми-фантастикалық шыгармаларға экология мәселе-лерін қалай кірістіруге болады?
2. Фылыми фантастика оқырманды адам әрекетінің қоршаған ортага тигізетін кері өсері туралы ойландыра ала ма?

§79. Робототехника және жасанды интеллект




Әрбір талаптың басы қиялдан басталады. Олай болғанда, «өнер» атты, «білім», «ғылым» атты ұлы істердің алғашқы адымы қысынды қиял болмақ.

Ақжан Машанов



- Мәтінді тыңдалап, негізгі ақпараттарды жазып ал. Мәтіннен деректер келтіре отырып, сұрақтарға дәлелді жауап беруге тырыс.



- Тыңдалым мәтіні бойынша жұбынмен ақылласып, жауап бер.

- Балалар үшін робототехника сабактарының маңызы қандай?
- Қазақстанның оқушылар бұл сала бойынша әлемдік аренда қандай жетістіктерге жетті?
- «Робототехника саласында мамандар тапшы» деген пікірге келісесің бе?
- «20–30 жылдан кейін роботтандыру технологиясы елге жақсы экономикалық есім беріп, азаматтардың әл-ауқатын жақсартса алады», – деген болжамның орындалатынына қандай дәлелдер келтіре аласың?



- 3.** Мәтіндерді оқып, тақырыбын, мақсатты аудиториясын, тілдік амал-тәсілдерін салыстыра талда.

A мәтіні

Жасанды интеллект – жиналған ақпаратты қолдана отырып, кез келген тапсырманы орындайтын алгоритмдік жүйе. Ол адамның қолынан келе бермейтін тапсырмаларды оңай өрі тез орындай алады. Кейінгі кезде жасанды интеллектінің мүмкіндігі шексіз екенін байқап жүрміз.

Жасанды интеллектінің мүмкіндігі зор болғанымен, адамзатқа үлкен қатер төндіруі мүмкін. Жасанды интеллект адамнан да артық ойлана алады. Кейінгі кездері оның адамға тән эмоциялық интеллектіге ие бола алатыны айтылып жүр. Сондықтан «Жасанды интеллект адамзатты дамыта ма, әлде құрдымға кетіре ме?» деген сұрақ әлі де өзекті. Осы мәселеге саналы түрде қарап, жасанды интеллектінің дамуын назарда ұстау – аса маңызды міндеттердің бірі.

Айтолған Жұнісханның «Жасанды интеллект адамзаттың жауы ма?» мақаласынан

Ә мәтіні

Андрей Петрович алдында роботтың тұрганынан бейхабар еді. «Әдебиеттен сабақ өтіңізші», – деп арнайы іздең келген роботқа Андрей Петрович:

– Түсінесіз бе, ХХ гасырдың соңында кітап оқытын уақыт қалмады. Қоңіл көтеретін басқа дүниелер шықты. Тыңдаң отырсыз ба, Максим? – деді.

– Иә, айта беріңіз, – деді робот.

– XXI гасырда кітап басып шыгару жоғалды, қағаздың орнына электроника келді. Әрбір жаңа үрпақтың электронды нұсқадағы әдебиетке деген сұранысы алдыңғы үрпақта қараганда темендей берді. Нәтижесінде әдебиетшілердің қатары сиреді, адамзат жазуды қойды.

– Мен де сондай тоқтамға келдім, Андрей Петрович. Сондықтан сізге хабарластым. Маған неден бастауға болатынын үйретсөніз жетеді. Керек әдебиетті желіден өзім тауып ала-мын, оқимын. Тек не іздеуді білу қажет. Үйретесіз бе?

– Иә, – деді Андрей Петрович нық түрде. – Үйретемін.

*Майк Гелприннің «Шырақ жаңып түрдө» әңгімесінен
Аударған: Димаш Зиядин*



4. Оқылым мәтіні бойынша проблемалық сұрақтар құрастырып.



Үтір

Үтір – сейлем ішінде қойылатын тыныс белгісі. Үтір сейлемдегі сездерді немесе сез тіркестерін бір-бірінен бөлу, ерекшелуе үшін қолданылады.

Үтірдің қойылатын орындары:

1. Құрмалас сейлем құрамындағы жай сейлемдер жөнде. Мысалы: *Уні сондай ашық еді, естіген адам таңгалатын.*
2. Сейлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына. Мысалы: *Талап, еңбек, терең ой...*
3. Оқшау сездерге байланысты. Мысалы: *Бабамыздың үнісің сен, домбыра.*
4. Оңашаланған айқындауыштың екі жағынан. Мысалы: *Оларға, дала қырандарына, еркіндік керек.*
5. Тел сезден кейін. Мысалы: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», – деді *Абай.*



5. «Роботтар адамның орнын алмастыра ала ма?» тақырыбында дискуссивті эссе жаз.

Колдануға болатын сез орамдары: *менің ойымша, бір жағынан, екінші жағынан, алайда, сондай-ақ, дегенмен, тағы бір айта кетерлігі, демек, олай болса, ендеше т.б.*



6. Тыныс белгілерін дұрыс қолданып, шағын әңгіме жаз.

Ұсынылатын тақырыптар: «Роботтар өлемінің шытырман оқиғалары», «Робототехника кабинетіндегі қызықты күн».



Бұгінде жасанды интеллект өртүрлі салада белсенді қолданылады: галамтордан мөлімет іздеу, автопилот режимінде жұмыс істейтін автокөліктер, программалау кодын жасау т.б. Бұл сала жақсы дамып келеді және оның әлеуеті шексіз.



7. Ережеде көрсетілген үтірдің сездерді, сез тіркестерін бір-бірінен бөлу, ерекшелуе қызметіне 5 мысал жаз. Мысалдарың робототехника туралы болсын.

§80. Ғылыми фантастика жазған қаламгерлер



Жаратылыстың құшагында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде күнмен бірге күліп, түнмен бірге тунеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада туып, есетең қазақ баласының қиялды жүйрік, өткір, терең болуга тиіс.

Магжан Жұмабаев



1. Мәтінді тыңдалап, оқиғаны өрі қарай қалай дамытуға болатыны жайлышты ойлан. Оқиғаның аяқталуын болжа.



2. Жұбынмен ақылдасып, сұрақтарға жауап бер.



1. Фарышкерлер үйінің пішіні мен сипаттамасында қандай ерекшеліктер бар?
2. Шолпандағы үйдің жердегі үйден айырмашылығы қандай? Бұл үйде тоңазытқыш өшіп қалса, не болады?
3. Сенің ойыңша, қоныс аударуга жайлышты планета Шолпан ба, Марс па?



3. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру үшін ондагы негізгі ойды анықта.

Ғылыми фантастиканы сүйеттің оқырман шыгарманы түсінуі үшін, оның ғылыми жаңалықтардан хабардар болуы тиіс. Содан келіп, ғылымға құштарлық туады. Күні кешеғана ғылыми-фантастикалық ойды толық түсінуге мектеп физикасы мен химиясы жетіп жататын. Бүгінде Гейзенбергтің белгісіздік қагидаларынан, Эйнштейннің салыстырмалылық теориясының негізгі идеяларынан, кварк, тахион және де осы тәріздес көптеген нәрседен хабардар болу керек. Фантастиканың бұл жағы үйретушілік, ұмтылдыруышлық, ғылыми мәліметтер беру сияқты қабілетті шындаиды.

Фантастикалық шыгармалардағы ғылыми-фантастикалық идеялар кезінде қиял болып көрінгенімен, олардың кебі жүзеге асқан. Мысалы, Жюль Верннің 108 идеясының

61-і жүзеге асқан, 34-і қағида бойынша жүзеге асуы мүмкін, тек қана 10-ы қате болып шыққан. Сондай-ақ Герберт Уэллстің 86 идеясының 9-ы ғана, ал Александр Беляевтің 50 идеясының 3-еуі ғана қате екен. Алексей Толстойдың «Инженер Гариннің гиперболоиды» романына редакция: «Гиперболоид идеясы теория жүзінде іске аспайды», – деп түсініктеме берген екен. Соңғы 40–50 жылдарың ішінде физикада ашылған лазерлер А. Толстойдың қиялышынан тұган гиперболоидтің «ізбасары» екені даусыз.

Мұндай жағдайларды ғылыми фантастиканың тарихы көптеп санап бере алады...

Абдул-Хамит Мархабаев



4. «Неліктен?», «қалай?», «не себепті?» сұрау есімдіктерін пайдаланып, оқылым мәтіні бойынша проблемалық сұрақтар құрастыр.



Сызықша

Сызықша – функцияға бай тыныс белгісі. Сызықшаның негізгі қызметтері:

1. Белуші. Бастауыш тобындағы сездерді есім баяндауыш тобындағы сездерден бөліп көрсетеді. Мысалы: *Ортада отырган кісі* – елдің бері білетін Жақан.
2. Ажыратушы. Сан есімнен болған бастауышты күрделі сан есімнен болған мүшеден ажырату қызметін атқарады. Мысалы: *Жұз жыурма* – беске белінеді. *Жұз* – жыурма беске белінеді.
3. Жинақтаушы. Бірыңғай мүшеперден кейін келіп, езінің алдындағы мүшепердің мағынасын жинақтап тұрган жалпылауыш сездің алдынан қойылып, сол сезбен бірге жинақтау, топтау қызметін атқарады. Мысалы: *Алламыс, Қобыланды, Ер Сайын* – бері де байдың жалғыз балалары.
4. Айқындаушы. Ұңғайлас, шарт мәнді, жалғаулығы түсірілген қарсы мәнді күрмалас сейлемдерде қойылғанда, іс-әрекеттің не тез орындалғанын, не қарсы мәндес сейлем екенін білдіреді. Мысалы: *Іс бітті – қу кетті*.
5. Үқшамдаушы. Баяндауыш түсіріліп, ойды ықшамдап берген сейлемдерде ықшамдаушы қызмет атқарады. Мысалы: *Барлық жақсы – балаларға*.



- 5.** «Жер планетасын сақтап қала аламыз ба?» тақырыбында дискуссияттың салдарынан жаз. Сөз саны – 150.

Қолдануға ұсынылатын тіркестер мен сейлемдер: «Жер – біздің ортақ үйіміз», «оның да бір себебі бар», «мәңгі таусылмайтын қор», «Біз Жер-Ананың баласымыз», «қайткенде де», «соның салдарынан», «олай болса», «тагы бір айта кетерлігі» т.б.



1960 жылы қаңтар айында атақты «Білім және еңбек» журналының бірінші саны шықты. Қазақ қогамына жаңаша көзқарас, ғылыми тыныс-тіршілік алып келген бұл журналдың бастауында мемлекет және қогам қайраткері Камал Смайлов, кен инженері Шемшиден Әбдіраманов, физик Айсұлтан Қалығұлов, биолог Женіс Әбиев сынды галымдар түр. Редакция жұмысына әйгілі галымдар Қаныш Сәтбаев, Өлкей Марғұлан және т.б. атсалысты.

«Білім және еңбек» еліміздің түкпір-түкпіріндегі талапты жаңастардың ғылымға, техника саласына келуіне түрткі болды. Сонымен бірге журнал фантаст жазушыларға жол ашты.



- 6.** Оқылым мәтіні мен «Артық болмас білгенің!» айдарында берілген мәліметтерді пайдаланып, сзықшаның 5 түрлі қызметіне мысалдар жаз.

Улғи: «Білім және еңбек» – қазақ қогамына жаңаша көзқарас, ғылыми тыныс-тіршілік алып келген журнал.



- 7.** Ойдан шығарылған фантаст жазушымен сұхбат құр. Сұхбат барысында үлгіге берілген сұрақтарды пайдалан.

- Қиял әлемін суреттеуде сіздің мақсатыңыз қандай?
- Кейіпкерді қауіпті ортада өмір сүруге қалай бейімдейсіз?
- Сіз үшін қандай құндылықтар маңызды?
- Сіз өз тәжірибеліден шығарма сюжетіне кірістіресіз бе?



- 8.** Оқылым мәтінінің мазмұны негізінде диаграмма немесе инфографика құрастыр.

§81. Ұылыми фантастика кейіпкерлері



Балаңыз ақылды болсын десеңіз, ертегіні көбірек оқыңыз.

Альберт Эйнштейн



- Мәтінді тыңдалап, оқиғаны әрі қарай қалай дамытуға болатыны жайлыш ойлан.



- Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтінде қандай фантастикалық ертегілер айтылады?
- Аталған ертегілерде қандай фантастикалық сарындар бар?
- Неліктен қиял-гажайып ертегілерді төл фантастикалық әдебиетіміз деп есептейміз?



- Мәтінді оқып, тыңдалым мәтінімен салыстыра талда. Фантастикалық шығармалардың басқа көркем шығармалардан өзгеше болу себебін түсіндір.

Ақсақал аяқ астынан сырқаттанып қалады. Бұл үшін планетадағы роботтар ыңғайсызданады. Өзге планетада

сырқаттанып қалу кімге жақсы деп, бір-бірімен күбірлесіп, ақсақалдың сауығып кетуі үшін түрлі ем-шараларды ойлас-тырады. Олардың зерттеуінше, ақсақалдың ағзасына 91,8% су, 2% ақуыз, 2,1% май, 1,9% көмірсұзы, 0,6% көмірқышқылы, 0,9% сүт қышқылы, 1,5% спирті бар дәрі жетіспейді.

«Бұл қандай дәрі болды екен?» – деп аласұрып, бәрі жан-жақтан іске жұмылдырылады. Сейтіп, бір дәрігердің күбірін роботтың құлагы шалып қалады. Робот дәрігерден: «Бұл не дәрі болды екен, біз бұны таба аламыз ба?» – деп сұрайды. Дәрігер: «Ол дәрі – күйіс қайырмайтын жануардың қышқыл сусыны, осы гой ақсақалдың ағзасына жетпей тұрганы», – дейді. «Ендеше, оны іздеуге кірсейік. Мүмкін, ол сусын пла-нетада бар шыгар?» – деп, бәрі жабыла іздейді.

Расымен-ақ, сусын табылды. Қымыз ақсақалға жеткізілді.

Абдулхамит Мархабаевтың «Фарыштагы қымыз»
әңгімесінен



4. Оқылым және тындалым мәтіндерінің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігі жағынан айырмашылықтарын жұбынмен талқыла.



Тырнақша

Тырнақша («»). Тырнақшаның мағынасы да, қызметі де алуан түрлі.

Тырнақшага алынатын сездер:

1. Төл сездер мен дәйексөздер: Міржақып Дулатов: «Білмегенді біле бер», – деген.
2. Мақалдар тырнақшага алынады, бірақ оның алды-артынан төл сез-ге тиісті тыныс белгілері қойылмайды. Мысалы: «Білеғіңе сенбе, біліміңе сен» деген мақал – улкен философия.
3. Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы-қарар аттары: «Білім және еңбек» журналын ай сайын алып тұрушы едік.
4. Ойга тірек етіліп отырған сездер мен сейлемдер, жеке дыбыстар тырнақшага алынады: Кереге құрайтын ағаштарды «желі» деп атайды.
5. Кекесін, әжуалау, мысқылдау мағынасында қолданылған сездер мен сейлемдер тырнақшага алынады: Қоян «батыр» қорыққаннан зытта жәнелді.



5. «Ер Төстік» ертегіci – ғылыми фантастикаға негізделген шыгарма» тақырыбында өз ойынды дәлелдеп, дискуссивті эссе жаз.



6. Тындалым және оқылым мәтіндерінен тырнақша қойылған сейлемдерді көшіріп жаз. Ережедегі тырнақша қойылатыны орындардың қайсысына жататынын түсіндір.



7. Сен ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып отырыңың. Онда «Қазақ әдебиетінің фантастика жанры кеш дамыды» деген пікір айтылды. Пікірді жоққа шығарып, ойынды дәлелде.



8. Екі тапсырманың бірін таңдап, жазба жұмысын орында.

1. Суреттегі Ер Төстіктің достары атқарған істерді қазір қандай техника атқарады? «Ер Төстік» – ғылыми фантастикаға негізделген ертегі» тақырыбында өз ойынды дәлелде.
2. Тындалымдағы суретке қарап, Ер Төстікті осы заманға әкеліп, оның достарының жұмысын атқаратын техникалармен таныстыратын сұхбат жаз.



§82. Фарыштың сырлы әлемі



Аспандагы жүлдүздар жайлы айтатын зерделі кіслердің қызықты азыз-әңгімелері қиялымға қанат бітірді. Сол кезде үшқыш болуды армандайтынын. Сол арманым мені аспанның қыр-сырын білуге құмар қылды.

Жұніс Сахиев



- Мәтінді тында. «Жүлдүздардың түрган орнын дәлме-дәл білу не үшін қажет?» деген сұраққа жауап бер.



- Қазақ есепшілері деген кімдер?



- Мәтінді оқып, тақырыбын анықта.

Шолпанға көшкен ауыл

Жұніс Сахиевтің «Кеңістік көшпенділері» сериясына кіретін «Шолпанға көшкен ауыл» романы да ғылыми-фантастикалық туынды.

«Романда тұтастай бір ауылды жарық сөулесімен Шолпан ғаламшарына көшіргенмін. Жарық сөулесімен затты да, тіріні де екінші жерге көшіру жөніндегі осы идеямды бүгінде

Аустралияның ғалымдары жүзеге асырды. Олар лазер сәулесі арқылы қандай да бір затты бөлшектеп, екінші жерге көшіріп, қайта қалпына келтірді. Осылай менің идеям тәжірибеде жүзеге асырылды...

Жариялануын күтіп жатқан ғылыми-фантастикалық романдарымда да осы төрізді ғылыми идеяларым көп. Олар келер үрпаққа ой салар, инновациялық технологияның дамыған дәуірі гой, тәжірибеде, өмірде іске асар деп үміттегемін», – дейді фантаст жазушы Жұніс Сахиев.

Айнур Жалмагамбетова



4. «Фылыми жаңалықтардың ашылуына аспан өлемін зерттеу жұмыстары қалай өсер етті?» деген сұраққа өз көзқарасынды білдір. Жұбынцың жауабымен салыстыр.



Қос нұктесі

Қос нұктесі (:). Қос нұктенің сейлемдегі басты қызметі – сейлем мүшелерінің арасындағы түрлі қарым-қатынастарды көрсету.

1. Әрі қарай санамалап кететін бірыңғай сездердің не сейлемдердің алдынан келетін жалпылауыш мәнді сезден кейін қос нұктесі қойылады: *Саттар Ерубаевтың бұл шығармасында ғылыми фантастикаға төн белгілердің бәрі бар: олар – уақыт мәшинесі, Құннен қуат алатын құрылғылар...*
2. Құрмалас сейлемнің екінші бөлігіндегі өйткені, себебі деген жалғаулықтар түсіп қалса, жай сейлемдердің арасына қос нұктесі қойылады: *Мен романды тез оқып бітірдім: фантастика менің сүйікті жанрым болатын.*
3. Құрмалас сейлемнің жай сейлемдерінің алдыңғысы соңғысына нұскап, ал соңғысы алдыңғы сейлемнің мағынасын ашып, түсіндіріп тұрса, арасына қос нұктесі қойылады: *Галактиканың мынадай түрлерін білеміз: эллипс пішініндегі галактикалар, спиральді және тұрақты емес галактикалар.*
4. Төл сездің алдынан келген автор сезінен кейін қос нұктесі қойылады: *Гулім телефонына қарал:*
– *Мессаган, Еаіздер шоқжұлдызынан көлемі Жермен бірдей жаңа планета анықталыпты! – деді.*
Бірыңғай мүшелерден бұрын келген мысалы, атап айтқанда сияқты қыстырма сездерден кейін қос нұктесі қойылады.



5. Сойлемдерді көшпіріп жазып, қос нүктенің қойылу себебін түсіндір.

Біз мына екі шыгармамен таныстық: бірі – Жұніс Сахиевтің «Шолпанға кешкен ауыл» романы, екіншісі – Питер Уоттстің «Жалған соқырлық» романы.

Марсты «Қызыл планета» деп те атайды: оның тастақ бетін қызыл түсті тозаң жауып тұрады.

Жұніс Сахиев: «Кезінде «Білім және еңбек» журналына шыққан шағын шыгармамды ғылыми-фантастикалық роман етіп, кеңейтіп жазудамын», – деді.



6. Құн жүйесі планеталарының әртүрлі түске боялу себептерін зерттең, берілген ақпаратты таратып жаз. Қос нүктені пайдаланып, қойылу себебін түсіндір.

Улғи: Шолпан үнемі сары түске боялып тұрады: оның Құн сәулесін шағылыстыратын атмосферасы өте тығыз.

Меркурий сұр. Шолпан сары. Жер көгілдір. Марс қызыл. Юпитер қызығылт сары. Сатурн сары. Нептун көк. Уран ашық көк.



Ғылыми-фантастиканы оқытын аудиторияны үш топқа беліп қарастыруға болады: жалпы оқырмандар, жалпы түсінігі барлар, ғылыммен айналысатындар.

Бірінші топ – жалпы оқырмандар, олар – көркем шыгарма ретінде түсінетіндер. Екінші топтағылар үнемі ғылыми материалдар оқымаса да, жалпы түсінігі барлар. Мәселен, Марсты, Юпитерді біледі. Үшінші топ – ғылыммен нақты айналысатындар, олар зердесіне тоқып, толық түсінеді. Көркемдігінен де, сюжетінен де, жазушының көздел отырган түпкі идеясынан да ләззат алады. Іздеп журіп әрі көп оқытындар – осылар.

Жұніс Сахиев



7. Қос нүктені қолданып, «Астронавт ғалыммен болған сыр-сұхбат» тақырыбында диалог құрастырып.

§83. Фантастикалық саяхаттар



Ертегіден жаңарып қала тұрган,
Ертегіден ғұлама дана туған.
Бұл күнгі галаматтар, алдыменен,
Адаминың қиялында жаратылған.

Мұқагали Мақатаев



1. Мәтін үзіндісін тыңдал, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжа.



2. Сұрақтарға жауап бер.

1. Капитан Немо бастаған отряд қайда келе жатыр?
2. Неліктен су бетіне бірден көтерілу сұнгуірлер үшін қауіпті?
3. Мәтінде қандай қызықты құбылыштар сипатталған?



3. Мәтінді оқып, қою қаріппен берілген сөйлемдерге «неліктен?», «не себепті?», «қалай?» сұрау есімдіктері қатысқан үш сұрақ құрастыр.

Кемедегі ақау

Жұлдызарапың алапат кеме өзінің әдеттегі жолымен ағып келе жатқан-ды. Бөрі ойдағыдан еді. Осы жолда тоғыз галамшардан тұратын жүйенің бары да белгілі. Олар жарық шашқан жалғыз жұлдызды айнала қозгалады. Бұл тоғыз – ең ірілері. Ал майдалары қаншама!? Жол алыс, уақыт пен мақсат белгілі болғандықтан, кеме галамшарлардың арасымен ағып етіп келе жатқан.

Кеме ішінде бөрі бар. Жолаушылар өз еліндегі жақындарымен арнайы байланыс арқылы жүздесе алады. Бос уақытты откізетін оранжерея, бассейн де үмыт қалмаган. Арнайы аланда жүріп, жұлдызды жүйелерді қызықтаудың мүмкіндігі бар. Бұл аса үлкен бақылау құралдары арқылы жүзеге асады.

Кеме тоғыз ірі галамшардан тұратын жұлдызды жүйеге жақындағанда, кілтипанга ұшырады. Кеме басшысы отыратын арнайы үй ішінде түрлі түсті шамдар жыпылық қақты. **Басшы алдындағы панельден неңдей жағдай болғанын**

түсіне қойды: көп қозғалтқыштың бірі істен шыққан екен. Кеме бортynың жағдайын мәлімдеп тұратын биороботтардың айтуына қарғанда, оны қандай да бір ғаламшарда аялдамайынша, жөндеу мүмкін емес. Кеме басшысы ойланып қалды.

*Жұніс Сахиевтің «Қимайтын әлем»
ғылыми-фантастикалық романынан*



4. Мәтін бойынша қураган сұрақтарыңды жұбыңа қой, оның сұрақтарына өзің жауап бер. Жауаптарды салыстыр.
5. Үтір, қос нүктө, сзызықша, тырнақшаны қолданып, қиял-гажайып кеме экипажының капитанына хат жаз. Кемедегі шытырман оқиғадан алған әсерің туралы айт. Кеме экипажына тілегінді білдір.
6. Қосымша дереккөздерден ізденіп, мәтінді жалға. Фарыштық туризмнің болашағына болжам жаса.



Фарыштық туризм XX ғасырдың соңында қолға алына бастады. Алғашқы турист Деннис Тито 2001 жылы 28 сәуірде гарышқа аттанды. Ол 8 ай дайындықтан отті, тіпті гарыш кемесін басқаруды да үйренді. Фарышта 7 төулік 22 сағат болып, Жерді 128 рет айналып шықты.

Соңғы деректерге сәйкес, әлемде барлығы 12 адам гарыштық турист атанған...



7. Мәтінді оқып, «Жақын арада адамзат Марсаң қоныс аудара алады» немесе «Марсаң қоныстану мүмкін емес, бұл – тек арман» деген екі пікірдің бірін дәлелдей, дискуссияті эссе жаз. Жазбанда үтірді, сзызықшаны, қос нүктені, тырнақшаны дұрыс қолдан.

Программист, инженер, «SpaceX» компаниясының негізін қалаушы Илон Масктің гарышты игеру саласындағы басты жобалары – Айға туристер жіберу және Марсты бағындыру. Ол 2050 жылға қарай мыңнан аса гарыш кемесін жасап, Марсаң 500 мың адамды қоныстандыруға талпынуда.



8. Ғылыми фантастикаға негізделген фильмдердің бірін көріп, кейін көрлердің ұнаган сөздерін жазып ал. Тырнақшаларды қолдан.

§84. Ғажайып ғаламшар



Әлемді түгел көрсө де,
Алтын үйге кірсө де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Қызыққа тоймас адамзат...

Бүкәр жырау



1. Мәтінді тыңдалап, негізгі ақпараттарды жазып ал. Сұрақтарға мәтіннен деректер келтіре отырып, жауап бер.



2. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер. Өз жауабынды жұбының жауабымен салыстырып, талқыла.

1. Сенің ойыңша, осы планетада әкипаж мүшелерін қандай қауіп күтіп тұр? Олар күтпеген мәселелерді қалай шеше алады?
2. Зерттеушілер ғажайып ғаламшарда қандай жаңалықтар ашуы мүмкін?
3. Сюжет одан өрі қалай дамиды деп ойлайсың?



- 3.** Мәтінді оқып, қою қаріппен берілген сейлемдерге «неліктен?», «не себепті?», «қалай?» деген сұрау есімдіктері қатысқан үш сұрақ құрастыр.

Барлық коллекционерлер мен қызығушылық танытушылар аптасына бір рет Блук планетасына ағылады. Сенбіде Палапутра қаласында базар бар.

«Пегас» гарыш айлагына түсे салысымен, оған екі полиция отырган көлік жақындан келді. Құлақтар – Блук түрғындары. Олардың үлкен және қозғалмалы құлақтары бар. Олар ыстық ауа райында үлкен құлақтарын желпілдетіп, тіпті бір құлагын жастық қылыш, екіншісін көрпесияқты жауып алуы мүмкін.

- Кеме қайдан келді? – деп сұрады Құлақ.
 - Жерден, – деп жауап берді Жасыл. – Біз базарға келдік.
 - Сіз кемеде ешкімді жасырып отырган жоқсыз ба? – деп сұрады екінші Құлақ.
 - Кіріп көріңіз, – деп жауап берді Жасыл.
- Құлақтар «Пегасты» тексеріп, ештеңе таппады, содан кейін ага Құлақ түсіндірді:
- Біз бір жанды іздеп журміз. Ол – біздің планетамыздагы барлық сейлейтін құстарды улаған қаскунем. Сіз сейлейтін құстар туралы естідіңіз бе?
 - Әрине, естідім, – деді Алиса. – Сейлейтін құстар жұлдыздар арасында үша алады. Ол мұны не үшін жасады?
 - Біз өзіміз де білмейміз. Сол жанды үстап, жауап алғымыз келеді. Үшіншіздар!

Кир Бұлычевтің «Алиса Селезнёва және Үшінші галамшардың құпиясы» кітабынан



- 4.** Мәтін бойыниша қураган сұрақтарынды жұбыңа қой, оның сұрақтарына өзің жауап бер.



- 5.** Оқылым мәтіні бойыниша берілген ізденимдік тапсырманың бірін таңдаңыз, тобыңмен бірге орында. Тыныс белгілерін дұрыс қолдануға назар аудар.

1. «Блук планетасына экспедиция» тобы Блук планетасының табиги ерекшеліктері мен қоршаган ортасын зерттейді және сипаттайтын, құлақты түрғындармен «сейлеседі».

2. «Сейлейтін құстарды зерттеу» тобы болжаммен сейлейтін құстардың мінез-құлқын және Блук планетасы үшін маңыздылығын зерттейді.



6. Түнгі аспанды бақылап көр. «Фибратты сез» айдарында берілген Бұқар жыраудың өлеziндегі ойды жалғап, «Аспан өлемінің гажайыбы» тақырыбында эссе жаз.



Дәстүр дейміз бе, әдет дейміз бе, бірақ ғарышкерлердің қалыптасқан жолы бар. Олар ғарышқа аттанғанға дейін ешкімге қолтаңба бермейді. Одан кейін әрбір ғарышкер Юрий Гагариннің туған және қайтыс болған жеріне баруга міндетті. Гагариннің үйінің жанындағы құдықтан су ішу де дәстүр. Ғарышқа сапар алдында «Белое солнце пустыни» фильмін көреді. Ғарыш кемесі көтерілер сөтте «Поехали!» деп айту керек. Бұлар – Юрий Гагариннен қалған дәстүрлер.

«Егemen Қазақстан» газетінен



7. Сейлем ішінде кездесетін тыныс белгілерін (үтір, қос нүкте, тырнақша, сзықша) дұрыс қойып, үзіндіні көшіріп жаз.

Бұл оқиғаны ешқашан ұмыта алмаймын. Президентімізге қазақ тілінде Сапарга дайынмын! деп рапорт бердім... Зымыранға барып отырдым, люктардың бәрін бекітіп жауып тастады. Командир Поехали! дегенде мен Ал қазагым сен үшін жанууга да ұшууга да дайынмын дедім. Бұның бәрі таспада жазылған.

Менімен бірге күллі қазақ ғарышқа үшты... Мен түскен кезде Тоқтар! Тоқтар! деп айқайлады жатқан аға-апаларымызды көргенде өзім абдырап қалдым. Қай жерге барсам да батырымыз келді түңгыш ғарышкеріміз келді деп қарсы алады. Жүрттың риясыз көңліне дән ризамын.

*Тоқтар Өубәкіровпен сұхбаттасқан
Қасқырбай Қойшыманов*



8. Өзінді саяхатты үйымдастыруши гид ретінде елестетіп, туристермен бір гажайып галамшарға саяхат жаса. Галамшардың ерекшеліктері мен сұлулығын түсіндіретін қызықты және ақпараттық кіріспе жаса. Табигат ерекшеліктеріне тоқтал.

§85. Марстан шыққан жаңғырық



Адамдардың гарыш кемесіне отырып, Жерді тастап, сапарға шыратын уақыты келеді.

Сергей Павлович Королёв



- Мәтінді тыңдалап, дамуы мен аяқталуын болжа.



- Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер. Өз жауабынды жүбىйцىң жауабымен салыстырып, талқыла.

1. Тұргындар Қызыл планетаны не себепті «Екінші Жер» деп атайды?
2. Марстың екі серігі бар екенін білуші ме едін?
3. Сенінше, Күннен қашық орналасқан Марсты адам өмір сүре алатын планетаға айналдыру мүмкін бе?
4. Күн жүйесіндегі төртінші планетада тіршілік орнату қайғасырда не қай жылдары адамзаттың қолынан келеді деп ойлайсың?



3. Мәтіндерді оқып, салыстыр. Кестені толтыр.

Тыңдалым мәтіні	Оқылым мәтіні
Такырыбы:	Такырыбы:
Құрылымы:	Құрылымы:
Мақсатты аудиториясы:	Мақсатты аудиториясы:
Тілдік ерекшеліктері:	Тілдік ерекшеліктері:

Марста тіршілік болған ба?

«НАСА Марстың көп мөлшерде газ бөлөтінін анықтады. Бұл – Марста өмір сүретін микробтардың болуы мүмкін деген сез. «Кьюриосити» (Марсты зерттеу аппараты) енді қосымша зерттеу жүргізіп көрмек», – деп хабарлайды «The New York Times» басылымы.

«Адамдарды Марста өмір бары үзак үақыт шабыттан-дырып келеді. 1970 жылы «Викинг» аппараты планетада шөл дала ландшафтының сүретін түсірген болатын. Жиырма жылдан астам үақыт өткен соң, планетологтер 4 млн жыл бұрын Марстың жылы және ылғалды болғанын анықтады. Енді ғалымдар бұрын Марста тіршілік болған болса, онда содан қалған микроғзалар сол жерде сақталып қалуы мүмкін деполжап отыр», – делінген мақалада.

НАСА өкілі ғылыми дәлдік болуы үшін жоба ғалымдары мәліметтерді әлі де сараптайтынын айтты. Бұған дейін де Марста метанның табылғаны айтылған еді. Дегенмен Еуропа гарыш агенттігінің «МАРС-Экспресс» аппараты алған мәліметтер қате деген болжам жасалған болатын. Ал 2013 жылы Марста метан колемінің арта бастағаны анықталды.

ҚазАқпарат



4. Тыңдалым және оқылым мәтіндерінен тыриқшага алынған сездері бар сөйлемдерді теріп жаз.



5. Тапсырмалардың бірін таңдау бойынша орында.

1. Оқулықтағы немесе галамтордан көрген Марстың сүретін сал.
2. Марс немесе Қызыл жұлдыз туралы өлең жаз.

3. Марсқа үшудагы гарышкерлердің миссиясын зертте.
4. Марсқа баратын гарыш кемесінің ұлгі макетін жаса.



Қазақтың бағзы замандағы есепшілері шетсіз-шексіз аспан әлемін, жұлдызды кеңістікті бақылай жүріп, жер шарына жақын тұрган қызыл жұлдызды көреді. Ол жұлдыздың рецине қарап, оған «Қызыл жұлдыз» деп ат қояды. Қазіргі кезде «Марс» деп атап жүрген – осы жұлдыз.

Қызыл жұлдыз кеш бата туады да, түн бойы аспанда қызыарып, көрініп тұрады. Түн ортасында онтүстік аспан әлемінен қызыгылт нұрын шашып, жарқырап көрінеді. Осы кезде есепшілер аспаннан көз айырмай, бақылайды еken. Егер жазда бұлттар әрі-бері көшіп, Қызыл жұлдыз бұлт қойнына кіріп-шығып, қызыгылт нұрын шашып көрінсе, ертеңінде жауын-шашынды болады. Ал қыстығуні болса, қалың қар жауады, қызыл шұнақ аяз болады, ағаш басына сұнгі қырау тұрады. Мұндай қатты қыс жарты айға созылады деп жорамалдайды.

Болат Бопайұлы



6. Ұсыныстарды негізге алып, Марсты зерттеудің адамзат болашагы үшін маңыздылығы туралы эссе жаз. Танымал авторлардың енбекіне сілтеме жаса. Тыныс белгілерін дұрыс қолдан.

Ұсыныстар:

1. Марстың климатын, геологиясын зерттеу арқылы қол жеткізуге болатын жағалықтар.
2. Марстағы тіршіліктің ізін табу мүмкіндігі және бұл планетадағы өмір туралы болжам.
3. Марсты зерттеудің Жердегі тіршілікке өсері. Өз пікіріңе дәлелдер.



7. Марсқа саяхат жасадың делік. Қызыл планетада алдыңдан кездескен оқиғаларды сипаттап, қиялдағы сапарың туралы «Марсқа саяхат» тақырыбында қысқаша сипаттамалық эссе жаз.

§86. Ғылыми фантастика кино әлемінде



Кино шынайы немесе фантастикалық өмірден, тарихтан, ғылымнан және тағы да басқа откеніміз, қазіріміз және келешегімізден хабар береді.

Молдияр Ергебеков



1. Мәтінді тыңдал, сұрақтарға мәтіннен деректер келтіре отырып, жауап бер. Жұбының жауабымен салыстыр.



2. «Айға сапар» фильмінің кино тарихы мен ғылыми фантастика жанры үшін маңызы қандай?



3. Мәтінді оқы. Жұбына «қандай?», «қалай?», «неліктен?» деген сұрау есімдіктерін қатыстырып, үш проблемалық сұрақ қой.

«Марстың» (The Martian) деп аталатын ғылыми фантастикага негізделген фильм 2015 жылы шықты. Режиссері – Ридли Скотт, басты рөлде – Мэтт Дэймон, Джессика Честейн.

Биолог-инженер Марк Уотнидің қызыл планетадағы тіршілік үшін куресі суреттелетін бұл фильм – ғылыми тұрғыдан ең шынайы түсірілген жобалардың бірі.

Оқиғаны ширықтыра тұсу үшін авторлар кей қателерге әдейі жол берген (мәселен, Марста фильмдегідей алып борандар болмайды). Әйткенмен кейіпкердің картоп өсіріп, су табуынан бастап, Жермен байланысуга тырысына дейін мұқият ойластырылып, барынша дәл сипатталған.

Фарыш кемесінің құрылышы, басқа планетадағы адамдардың іс-әрекеті – бәрі-бәрі қазіргі ғылым ұсынатын теория-гипотезалардың шегінен аспаған.

Димаш Зиядин



4. Тапсырмалардың бірін таңда, тобыңмен орында.

1. Ғылыми-фантастикалық фильмнің постерін жасау.
2. Ғылыми-фантастикалық фильмдегі кейіпкермен сұхбат.
3. Ғылыми-фантастикалық оқиғаны немесе кітапты оқу.



5. Берілген ережелерге мысалдар жаз.

<p>Үтір қойылатын орындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) құрмалас сейлем құрамындағы жай сөйлемдер жігінде; 2) сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына; 3) оқшау сөздерге байланысты; 4) оңашаланған айқындауыштың екі жағынан; 5) төл сөзден кейін. 	<p>Қос нүктө қойылатын орындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жалпылауыш мәнді сөзден кейін; 2) құрмалас сөйлемнің екінші бөлігіндегі өйткені, себебі деген жалғаулықтар түсіп қалғанда; 3) құрмалас сөйлемнің алдыңғы жай сөйлемі соңғысына нұсқап, ал соңғысы алдыңғы сөйлемнің мағынасын түсіндіріп тұрса; 4) автор сөзінен кейін.
<p>Тыринақша қойылатын орындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) төл сөздер, дәйексөздер, мақалдар; 2) газет, журнал, кітап, шыгарма, қаулы-қарап аттары; 3) ойға тірек етіліп отырган сөздер мен сөйлемдер, жеке дыбыстар. 	<p>Сызықша қойылатын орындар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) бастауыш пен есім баяндауыш арасына; 2) бірыңғай мүшелерден кейін, жалпылауыш сөздің алдына; 3) баяндауыш түсіріліп, ойды ықшамдап берген сөйлемдерде.



Фантастикалық фильмдер арқылы адамдар жаңа технологияларды, галактикааралық шытырман оқигаларды және бетен тіршілік иелерін көреді.

Фылыми-фантастикалық фильмдер көбінесе жас зерттеушілерді қызықтырады. Балалар әлемнің шындықтан өзгеше сипатын көріп, болашақтың қол жеткізетін табыстарымен танысады. Нәтижесінде, олар айналасындағы әлемді жаңа, шыгармашылық көзқараспен бақылай бастайды.

Фылыми-фантастикалық фильмдер үшқыр қиялды, сынни ойлауды, шыгармашылық көзқарасты дамытуды мақсат тұтады.



6. Эссе құрылымын (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) сақтап, «Фылыми-фантастикалық фильмдер сынни ойлауды дамыта ала ма?» тақырыбында дискуссивті эссе жаз.
7. Фылыми-фантастикалық фильмдердегі өнертабыс пен технологияның кейін шындыққа айналғанын зерттеп, постер жаса.



Глоссарий

Адырна – көп ішекті қазақтың шертпелі аспабы. Оны тізенің үстінен немесе екі аяқтың ортасына қойып, инықта тіреп, шертіп ойнайды. Адырнаның бетін көн терімен қантайды, ішегін тарамыстан немесе шуда жіктен есіп тағады.

Ай тогамы – айдың Үркөр шоқжұлдызымен тоғысуы. Бұл уақытта Ай мен Үркөр бір-бірінен алыс түссе, жайсыз ауа райы келе жатыр деп алдын ала қам жасап, малын жайлыш жақта айдаған. Көрініше Үркөр мен Ай жақын көрінсе, мал-жанға жайлыш болады деп жорамал жасаған.

Ария – опера, оперетта, оратория, канцатаның ішінде жеке дауыстағы әнші оркестрдің сүйемелдеуімен орындайтын дербес шығарма.

Артиллерист – соғыста ауыр қару-жарак (зенібрек, пулемет, танк) қолданып, ұрыс қымылдарын жүргізуші.

Археология – ежелгі дәуір мен орта гасырдағы адамзат қорамы да-мудын зерттейтін тарих ғылымының саласы.

Архитектура, сәулет өнері – құрылышты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері.

Атмосфера – планетаның немесе аспан денесінің айналасына шоғырланған және тартылыс күшімен орнында ұсталатын біркелкі газ қабаты.

Бейуақыт, бейуақ – іңір, кешкүрим, алагеуім кез. Күн қызырын батып, қаранды түн әлі түсे қоймаган өліара шақ. Оны басқаша «екі кештің арасы», «апақ-сапақ», «қызыл іңір», «ымырт» деп те атайды.

Биографиялық фильм – кинематографиялық жанр, жеке көркемдік шығарма, танымал тұлғалардың өмірінің маңызды драмалық сәттерін суреттеп, баяндайтын фильм жанры.

Виртуалды әлем – адамра шын сезім бере алатын техникалық құралдардан жасалған әлем.

Вокалдық музыка – музыка аспабының сүйемелдеуімен не сүйемелдеуінсіз жеке әншіге, хорга арналып жазылған музыкалық шығарма.

Гаджет – адам өмірін женілдетуге және жақсартуға арналған шағын құрылғы. Мысалы: телефон, ноутбук, плеер т.с.с. «Гаджет» ағылшын тілінен аударғанда «белгілі бір міндеттерді орындайтын құрылғы немесе техникалық жаңалық» деген мағынаны білдіреді.

Геология – жер қыртысына тән шегінділердің кеңістіктері және уақыт барысындағы өзгерістерін, сол өзгерістерді тудыратын жағдайларды зерттейтін ғылым.

Гипотеза (болжаку) – белгілі бір зерттеліп жатқан зат я құбылыштың себебі жөніндегі кейбір деректерге негізделген болжак.

ДОСААФ (добровольное общество содействия армии, авиации и флоту) – ҰОС кезінде әскерге шұғыл түрде қызметкерлер дайындауды мақсат еткен үйым.

Екінші – тұс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл, бесін мен ақшам арасы.

Жасанды интеллект – адамның ойын, іс-әрекетін компьютерде бейнелейтін, адам сияқты ойлайтын және үйрене алатын жүйе не машина.

Жаһандану – бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастырының қалыптасуы.

Жеті ата – қазақ дәстүрінде адамның ата жағынан тегінің таратылу жүйесі: бала, әке, ата, үлкен ата, баба, тұп ата, тек ата.

Жүген – мінген немесе жегілген атты басқарып отыруға арналған аттың басына кигізілетін әбзел.

Иммундық тапшылыш – вирустың иммундық жүйені өлсіретіп, ағзаның инфекцияларға қарсы тұру қабілетінің бұзылуы, ауруға қарсы тұру қабілетінің жетіспеушілігі.

Иновация – қалыпты ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне үқсамайтын жаңа ойлау жүйесін табу, көнені өңдеу, бар нәрсені жақсарту, кем нәрсені толықтыру, өмірді жаңарту.

Интерпретация – әдеби шығарманың магынасын, идеясын түсіну үшін талдау, түсіндіру, өз сезімен баяндау.

Кибербуллинг – адамды ғаламторда, әлеуметтік желі мен түрлі месенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету.

Климат – ауа райының көп жылдық режімі, яғни осы жерде болуга тиісті ауа райы жағдайларының жиынтығы мен оның жүйелі өзгеріп отыруды.

Құпі – түйенің немесе қойдың жабагы жүнін ішіне қаратып, ұзыннан-ұзын сырған, сыртын әртүрлі матамен тыстал тіккен сыртқиім. Құпінің пішімі кең, етегі тобыққа дейін түсіп тұрады.

Қара шаңырақ – ата-бабадан қалған үй, үлкен өулеттің құтты мекені.

Қонақасы – үйге тосын келген немесе арнағы шаңырылған қонаққа сойылған малдың мүшелеңін табақ тарту.

Құдайы қонақ – жолаушылап жүрген сапарында көлігі болдырып немесе жолдан адасып, күтпеген жерден келіп түскен қонақ.

Қыргүйек – малшаруашылығына байланысты шыққан атау. Қойешкінің төлдеу уақытын көктем айына келтіру үшін, қошқар мен текеге күйек байлап, оны осы айда ағытқан.

Ландшафт – геологиялық қалыптасуы, даму тарихы, жер бедері, климаты мен өзен-сулары, топырағы, құрылымы бірегей аумақтар.

Маркетинг – компанияның тауарлары мен қызметтерінің тұтынушыларға тиімді сатылуын жүзеге асыратын іс-әрекеттердің жиынтығы.

Мессенджер – мәтінді, суретті, видео мен аудиофайлды лезде жиберетін программа, қосымша. Негізгі мақсаты хабарды лезде тарату, жіберу.

Метеорология – атмосфера мен оның процестерін зерттейтін ғылым.

Өлара – ескі ай мен жаңа ай аралығындағы Ай көрінбейтін уақыт. Жаңа ай туганда, жінішке орақ төрізді болады, уақыт өте келе толысып, толған Айға айналады. Одан әрі ол күннен-күнгө кішірейіп, ақыры көрінбей кетеді. Бұл кезде Ай Күн мен Жердің арасында, ал үшеуі бір тұзудің бойында орналасады. Айдың жарық белігі Жерге қарама-қарсы жақта болады. Осы уақыт «Өлара» деп аталады.

Палеонтология (грек. «тірі ағза» және «ілім») – жойылып кеткен есімдіктер мен жануарларды және олардың тарихи даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Пәлсана – философия ғылымының қазақша атауы. Дүниені, болмысты тану туралы ілім.

Радиолокация – радиотолқын көмегімен түрлі нысандарды іздең табу және оның орнын анықтау. Белгілі бір бағытқа жіберіліп, жолындағы нысаннан шағылған толқын экран бетінен импульс түрінде көрінеді.

Робототехника – автоматтандырылған техникалық жүйелерді өзірлеу және пайдаланумен айналысады қолданбалы ғылым.

Романс – белгілі бір музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен жеке дауыста орындалатын шығарма. Испанияда пайда болған романс алғашында испан (роман) тілінде «ән» деген ұғымды білдірген. Бүгінде романс лирико-эпикалық немесе лирико-драмалық мазмұнға толы бір дауысқа арналған ән жанры.

Репертуар – театрдың немесе басқа да өнер ұжымының қорындағы шығармаларының тізімі.

Самородок – табиги жолмен түзілген құнды элемент. **Самородный сары алтын** – «тума талант», «дарын иесі» деген ауыспалы мәнде өнер иесіне айтылады.

Синоптика – ірі масштабты атмосфералық процестер туралы ілім.

Синоптистер – атмосфераадагы физикалық процестерді талдауга және ауа райының болашақ жағдайын болжауга маманданған метеорологтер.

Үзеңгі – ер-тұрман өбзелдерінің бірі. Үзеңгі – мінуге арналған, ердің екі қапталына қайыс бау арқылы тағылатын өбзел түрі. Екі қабыргасының жоғарғы жағында тараптасып откізетін тесік болады, ал аяқиімнің табаны тұратын жері тұтас сопақша болып келеді.

Фантастика – әдебиеттің өмір шындығын қиял түрғысында өсірелеп бейнелейтін жанры.

SMS немесе қысқа хабарлама қызметі – мобиЛЬДІ құрылғылар арқылы мәтіндік хабарламаларды жіберудің негізгі стандарты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абжанова Ш. Ет жөне ет өнімдерінің технологиясы: оқулық. – Алматы, 2018.
2. Айбын. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 2011. – 880 бет.
3. Айтматов Ш., Шаханов М. Фасыр айрығындағы сырласу (Құз басындағы аңшының зары). – Алматы: Келешек, 2016. – 524 бет.
4. Алтынсарин І. Шығармалары. – Алматы: Атамұра, 2012.
5. Әкірамұлы С. Үқыпты бала. Балаларға арналған өлеңдер. – Алматы, 2019. – 76 бет.
6. Өуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2006. – 368 бет.
7. Өуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2006. – 432 бет.
8. Өуезов М. Повестер мен әңгімелер. Қыр суреттері. – Алматы: Мектеп, 1983. – 334 бет.
9. Әшімұлы А. Жан бөлек. – Алматы: Санта, 2001. – 208 бет.
10. Балалар энциклопедиясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 2011. – 264 бет.
11. Ел аудынан. Шешендік сездер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Құрастыруышылар: Б.Адамбаев, Т.Жарқымбекова. – Алматы: Жазушы, 1989. – 365 бет.
12. Есенберлин И. Көшпендейлер. Алмас қылыш. Тарихи роман. – Алматы: Жазушы, 1971. – 325 бет.
13. Желдібаева А.А., Тоқтамысова А.Б., Азимова С.Т., Бугубаева Г.О. Азықтулік өнімдерінің сапасын жөне қауіпсіздігін бағалау. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: New book, 2021. – 140 бет.
14. Жизнь животных (под ред. В.Е.Соколова). – Москва: Просвещение, 1989. – Т. 7. – 421 с.
15. Жолдасбеков М. Ел тағдыры – ер тағдыры. – Алматы: Санат, 1997. – 668 бет.
16. Жолдыбайұлы Қ. Кемел адам. – Алматы: Самга, 2023. – 376 бет.
17. Жұмаділов Қ. Дарабоз: 1-кітап. – Алматы: Мерей, 2018. – 488 бет.
18. Жұмаділов Қ. Қаздар қайтып барады. Әңгімелер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1968.
19. Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. – Алматы: Өлке, 2006. – 456 бет.
20. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-тұрыптары. – Алматы: Ана тілі, 1994.
21. Кенжеахметұлы С. Қазак халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы: Алматықітап, 2018. – 384 бет.
22. Климаттың езгеруі жөнінде түсінікті тілмен. Қазақстандағы климаттың езгеруіне бейімделу бойынша қалта анықтамалығы. Құрастырган: Б.Есекин. – Астана: UNDP.org, 2022.
23. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998. 1-том. – 720 бет.

24. Қазақтың этикасы мен эстетикасы. Жиырма томдық. 12-том. Құраст. Т.Х.Ғабитов. – Астана: Аударма, 2007.
25. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 2017 ж. – 368 бет.
26. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т.I: Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 784 бет.
27. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т.II: Қоғам. – Алматы: Сардар, 2013. – 728 бет.
28. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т.III: Табигат. – Алматы: Сардар, 2013. – 608 бет.
29. Құлкенов М. Алғашқы қарлығаштар. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 208 б.
30. Лепесова А. Зияиды тагамдар жарнамасы шектеледі / Түркістан, 03.03.2018.
31. Магауин М. Бір атаниң балалары. – Алматы, 1973.
32. Мақатаев М. Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 бет.
33. Мархабаев А. Фарыштағы қымыз: Фантастика: повесть және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1972. – 128 бет.
34. Мөмет С. Қазақтың дастарқаны / Егемен Қазақстан. 14 маусым, 2018.
35. Момышұлы Б. Қаймен жазылған кітап. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 400 бет.
36. Момышұлы Б. Үшқан ұя. – Алматы: Санат, 2005 ж.
37. Нұршайымов Ә. Ақиқат пен ақыз. Роман-диалог. – Алматы: Жазушы, 1992. – 448 бет.
38. Нұршайымов Ә. Боздақтар. – Алматы: Санат, 2005. – 272 бет.
39. Ол кім? Бұл не? Энциклопедия. Үш томдық. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1985–1987.
40. Оралбай Ә. Әлия. Деректі повесть. – Алматы: Ер-Даulet, 1994. – 152 бет.
41. Осман А. Тіл төүелсіздігі – ел болашағы. – Алматы: Өлке, 2011. – 480 бет.
42. Сахиев Ж. Қимайтын әлем: ғылыми-фантастикалық роман. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. – 224 бет.
43. Сөрсеке М. Қорінбестің колецикесі. Ғылыми-фантастикалық хикаят. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 128 бет.
44. Сөрсенбаев Ә. Өлеңдері. – Алматы, 1985.
45. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. Оку құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 463 бет.
46. Сұрақ және жауап. Энциклопедия. – Алматы: Алматықітап, 2007. – 256 бет.
47. Тал бесіктен жер бесікке дейін (қазақтың отбасылық ғұрыш жырлары). – Алматы: Ана тілі, 1996. – 272 бет.
48. Тұрганбаева Л. Заттар дүниесінің сырны. – Алматы, 2011 – 492 бет.
49. Тілеуқабылұлы Ә. Шипагерлік бағын. – Алматы: Жалын, 1996. – 464 бет.
50. Хасан С. Коусар. Өлеңдер жинағы. – Алматы, 1987. 92 бет.
51. Шарманов Т. Құнделік. / Бала би. 2023, № 7.
52. Шаханов М. Фасырларды безбендеу. – Алматы: Жазушы, 1988. – 304 бет.
53. Шойбеков. Р. Қазақ қоленері аталымдарының түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2009. – 228 бет.

Мазмұны

Алғы сөз 4

I БӨЛІМ. АУА РАЙЫ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Интонация. Кідіріс. Логикалық екпін	5
§1. Ауа райы. Ауа райын болжаудың халықтық жүйесі	6
§2. Ауа райына қатысты қазақ халқының танымы. Отамалы.....	9
§3. Синоптистер болжамы	12
§4. Ауа райы құбылсының қазақы атаулары.....	15
§5. Табиғат пен адам.....	17
§6. Аспан неге көгілдір?.....	21
§7. Климаттық өзгерістер	24

II БӨЛІМ. КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІ

Шылаудың емлесі. Орфографиялық норма	27
§8. Көшпенділік	28
§9. Көшпенділердің атбейлік өнері	32
§10. Киелі киіз үй	36
§11. Қолөнер – зор өнер.....	39
§12. Көшпенділердің музыка өнері	43
§13. Көшпенділердің киім ерекшеліктері.....	46
§14. Төрт құбыла – төрт түлік.....	50
§15. Көшпенділердің уақыт пен өлшемді анықтау белгілері.....	54

III БӨЛІМ. ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Фразеология. Мақал-мәтел. Қанатты сөз	57
§16. Ең басты байлық	58
§17. Иммунитет	62
§18. Дөрігермен сұхбат	65
§19. Денсаулыққа пайдалы тәғамдар	69
§20. Дәрілік өсімдіктердің денсаулыққа пайдасы	72
§21. Дәрумендер – денсаулық кепілі	76
§22. Ағзаның дабылы	79
§23. Денсаулыққа зиянды әдеттер	82

IV БӨЛІМ. СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ДОСТЫҚ

Етістіктің түрлері: есімше, көсемше, түйық етістік	85
§24. Қой сүйеді баласын қоңырым деп	86
§25. Менің пірім	90
§26. Отанды сүйемін	93
§27. Сүйемін тұган тілді – анам тілін	96
§28. Достық деген немене?	99

§29. Достықтың түрлөрі	102
§30. Достық өлкесінің заңы	105
§31. Ұлы адамдардың достығы	108
V БОЛІМ. МУЗЫКА ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ	
Етістіктің шақ түрлөрі. Рай түрлөрі	111
§32. Атамұраң – асыл қазынаң	112
§33. Қазақтың халық музыкасындағы Корқыт дәстүрі	115
§34. Ән падишасы	118
§35. Қазақтың дәстүрлі әндері	121
§36. Қазақтың опера жанры	124
§37. Фасыр бүлбұлы	127
§38. Қазақтың үлттық музикалық аспаптары	130
§39. Қазақтың киелі домбырасы	133
§40. Күй анасы – Дина	136
VI БОЛІМ. ФАЛАМТОР ФАЛАМАТЫ	
Шылау түрлөрі. Шылау емлесі	139
§41. Адам виртуалды кеңістікте	140
§42. Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған	143
§43. Үлттық құндылықта төрнилелітін гаджеттер	145
§44. Ақылды гаджеттер	147
§45. Ең көп қолданыстағы желілер	150
§46. Компьютердің адам ағзасына өсері және фаламтордың зияны ..	152
§47. Жасанды интеллект	155
§48. Фаламтор және кітап	157
§49. Фаламтор және мен	159
VII БОЛІМ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЛТТАР ДОСТЫҒЫ	
Еліктеу сездер	161
§50. Үлттар достығы – басты байлығымыз	162
§51. Бір халық – бір ел – бір тағдыр	165
§52. Әдебиеттер достығы – халықтар достығы	168
§53. Бір атаниң балалары	170
§54. Қазақ тілі – үлт бірлігінің басты факторы	173
§55. Тілі басқа болғанмен, тілегі бір	175
§56. Қазақстан – үлттар достығының үйітқысы	177
§57. Қазақстан – еуразиялық кеңістіктің мәдени бесігі	179
§58. «Жеруйық» – миллиондардың мұндыш тарихы	181
VIII БОЛІМ. ДҮРҮС ТАМАҚТАНУ	
Одагай түрлөрі	183
§59. Қазақтың дастарқаны – берекенің бастауы	184

§60. Тамақтану әдеби	187
§61. Таңғы асты тастама	190
§62. Үлттық тағамдардың пайдасы	193
§63. Тамақ өнеркәсібі	196
§64. Тамақ өнеркәсібіндегі жарнаманың рөлі	199
§65. Азық-тулікті дұрыс таңдау	202
§66. Азық-тулік қаптамасындағы ақпараттар	205

ІХ БӨЛІМ. ЖЕҢІС КҮНІ. ҰЛЫ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Оқшау сездің түрлері, қызметі	207
§67. Отан үшін от кешкендер	208
§68. Шығыстың қос шынары	211
§69. Үшқыш – Талғат Бигелдинов	214
§70. ҰОС жылдарындағы Қазақстан	217
§71. Дара тұлға – Бауыржан Момышұлы	220
§72. И.В.Панфилов атындағы дивизия	223
§73. Үшқыш қызы – Хиуаз Доспанова	226
§74. Партизан – Қасым Қайсенов	229
§75. Жеңіс жалауы желбіреген күн	231
§76. Ардагерлерімізді ардақтайық!	233

Х БӨЛІМ. ФЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА

Сейлем ішінде, сейлем сонында қойылатын тыныс белгілері	235
§77. Фылыми фантастика	236
§78. Фылыми фантастика және экологиялық проблемалар	239
§79. Робототехника және жасанды интеллект	242
§80. Фылыми фантастика жазған қаламгерлер	245
§81. Фылыми фантастика кейішкерлері	248
§82. Фарыштың сырлы әлемі	251
§83. Фантастикалық саяхаттар	254
§84. Ғажайып галамшар	256
§85. Марстан шыққан жаңғырық	259
§86. Фылыми фантастика кино әлемінде	262
Глоссарий	264
Пайдаланылған әдебиеттер	267

Оқулық басылым

Жәмила Керімбайқызы Отарбекова
Гүлжанат Бураханқызы Тоқтыбаева
Айнұр Елеубайқызы Тоқбаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Негізгі білім беру деңгейінің
7-сынып оқушыларына арналған оқулық

Бас редакторы А.Бекболатова / Редакторы Н.Абдижаппарова
Техникалық редакторы В.Бондарев / Арт-директор О.Подопригора
Коркемдеуші редакторы Т.Давлетова / Бильд-редакторы А.Умбетқалиева
Суретшілері А.Айтжанов, С.Искакова, В.Сингатуллина
Беттегендер Л.Костина, И.Илишева, Н.Нержанова, Ж.Илахунова

Біздің мекенжайларымыз:

Астана қ., 4-ы/а, 2-үй, 55-пәтер.

Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz
Алматы қ., Ақсай-1А ы/а, 28Б үй.

Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz
Павлодар қ., Академик Сәтбаев кешесі, 71-үй, 412-офис

«Arman-PV baspasy» кітап дүкені

Алматы қ., 8-ы/а, 87-үй

Тел.: +7 (727) 303-94-43

Теруге 29.07.23 берілді. Басуға 05.06.24 қол жойылды. Пішімі 70 x 100 mm . Көзбеттік.
Карп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік бағылым. Шартты баспа табамы 21,93. Тараптамы 50000 дана.
«BAYRAS» ЖШС. 050012. Алматы қ., Жамбыл 111/72 үй.

Артикул 807-004-001к-24